ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№4 (1) / 2020
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



ALIKHANOV University
1962

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КОКШЕТАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN : 2707-9910

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі **"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КЕ АҚ**
Собственник **НАО "Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова"**

Бас редакторы - Главный редактор
Шапауов А.К., к.филол.н., профессор ВАК (h-index: 3)

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук, профессор;
Jankowski Henryk	dr.hab., full professor;
Kirchner Mark	dr.hab., full professor;
Yilmaz Ahmet	PhD, professor;
Миннегулов Х.Ю.	д-р филол. наук, профессор;
Джусупов Н.М.	PhD;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук, профессор;
Шалабай Б.	д-р филол. наук, профессор;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук, профессор;
Нагымжанова К.М.	д-р педагог.наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Газдиева Б.А.	канд.филол.наук
Кишкенбаева Ж.К.	PhD;
Фаткиева Г.Т.	канд.филол.наук;
Гладкова Е.И.	маг.филол., отв. сек-рь

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Темирбекова, 30.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN : 2707-9910

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4 (1) / 2020
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Макенова Л.Ш.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 12.08.2020 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 24,4 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №67.

Подписано в печать 12.08.20 г.
Формат 60x84 1/12.
Бумага книжно-журнальная.
Объем 24,4 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ №67.

Ш. Уәлиханов атындағы КУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
КУ им. Ш. Уалиханова

© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.
Свидетельство о постановке на переучет печатного издания, информационного агентства и сетевого издания № KZ62VPY00024036, г.Нур-Султан, 11.06.2020 г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Абдол Э.Д., Леонова А.И., Капакова А.Ж. Паралингвистические особенности языка….. 6
Әбдуәлиұлы Б. Антропонимдік өзек және морфологиялық сабақтастық..... 14
Абдықадырова Т.Р., Баимбетова А.А., Шаханова Э.А. Қазақ тілінің фонетикасындағы дыбыстардың жасалым үлгілері 22
Абильмажинова Б.Ж., Ибрайханова А.Қ. Тіл мәдениетінің заман талабына сай жаңа форматта зерттелуі 30
Айтмұхаметова Қ.Ө. Дипломаттың коммуникативтік біліктілігі – кәсібиліктің негізгі көрсеткіші 37
Алтаева А.К. Тілдік жүйе мен тілдік ортаның сабақтастығы: шарт мәнді сөйлем 44
Амангазиева М.Қ. Әлемнің тілдік бейнесінің лексикографиядағы берілу жолдары 52
Auganbayeva M.A., Anafinova M.L. Linguo-cultural aspects of studying the national-cultural specificity of language …… 58
Eshimov M.P., Nurtileuova S.P., Akhmedova А.К. Non-verbal components of communication: head movements …….. 63
Э. И.Избасарова[1], М.Л.Дуйсенбекова Элитарлық сөйлеу мәдениеті Ш.Уәлиханов тілдік тұлғасының ажыратылмас қасиеті 71
Коптлеуова К.Б. Структурные особенности нефтяных эргонимов …… 77
Кульманова З.Б., С.А. Жиренов С.А., Сулеева Г.С. Діни ұғым-түсініктердің тілдік сипаттамасы 84
Никифорова Э. Ш., Молдагалиева А.Б. Ирония как элемент конверсационной стратегии в медийном дискурсе: лингвистический и переводческий аспекты 91
Ордабекова Х.А. Лингвокультерамалар және оның жіктелімі 98
Сабантаева Г.С., Кулахметова М.С., Байгожина Ж.М. Особенности перевода терминов в сфере информационных технологий в современной филологии русского и английского языков …… 105
Сейітова Ш.Б., Сәтенова С.К, Қасымова А.А., Доскеева Ш.А. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы жер-су атауларының лингвомәдени кеңістігі 114
Шагирбаева Б.К., Құрманбаева Ш.Қ., Сагидолда Г. Ұлттық құндылықтың түркітанымдық контекстегі көрінісі 122

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Gladkova Ye.I., Malikova A.I. Functioning of speech etiquette formulas of address and greeting accompanied by non-verbal means …….. 131
Джантасова Д.Д., Токумбаева А.А., Ботаева А.У. Қазақ және ағылшын тілдерінде амалдың қарқындылығын білдіретін тілдік құралдар 136
Жунусова Ж.Н., Бейсханова С.А. Репрезентация бинарных оппозиций в паремиологической картине мира разных лингвокультур …….. 141

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Ақтанова Ш.С., Ақтанова А.С. Э.Хемингуэй мен М.Әуэзов шығармаларындағы әйелдер образдары 148
Алтаев А.А. Несіпбек Фйтұлы поэмаларындағы көркемдік дәстүр мен жаңашылдық 155
Әміренов Ә.Д., Өнерхан А. Ә.Кекілбаев психологиялық туындыларындағы түс көру мотиві 162
Демесинова Л.М., Оразбек М.С. Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық архетип образдар (А.Алтай мен А.Кемелбаева шығармалары негізінде) 168
Қадыров Ж.Т., Құлыбекова Ж.С., Абуталимова Ш.А. Дэниель Киздің «Цветы для Элджернона» шығармасындағы басты кейіпкер образы 175
Қобланов Ж.Т. Трубадурлар лирикасының негізгі ерекшеліктері 181
Рахимбаева Г.К. Тарихи жырлардағы бас кейіпкер бейнесі 186
Сәркенқызы А., Қадыров Ж.Т., Шапауов Ә.Қ. Бауыржан Момышұлы ойтолғаныстарындағы этнофразеологизмдер 195
Смагулова Н.К., Курманова А.К. Әдебиеттегі көркем тартыс табиғаты 202
Tajibayeva A.A., Tajibayeva A.A., Abdukarimova A.A. Stylistic functions of the color terms in the literary text 210

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Алтынбекова О.Б, Сабитова З.К. Структура урока в новых учебниках русского языка ... 217
Aitpayeva A.S., Yakubayeva K.S., Koishybaeva G.S. On the issue of perception and understanding of the original russian literary text by a foreign audience 226
Базылова Б.К. Система оценивания результатов обучения 234
Ихсангалиева Г.К., Нуржанова Ж.С. К вопросу о специфике обучения русскому языку китайских слушателей в новой социокультурной среде 242
Касымова М.М., Мельникова Т.Н., Алиаскарова С.М., Иксатова Б.К. Өскелең жас ұрпақ үшін сарқылмас тәрбиенің көзі ретінде Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі педагогикалық ойлар 250
Кулахметова М.С., Балтажан Т.Қ. Шет тілдерін оқытудағы қазіргі лингводидактиканың даму тенденциялары 256
Немченко Н.Ф., Черниговцева О.Я., Ашимова А.К. Развитие учебных умений у студентов младших курсов языковых вузов 267
Rusol I.G., Yermamadova K.K. Methodical guidelines for individual students' work in a foreign language at higher education institutions 273
Rusol I.G., Yermamadova K.K. Planning and organization of individual students' work in foreign language at the university 281
Сурова Д.С. Лексика как материал для развития креативного мышления студентов 289
Taubaldy Sh.N., Akynova D.B., Aimoldina A.A. On the role of games in teaching English ... 294
Turgumbayeva A.G., Zhunusova S.E. Dialogical learning as an effective method in teaching a foreign language 301

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Абдықадырова Т.Р., Шормақова С.М., Сәрсембаева М.Қ. «Алаш» қайраткерлері рухани мұралары концептуалдық тенденциясының тәуелсіз қазақстандағы идеялар бірізділігінің тұтастығы 307
Алпысбаева А.Е., Ашимханова С.А. Мағжанды Шекспирдің тілінде сөйлеткен... 315
Нұрдәулетова Б.И. Орыс тіл білімінде лингвистикалық поэтиканың зерттелуі 323

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

УДК 81 – 13

Э.Д. Абдол[1], А.И.Леонова[2], А.Ж.Капакова[3]
[1]к.п.н., ст. преподаватель, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, 060001, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-4616-5110. E-mail: e.abdol@asu.edu.kz
[2]к.ф.н., ст. преподаватель, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, 060001, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-3049-4967
[3]ст. преподаватель, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, 060001, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0001-7835-0148

ПАРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКА

В данной работе рассматривается вопрос о целесообразности введения графемики в состав паралингвистики. Предлагается определение понятия паралингвистика. В статье обсуждается невербальное общение. Приводится схема, в которой иллюстрируются основные разделы паралингвистики. Рассматривается использование невербальных средств, включающих разнородные невербальные знаки. Определяются параграфемика и метаграфемика. Наряду с фонацией и кинесикой в качестве самостоятельного раздела паралингвистики выступает графемика, которая включает в себя такие знаки, как формы и способы графического обозначения, символические знаки, разновидности шрифтов, расположение в печатном тексте и др. Выделяются центральные проблемы невербальной семиотики и лингвистики.

Ключевые слова: паралингвистика, графемика, фонация, кинесика, такесика проксемика.

ВВЕДЕНИЕ

Термин «паралингвистика» имеет широкую и узкую трактовку. Паралингвистика в узком значении – это наука о звуковых кодах невербальной коммуникации. Паралингвистика в широком значении – это наука о невербальных средствах общения. Именно в этом широком значении многие казахстанские исследователи используют термин «паралингвистика». В статье рассматриваются средства невербального общения. Данная тема является актуальной и представляет интерес, поскольку привлекает внимание широкого круга исследователей. В нашем случае − это изучение паралингвистических особенностей языка, которые могут включать различные знаки, разнообразные шрифты, формы и способы графического обозначения. В работе обсуждается вопрос возможного включения графемики в состав паралингвистики. Изучению невербальных знаков в письменной коммуникации посвятили работы многие ученые. Отмечается большое значение невербальных средств для письменной коммуникации, поскольку они позволяют сделать текст более содержательно-мотивированным, экспрессивным. Акцент в данном случае направлен на получателя информации, на его эмоциональное восприятие. Считают, что возрастание роли невербальных средств письменной коммуникации происходит благодаря изменениям в самой языковой системе. В работах З.Ж. Аманбаевой рассматривается функционально-прагматический аспект знаков препинания в газетном тексте. Н.Л. Шубина считает активную модификацию речевых единиц, перераспределение функций вербальных и невербальных компонентов в коммуникативно-прагматической организации высказывания текста одной из

причин функционального развития невербальных средств письменной коммуникации [5, 156].

Основными терминами, которые используются для обозначения науки, изучающей невербальные средства письменной коммуникации, являются *параграфемика (введен* Э. Хэмпом*), отличающаяся большей мобильностью, и метаграфемика.* Проблемами параграфемики занимаются А.Г. Костецкий (невербальные средства в поэтическом тексте) [6], Н.В. Петровский (стилистические функции графики англо-американской прозы) [7], И.Э. Клюканов (функции параграфемных элементов текста) [8], А.Н. Баранов и П.Б. Паршин (воздействующий потенциал варьирования в сфере метаграфемики) [9]. Подчеркивается, что пунктуационные знаки образуют «вторичный слой» характерный только для письменного текста и в этом заключается сила его воздействия. Определяется термин «метаграфемика», как дополнительная и вспомогательная семиотическая система, в которую включены невербальные знаки и средства (Н.Л. Шубина) [10, 12]. Метаграфемика, являющаяся самостоятельным объектом лингвистического исследования, описания и регламентации, представляет собой целостную дополнительную функционально-адаптивную систему, функционирующую в тексте.

Говоря о казахской проксемике, используются понятия: *төр, босағa, жол,* которые отражают ее самобытность. Под невербальным общением понимают применение невербальных средств в процессе устной коммуникации.

Исследование показывает, что междисциплинарный характер невербальной семиотики требует комплексного научного подхода. Проведенный обзор представляет, что в казахстанской лингвистике мало внимания уделяется проблемам невербальной семиотики. Основными методами исследования выступают аналитический, описательный.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В работе З.Ж. Аманбаевой приводится схема, в которой иллюстрируются основные разделы паралингвистики, где наряду с фонацией, кинесикой в качестве самостоятельного раздела паралингвистики выступает графемика, которая включает в себя такие знаки, как формы и способы графического обозначения, символические знаки, разновидности шрифтов, расположение в печатном тексте и др. [1, 15-16].




Рисунок 1 – Основные разделы паралингвистики

Мы считаем необходимым рассмотреть вопрос о целесообразности введения графемики в состав паралингвистики. Даже при первичном знакомстве с данной схемой возникает ощущение инородности графемики, что обосновано несколькими факторами. Во-первых, невербальные средства общения (фонация, кинесика) функционируют в устной коммуникации, а графемы – в письменной коммуникации, во-вторых, графемы – продукт гораздо более позднего развития общества, нежели кинемы, мимемы и т.д. В-третьих, в функциональном отношении наблюдаются существенные различия между кинемами, мимемами и графемами. Чтобы быть более убедительными, обратимся к научной литературе по проблеме невербальных средств в письменной коммуникации.

Как отмечает З.Ж. Аманбаева, посвятившая свое исследование функционально-прагматическому аспекту знаков препинания в газетном тексте на английском и казахском языках, в русском языкознании существовало широкое понимание пунктуации, берущее свое начало от И.А. Бодуэна де Куртенэ, и развитое далее А.А. Реформатским, которое предполагало включение в пунктуационную систему всех невербальных знаков, используемых в письменном тексте, так называемую типографскую пунктуацию, которая помимо традиционных пунктуационных знаков (запятая, точка, точка с запятой, двоеточие, тире, скобки, кавычки, многоточие и т.д.), включает также шрифтовые выделения, разного рода пробелы, демаркаторы и т.д. [1; 2; 3].

Наблюдаемые в последние десятилетия стремительные изменения коммуникативной среды и ситуации повлекли за собой усиление значимости невербальных средств, участвующих в письменной коммуникации. Пунктуационно-графическое оформление письменного текста стало одним из средств, чтобы «сделать письменный текст содержательно мотивированным, информативно оптимальным и коммуникативно-экспрессивным» [4, 80]. Исследователи отмечают, что расширение функций невербальных средств письменной коммуникации обусловлено не только творческим подходом отправителя текста к решению коммуникативно-прагматических задач, но и процессами внутри языковой системы и речевой практики. Так, Н.Л. Шубина видит одну из причин функционального развития невербальных средств письменной коммуникации в активной модификации речевых единиц, перераспределении функций вербальных и невербальных компонентов в коммуникативно-прагматической организации высказывания/текста, появлении новых средств для кодирования информации и её транспортировки, изменении ритмико-интонационного контура высказывания как в устной, так и в письменной речи и др. [5, 156].

Для обозначения науки, изучающей невербальные средства письменной коммуникации, существуют несколько терминов, основными из которых являются *параграфемика и метаграфемика.*

Термин параграфемика был введен Э. Хэмпом, который считал, что параграфемика – это система «типографских черт», существующая «около» определенной графемной системы и отличающаяся большей, по сравнению с графемными системами, мобильностью [1, с. 39].

Существует значительное число работ по проблемам параграфемики. Так, А.Г. Костецкий рассматривает функции невербальных средств в поэтическом тексте [6], Н.В. Петровский исследует стилистические функции графики англо-американской прозы [7], И.Э. Клюканов анализирует функции параграфемных элементов текста [8], совместный труд А.Н. Баранова и П.Б. Паршина посвящен воздействующему потенциалу варьирования в сфере метаграфемики [9]. По сути, существует целое направление, исследующее разные аспекты параграфемики.

В целом, исследователи едины во мнении, что невербальные средства письменного текста несут дополнительную нагрузку, но не информативного, а воздействующего

характера. А.Н. Баранов и П.Б. Паршин подчеркивают, что «пунктуационные знаки *читаются* не так, как слова, они образуют как бы вторичный слой представления смысла текста, присущий только письменному языку, в их вторичности, в существенно меньшей осознанности по сравнению со словами и заключается суть пунктуационного варьирования, его воздействующий потенциал» [9, 133].

В качестве языковой иллюстрации прагматической функции пунктуационных знаков приведем отрывок из романа А. Кекильбаева «Үркер», использованный для анализа З.Ж. Аманбаевой в ее исследовании.

Ал, маңдайларыңа мүйіз шықса, көріп алыңдар! Жымимақ түгілі екі езуін жинай алмай сақылдап күліп тұрған жоқ па?! Ал, енді не дейсің, жұртым?! Бұдан кейін де менің бетіме айтар айыптарың мен сыртымнан айтар ғайбаттарың болар ма екен?! Көріңдер, көріп алыңдар! Енді мұндай жойқын жеңісті маңдайларымызға жаза ма жоқ па?! Ұлыған иттей шулап бара жатқан ата дұшпандарының аңыраған дауыстарына құлақтарыңды әбден қандырып алыңдар! Бұндай бақ тағы басыңа қона ма, жоқ па?! Қапы қалма, халқым, қуан, қызықта! Бұл бір сенің мерейіңнің артқан күні! Ту, ту, мына дүние не болып барады өзі?! Жер мен көктің шыр көбелек айналып кеткені несі?! Тақтайдай тегіс жалпақ жазықтағы сансыз өлік топан судың бетіндегі салындыдай қалқып барады ғой, түге! Ау, мынау өзін шыр айнала атанақтап шауып жүрген не болды? Баяғы қызыл түлкі ме? Жоқ... Жоқ... Әлгінде ғана көзіне елестеп кеткен қызыл тазы емес пе ?! Мана бұл қираланған белін көтере алмай жатқан сияқты еді ғой. Енді қолды-аяққа тұрмай тызақтап шауып кеткен бе! [1, 305].

Использованные в данном отрывке прямые вопросы содержат логические оттенки недоумения, непонимания, осложненные, благодаря восклицательным знакам, эмоциями недовольства, досады, негодования.

В коммуникативно-динамическом членении текста и организации информационного пространства используются парные знаки (скобки, двойное многоточие), с помощью которых актуализируются наибол

ее значимые в коммуникативно-смысловом отношении части текста. Иногда метаграфемы создаются самим автором текста:

– Люди совсем не изменились. Такое на свете делается, так все кругом угрожает, им угрожает! А они как и раньше болтают всякий вздор, и никакого чувства у них нет, что вот надвигается что-то страшное, и неизвестно, чем все это кончится.

– а кончится плохо. И пусть будет плохо!

– легкость – легкость поразительная –

– им надо потыкать носом, тогда они может, еще и поймут, а так – ничего!

И голоса замыкаются – много голосов – в цепь.

– гибнет Россия, чувствую –

– а какая она будет, не знаю –

– и не на ком остановить глаза, люди пропали –

– кто пропал? И разве было что –

– республику еще никто не установил, а республиканские войска бегут –

– убийства, насилия, грабежи, все есть, все, все. А еще и похуже будет–

– тут напрасно одних большевиков обвиняют –

Впрочем, всегда кого-нибудь обвиняют! – а если подумать: ведь жизнь – то одна, мало кому охота помирать. А есть и такие, в прежние время и пошли бы, а теперь –

– промышленная жизнь остановилась, голод. Такая русская свобода не дорога –

– на власть революционной демократии посягнуло не безумие, а самое трезвое рассуждение –

– слушаться-то кого нынче? Никто ничего не признает. Коли бы правда была –

– война – война – война [1, 112].

Использование разных приемов пунктуационно-графического оформления информации позволяет структурировать текст как нелинейное образование. Целью отправителя является передача информации и воздействие на адресата, на его эмоциональную и интеллектуальную сферы. Текстовое развертывание связано с метаграфемическим оформлением текста, которое влияет на его зрительное восприятие, что не только облегчает процесс коммуникации, но и делает его активным.

Исследователи резюмируют: параграфемные единицы – средства разграничения и актуализации смысла, средства выделения, направленные на привлечение внимания читающего.

Функционально-системный подход к анализу невербальных средств письменного текста дал основание Н.Л. Шубиной ввести термин «метаграфемика», которая определяется как дополнительная и вспомогательная семиотическая система, в которую включены невербальные знаки и средства, участвующие (наряду с вербальными) в смысловой и информативной организации текста [10, 12].

Оценка метаграфемики как особой функционально-адаптивной системы основывается на следующих посылах:

– метаграфемика относительно быстро адаптируется к изменениям коммуникативной среды и ситуации;

– взаимодействие системы со средой предполагает взаимодействие устной и письменной систем друг с другом как одной из важнейших предпосылок самоорганизации. Анализ характерных тенденций, происходящих в русской устной спонтанной речи под воздействием адаптационных процессов, свидетельствует о том, что устная речь не только реагирует на изменение условий функционирования, но и активизирует специальные адаптивные механизмы в письменной речи, позволяющие сохранить оптимальное равновесие внешних и внутренних законов текстопорождения;

– метаграфемику следует квалифицировать не только как средство распределения информации, но и как инструмент создания коммуникативно – прагматической стратегии текста.

Итак, обзор и анализ научной литературы по проблеме невербальных средств письменной коммуникации подводят нас к выводу о том, что метаграфемика, представляющая собой целостную дополнительную функционально-адаптивную систему, функционирующую в тексте, является самостоятельным объектом лингвистического исследования, описания и регламентации.

Данное исследование посвящено невербальным средствам общения. Невербальное общение рассматривается, как применение невербальных средств в процессе устной коммуникации.

Система средств невербального общения включает разнородные невербальные знаки, в силу чего систему невербальных знаков общения мы определяем как сложную, включающую в себя ряд частных субсистем, основанием для выделения которых являются средства, используемые как знаки невербального общения. В кинесике таким средством выступают коммуникативно значимые телодвижения человека, в окулесике таким средством выступают коммуникативно значимые изменения глаз, в гаптике – тактильные касания, в проксемике – пространство общения и т.д. Невербальное общение нами квалифицируется как относящееся к речи. В письменном тексте невербальное общение может получить отражение в виде описания. Рассматривая проксемику, вводятся такие понятия, как *төр, босағa, жол*, которые отражают самобытность казахской проксемики.

Исходя из того, что ключевым понятием является невербальное общение, трактуется нами как межличностное взаимодействие двух и более коммуникантов, осуществляемое в форме непосредственного визуального контакта, считаем необходимым, во-первых, отмежевать графемику и метаграфемику как особую функционально-адаптивную систему письменного текста от системы невербального общения. Во-вторых, вызывает некоторое

сомнение выделение в качестве частной науки системологии, которая определяется, как наука о системах объектов, окружающих человека в материальном мире, о функциях и смыслах, которые они передают в ходе общения [11].

На наш взгляд, различные предметы труда, быта, одежда, косметика, окружающая среда, архитектура, балет, музыка, живопись могут быть средством получения информации, т.е. при необходимости мы можем, подвергнув анализу характер картины, костюма, ювелирных украшений, вынести суждения об авторе картины, о человеке в данном костюме и так далее, т.е. мы можем получить информацию, но функцию средств общения данный предметный ряд не может выполнять.

Междисциплинарный характер невербальной семиотики требует комплексного научного подхода к решению многих проблем, которые являются актуальными и для лингвистики. Г.Е. Крейдлин, выделяя пять наиболее крупных проблем невербальной семиотики и лингвистики, попутно отмечает труды ученых, в которых эти проблемы разрабатывались.

Мы сочли необходимым привести этот краткий обзор, поскольку в нем содержится своеобразная исследовательская программа для ученых, желающих попробовать свои силы на поприще невербальной семиотики, кроме того, этот обзор показывает, как мало внимания уделяется в казахстанской лингвистике проблемам невербальной семиотики.

Итак, Г.Е. Крейдлин выделяет следующие центральные проблемы невербальной семиотики и лингвистики, решение которых возможно лишь в рамках комплексного подхода:

1) осмысление общих программ и способов человеческого поведения;

2) теоретические и практические описания различных особенностей конкретных моделей поведения, выявление вербальных и невербальных коррелятов передаваемых в процессе коммуникации значений и установление правил взаимодействия людей в диалоге;

3) формальное и семантическое сопоставление невербальных средств с языковыми знаками, выявление явных и скрытых смыслов невербальных единиц различной природы, которые замещают или сопровождают естественно-языковые знаки в процессе коммуникации;

4) собственно лингвистические, социолингвистические и психолингвистические аналитические разработки, направленные на распознавание по невербальным и вербальным ключам психических состояний и эмоций людей, отношения человека к другим людям и к окружающему миру;

5) анализ способов отражения невербального поведения человека и элементов невербального языка в письменных текстах, в частности, в художественной литературе.

Выделяют 10 наук, которые составляют невербальную семиотику, в числе которых есть и проксемика [11].

ВЫВОДЫ

Таким образом, проведенный анализ показывает, что различные предметы материальной культуры могут выступать средством получения информации, однако не выполняют функцию средств общения.

Отмечается, что основными науками, из которых состоит невербальная семиотика, в данной работе признаются паралингвистика, кинесика, гаптика, гастика и проксемика.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Аманбаева З.Ж. Функционально-прагматический аспект знаков препинания в газетном тексте на английском и казахском языках: …канд.филол.наук: 10.02.20. – Алматы, 2006. – 178 с.

Amanbaeva Z.ZH. Funkcional'no-pragmaticheskij aspekt znakov prepinaniya v gazetnom tekste na anglijskom i kazahskom yazykah: ...kand.filol.nauk: 10.02.20. – Almaty, 2006. – 178 s.
2 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные работы по общему языкознанию. – М. Издательство АН СССР, 1963 – 391 с.
Boduin de Kurtene I.A.Izbrannye raboty po obshemu yazikaznaniy.M. – Izdatelstvo AN SSSR, 1963 – 391 s.
3 Реформатский А.А. Лингвистика и полиграфия // Письменность и революция. – М.– Л., 1934. – с. 89-96.
Reformatskij A.A. Lingvistika i poligrafiya // Pismennost I revoliucia. – M.-L.,1934. – s. 89-96.
4 Маслова В.А. Лингвистический анализ экспрессивности художественного текста. – Минск: Высшая школа, 2007. – 157 с.
Maslova V.A. Lingvisticheskij analiz ekspressivnosti hudozhestvennogo teksta. – Minsk: Vyshaya shola, 2007. – 157 s.
5 Шубина Н.Л. Метаграфемика в семиотической системе русского текста // Лингвистический семинар: сборник научных трудов. – СПб.: Бирск, 2001. – с.156-160.
Shubina N.L. Metagrafemika v semiotichesoi sisteme russkogo teksta //Lingvisticheskii seminar: sbornik nauchnik trudov .-SPb.: Birsk, 2001. – s.156-160.
6 Костецкий А.Г. Содержательные функции поэтической графики: автореф. …канд.филол.наук: 10.02.19. – Киев, 1975. – 24 с.
Kosecikij A.G. Soderzhatei'nye funkcii poeticheskoi grafiki:avtoref. ... kand.filol.nauk: 10.02.19. – Kiev., 1975. – 24 s.
7 Петровский Н.В. Стилистическая графика англо-американской прозы XIX– XXв.в.: автореф. … канд.филол.наук: 10.02.04. – Киев, 1981. – 20 с.
Petrovskij N.B.Stilisticheskaya grafika anglo-amerikanskoi prozy XIX– XXv.v.: avtoref. ... kand.filol.nauk: 10.02.04. – Kiev, 1981. – 20 s.
8 Клюканов И.Э. Структура и функционирование параграфемных элементов текста: автореф. .. канд.филол.наук: 10.02.19. – Саратов, 1983. – 17 с.
Kliukanov I.E. Struktura I funkcionirovanie paragrafemnyh elementov teksta.: avtoref. ... kand.filol.nauk: 10.02.19. – Saratov, 1983 – 17 s.
9 Баранов А.И., Паршин П.Б. Воздействующий потенциал варьирования в сфере метаграфемики // Проблемы эффективности речевой коммуникации. Сборник научно-аналитических обзоров. – М., 1980. – с.41-116.
Baranov A.I., Parshin P.B. Vozdeistvuyshei potencial var'virovanie v sfere metografemiki // Problemy effektivnosti rechevoi kommunikacii. Sbornik nauchno- analiticheskih obzorov. – M., 1980. – s.41-116.
10 Шубина Н.Л. Пунктуация в коммуникативно-прагматическом аспекте и ее место в семиотической системе русского языка. СПб., 1999 – 412 с.
Shubina N.L. Punktuacia v kommunikativno-pragmaticheskom aspecte i ee mesto v semioticheskoi sisteme russkogo yazyka SPb., 1999 – 412 s.
11 Крейдлин Г. Е. Невербальная семиотика: язык тела и естественный язык. – М.: новое лит. обозрение, 2004. – 581 с. – Библиогр.: С. 486-520.
Kreidling G.E. Neverbal'naya semiotika: yazyk tela i estestvennyi yazyk. – M.: novoe lit.obozrenie, 2004. – 581 s. – Bibliogr.: S. 486-520.

Материал поступил в редакцию журнала 09.11.2020

REFERENCES

1 Amanbayeva Z. Zh. Functional and pragmatic aspect of punctuation marks in the newspaper text in English and Kazakh: ... Cand. Philol.Sciences: 10.02.20. – Almaty, 2006. – 178 p.
2 Baudouin de Courtenay I. A. Selected works on General linguistics. – M. Publishing house of the USSR Academy of Sciences, 1963 – 391 p.

3 Reformatsky A. A. Linguistics and printing // Writing and revolution. – M.-L., 1934. – p. 89-96.
4 Maslova V. A. Linguistic analysis of the expressiveness of a literary text. – Minsk: Higher school, 2007. – 157 p.
5 Shubina N. L. Metagraphemics in the semiotic system of the Russian text / / Linguistic seminar: collection of scientific papers. – St. Petersburg: Birsk, 2001. – p. 156 – 160.
6 Kostetsky A. G. Content functions of poetic graphics: author's abstract. ... Cand. Philol.Sciences: 10.02.19. – Kiev, 1975. – 24 p.
7 Petrovsky N. V. Stylistic graphics of the Anglo-American prose of the XIX-XX centuries: autoref. ... Cand. Philol.nauk: 10.02.04. – Kiev, 1981. – 20 p.
8 Klyukanov I. E. Structure and functioning of paragraph elements of the text: author's abstract.Sciences: 10.02.19. – Saratov, 1983. – 17 p.
9 Baranov A. I., Parshin P. B. Influencing potential of variation in the field of metagraphemics // The problems of effective speech communication. Collection of scientific and analytical reviews. – M., 1980. – p. 41-116.
10 Shubina N. L. Punctuation in the communicative and pragmatic aspect and its place in the semiotic system of the Russian language. SPb., 1999. – 412 p.
11 Kreidlin G. E. Nonverbal semiotics: body language and natural language. – M.: New lit. review, 2004. – 581 p. – Bibliogr.: p. 486-520.

Тілдің паралингвистикалық ерекшеліктері

Э.Д. Абдол[1],А.И.Леонова[1], А.Ж.Капакова[1]
[1]Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., 060001, Қазақстан Республикасы

Мақалада паралингвистиканың құрылымына графемиканы енгізудің орындылығы талқыланды. Мақалада ауызша емес қарым-қатынас қарастырылады. Паралингвистиканың негізгі бөлімдерін бейнелейтін диаграмма келтірілген. Вербалды емес құралдарды, оның ішінде гетерогенді емес вербальды белгілерді қолдану қарастырылады. Фонациямен және кинесикамен қатар, графемиялық паралингвистиканың дербес бөлімі болып табылады, оған графикалық белгілеудің формалары мен әдістері, символдық белгілер, қаріптер түрлері, басылған мәтініндегі орналасу және т.б. көрсетілген. Вербалды емес семиотика мен лингвистиканың орталық проблемаларына назар аударылды.

Материал 09.11.2020 баспаға түсті

Paralinguistic features of the language

E.Abdol[1], A.Leonova[1], A.Karakova[1]
[1]Kh. Dosmukhamedov Atyrau university, Atyrau, 060001, Republic of Kazakhstan

In this paper, the question of the appropriateness of introducing graphemeics into paralinguistics is considered. The definition of the concept of paralinguistics is given. The article discusses non-verbal communication. A diagram illustrating the main sections of paralinguistics is given. The use of non-verbal means, including heterogeneous non-verbal signs, is examined. Paragraphics and metagraphics are defined. Along with phonation and kinesics, graphemic acts as an independent section of paralinguistics, which includes such signs as forms and methods of graphic designation, symbolic signs, types of fonts, layout in printed text, etc. The central problems of non-verbal semiotics and linguistics are highlighted.

Received: 09.11.2020

ӘӨК 801.313:809.434.2=943.42

Б. Әбдуәлиұлы
ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, https://orcid.org/0000-0002-9036-0645. E-mail: Bekzhan_A7@mail.ru

АНТРОПОНИМДІК ӨЗЕК ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Мақалада антропонимдік өзектің құрамды бөлімдерінің бірі – құрылымдық жүйе мәселесі сөз болады. Құрылым екі бағытта қаралады: біріншісі – қосымшалардың есімдер жасау мүмкіндігі. Көне түркі дәуірлерінен бүгінге дейін кісі есімдерін жасауға қатысып келе жатқан қосымшалар бар. Әр дәуірде әртүрлі сөздерге жалғанып, жаңа тұлғалар жасайды. Екіншісі – компоненттердің орын тәртібі. Мысалы, жұма, бай, нұр, ай, хан, төре т.б. секілді тұрақты компоненттердің орындарын ауыстырғанда Жұмабай – Байжұма, Нұрай – Айнұр, Хантөре – Төрехан т.б. секілді жаңа есімдер пайда болады. Бұлар есім жасаудың қалыптасқан тарихи механизмі болып табылады. Осы құбылыстың ерекшеліктері бойынша мақалада көне мен жаңа есімдер салыстырылып, жаңа үлгілердің қалыптасуындағы орны айқындалады және кісі есімдері құрылымдық жүйесінің антропонимдік қордың толығуына да үлкен әсер ететіні айтылады.

Кілт сөздер: дара, туынды, күрделі тұлғалы, антропонимжасамдық компонент, құрылымдық жүйе.

КІРІСПЕ

Тіліміздегі көне дәуірлерден бүгінге дейін антропонимдік жасалымдармен бірге өмір сүріп келе жатқан құбылыстардың бірі – құрылымдық жүйе. Жаңа заманға сай жаңа тұлғалардың жасалуы мен лексикалық қордың толығуына да оның өзіндік ықпалы бар. Кісі есімдері құрылымы бойынша *дара (түбір, туынды)* және *күрделі тұлғалылар* болып екіге бөлінеді. Дара тұлғалылардың құрамындағы есім жасаушы қосымшалар өзінің тарихы жағынан да, қызметі жағынан да арнайы зерттеулерді талап етеді. Ақыш, Бегім, Досан, Қосым, Нұрыш, Өтеген, Нұрдан т.б. секілді туынды тұлғалар, Айдос, Айбала, Ақназар, Нұржан, Өтепберген, Тұрсынбек, Келдібек, Келмағамбет т.б. күрделі тұлғалардың құрылымы антропонимжасамның дәстүрлі үлгісі болып табылады. Соңғылар тіліміздегі күрделі сөздердің басқа тобына тән жасалымдар мен қолданыстардан өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Қазақ тіліндегі сөздердің бұлайша бірігуі мен тіркесуі кісі есімдеріне ғана тән, сондықтан олар қазақ антропонимдік қорының өзегін құраушы негізгі құбылыстардың қатарына жатады.

Таңдалатын есімдер тек мағыналық жағынан ғана емес, құрылымдық сипаты мен дыбысталуы жағынан да тиісті талаптарға сәйкес көркем болуы шарт. Бұл көнеден жеткен ат қою мәдениетінің негізгі қағидасы. Қазіргі кезде де дыбыстық форма мәселесі күн тәртібінен түсті деуге болмайды. Ғалымдар арасында кісі есімдерін таңбалық тұрғыдан танып, есептеу машинасы арқылы жаңа формалар құрастыру туралы да пікірлер айтылған. Қазан төңкерісінен кейін Ресейде жасанды есімдер пайда бола бастады. Олардың арасында Цас (Центарльный аптечный склад), Гласп (Главспирт) т.б. секілді сәтсіз жасалғандары да бар еді. Осындай жағдайлар қайталанбас үшін, шетелдіктердің тәжірибесін негізге алып, есептеу машинасының көмегіне жүгіну ұсынысы өткен ғасырдың жетпісінші жылдары пайда болды. Мақсаты – бірнеше дыбысты тіркестіріп, жаңаша бір формаларды ойлап табу. Есептеу машинасына енгізілген бағдарлама орыс тілінің заңдарына сәйкес формаларды дайындап береді, соның ішіндегі көркем әрі жеңіл дыбысталатындары халықтың таңдауына ұсынылады [1, 75-80]. Бұл ұсыныста мағына назардан тыс қалып, атау қызметі, яғни

дыбыстық тұлға мен адам арасындағы байланыс қана ескеріліп тұр. Оның дұрыс-бұрыстығына баға беру қазіргі мақсатымызға кірмейді, тек айтпағымыз – бір шындық нәрсе бар, ол – есім мен мағына арасындағы қатынастың шарттылық жағдайы. Кісі есімдеріне тән осы ерекшелік қолданбалық зерттеулердің нысаны ретінде де маңызды. Ғылыми зерттеу еңбектерде морфологиялық жағынан талдағанымызбен, құрылымдық жүйеге мағынадан бөлек дербес мәселе ретіне тоқтала алмай келеміз. Бұл орайда дыбыстық формаға арнайы тоқталу себебіміз, кісі есімдерінің қолданысы көп жағдайда мағынаға тәуелсіз болып келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда есім мен мағына арасындағы байланысқа мән берілсе, қолданысы бойынша алғанда адам мен дыбыстық тұлғаның арасындағы қатынас бірінші орынға шығады (кез келген есімді айтқанда оның мағынасы емес, онымен аталып тұрған адам ойға оралады). Құрылымы жағынан олар дара және күрделі (ол жөнінде кейінірек) болып бөлінеді. Дара тұлғалылар өз ішінде екі түрлі: 1) түбір; 2) туынды. Түбір тұлғалылар қосымшасыз, жеке сөзден жасалады (оған тоқталмаймыз), ал туынды тұлғалылар құрылымы жағынан апелятивтерге антропонимжасамдық жұрнақтардың жалғануы арқылы және қолданыстағы есімдердің қысқаруы арқылы екі жолмен жасалады. Көне түркілік есімдер мен қазіргі нұсқаларын өзара жалғастырушы элементтердің бірі – антропонимжасамдық қосымшалар. *Туынды тұлғалылар және көне мен жаңаның арасын жалғастырушы жұрнақтар* Түбірлерге түрлі грамматикалық мағыналар үстеп, жаңа формалар тудыруға қатысқан көне түркілік қосымшалар бүгінгі таңда да көптеген есімдердің жасалуына ықпал етіп отыр. Саны жағынан да, қолданыстағы белсенділігі жағынан да өзінің қомақты көлемімен антропонимдік өзектің құрамды бөлігіне айналды. Антропонимдік мағына негізінен түбір тұлғаның лексикалық мағынасы бойынша айқындалғанмен, қордың жаңа формалармен толығуына және көне мен жаңаның арасын жалғастыруға қосымшалардың қосар үлесі зор. Жазба мұралар дерегін басшылыққа алғанда, сөз түбірлеріне жалғанып және түбірлердің қысқарып, қысқарған түбірлерге еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар жалғанып, жаңа тұлғалардың жасалуы көнеден келе жатқан дәстүрлі жүйе екеніне көз жеткіземіз. Енді көне тұлғалар мен қазіргі қолданыстағы есімдердің өзара байланысына талдаулар жасап жатпай-ақ, баршаға түсінікті болу үшін кесте түріндегі салыстырманы ұсынамыз.

Қосымшалардың көне және қазіргі нұсқалары	**Көне түркілік есімдердің құрамында**	**Қазіргі қазақ есімдерінің құрамында**
Көне: **-ad;** Қазіргі: **-ай**	**Qutad**	-ад қазіргі етістік тудырушы -ай- мен мағыналас: Құтай, Есей, Көбей т.б.
Көне: **-an, -än;** Қазіргі: **-ан, -ен**	**Ašan**, **Qapan**, **Qusan**, **Qutan**, **Bilän**	Қожан, Бошан, Бөшен, Мақан, Досан, Байтан, Сейтен т.б.
Көне: **-aq, -äk;** Қазіргі:**-ақ, -ек, -ік**	**Töläk**, **Tüläk**	Сәмек, Шүрек, Шөрек, Сейтек, Төлек, Жанақ, Манақ, Мырзақ, Жәутік т.б.
Көне: **-aš, -äš, -uš, -üš, -ïš;** Қазіргі: **-ш, ыш, іш**	**Büdüš**, **Jabaš**, **Qumaš**, **Abïč**, **Töläš**, **Aqïš**, **Tekäš**, **Turuš**, **Tutuš**, **Toqïš**, **Aqïš**, **Utuš**	Күләш, Бораш, Бұлаш, Құраш, Қараш, Құрмаш, Самаш, Әбдеш, Ормаш, Әлмаш, Нұрыш, Құлыш, Кәмалаш т.б.
Көне:**-ar;** Қазіргі: **-р, -ар, -ер**	**Tapar**, **Udar**, **Utar**	Айтуар, Таңатар, Тоқтар, Тұрар
Көне:**-č** Қазіргі: **-ш, -ыш, -іш**	**Ögrünč**	Қуаныш, Сағыныш, Сүйініш

Көне: **-čaq;** Қазіргі: **-шақ**	**Tajïnčaq**	Құлыншақ
Көне: **-ču, -šï, -čï, -či;** Қазіргі: **-шы, -ші**	**Alču**, **Alqašï**, **Samunšï**, **Boluqčï**, **Borluqčï**, **Inanččï**, **Quduγčï**, **Tamγačï**, **Elči**	Елшібай, Елшібек, Қойшыбай, Жылқышы, Сиыршы, Болатшы т.б.

Кісі есімдерін жасауға қатысатын қосымшалардың санын бұдан әрі де соза беруге болады, алайда мақаланың көлеміне қарай қысқартуға тура келді. Әрқайсысы көне мен бүгінгінің арасын жалғастыруда өзіндік қызмет атқарады.

Антропонимжасам заңдылықтары бойынша күрделі тұлғалылардың ықшамдалып, дара тұлғалыларға айналатын кездері бар. Мысалы, Ақан (Ақжігіт), Шоқан (Мұхаммед-Ханафия), Қошмұхамет (Қошке), Ғабдул-Ғани (Қаныш), Төрт кемпір бір шал (Төрткен) т.б. тұлғалар елге азан шақырып қойылған есімдерімен емес, ықшамдалған нұсқасы арқылы танылды. Өмірден алынған Абақай (Әбілхамит), Дәуренбек (Дәуен), Жақан (Жанмұхамет), Мақаш (Мақұлбек), Мұқаш (Мұқаметжан) т.б. жасанды формалар тілімізде көптеп саналады. Олардың қолданыста бүгінге дейін сақталуы форма жасаудың қалыптасқан дәстүрінің айғағы. Ең бастысы олар мағынаға тәуелсіз, адамды еркелету мен атау үшін ыңғайлылыққа негізделіп құрылған дыбыстық тұлғалар. Бұлардың да құрамында еркелету, құрметтеу мәнді қосымшалар бар, демек туынды тұлғалылар қатарына жатады. Осылайша сөз түбіріне арнайы қосымшалардың жалғануы, бірнеше компоненттен тұратын күрделі тұлғалардың ықшамдалуы, көне лауазым атауларының т.б. антропонимжасамдық компоненттерге айналып, құрылымның бөлшегі ретінде тұрақтауы, сонымен қатар әр дәуірде тілімізге сырттан енген есімдердің осы заңдылықтарға бейімделіп, жаңаша антропонимжасамдық мүмкіндікке ие болуы құрылымдық жүйенің өлшеміне қатысты мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Сонымен, антропонимдік өзекті құраушы элементтер тек мағыналық (лексикалық) бірліктерден ғана емес, сонымен қатар құрылымның өлшемі мен жүйесінен де тұратыны белгілі болды. Бүгінгі зерттеулерде құрылымдық жүйе көне түркі дәуірлерінен жеткен есімжасамдық негіздердің, яғни антропонимдік өзектің компоненті әрі негізгі элементтерінің бірі ретінде де арнайы зерделенуі тиіс. Көне түркі дәуірлерінен қалған құрылымдық жүйе өзінің байырғы болмысын сақтай отырып, әр кезеңде тілдік қолданыстарда болып жататын өзгерістерді өзіне тән заңдылыққа сәйкес игерді және қоғамдық қатынастардағы өзгерістерге байланысты өзі де жаңа бір сапаға көтерілді. Мысалы, *күрделі тұлғалылардың қалыптасу негіздері, кірме тұлғалардың құрылымдық игерілуі, компоненттер орын тәртібінің еркіндігі* секілді антропонимжасамдағы құбылыстар қазақ есімдерінің қазіргі кескін-келбетін сомдауда үлкен мәнге ие болды.

Күрделі тұлғалылардың қалыптасу негіздері. Тілдік құрылымдардың әрқайсысы секілді кісі есімдері де дамудың өзіне тән қалыптасу тарихын басынан кешірді. Атау құралы болғандықтан, мағынасында адамның қоғамдағы орны туралы ақпараттарды толық қамтуға ұмтылыстар байқалады, бұл әсіресе лауазымымен бірге келгенде айқын көрінеді. Ол күрделі тұлғалылардың шығуы мен қалыптасуының бастауында лауазым атаулары тұр деген болжамға жетелейді. Лауазым атауы адамның есіміне қосылып иесінің қоғамдағы орнын, қасиетін, мәнсабын т.б. білдіру қызметін атқарған. Көне түркі жазба ескерткіштерінің деректеріне сүйенсек, ел билеуші батырлар, бектер мен билер көбіне әмбебаптық қасиетке ие тұлғалар. Мысалы, қаған – әрі билеуші, көшбасшы, әрі жауға қарсы қол бастаған сардар, әрі жекпе-жекте жау түсірген алып батыр. Тарихи тұлғалардың бойындағы осы қасиеттердің әрқайсысы жеке сөздермен аталғанда құрылымы да күрделене түседі. В.У.Махпировтың осы жөніндегі «Әлеуметтік детерминативтер (титул, атақ, лауазым) көне түркі антропонимиясының барынша маңызды компоненті, ол есім иесінің әлеуметтік мәртебесі, шығу тегі, қоғамның саяси жүйесі мен әкімшілік құрылымындағы орны туралы ақпараттарды толық қамтиды. Осыған байланысты..., құрамында міндетті поспозициялық элемент ретінде титул, атақ, лауазымы көрсетіліп, белгілі бір моделдер бойынша есімдердің күрделі формалары жасалды...», – дейтін ойлары біздің осы пікірімізді растай түседі [2, 125].

Мысалы, **Tüz baj Küč Bars külüg** есімінің құрамындағы әр сөз адамның қасиеті мен қоғамдағы мәртебесін білдіреді. Этимологиялық талдаулар жасасақ, олардың құрылым ішіндегі орны мен қызметі айқындала түседі:

Tüz (Түз) – 1. турашыл, тік мінезді, әділетті (ДТС 602 б.); [3, 82].

Baj (Бай) – 1. бай, жомарт; 2. ұлы (даңқты); 3. әскери шенеунік (ДТС 79 с.); [4, 336], [5, 302].

Küč (Күч) – 1. Күш; 2. Күшті (ДТС 322 с).; [6, 197], [4, 344].

Bars (Барс) – 1. жолбарыс; 2. *этн*. ру аты; 3. кісі есімі (ДТС 84 с.); [7, 68].

Külüg (Күлүг) 1. Белгілі, даңқты, атақты; 2. Қоғамдық лауазым (ДТС-326 б.).

Лауазым атаулары келе-келе құрылымның компоненттеріне айналып, тілде тұрақты орнықты және көптеген жаңа есім үлгілерінің жасалуына негіз болды. Тілдік деректер бойынша алғанда адамның қоғамдағы мәнсабын білдіру қызметі XX ғасырға дейін сақталды. Ерте дәуірлерден қос қызметте (кісі есімі және титул) қатар жұмсалып келіп, Ресей билігі орнаған тұста түркі, моңғол, араб тілдерімен байланысты басқару жүйесі терминдерінің қызметі шектеле бастады. Билікпен бірге келген жаңа терминдер ықпалының нәтижесінде тілде болғанмен, ресми қолданыстағы белсенділігі төмендеген байырғы атаулардың бойларында көнеру үдерісі басталды, антропонимдердің тұрақты компоненттері қатарынан орын тепті. XVIII ғасырда жалпы лексикалық құрамы жағынан олар түркілік төл және орта ғасырларда енген араб, иран тілдерінің элементтерінен құралды. Түркілік формалар: *бай, бек, би, бахадүр, батыр, тархан, ханым, ханша*; араб тілінен енгендер: *әмір, қажы, мәлік, молда, сопы, сұлтан, шайқы*; иран тілінен енгендер: *қожа, шаһ*. Кірме тұлғалардың барлығы қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкес өзгеріп, жаңаша формаларға ие болды [8, 207-212].

Ілгеріде аталған *бай, бек, би, бахадүр, батыр, тархан, ханым, ханша, әмір, қажы, мәлік, молда, сопы, сұлтан, шайқы, қожа, шаһ* т.б. негізінен антропонимдік қолданыста белсенділігі төмендемеген тұлғалар қатарына жатады. Бахадүр, Тархан, Сопы секілді бір-екілі түрлері болмаса, негізінен түрлі компоненттер жалғап, жаңа есім жасауға бейімделген. Қазіргі қазақ антропонимдік қорындағы күрделі тұлғалылар компоненттерінің елеулі бөлігін осы көне лауазым атаулары құрайды. Дыбыстық өзгеріске түскендері де бар: ***шайқы*** – Шайқы, Нұршайық, Әділшайық; ***шаһ*** өзгеріп, *ша-, шай-* түрінде тұлғаланды: Батырша, Боранша, Дайырша, Жақанша, Жанша; Шаймұрат (Шаһимұрат), Шайсұлтан (Шаһисұлтан), Шаймерден (Шаһимардан) т.б. Тұрақты қолданысының нәтижесінде түрлі компоненттермен бірігу арқылы жаңа есімдер жасау мүмкіндігі де жан-жақты қалыптасты.

Қазіргі кезде қазақ есімдерінің құрамындағы *бай, бек, би, хан* секілді компоненттер кейде есім жасаушы жұрнақ қызметінде де көрінеді. Бұл қоғам дамуымен сабақтас өзгерістердің нәтижесі, лингвистикалық тұрғыдан лексикалық мағынаның солғындап, грамматикалық бояуының қоюлануынан туындап отырған құбылыс. Лауазым атаулары өзінің негізгі қызметі мен түпкі мағынасынан алшақтағанымен, антропонимжасамдық белсенділігі төмендемей бүгінгі күнге жетіп отыр. Көптеген сөздермен бірігіп, жаңа есімдер жасауға қабілетті күйін сақтаған. Бастапқы мағынасында жұмсалуы мен есімжасамдық қызметте жұмсалудың айырмашылығы бар. Есім жасау мақсатындағы қолданыста олардың антропонимдік қордағы жаңа қызметі көрінеді, яғни компоненттер бірігіп жаңаша бір үлгілерді құрайды. Мысалы, Байболат, Бекасыл, Нұрғожа т.б. сол лауазым атауларының жалпы есімдермен бірігіп кісі есімін жасауы болса, Мырзабек, Бимолда, Сұлтанхан, Молдақұл, Әміршайық, Батырша (Батыршаһ) т.б. лауазым атауларының бір-бірімен бірігіп есімжасауы. Антропонимдік құрылымдық жүйе бұл орайда өзінің заңдарына бағындыра отырып, лауазым атауларын жаңа үлгілер жасауға қолданып отыр. Күрделі тұлғалылардың көне түркілік үлгілері төмендегідей:

1-компонентті	**2-компонентті**	**Көп компонентті**
Abïč	Aburču tutuŋ	Aq baš atïq
Abïq	Adaj tutuŋ	Arslan sïq toγrïl
Ačqï	Adï jekä	Barmaqlïq čosun bilig

Ačïq	Aj ölütči	Bars qan saŋun
Ajas	Aj qaγan	Beg nemir quz

Күрделі тұрғалы есімдердің құрылымдық өлшемі бүгінгі таңда екі түрлі негіз арқылы жасалып жүр. Салыстырып қарасақ, тілде бұрыннан қалыптасқан көне түркілік үлгілерге ұқсас келеді. Бірі – айтылуы да, мағынасы да көркем есімдер, екіншісі – құрамында әртүрлі ақпаратты қамту мақсатында қойылған жасанды тұлғалар. Соңғысы жазылу нормасы, құжатқа сыйымдылығы, айтылуы (баланы атау) бойынша бүгінде өз шешімін таппай отырған мәселелердің қатарында тұр. Түрлі компоненттердің бірігуімен жасалған жаңа үлгілер құрамы тым күрделі. Мысалы, Абылайханбейбарыс, Мұхтаршахан, Бекзатсаттархан, Мухаматабдульахап, Константаймсейсар, Маржансұлукұндыззада, Акпантокпантураркожа, Нұрайнагүлбақсайран, Ертең Жаңа жыл, НұрӘбиНаз, Ева-Арабелла, Бауыржанмомыш, Биллклинтонбек т.б. [9]. XXI ғасырдағы талап басқаша. Қойылып жатқан есімдер қысқа, көркем мағыналы әрі атап тұрған адамның да, иеленіп жүрген адамның да көңіл-күйіне кері әсер бермеуі шарт. Құрылымдық жүйесіне мән бергенде тарихи негізі мен қазіргі қолданыстағы нұсқалардың үздік үлгілері басшылыққа алынуы тиіс. Ілгеріде тоқталып өткеніміздей көне түркі есімдерінің ішінде де күрделі тұлғалылардың болғаны рас, алайда олардың көпшілігі лақап есімдер, ресми түрде солай болғанмен, күнделікті өмірде оларды қалай атағаны бізге толық белгісіз. Сонымен қатар, ол дәуір мен бүгінгі есімқолданыстың айырмашылығы үлкен, сондықтан әр дәуірдің кейінгіге қалдырған тамаша үлгісі ғана жалғастық табуы тиіс. Шұбалаңқы есімдер қазіргі жағдайға сәйкес келе бермейді, сондықтан антропонимдік өзектің негізін құраушы элменттердің қатарына да жатпайды, яғни қазақ есімі деген ұғымға жат.

Кірме тұлғалардың құрылымдық игерілуі. Күрделі тұлғалыларға тән біріктіру мен тіркестіруге бейімделген құрылымдық жүйе кірме есімдерді де өз заңдарына бағындырып, жаңа есімдер жасауға ықпал етеді. Көне түркі тілінен жеткен төл компоненттер және кірме сөздерден болған кісі аттарының өзара қарым-қатынасы осы жүйенің бір көрсеткіші. Ілгеріде атап өткеніміздей, хан, бай, бек, би т.б. көптеген түркі тілдеріндегі антропонимдік компоненттер кірме сөздермен бірігіп, жаңа формаларды жасау арқылы өзара қарым-қатынасқа түсті. Мысалы, Әбілхан, Әліби, Хамзабек, Дәуітбек, Торымжан, Қожағапан (екінші компоненті Қапан), Мұқағали, Аршагүл, Ақынбек, Көдекбай, Айжан т.б. секілді екі компонентті кісі аттары кірме және байырғы түрік сөздерінің бірігуінен жасалып тұр. Сонымен қатар, тек кірме сөздердің өзара бірігуінен жасалатын антропонимдер де бар. Мысалы, екі компоненті де араб тілінде: Ырысжан, Нұрәлі, Хақназар, Құрманәлі, Ғалымжан т.б.; екі компоненті де *парсы тілінде*: Досқожа, Досмырза, Есқожа, Досжан, Ақынжан есімдері; *араб-еврей* тілдерінің бірігуінен Исахмет, Жүнісқали, Дәуітәлі, Нұржүсіп, Исағали, Исалы; *еврей-парсы* сөздерінің бірігуінен жасалған: Жүсіпақын, Мырзажүсіп, Досмайыл; *араб-парсы* сөздерінің бірігуінен жасалған: Бақытжамал, Рақымжан, Нұрақын, Есқали, Досалы, Нұрғалым, Нұрсерік т.б. есімдерді осы топқа жатқызуға болады. Бұл антропонимдердің құрылымдық жүйесіне тән ерекшелігін көрсетіп тұрған басты белгі, олардың ұлттық санамызға сіңісті болғандығымен қатар, әсіресе ат қоюдағы қалыптасқан (біріккен тұлғалылардың жасалуы) дәстүрімізге сай өзіндік сипаттағы құрылымы. Яғни, екі компоненті де өзге тілден болғанмен, олардың дыбыстық жағынан игеріліп және екі компоненттің бірігіп бір есімге айналуы қазақ тілінің антропонимжасамдық құрылымына тән құбылыс.

Құрылымдық жүйеге тән басты ерекшеліктердің келесі бірі – *компоненттер орын тәртібінің еркіндігі*. Күрделі тұлғалылар бірігу жолымен де, тіркесу жолымен де жасалады, алайда олардың барлығы тілдің байланысу заңдарына бағына бермейді. Қазақ тілінің синтаксистік талаптары бойынша етістіктер баяндауыш мүше ретінде екінші орында тұруы тиіс болса, Бердібек, Келгенбай, Тұрарбек, Тоқтамұрат секілді есімдердің жасалуында осы заңдылық бұзылады, алайда екінші жағынан бұл кісі есімдеріне тән ерекшеліктің де көрсеткіші. Компоненттердің қолданыстағы тұрақтылығы кез келген сөз табына қатысты

сөзді заттандырады, сөйтіп жасалымды тіркесуден гөрі қатар тұрып бірігу тәсіліне жақындатады. Компоненттер табиғатындағы тұрақтылық, дербестік, орын тәртібіндегі еркіндік ұзақ уақытты қамтитын тарихи үдерістің нәтижесі. Оның алғашқы белгілері көне түркі тарихи жазба ескерткіштерінде кездеседі. Осы дереккөздерден алынған төмендегі есімдердің құрамындағы компоненттер бірде басында, бірде ортасында, енді бірде соңында келеді.

БАСЫНДА	ОРТАСЫНДА	СОҢЫНДА
Apa tarqan	**Öz apa tutuq**	**Qul apa** (Құл апа)
Bilgä talui	**Čik bilgä čikši**, **Ïnanču bilgä qaγan**, **Kül bilgä qaγan**	**Oγuz bilgä**, **Öz bilgä**, **Taj bilgä**, **Töläš bilgä**
Qara tojïn (ДТС).	**Baš qara χan**, **Buγa qara χan** (Буғра қара хан), **Mïsïr qara quz** (Мысыр қара қуз), **Qalïŋ qara ačï** (ДТС)	**Altun qara**, **Bujan qara**, **Bürlük qara**, **Miŋ qara**, **Ögrünč qara**, **Qïtï qara** т.б. (ДТС)

Орын тәртібінің еркіндігі құбылысы бүгінге дейін жалғасып келеді: Байжұма – Жұмабай, Байсұлтан – Сұлтанбай, Қарабай – Байғара, Досжан – Жандос, Досай – Айдос т.б. деп жалғастыра беруге болады. Осы секілді есім сыңарлары мағыналары жағынан бірдей болғанмен, жеке есім ретінде әр басқа. Мысалы, Байжұма мен Жұмабайдың екеуі де жұма күні туған бала деген мағына береді, бірақ екеуі екі түрлі есімдер – Жұмабай есімді баланы Байжұма деп атауға болмайды. Орын тәртібінің еркіндігі есімжасамдағы ерекше бір құбылыс. Оны қазақ халқының ат қою шығармашылығындағы бүгінгі күн үшін де аса маңызды жетістік деп бағалауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көне мен бүгінгінің арасын жалғастырып тұрған негізгі өзек, яғни белгілі бір антропонимдік компоненттер әр дәуірде басқа бір сөздермен бірігіп, жаңа есімдер жасап келе жатыр. Есімдердің көне түркі дәуірлерінде *Ай қаған*, XV-XVII ғасырларда *Айшешек*, XXI ғасырда *Айзере* секілді түрлері жасалды десек, құрамындағы сөздердің барлығы тілде бұрыннан бар, тек бірігу түрі ғана жаңа, демек жаңа есім пайда болды. Осы үлгі арқылы қазіргі кезде қазақ есімдері мөлшерінің өте молдығын, сонымен қатар әрі шағындығын да шамалаймыз. Ұйғыр есімдерін зерттеген ғалым В.А.Никонов есімжасамдағы жиі қолданылатын сөздерге назар аударып, 30 компоненттен 870 есім жасауға болатынын айтады [10, 192]. Қазіргі қазақ есімдерінің материалдарына талдаулар жүргізгенде **Бай**- түбірінен басталатын Байахмет, Байбақты, Байбосын, Байбота, Байдабек, Байдос, Байдібек, Байжомарт, Байжұма, Байжігіт, Байзақ, Байкен, Байқара т.б. 700-ге жуық, осы сөзбен аяқталатын Білімбай, Боранбай, Ботбай, Бөгенбай, Бурабай, Бүркітбай, Беделбай, Емелбай, Жақсыбай, Жалғасбай т.б. секілді 800-ге жуық; **Бек** – түбірінен басталатын Бекмеш, Бекмолда, Бекмұқамбет, Бекмұрат, Бекмұрза, Бекмырза, Бегназ, Бегназар, Бекнар, Бегнияз, Бексейіт, Бексұлтан, Бекташ, Бекшора т.б. секілді 200-ден аса; осы сөзбен аяқталатын Әзімбек, Әлденбек, Әлібек, Әлімбек, Әуезбек, Әуелбек, Әшімбек, Әшірбек, Байбек, Бостанбек, Білімбек, Білісбек, Дүйсенбек, Еділбек, Ерденбек т.б. секілді 360-қа жуық есім жасалғаны анықталды. Сол секілді «хан» тұлғасы қазақ тілінің қ дыбысымен келетін еркелету мәнді *-қан (-кен)* қосымшамен тоғысып, ортақ жаңа бір формаға ие болды. Осы форманың жалғануымен, яғни соңғы компонент ретінде бірігуімен 273 есімнің жасалғаны анықталды. Алайда бұл біз жинаған материалдар көлемі ғана, оны соңғы дерек деуге болмайды. Бүгінге дейін қолданысқа түскен есімдердің толық санын анықтау мүмкіндігі туса, бұл сан әлі де толыға түсуі мүмкін, сонымен қатар антропонимжасам заңдылықтарының, соның ішінде компоненттер орын тәртібінің аясында алдағы болашақта әлі де талай жаңа тұлғалардың жасалатыны белгілі.

Құрылымдық жүйе тұрғысынан алғанда, кісі есімдерінің сөздігін жасауда біз қандай мәселеге назар аударуымыз керек? дейтін сұрақ туындайды. Жұртшылыққа дәстүрлі құрылымдық жүйенің екі жолын ұсынуға болады: 1) тұрақты әр компоненттің мағынасына жеке түсінік беру, ішінен қалағанын алып, жаңа үлгілерді жасау еркін әркімнің өз таңдауына қалдыру; 2) Сөздіктерде дәстүрлі үлгілерді басшылыққа алу, оның ерекшелігі – көптеген тарихи тұлғалардың есімдері солардың ішінде. Ақсұлтан, Ағжол, Бауыржан, Бекболат, Дінмұхамет, Қасым, Нұрсұлтан т.б. тарихи тұлғалардың есімдері. Олардың компоненттерінің орнын ауыстырып, қысқартып немесе басқаша құрылымдауға болмайды, ол жағдайда тарихи тұлғалардың есімдері болудан қалады. Құрылымы бойынша, қазақ есімдерінің алдағы болашағы да осы аталған екі бағыт бойынша айқындалады. Бірі – ұлы адамдардың есімдері; екіншісі – халық шығармашылығындағы ізденістер. Екеуі де маңызды. Қазақ есімдерінің алдағы болашағы осы дәстүрдің қалай жалғасатынымен де байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Москвич В.А. Машинное конструирование личных имен // Личные имена в прошлом, настоящем, будущем. – Москва: «Наука», 1970. – 344 б.

Moskvıch V.A. Mashınnoe konstrýırovanıe lıchnyh ımen // Lıchnye ımena v proshlom, nastoıaem, býdýem. – Moskva: «Naýka», 1970. – 344 b.

2 Махпиров В.У. Имена далеких предков. – Алматы: «Институт востоковедения МН-АН РК», 1997. – 302 б.

Mahpırov V.Ý. Imena dalekıh predkov. – Almaty: «Instıtýt vostokovedenıa MN-AN RK», 1997. – 302 b.

3 Баскаков Н.А. Тюркская лексика в «Слове о полку Игореве». – Москва: – Наука, 1985. – 208 с.

Baskakov N.A. Tıýrkskaıa leksıka v «Slove o polký Igoreve». – Moskva: – Naýka, 1985. – 208 s.

4 Бекжан О.Д. Түркі күлбізік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. – Алматы: Қазығұрт», 2015. – 368 б.; 302 с. Добродомов И.Г. Улу (г) бий // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: «Ғылым», 1990. – 400 с.

Bekzhan O.D. Turki kulbizik zhazba eskertkishteri tilining semiotika-semantikalyq negizderi. – Almaty: "Qazygurt", 2015. – 368 b.; 302 s. Dobrodomov I.G. Ulu (g) bii // Problemy etimologi tiurkskih iazykov. – Alma-Ata: «Gylym», 1990. – 400 s.

5 Добродомов И.Г. Улу (г) бий // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: «Ғылым», 1990. – 400 с.

Dobrodomov I.G. Dobrodomov I.G. Ulu (g) bii // Problemy etimologi tiurkskih iazykov. – Alma-ata: «Gylym», 1990. – 400 s.

6 Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. – Горно-Алтайск: «Ак Чечек», 2005 г. – 504 б. Бекжан О.Д. 344 б.

Slovar altaiskogo I aladagskogo narechi tiurkskogo iazyka. – Gorno-Altaisk: «Ak Chechek», 2005. – 504 b.

7 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: «Наука», 1978. – 350 с.

Sevortian E.V. Etimologicheski slovar tiurkskih iazykov. – Moskva: «Nauka», 1978. – 350 s.

8 Ергазиева Н.И. Система казахских антропонимов в деловых документах XVIII – начала XIX в. // Тюркская ономастика. Алма-Ата: «Наука», 1984. – 248 б.

Ergazieva N.I. Sistema kazahskih antroponimov v delovyh dokumentah XVIII – nachala XIX v. // Tiurkskaia onomastika. Alma-Ata: «Nauka», 1984. – 248 b.

9 Алданов Қ. Ес кетірер есімдер // https://massaget.kz/blogs/19646/ 30.12.2019 ж.

Aldanov Q. Es ketirer esimder // https://massaget.kz/blogs/19646/ 30.12.2019 ж.

10 Никонов В.А. Личные имена современных уйгуров // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: «Наука», 1984. – 248 с.

Nikonov V.A. Lichnye imena sovremennyh uigurov // Tiurkskaia onomastika. – Alma-Ata: «Nauka», 1984. – 248 s.
Қысқарған сөз: ДТС – Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – (XXXVIII) 676 с.
***Qysqargan soz**: DTS – Drevnetiurkskii slovar. – Leningrad: Nauka, 1969. – (XXXVIII) 676 s.*

Материал 05.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

Moskvich B.A. Machine construction of personal names // Personal names in the past, present, and future. – Moskva: “Nauka”, 1970. – 344 p.
2 Mahpirov V.U. Imena dalekih predkov. – Almaty: «Institute of Oriental Studies MS-AS RK», 1997. – 302 p.
3 Baskakov N.A. Turkic vocabulary in “The word about Igor's regiment” – Moskva: – “Nauka”, 1985. – 208 p.
4 Bekzhan O.D. Semiotics and semantic foundations of the language of Turkic kulbizik written monuments. – Almaty: “Qazygurt”, 2015. – 368 p.; Dobrodomov I.G. Ulu (g) bii // Problemy etimologi tiurkskih iazykov. – Alma-Ata: «Gylym», 1990. – 400 s.
5 Dobrodomov I.G. Ulu (g) bii // Problems of etymology of the Turkic languages. – Alma-Ata: «Gylym», 1990. – 400 p.
6 Dictionary of Altaic and aladag dialects of the Turkic language. – Gorno-Altaisk: «Ak Chechek», 2005. – 504 b.
7 Sevortian E.V. Etymological dictionary of Turkic languages. – Moskva: «Nauka», 1978. – 350 s.
8 Ergazieva N.I. The system of Kazakh anthroponyms in business documents of the XVIII – early XIX centuries // Tiurkskaia onomastika. Alma-Ata: «Nauka», 1984. – 248 s.
9 Aldanov Q. Random names // https://massaget.kz/blogs/19646/ 30.12.2019 y.
10 Nikonov V.A. Personal names of modern uighurs // Turkic onomastics. Alma-Ata: «Nauka», 1984. – 248 s.
Abbreviated word: DTS – Dictionary of ancient turkic. – Leningrad: “Nauka”, 1969. – (XXXVIII) 676 s.

Антропонимческая основа и морфологическая преемственность

Б. Абдуалиұлы
Евразийский национальный университет имени Л.Н Гумилева, г. Нур-Султан, 010000,
Республика Казахстан

В статье рассматривается один из компонентов антропонимических закономерностей – проблема структурной системы. Структура рассматривается в двух направлениях: первое – это способность окончаний преобразовывать слова в имена. Есть окончания, которые были вовлечены в создание личных имен с древних тюркских времен. В каждую эпоху они присоединяются с разными словами и создают новые личные имена. Второе – это порядок компонентов. Например: жума, бай, нур, ай, хан, торе и т.д. Когда меняются эти компоненты местами, появляются новые имена, такие как Жумабай – Байжума, Нурай – Айнур, Ханторе – Торехан и др. Это является установленным историческим механизмом в создании новых личных имен. В рамках этого явления сравниваются древние и новые имена, выявляется их место в формировании новых закономерностей и утверждается, что структурная система личных имен также оказывает существенное влияние на пополнение антропонимического фонда.

Материал поступил в редакцию журнала 05.11.2020

Anthroponymic basis and morphological continuity

B.Abdualiuly
L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article considers one of the components of anthroponymic patterns – this is the problem of the structural system. The structure is considered in two directions: the first is the ability of endings to convert words into names. There are endings that have been involved in creating personal names since ancient Turkic times. In each era, they join with different words and create new personal names. The second is the order of the components. For example: Zhuma, Bai, Nur, Ay, Khan, Tore, etc. When these components change places, new names appear, such as Zhumabay – Baizhuma, Nurai – Ainur, Khantore – Torekhan, etc. This is an established historical mechanism in creating new personal names. The article compares ancient and new names about the features of this phenomenon, reveals their place in the formation of new patterns and claims that the structural system of personal names also has a significant impact on the replenishment of the anthroponymic fund.

Received: 05.11.2020

ӘОЖ 372.801. Б20

Т.Р.Абдықадырова [1], А.А.Баимбетова[2], **Э.А.Шаханова** [3]
[1]п.ғ.д., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-5716-6891. E-mail: tursynai_1959@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-0845-6518. E-mail: sa.baimbetova@gmail.com
[3]магистр, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-1700-9533. E-mail: shakhanova_elmira@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫНДАҒЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛЫМ ҮЛГІЛЕРІ

Бұл мақалада автор қазақ тілі дыбыстарын топтастырудың басты моделін жасаған. Оқулықтар мен оқу-құралдарының құрамында фонетикалық көрнекті құралдардың тапшылығы туралы пікір айтқан. Қазақ тілінің фонетика-фонологиялық абстракты заңдылықтары кесте, сызба сурет және құрастырма фигуралар түрінде нақтыланбаса қазақ қолданба лингвистикасының дамуына жағдай жасалмайтындығы сөз болған. Сондықтан да, мақалада, сызбалар үлгі ретінде көрсетілген. Фонетикадағы жіктелім реті ғылыми тұрғыдан сараланған. Дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім сипаттамасын анықтаған. Сонымен бірге, жеке дыбыстардың жасалым сипаттамасы берілген. Дыбыс пен дыбыс өзара жіктелді және моделі көрсетілді, дыбыс топтары мен өзара жіктелді және моделі көрсетілді. Сөйтіп дауысты-дауыссыз топтардың деңгейіне дейінгі артикуляциялық сипаттамалар беріліп, моделдер жасалды.

Кілт сөздер: грамматика, артикуляция, модель, фонология, жасалым, айтылым, естілім.

КІРІСПЕ

Осы күнге дейінгі қазақ фонетика ғылымының өзінше даму ерекшелігі болды. Қазақ фонетикасы, негізінен, теориялық тілтаным (лингвистика) бағытында, сондай-ақ оқу әдістеме мұқтажына лайық зерттеліп келді. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелерінің, сөз жоқ, жалпы түркологияның құрамындағы қазақ тілтанымы үшін үлкен маңызы болды. Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап шыққан еңбектер мол. Әрине дыбыс құрамы мен оның жүйесін анықтауда ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны жайлы да, олардың жасалымы (артикуляциясы) жайлы да осыны айтуға болады.

Ендігі жерде қазақ фонетикасының алдына жаңа міндеттер мен талаптар қойыла бастады. Себебі жер-жердегі ел мен елдің, ұжымның, ғалым мен ғалымның, маман мен маманның араласымы күшейді. Өзара мәлімет алмасу кеңейді. Ендеше кімге болса да (бала мен ересек, оқушы мен маман) жаппай тіл (тілдерді) үйрену бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Осыған орай қазақ тілін оқытудың әдістемесін дамыту, оның мүмкіндігін арттыру, оқулықтар мен оқу-құралдарын дайындау сықылды қозғалыс басталды.

Қазақ фонетикасындағы дәстүрлі сипаттама зерттеулердің нәтижесі мұндай үрдіс қозғалыстың талабын қанағаттандыра алмай қалып жатыр. Сондықтан да қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесін, қазақ тілдегі өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін, тілдегі дыбыс құбылыстарын абстракты түрде сипаттап емес, көрнекті және нақты түрде көзге елестетіндей етіп беру керек болып отыр. Оған тек сызба және құрастырма көрнекті құралдар, сондай-ақ ойын құралдар т.б. арқылы ғана жеткізуге болады. Оқулықтар мен оқу-құралдарының құрамында фонетикалық көрнекті құралдардың тапшылығын да байқауға болады.

Осының бәрі қазақ фонетикасы саласындағы зерттеулердің де бағыт-бағдарын өзгерте бастады, жаңа әдіс-амалдар іздестіруге тура келіп отыр. Сөйтіп әлемдік тілтаным әлдеқашан ден қойған қолданба лингвистикаға қазақ тілтанымның да бет бұруы бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Қазақ тілінің фонетика-фонологиялық абстракты заңдылықтары кесте, сызба сурет және құратырма фигуралар түрінде нақтыланбаса қазақ қолданба лингвистикасының дамуына жағдай жасалмайды. Қазақ фонетикасындағы зерттеулердің осылай ойыса бастағаны да сондықтан.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы (состав) дегенде сол тілімізге тән төл дыбыстардың жиынтығын (санын) айтамыз. Ал қазақ тілі дыбыстарының жүйесі (система) дегенде сол дыбыстарға тән жасалым (артикуляциялық) белгілердің жиынтығын айтамыз. Мысалы, бір дыбыс *дауысты* болса, екінші дыбыс *дауыссыз.* Екеуінің белгісі екі түрлі. Бір дауысты ашық болса, екінші дауысты қысаң. Белгілері тағы да екі түрлі. Бір дауыссыз қатаң болса, екінші дауыссыз ұяң. Бұлардың да белгілері екі басқа. Өзге дыбыстар да дәл осылай бір – бірінен басы ажыратылып отырады.

Модель дегеніміз (французша modele, латынша modulus мера, образец) «схема... какого-либо явления или процесса в природе или обществе» [1, 45]. Лингвистикада болса «искусственно созданное лингвистом реальное или мысленное устройство, воспроизводящее, имитирующее своим поведением (обычно в упрощенном виде) поведением какого-либо другого («настоящего») устройства (оригинала) в лингвистических целях» [1, 47] деп түсінеміз.

Модельдеу дегеніміз «построение 4моделей реально существущих предметов и явлений». Белгілі құбылыстың немесе заңдылықтың сызба не заттай үлгісін жасау болып табылады.

Сонымен модель дегеніміз белгілі-бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекті үлгісі. Модельдің құрамында сол түпнұсқаға (оригинал) тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады. Жоғарыда «в упрощенном виде» деп арнайы ескеріп отыр.

Модельдеу әдісін ғалымдар бірнеше ғасырлар бойы пайдаланып келеді. Кезінде XV ғасырда өмір сүрген Леонардо да Винчи модельдеудің маңызын жақсы түсінген. Сондай-ақ модельдеу әдісін Г.Галилей, И.Ньютон да пайдаланған. Шынайы затқа қарағанда модельмен эксперимент жасау ыңғайлы әрі арзанға түскен.

Модельдеу әдісі - ғылыми танымның зерттеу объектілерін, олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Бұл әдіс кез келген затты жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар модель зерттеліп жатқан объектінің субъект баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады.

Модель мен фонетикалық ғылыми еңбектердің құрамындағы иллюстратив материалдың (график, схема, сурет т.б.) арасында айырым бар. Модель өте дәл болмайды, фонетикалық құбылыс немесе заңдылықты шамалап көрсетеді, оның басты белгілерін шартты түрде алады, араларында қарапайым ғана ұқсастық болады. Ал иллюстратив график, схема, суреттер өте дәл болу керек. Олардың негізінде сандық өлшемдер жатады. Сондықтан олардың құрамында бірлі-жарым белгілер жетіспей жатса немесе дәл көрсетілмей жатса, ол кемшілік болып саналады.

«Қазақ грамматикасында» дыбыстардың артикуляциясы мен олардың сипаттамасы бір трафарет үлгімен жүйелі берілген. Дыбыстардың формаль белгілері анық көрсетілген. Модель үлгілерге салуға ыңғайлы.

Әр тілдің дыбыс құрамы сол дыбыстардың өзара жүйелі байланысы арқылы ғана анықталады. Ал жүйелі байланыс дыбыс белгілерінің өзара сабақтас тізбегінің арқасында ғана іске асады. Содан барып тіл дыбыстарының жүйесі құрылады. Әр тілдің өзіне ғана тән дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесі болады. Сол сияқты қазақ тілінің де өзге тілдердің дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесіне ұқсамайтын өзіндік дыбыс құрамы мен дыбыс жүйесі бар. Тілдің дыбыс жүйесі дегеніміз айырым белгілердің өзара сабақтастығы мен өзара байланысы болып табылады. Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің құрамы өте күрделі. Айырым белгілердің қайшы, тізбек деп аталатын топтары бар. Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің бір тобын қарсы [айырым] белгілер деп атаймыз. Қарсы айырым белгілер жұптасып тұрады және олардың фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) көрсеткіштері барлық уақытта бір-біріне қарсы болады:

– жасалым (артикуляциялық) тұрғысынан сөйлеу мүшелерінің қатысы (жасалу орны, жасалу тәсілі немесе дауыс желбезегінің қатысы) бір-біріне кереғар болады;


– айтылым (акустикалық) тұрғысынан физикалық (бедертаңбаның - спектограмманың, әуентаңбаның интонограмманың және толқынтаңбаның - осциллограмманың) көрінісі бір-біріне кереғар болады;

– естілім (перцепциялық) тұрғысынан үн түйсінім әсері бір-біріне кереғар болады.

Қазақ тілі дыбыстарын топтастырудың басты белгісі дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығы, дауыс жарғағы деп фонетикалық әдебиеттерде әртүрлі атала береді) қатысы болып табылады. Дауыс желбезегінің қатысы арқылы қазақ дыбыстарын алдымен дауысты-дауыссыз деп, сонан соң қатаң-ұяң үнді деп бөліп аламыз. Бұл дәстүр фонетикадағы жіктелім реті.

Сонымен дыбыстарды дауыс желбезегінің қарай жіктеп алайық.

Қазақ дыбыстарының белгілі бір тобын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді (қатыспайды). Дауыс желбезегінің қатысынсыз жасалатын дыбыстар: П, Т, Қ (-К), С, Ш. Ендеше бұл дыбыстар тербеліссіз (немесе қатаң) деп аталады. Дәстүрлі фонетикада «дыбыс тек салдырдан тұрады деп анықтама беріледі. Салдыр термині, өзінің атынан көрініп тұрғандай, дыбыстың жасалымына емес, керісінше айтылым-естіліміне қатысты. Ал қазіргі жүргізіліп отырған талдау дыбыстардың жасалымына қатысты, ендеше салдыр терминін бұл тұста пайдалануға болмайды деп есептейміз. Біз болсақ, қазақ фонетикасындағы жаңа үрдістің ізімен тербеліссіз (қатаң) деген жасалымды пайдаланып отырмыз[6]. Сөйтіп дауыс желбезегінің тек қатаңдарға ғана баланысты фонетикалық ұғымды пайдаланған жөн.



Дауыс желбезегінің қатысына байланысты қазақ тілінің дыбыстары толымды/толымсыз қарсы белгілері арқылы екі топқа жіктеледі. Бұл жерде дыбыс жіктелімінің басты айырым белгісі ретінде дауыс желбезегінің (дауыс жарғағы немесе дауыс шымылдығы деп те аталады) тербеліс ауқымы (ені) алынады. Сондықтан да дауыс желбезегінің тербеліс ауқымын белгілеу үшін жаңа атау (термин) алуға тура келеді.

Дауыс желбезегінің толық тербелімі арқылы жасалған дыбыстарды толымды дыбыстар деп атаймыз. Дауыс желбезегінің толық тербелімі арқылы жасалған дыбыстардың артикуляциялық белгісі толымды болады.

Дауыс желбезегінің толық тербелмеуі арқылы жасалған дыбыстарды толымсыз дыбыстар деп атаймыз. Дауыс желбезегінің толық тербелмеуі арқылы жасалған дыбыстардың артикуляциялық белгісі толымсыз болады.

Қазақ грамматикасында синтаксис саласында толымды/толымсыз атауын пайдаланудың дәстүрлі үлгісі бар: толымды сөйлем/толымсыз сөйлем. Ендеше, толымды/толымсыз атауын фонетикалық мағынада қолдануға болады. Термин ретінде оңай және жеңіл орныгады. Өйткені ұғым мен атау бір-бірімен астасып жатыр: ұғымнан атау көрініп тұр, керісінше, атаудан ұғым көрініп тұр (термин жасаудың А.Байтұрсынұлы дәстүрі). Сонымен, толымды десек, дауыс желбезегінің толық тербелісін түсінеміз, толымсыз десек, дауыс желбезегінің толық тербелмегенін түсінеміз.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы (дауысты-дауыссыздар) тербеліссіз (қатаң), тербеліңкі (ұяң), тербелімді (үнді) және тербелмелі (дауысты) болып төрт топқа жіктеледі.

Дауыс желбезегінің тербеліс күші барлық дыбыстар үшін бірдей емес екен. Дауыс желбезегінің тербеліс реті үдемелі немесе кемімелі болып келеді. Үдемелі реті:

– дауыс желбезегінің тыныш қалпы яғни тербелмейді - тербеліссіз (қатаң);

– дауыс желбезегі сәл ғана яғни жартылай тербеледі - тербеліңкі (ұяң).

–дауыс желбезегі едәуір яғни мол тербеледі - тербелімді (үнді)

– дауыс желбезегі барынша яғни толық тербеледі - тербелмелі (дауысты).

Дауыс желбезегі тербелісінің үдемелі желісі:


Тербеліссіз (қатаң)>тербеліңкі (ұяң)>тербелімді (үнді)>тербелмелі (дауысты).

Үдемелі желіде тербеліс күші бірте-берте өсе бастайды.

Енді алдымен дауыс желбезегінің тербеліс түрлерінің моделін жасап аламыз, сонан соң барып қазақ дыбыстарын дауыс желбезегінің қатысына қарай моделдеуге көшеміз.

Дауыс желбезегінің тербеліс түрлерін көрсететін модель түрлері төмендегідей болмақ:


–Қатаң (тербеліс)

–Ұян (тербеліңкі) 

–Үнді (тербелімді) 

–Дауысты (тербелмелі) 

Әрбір тербеліс (толқының) қанатының ені әртүрлі. Тербеліссіз түрінің қанаты жиюлы (түзу сызық), тербеліңкі түрінің қанаты сәл ғана жайылыңқы (жартылай діріл сызық),



тербелімді түрінің қанаты мол жайылыңқы (жарты діріл сызық), тербелмелі түрінің қанаты толық жайылыңқы (толық діріл сызық). Тербеліс түрлерінің сызба моделіне қарап-ақ қазақ дыбыстарынң қай түріне тән екенің жазбай тануға болады. Ендеше дауыс желбезегіне қатысты дыбыс топтарын әрқайсысың өзіне тән толқын сызықтармен көмкеріп қоямыз. Сөйтіп әр топтың өзіне тән дауыс желбезегінің қатысына байланысты жасалым моделін аламыз. (Сурет 1)

Сурет 1 - Дыбыстың дауыс желбезегінің қатысына байланыст жасалым моделі

Жалпы жалаң дауысты дыбыстардың жасалым белгілерін белгілерінің жүйесі (системасы) тілдің көлденең қалпы (тілдің көлденең қатысы немесе жасалу орны), тілдің тік ерін қалпының нәтижесінен түзеледі. Сондықтан алдымен осы жасалым белгілерді жеке-жеке талдап, моделдерін жасап аламыз, сонан соң олардың басын біріктіріп, дауыстылардың жиынтық моделін жасаймыз. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтарды пайдаланамыз:

Тілдің көлденең қалпы (үзік сызық) ----------

Тілдің тік қалпы (нүктелі үзік сызық) -.

Еріннің қалпы (нүкте сызық) .....

Сілтеме сызықтар (үздік сызық, нүктелі үзік сызық, нүкте сызық) шартты түрде дауыстылардың айрым белгілерін көрсетеді.

Енді құранды дауыстылардың мәселесіне қарастырып көрейік. Қазіргі қазақ тілі дыбыстық жүйесінде бұл дыбыстарды құранды деп қарау артикуляциялық және акустикалық белгілеріне қарай негізделген. Демек бұл дыбыстардың дара дыбыстардан басты айырмашылығы құрамында бір емес бірнеше дыбыстардың болатындығы. Әдетте дыбыстың негізгі сапасын көрсететін бөлігі алдынан акустикалық жағынан әлсіз позицияда белгілі бір дыбыстардың селбесетінін байқауға болады. Ал артикуляциялық жағынан бұл дыбыстың сипаттамасы дара дыбыстарға қарағанда әлдеқайда күрделі. О, Ө және Е дыбыстарының жасалым моделінде тұрақтылық жоқ, дара дыбыстардан айырмашылығы тек олардың фонетикалық (жасалым) табиғатында болып тұр, бұл дауыстылардың құрамын Е=йі, О=уұ, Ө=үү түрінде көрсетеміз. Байқап отырғанымыздай аталған дыбыстардың алдынан селбесетін дыбыстарға Й және У дыбыстарын аталады. Бірақ қазіргі қазақ тілінің фонологиялық зерттеулері қазақ тілінде бұл дыбыстарға сөз басталмайтынын, жалпы сөздің дұрыс танылуы үшін аталған дыбыс селбесуінің маңызы төмен екенін көрсетіп отыр

Құранды дауысты дыбыстардың жасалым белгілерін жинақтай келіп, бір қарапайым моделге сиғызуға болады (Сурет 2). Егер екі дауысты дыбыс бір сілтеме сызықпен қосылса, онда ол екеуінің арасында бір айырым белгі балғаны (ендеше ортақ белгісі де - біреу). Егер екі сілтеме сызықпен қосылса, онда ол екеуінің арасында екі айырым белгі болғаны (ендеше ортақ белгісі жоқ). Ортақ және айырым белгілердің саны әрқашан екіге тең болып отыру керек.

Сурет 2 – Құранды дауыстардың жасалым белгілер

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының толық жасалым моделі айырым белгілер жүйесін түгел және жан- жақты қамтыған. Моделге қарап қазақ дауыстыларының жасалым сипаттамасының беруге болады. Модельден ең алдымен дауыстылардың жалаң және құранды болып екі топқа бөлінетін көрінеді. Әрі қарай әр топ өзінше талданады [2,56].

Жалаң дауыстылардың тілдің көлденең, тік және ерін қалпына қарай жіктелімі көрнекі берілген. Ал құранды дауыстылардың құрамындағы тірек дыбыстың қай дауысты екені тұсындағы дауыстыдан көрініп тұр.

Қазақ тілі дауыстыларының осы жасалым моделіне енбеген дыбыстар төл дыбыстар қатарына жатпайды. Дауыссыздарды созылып , созылмай айтылуына қарап үздікті (п-б, т-д,

қ-ғ, к-г) және үздіксіз (с-з, ш-з) деп жіктейді. Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады да, созылып айтылуға келмейді, үздіксіздер шұбатыла айтылады да, созып айтуға келеді. Садыр дауыссыздар жасалу орнына қарай көмей (қ, к, ғ, г), ерін (п, б) және тіс (т, с, ш,д, ж, з) дауыстары болып үш түрлі артикуляциялық болып үш түрлі артикуляциялық топқа жіктелг ен. Үздікті дыбыстар жасалу түріне қарап жабысыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бір-біріне жабысуынан жасалатын) және жуасыңқы (екі дыбыстау мүшесінің бір-біріне жабыспай тек жуысынан туатын) болып аталады.


Қазақ тілінің жалаң дауысты дыбыстарының жасалым моделін призма түрінде беруге болады. Оған қазақ тіліндегі 6 жалаң дауысты дыбыс мүмкіндік береді. Мұнда қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың тіл қатысы бойынша жуан және жіңішке болып жіктелуі негіз болып саналады. Себебі жуан және жіңішке дауыстылар тек өз ішінде тіркесімділік қабілетке ие. Призма жалаң дауыстылардың құрамы мен айырым белгілер жүйесін өте дәл көрсетіп тұр. Мұнда жауан дауыстылар жеке үшбұрышты құраса, екінші үшбұрышқа жіңішке дауыстылар орналасады. Мұндағы А және Ә дыбыстарының екі ортақ (екеуі де ашық, езулік), бір айырым (А дыбысы жуан, ал Ә дыбысы жіңішке) белгісі бар. Сондықтан ол дыбыстар белгілі бір ортақ белгілерінің сапасы бойынша тұстасатын аймаққа орналасады. Керісінше А және І дыбыстарын салыстыратын болсақ, екі айырым (А жуан, ашық; І жіңішке, қысаң) және бір ортақ (екеуі де езулік) белгісі арқылы ажыратылады. Сондықтан А және І дыбыстары диагонал бойынша ғана байланысқа түседі. Мұндай сипаттама, мысалы Ы - Ә, Ұ - І немесе Ы - Ү дыбыстарына да тән.

Дауыссыздардың жасалым белгілерінің жүйесі (системасы) жасалу орны мен жасалу амалына байланысты болады. Ендеше алдымен дауыссыздардың осы екі белгісін жеке-жеке саралап аламыз, сонан соң екі айырым белгісінің басын қосып, дауыссыздардың жиынтық моделін жасаймыз. Ол үшін төмендегідей шартты сызықтарды пайдаланамыз:

Жасалым орны (үзік сызық) ----------

Жасалым амалы немесе тәсілі (нүктелі үтір сызық) -.-.-.-.-.-.-.-.-.-

Дауыс қатысына байланысты жасалған модельдің өз ерекшелігі бар екенін айттық. Әр моделдің пайдаланылатын туралы тағы да басқа-басқа екені жоғарыда белгілі болды. Ендеше қазақ тіліндегі дауыссыздың айырым және ортақ белгілерін бір жерден табатын модель құрастыруға тура келеді. Ондай модельдің құрамында барлық дауыссыздар жинақталады. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі кез-келген дауыссызды кез-келген дауыссызбен байланыстырып, арасындағы фонетикалық белгілерді таба береміз. Ондай моделдің үлгісі жинақы болады (Сурет 3).



Сурет 3 - Дауыссыздардың айырым белгілерінің жиынтық моделі.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы (саны) мен олардың жүйесі (өзара айырым және ортақ белгілері яғни өзара байланысы) күрделі фонетикалық заңдылықтың нәтижесі екен. Жеке-жеке дыбыстардың басы қалай болса солай, еркін бірікпейді. Дыбыстар белгілі-бір фонетикалық заңдылыққа бағынады, соның нәтижесінде қазақ тілі дыбыстары болып қалыптасады [3, 74].Дыбыс құрамының даму жолын (ретін, желісін) қарастырайық:

–Жеке бір дыбыс өзі тектес бір-екі дыбыспен басы бірігіп, кішкентай бір топ құрайды;

–Сонан соң кішкентай топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, кіші бір топ құрайды;

–Әрі қарай кіші топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, орташа топ құрайды;

–Ең соңында орташа топ өзі тектес екінші топпен басы бірігіп, үлкен топ құрайды.

Дыбыстардың, дыбыс топтарының өзара бірігіуінің өзіндік заңы бар. Сөйтіп қазақ тілінің дыбыс құрамы қалыптасады.

Бұл жерде қазақ тілі дыбыс құрамының қалыптасу ретінің қысқа үлгісі беріліп отыр. Толық үлгісі Қосымшада беріледі. Модель ашық А дауысы мен тіл ұшы Т дауыссыз дыбысының негізінде құрылды. Ал, шын мәнінде, ол екеуінің орнына кез-келген басқа дыбысты қойып, моделдей беруге болады. Дыбыстардың сипаттама аты (ашық, тіл ұшы т.б.) орналасқан ұя (шаршы) ішіне дыбыстардың әріп таңбасын жеке немесе атымен қоса орналастыруға болады. Ондай жағдайда моделдің көрнекілігі артады.

Сонымен жеке дара дыбыс, мысалы тіл ұшы Т, алдымен жасалуына қарай тілшік Қ дыбысымен кішкентай бір топ (тоғысыңқы) құрайды. Сонан соң екеуі жуасыңқы дауыссыздармен (С,Ш) бірігіп, кіші топ (қатаң) құрайды.Енді барып қатаң дауыссыздар ұяң және үнді топтарымен бірігіп орташа топ (дауыссыздар) құрайды. Ең соңында дауыссыздар тобы дауыстылар тобымен бірігіп үлкен топ (дыбыстар) құрайды.Қазақ тілі дыбыстарының жүйесі деп отырғанымыз жеке-жеке дыбыстардың өзара бір-бірімен байланысқан реті екен. Мысалы, кішкентай деңгейде дыбыстар жеке-жеке бір-бірімен байланысады:

–Ашық А дауысты дыбысы *қысаң Ы* дауысты дыбысыман бірігіп , *езулік* дауыстылар тобын құрайды. Сөйтіп *еріндік* дауыстылардан бөлектенеді;

–Ашық А дауысты дыбысы еріндік Ұ дыбысыман бірігіп, *е/тіл арты (немесе жуан)* дауыстылар тобын құрайды. Сөйтіп тіл алды (немесе жіңішке) дауысты дыбыстардан бөлектенеді;

–П ерін дауыссыз дыбысы Т тіл ұшы дауыссыз дыбысыман бірігіп, *етоғысыңқы* дауыссыз дыбыстар тобын құрайды. Сөйтіп жуасыңқы дауыссыз дыбыстардан бөлектенеді т.с.с. Модель белгілі бір дыбысқа қатысты белгілердің бәрін түгел қамтиды және белгілердің ретін көрсетеді. Мысалы (модельдеу белгілердің ретімен жүре береміз):

А: ашық >тіл арты >езулік >жалаң >дауысты >дыбыс. Сонда ашық, тіл арты, езулік, жалаң дауысты дыбыс болып шығады. Сөйтіп дыбыстың ашық екені, тіл арты екені, езулік екені, жалаң екені, дауысты екені, дыбысты екені түгел қамтылады.

Т: тіл ұшы >тоғысыңқы >қатаң >дауыссыз >дыбыс. Сонда тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс болып шығады. Сөйтіп дыбыстың тіл ұшы екені, тоғысыңқы екені, қатаң екені, дауыссыз екені, дыбыс екені түгел қамтылып тұр.

Қазақ тілі дыбыстарын рет-ретімен осы моделден өткізіп алып, барлық белгілерін көрнекті түрде санамалап шығуға болады.

Зерттеу барысында жеке дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасы берілді және модель-сызбасы көрсетілді, дыбыс пен дыбыс өзара жіктеледі және моделі көрсетіледі. Сөйтіп дауысты-дауыссыз топтарының деңгейіне дейін артикуляциялық сипаттамалар беріліп, моделдер жасалды.

Модель қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың екі тобының басын біріктіріп тұр. Дауыстылар мен дауыссыздар өз ішінде айырым белгілеріне қатысты жіктеледі. Сонан соң топталып барып дауысты+дауыссыз болып бірігеді. Қазақ тілі дыбыстарының толық құрамы мен олардың белгілері бір жерден табылып тұр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі қазақ фонетикасының алдында теориялық мәселелерімен қатар оқу-әдістеме жұмысын жетілдіру, фонетикалық құралдар дайындау, қазақ тілі дыбыс жүйесін компьютер технологиясына икемдеу, компьютерлік оқулықтар құрастыру, ақпарат сараптау ісін жеңілдету, қолқанат қондырғыларды қазақ тілінің негізінде дайындау т.с.с. мәселелерді шешу үшін зерттеу амалдарын қарастыруға тура келеді.

Қазақ фонетикасының тарихына жасалған шолу тіл дыбыстарының құрамын анықтауда, дыбыс артикуляциясын сипаттауда, өзге фонетикалық заңдылықтар жайында

ортақ пікірдің жоқтығын көрсетті. Мұның өзі зерттеушілер алдында (проблемалар) тұрғандығын көрсетеді.

Қазақ фонетикасы зерттеулердің бағыт-бағдарын өзгерте бастады, жаңа әдістер іздестіріліп жатыр. Сондай әдістердің бірі - модельдеу әдісі. Әлемдік тілтаным (мировая лингвистика) деп қойған қолтаңба лингвистикаға қазақ тілі мамандары да бет бұра бастады. Қазақ тілінің ережелері кесте, сызба сурет және құрастырма модель үлгісіне түсіріліп жатыр. Бұл бағыттағы зерттеулердің нәтижесі компьютер технологиясын қазақ тілінде игеріп, ақпарат сараптау (обработка информации) жұмысын автоматтандыру, оқу-әдістеме жұмысын көрнекі және түрленбе (динамичный) құралдармен жабдықтау т.б. өзекті мәселелерді шешуге жол ашады. Мәтін (текст, речь) ішіндегі формаль белгілерді анықтап, оларды пайдаланудың жолдарын Байтұрсынұлының еңбектерінен көруге болады. Ендеше қазақ мәтінін формальдау әдісінің бастау көзі сол кезеңде жатыр екен [4, 45].

Қазақ тілі дыбыстарын топтастыруда дауыс желбезегінің мәні зор екен. Өйткені қазақ тілі дыбыс құрамын дауыс желбезегінің қатысына сүйеніп қана жіктей алады екенбіз. Зерттеу барысында жеке дыбыстардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасы берілді және модель-сызбасы көрсетілді, дыбыс пен дыбыс өзара жіктелді және моделі көрсетілді, дыбыс топтары мен өзара жіктелді және моделі көрсетілді. Сөйтіп дауысты-дауыссыз топтардың деңгейіне дейінгі артикуляциялық сипаттамалар беріліп, моделдер жасалды.

Қазақ тілі дыбыстарының моделі олардың арасында қатаң жүйе бар екенін көрсетті. Егер бір сөйлем мүшесінің қалпы өзгеретін болса, онда екінші дыбыс пайда болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының құрамында кездейсоқ (исключение) дыбыстың жоқ екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Марчук Ю.Н. Основы компьютерной лингвистики. – Москва: МПУ Народный учитель, 2000. – 226 с.

Marchýk Iý. N. Kompúterlik lıngvısıka negizderi. – Máskeý: MPÝ Halyq muǵalimi, 2000. – 226 b.

2 Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1980. – 99 б.

Júnisbekov A.Qazaq tilindegi Sıngarmonızm. – Almaty: Ǵylym, 1980. – 99 b.

3 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы: Мектеп, 1975. – 302 б.

Keńesbaev I., Musabaev Ǵ. Qazirgi qazaq tili (leksıka, fonetıka). – Almaty: Mektep, 1975. – 302 b.

4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 44 б.

Baıtursynov A. Til taǵylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 44 b.

5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Атамұра, 1999. – 581 б.

Jubanov Q. Qazaq tili jónindegi zertteýler. – Almaty: Atamura, 1999. – 581 b.

6 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988.– 143 б.

Aralbaev J. Qazaq fonetıkasy boıynsha etúdter. – Almaty: Ǵylym, 1988.– 143 b.

7 Мырзабеков С. Қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дистрибуциялық пен функционалдық. Филолог.ғылым.док.. дисс.автореф.– Алматы, 1998. – 39 б.

Myrzabekov S. Qazaq tili dybys júıesindegi dıstrıbýsıalyq pen fýnksıonaldyq. Fılolog.ǵylym.dok.. dıss.avtoref.– Almaty, 1998. – 39 b.

Материал 08.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Marchuk Yu. N. Fundamentals of computer linguistics. – Moscow: MPU Narodny Uchitel, 2000. – 226 p.

2 Junisbekov A. Syngarmonism in the Kazakh language. Almaty: Nauka publ., 1980. – 99 p.

3 Kenesbayev I., Musabayev G. Modern Kazakh language (vocabulary, phonetics). – Almaty: Shkolnaya STR., 1975 – 302 P.

4 Baitursynov A. Language training. – Almaty: native language, 1992. – 44 p.
5 Zhubanov K. Research on the Kazakh language. – Almaty: Atamura Publ., 1999. – 581 P.
6 Aralbayev zh. Etudes on Kazakh phonetics. Almaty: Nauka publ., 1988 – 143 P.
7 Myrzabekov S. Distribution and functionality in the sound system of the Kazakh language. Philologist.science.Doc.. diss.abstract. Almaty, 1998. – 39 P.

Т.Р.Абдыкадырова [1], А.А.Баимбетова[1], Э.А.Шаханова[1]
Артикуляционные модели звуков казахского языка
[1]Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, г.Тараз, 080000, Республика Казахстан

В данной статье автор создал главную модель группирования звуков казахского языка. В статье высказывается мысль о дефиците фонетических наглядных пособий в составе учебников и учебных пособий. Говорится о том, что не создаются условия для развития казахской лингвистики, если фонетико-фонологические абстрактные закономерности казахского языка не уточняются в виде таблиц, чертежей и конструктивных фигур. Поэтому в статье в качестве образца представлены чертежи. Научно проанализирован порядок классификации в фонетике. Определен характер создания, произношения и звучания звуков. Также дается характеристика составления отдельных звуков. Звуки классифицированы между собой и показаны модели звуковых групп. Кроме того, представлены артикуляционные характеристики до уровня гласно-согласных групп и разработаны модели.

Материал поступил в редакцию журнала 08.11.2020

T.R. Abdikadyrova[1], A.A. Baimbetova[1], E.A. Shakhanova[1]
Articulation models of sounds of Kazakh
[1]Taraz regional university named after M. H. Dulati, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan

In the article the author created the main model of grouping of sounds of the Kazakh language. It was suggested that there was a shortage of phonetic visual materials in the textbook and study guides. Said that the conditions for the development of Kazakh linguistics won`t created if the phonetic and phonological abstract patterns of the Kazakh language aren`t specified in the form of tables, drawings and constructive figures. Therefore, the article presents drawings as a sample. The order of classification in phonetics is scientifically analyzed. Defermined the nature of the creation, pronunciation and sound of sounds. The sounds are classified among themselves and models are shown, the sound groups are classified among themselves and models are shown. Thus, the articlulation characteristics were given to the level of vowel – consonant groups, models were developed.

Received: 08.11.2020

УДК 81.0

Б. Ж. Абильмажинова[1], А.Қ.Ибрайханова[2]
[1]ф.ғ.к., доцент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-3594-8235. E-mail: abilmazhinova.baldyrgan@mail.ru
[2] аға оқытушы, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-4273-8324. E-mail: akmaral_rollan@mail.ru

ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢА ФОРМАТТА ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада тіл мәдениетінің қазіргі заман талабына сәйкес жаңа форматта зерттелу үрдістері көрсетіледі. Бүгінгі күні тіл мәдениетінің ескі стереотипік көрінісінің бейнесінің күңгірт тартып, ұлттық құндылықтардың жаңару үрдістеріне куә боламыз. Себебі ғаламдық тұтасу, әлемдік жаңа қатынастар ұлттардың өз руханиятының ең басты өзегі – тіліне қайта қарауды қажет етеді. Халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымының кеңдігімен, жүйелігімен және ұтымдылығымен өлшенеді.

Әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі жатқандығын көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты екені сөзсіз.

Кілт сөздер: әлем кеңістігі, шындық болмыс, мәдени антропология, когнитивті, лингвомәдени аспектілері, лингвоэкология.

КІРІСПЕ

Тіл білімі саласында тіл құбылыстарын теориялық тұрғыдан зерделеу тілдің өркендеп дамуына, оның қолданыс бағыттарының да кеңеюіне игі әсер етеді. Тіл теориясын зерттеу тілдің функционалдық тұрғыдан қолданыс қызметтерінің одан әрі дамуына тиімді ықпал ететіні бәрімізге мәлім. Соған орай, соңғы жылдары осындай тұрғыдан тіл мәдениетінің саласына қатысты теориялық және практикалық мәліметтерді жан-жақты зерттеу, талдау әрекеті жиі көрініс беріп жүр. Тіл мәдениеті саласын терең танып, оның тілдік болмысын сипаттау, анықтау үшін осы мәселе жайында қазақ тілтануында, басқа да тілдік материалдар негізінде баяндалған мәліметтер, айтылған ой-пікірлерді жиі кездестіріп жүрміз.

Тіл мәдениеті – тілдің тарихын, ұлттың мәдениетін зерттеуде ең құнды мұра деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені осы саланы зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері де – осының дәлелі.

Тіл мәдениеті ертедегі өткен адамдар өмірімен тығыз байланысты. Тіл мәдениеті табиғатынан адамның тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық, материалдық, рухани және ұлттық әдет-ғұрпы, мәдени өмірі жайлы мәліметтер алуға болады.

Тіл мәдениеті тарихи ерекшелікке ие, өзіндік даму тарихы бар тілдік бірлік деп санаймыз. Ол тіл білімінде жалпы сөзді әдеби тілдің нормасына сай, дұрыс жұмсау үрдісі, ой мен ақпараттың «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей» етіп жеткізе алатындай әсерлі болуын екі жақты тұтастықта қарастыратын өзіндік уәжділігі бар маңызды тілдік құбылыс. Тіл мәдениеті – шындық болмыста көрініс беретін, қоршаған ортада да сұраныс дәрежесіне ие, салмақты басымдығы бар тілдік құбылыс. Ғалымдардың берген пайымдауларына сүйенентін болсақ, тіл мәдениеті тұлғалардың сөздік бірліктерді таңдау арқылы ой мен пікір мазмұнының нақты жеткізе білу шеберлігін қадағалау үрдісін басты мақсат етуді де қадағалайтыны байқалады.

XXI ғасыр өркениеттің жедел дамыған кезеңі. Әлем кеңістігінің осындай даму үрдісінде ұлттың көзқарасы, мәдени саласында да ауқымды өзгеру әрекеттері жүріп жатады. Соған орай, ұлт мәдениетінің ерекшеліктерін өлшемдеу арқылы ұлттық құндылықтардың да жаңару үрдістеріне куә боламыз. Мұндай әрекеттер ұлт тарихын зерттеумен қатар жүргізіледі. Тіл мәдениетінің қазіргі бағыт-бағдары қазақ тілі білімінің тарихы және қазіргі даму деңгейімен салыстыру арқылы зерттеліп жатқаны аңғарылады. Тіл мәдениеті саласындағы дәстүрлі ұғымдардың қолданыстан шығуы, керісінше жаңадан пайда болған ұғымдармен ауысып жатқаны байқалады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әрбір халықтың тіл мәдениеті жүйесінің өзіндік лингвистикалық табиғаты бар және өзіндік ұлттық нышанға ие. Ол тек қана бір тілге қатысты ғана қарастырылмайды, оның пайда болу тарихы, сол тілдегі өзіндік қолданысы, оның даму тарихы бар. Тіл мәдениетінің негізгі басымдығы тұлғалардың қарым-қатынас әрекетінің нәтижесі мәдениеттіліктің тамаша үлгісі ретінде көрініс береді. Мұндай құбылыс сол басымдықты қолданушы халықтың дәстүрлері, қоғамдық жағдайынан көрініс табады. Әрбір халықтың өзара тілдік қатысым әрекеттеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктеріне сай мағыналық тұрғыдан халық өмірінің айнасы іспеттес, өмірде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, жалғасын тауып жататыны белгілі. Сондай-ақ, осы аталған үрдістер бірте-бірте өзгеріске түсе отырып, ұлттық сипатқа ие лингвистикалық құбылыс болып саналады. Сол себепті тіл мәдениетінің саласын зерделеу қазақ тілінің тарихы үшін, оның ішінде тіл білімінің теориялық және практикалық дамуы үшін қажет құбылыс деп санаймыз. Сонымен қатар, тіл мәдениетінің қарастыратын тілдік нормалық ғылымының зерттеу нәтижелері тіл біліміне қатысты фонетика, орфография, морфология, синтаксис, стилистика, диалектология және басқа да бағыттар үшін де өте маңызды және құнды болып табылатыны белгілі.

Тіл біліміндегі тіл мәдениеті мәселелеріне өз кезеңінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезовтар сияқты ғалымдар назар аударып, бірталай еңбектер жазған болатын.

Тіл мәдениетінің басты шарттары қазақ тілі бойынша жазылған ғылыми еңбектер, оқулықтар, оқу құралдары аясында берілген болатын. Мұндай ғалымдардың қатарына А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, М.Серғалиевтарды жатқызамыз. Тіл мәдениетінің алғы шарттары тілдің грамматикалық, орфоэпиялық және орфографиялық нормалары ереже түрінде құрылып, әдеби тілдің бірізді қалыпқа түскен дәстүрлі білімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Соңғы жылдары осы еңбектер қазіргі кездегі тіл мәдениетіне қатысты зерттеу еңбектерінің басты нысанына айналған. Аталған ғалымдардың ғылыми көзқарастарын одан әрі дамытқан ғалымдардың да көптеген еңбектеріне куә болғанымыз белгілі. Олар тіл мәдениеті бағытын ұлттық мәдениет пен болмыстың ерекшелігін таныта отырып, жаңа серпінмен дамытқан болатын. Ал бертінгі уақытта Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Е.Жұбанов, Н.Уәлиев, Т.Жанұзақов, А.Жылқыбаева, Ж.Манкеева, Р.Шойбеков, Қ.Рысбергеновалардың еңбектерінде тіл мәдениетіне қатысты теориялық тілдік фактілердің өзіндік сипаты туралы мәселелр қарастырылған болатын.

Қоғам дамуының нәтижесіне байланысты соңғы жылдары адамзаттың да өмірге деген көзқарасы да өзгерген болатын. Соған орай, тіл мәдениетіне байланысты жаңа көзқарастар туындалып жатқаны байқалады. Әсіресе, тұлғаның дүниетанымдық көзқарасы да өзгергені байқалады. Сондықтан да бүгінгі күнгі тіл мәдениетінің ескі стеротипік көрінісінің бейнесі де күңгірт тартқанына куә боламыз. Осы аталған факторлар тіл мәдениетін жаңа бағытта қарастыру мақсатында оның жаңа қырларын ашуға ден қойылғаны байқалады. Егер тіл мәдениетінің дәстүрлі заңдылықтары, яғни, қазақ тілінің грамматикалық, лексикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, стилистикалық нормаларын меңгеру үрдісі басым болып келетін болса, соңғы жылдары тіл мәдениетін танымдық тұрғыдан да тану үрдісінің басымдығы байқалады. Сонымен қатар, тіл мәдениетінің алғы шарттарының бірі тілдік құралдарды образды бейнелеуші, көріктеуші әдіс-тәсілдерді жиі қолдануды мақсат ететін. Бұл әдістердің барлығы тұлғалардың өзара қарым-қатынас жасау әрекетінің мақсаты мен міндетіне сәйкес атқарылатын. Тіл мәдениетінің жаңа және тың бағытта зерделенуі қазақ тілінің шешімін таппаған көптеген тың мәселелерді көтеріп, тілдің жаңа қырынан ашылуына ықпал етеді.

Соңғы жылдары тіл мәдениетінің жан-жақты зерттелу үрдістері көпвекторлы деген атауға ие болған. Соған орай, алдымен «тіл» және «мәдениет» ұғымына жеке-дара анықтама береміз. Тіл – белгілі бір ұлттың өз ойын жеткізуде көмектесетін барлық сөздердің жиынтығы, олардың дұрыс құрылуы. Тіл жеке тұлғалардың қарым-қатынасына қатысты қызмет ететін таңбалар жүйесі. Қоғам, ұжымы мүшелерінің негізгі әрі маңызды қарым-қатынас құралы саналатын болып жүйенің ерекше бір түрі, адамзаттың ойын дамытатын, тарихи-мәдени дәстүрлерін жалғастыратын, ұрпақтан-ұрпаққа т.б жеткізетін басты құрал ретінде қарастырылған болатын.

Н.Д.Арутюнова, В.Г.Степанов: «Тіл – адамзат қоғамында стихиялық жолмен пайда болды. Дами отырып, адамдардың қарым-қатынас жасауына септігін тигізді. Тіл жаратылыс туралы барлық білгендері мен түйгендерін бейнелеу үрдісінде қызмет ететін дискретті «үзік-үзік» дыбыстардың таңбасы» – деп айтқан болатын [1, 125].

А.О.Ахманов: «Тіл дыбыстық, сөздік, грамматикалық құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі, ол ойлау жұмысын шындыққа айналдырушы және қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас жасау, ой алмасу, өзара түсінісу құралы» – деп өз пікірлерін тұжырымдаған болатын» -деген тұжырым айтқан болатын [2, 254].

Қазақ тілінің лексика саласына қатысты еңбектер жазған ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Осы екі құбылыстың өзара қатынасы ерекше де маңызды, кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің куммулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», – деп жазған болатын [3, 211].

Ал «мәдениет» ұғымына жеке анықтама беретін болсақ, қоғамда бар құбылыстар: дәстүр, өнер. Осы ұғымды Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаровтардың көзқарастарымен байланыстырсақ: «Мәдениет – қоғамдағы бар идеяларымен, өнермен, өмір сүру салтымен көрініс беретін өркениет пен мәдениетінің жемісі. Белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі халықтың салт-дәстүрі, өркениеті, жетістіктері. Белгілі бір адамдар тобының бір уақытта жасаған өнері, адамзат ойының жемісі» – деген болатын [4, 86].

Осы берілген анықтамалардың басты идеясы, тіл қарым-қатынас құралы, ойды жеткізу құралы. Тілдің басқа да қызметтері баршылық. Десек те, тілдің басты қызметі тілдік коммуникация. Мұндай қарым-қатынас түрлері ресми түрде қоғам қабылдаған заңдылық болып саналды.

Бұл туралы Э.Сепир: «Тіл өзімізге белгілі белгілі әрбір қоғамдағы таза күйіндегі коммуникативтік (қатысымдық) үдеріс» – деп өз ойын ұсынған болатын [5, 74].

Соған орай, сөздер мен ұғымдардың жұмысына тікелей қатысы бар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын бірге қоса алып қарастырылып жүрген жұмыстар баршылық. Сөздер мен ұғымдардың өзара тығыз қарым-қатынаста болатыны белгілі. Сондықтан да тіл-мәдениет айнасы болып саналады. Адам қоршаған ортасындағы шындықтың шарттарын жақсы түсінеді. Тұлғалардың қоғамдық санасы, менталитеті, өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, дәстүрі, құндылықтары, әлемді сезінуі, түйсінуі қарым-қатынас әрекетінде көрініс береді. Мұндай көрініс беру заңдылығы тіл мен әлем кеңістігі, мәдениеттің тығыз байланыста болуының әсеріне болатынын байқаймыз. Өйткені тіл-мәдениеттің басты қоры. Мұндай көрініс беру құбылысы лексика, грамматика, идиоматика, мақал-мәтел, фольклор, көркем және ғылыми әдебиеттерде халықтың мәдени құндылықтарын сақталады.

Мәдениет саласының барлық түрі тіл арқылы баяндалатын болғандықтан, тіл оның басты бір ажырамас бөлігі. Тілдің басты миссиясы – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы этносты, ұлтты қалыптастыратын басты нысана.

Осы тұрғыдан орыс ғалымдары Г.А.Антипов, О.А.Донских: «Ұлттық мәдениет құрамдарының ішінде тіл бірінші орында тұрады. Себебі тіл қарым-қатынас құралы ретінде адамдарды жақындатады да, алшақтата да алады. Ал мәдениеттің ролі сөйлеуші тұлғаларды белгілі бір қоғамға белгі ретінде телу» – деп қарастырған болатын [6, 25].

И.Ю.Марковина, Ю.А.Сорокиндер этностың негізгі ерекше белгісі – тіл қағидаттын ұсынады. Тіл қағидатының ішкі және сыртқы жағынан алып қарастыруға болатынын айтып өтті. Тілдің «ішкі» табиғаты этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде көрсетілген. Келесі, тілдің «сыртқы» табиғаты этностың басты бөлшектену белгісі деп анықтады. Тіл бөлшектену белгісінің қызметін диалектілік тұрғыдан қарастыра отырып, тіл – этностың жеке қалпын сақтау заңдылығын «өзім» және «өзгелер» деген тың пікірлерін ұсынған болатын [7, 86].

Тіл – мәдениеттің құралы. Кез келген тұлғаның өзіндік сипаты тіл арқылы көрінеді. Тіл арқылы әлемді тануиды. Адамдардың менталитеті, өзара қарым-қатынасы тілді пайдалану мәдениеті арқылы қалыптасады. Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы күрделі әрі көп аспектілі болып келеді. Соған орай, соңғы жылдары тіл мен мәдениеттің тұлғалар арасындағы қарым-қатынасы үдерісіндегі өзара байланысына, ықпалына және қарым-қатынас проблемаларына арналған тың зерттеулердің түрлі бағытта болып жатқаны байқалады. Өйткені тіл қарым-қатынас құралы ретінде негізгі функционалдық қызметінің обьектісі адам. Соған орай, тіл мен мәдениет саласын антропология тұрғысынан зерттеулер түрі бар. Антропология - адам туралы ғылым. Адам мәдениетінің қалыптасуы, даму тәрізді мәселелерімен мәдени антропология айналысады. Алайда адам туралы ғылымдарға гуманитарлық ғылымдар, жаратылыс ғылымдары, медицина, биологияға т.б. қатысы бар.Себебі, адамкүрделі, көпқырлы жаратылыс. Соған орай, соңғы жылдары тіл мәдениетін көпвекторлы (көпқырлы) құбылыс ретінде мәдениетті адам, тұлға обьектісімен тығыз байланыста қарастыру тенденциясы жиі байқалады. Басқа сөзбен айтатын болсақ, адами фактор тұрғысынан зерттеу тенденциясының басымдығы байқалады. Адам туралы көптеген ғылымдар оның физикалық, биологиялық, психологиялық, философиялық, филологиялық ерекшеліктеріне, медицина және экономика, социология бағытындағы қалыптасуы мен дамуы, тарихы, рухани тұрғысынан жан-жақты, әр қырынан зерттеліп жатқанын аңғарамыз. Осы айтылған пікірлердің нәтижесінде тіл мәдениетінің зерттелу нысаны адамтану мәселесіне тіреліп отырғаны сезіледі. Соған орай, алдымен тіл мәдениетін адамтану (антропологиялық) тұрғыдан зерттелу мәселесіне тоқталып өтелік.

Антропология - адам туралы барлық басқа ғылымдардан аспектілерді біріктіре отырып, адамның физикалық және мәдени дамуының жалпы процесін жан-жақты және жаһандық тұрғыдан зерттеуге талпынуымен ерекшеленеді. Соған орай, антропология саласы әртүрлі нәсілдерден құралған адамның биологиялық тегін және физикалық құрылысының эволюциясын зерттейтін физикалық антропология деп аталады. Мұндай зерттеу нысаны адам мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын зерттейтін мәдени антропология деп бірнеше обьектілерге бөлініп жүйеленеді. Жалпы мәдени антропология – өте кең ауқымды іргелі ғылым. Ол адамзаттың мәдени дамуының жалпы проблемелерын зерттейді. Онда өзге гуманитарлық ғалымдардың барлық білімі топтастырылған. Мәдени антропология – адамды адам ететін және оны өзге тіршілік иесінен бөліп тұратын мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процессін зерттейді.

Сонымен қатар, тіл мәдениетінің тағы бір зерттелген бағыты халықтың этникалық мәдениеті тұрғысынан зерттелу үрдісі. Себебі, әр этностың тіліндегі ұғымдар мен құбылыстар атауының өзіндік менталитеті бойынша түсініктері болады. Уақыт өткен сайын өмірде жаңадан құбылыстар туындайтыны белгілі. Ал енді,сөздер мен ұғымдардың жұмысына тікелей қатысы бар маңызды екі ұғым-тіл мен мәдениеттің өзара байланысын алып қарастыралық.Олардың өзара тығыз қарым-қатынаста екені ертеден-ақ белгілі.Тіл-мәдениет айнасы деп бекерден айтылмаған. Тіл арқылы адам айналасындағы шынайы өмірмен, оның шынайы шарттарын,өмір сүру салты, әлемді сезінуі және түйсінуі қамтылған. Сонымен қатар, қоғамдық санасы, менталитеті,дәстүр-салты, мораль,құндылықтар жүйесі тіл арқылы көрініс беріп, мәдениет өлшемінің табиғи деңгейі де белгілі болады. Мәдениет критерийлері лексика, грамматика, идиоматика, мақал-мәтел, фольклор,ауызша және жазбаша түрдегі көркем және ғылыми әдебиетте мәдени құндылықтарды сақтайды.

Сөйлеушінің тұлғалық сипаты тіл арқылы айқындалады. Тіл арқылы әлемді таниды. Менталитеті, қарым-қатынасы сол тілді пайдаланушы халықтың мәдениеті арқылы қалыптасады. Сондықтан да тіл «біздің өмір сүру салтымызды көрсететін, тәжірибелік дағдыларымыздың, идеяларымыздың әлеуметтік жинақтық қоры. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді» [8, 169].

Қазақ тіл білімінің көрнекті лингвистері М.Серғалиев, Х.Нұрмақанов, М.Балақаев.Р.Сыздықовалар тіл мәдениетінің ғылыми-теориялық табиғатына, ішкі құбылысына, қызметіне қатысты мәселелерді көтерген болатын. Соңғы жылдары Н.Уәлиев, Ф.Оразбаевалар тілдің коммуникативтік аспектісіне едәуір көңіл бөлген болатын. Соның ішінде Н.Уәлиевтің тіл мәдениетінің коммуникативтік тұрғыдан қызмет ету бағыты бойынша жарыққа шыққан еңбегі тіл мәдениетінің жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік берген болатын. Сонымен қатар, ғалым тіл мәдениетінің қарым-қатынас аспектісінде оның сапасына қатысты бағаларды талдау тұрғысынан анықтаған болатын. Яғни коммуникативтік процессте тіл мәдениетінің «бай-жұтаң», «орынды-орынсыз», «дұрыс-бұрыс», «бедерлі-бедерсіз» деген қарамақарсы ұғымдарды салыстырған болатын. Мәтін құрамындағы сөз, сөйлем құрылымдарының жасалу фактілерін айқындай отырып, оның «дұрыс» және «дұрыс емес» фактілерін бөліп көрсету арқылы талдау үлгісінің негізін көрсеткен болатын. Десекте мұндай талдау үлгілері, яғни мәтін құрамындағы жекелеген сөйлем құрылымдары мәтіннің тұтастай алынған көлемінің коммуникативтік қызметінің бағасын толық аша алмайтын болды. Себебі сөз бен сөйлем құрылымының қарым-қатынастық (коммуникативтік) сапасы оның аяқталу үрдісінің нәтижесіне байланысты болып келетіні жөнінде ғалым Р.Сыздық өзінің соңғы жылдары жарыққа шыққан «Тілдік норма және оның қалыптануы» атты еңбегінде тоқталып өтті [9, 180].

Филология ғылымдарының докторы Н.Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» ғылым жұмысында сөз мәдениетінің когнитивті және лингвомәдени аспектілері, лингвоэкологиялық аспектілері т.б. жөнінде тың пайымдаулары зерттеліп жарыққа шыққан болатын. Мұнда ғалым сөз мәдениетінің когнитивтік негіздері туралы ұғымдарды «білім» ұғымымен бірге «таным», «ақпарат», «сана», «ойлау» тәрізді ұғымдық категориялардың табиғи заңдылығын мәдени-тілдік тұрғыдан көрсеткен болатын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл мәдениетінің жаңа бағытта, жаңа қырынан зерттелуі туралы қазақ тілі білімінің белгілі ғалымдардың тұжырымдары негізінде көрсетуге тырыстық. Себебі тіл мәдениетінің жаңа, тың бағытта зерттелу үрдісі тіл мәдениетіне қатысты тың мәселелерді анықтап, жаңа қырынан ашылуына ықпал етеді. Тіл мәдениетін адамтану (антропологиялық) тұрғыдан зерттелу мәселесі оның физикалық, биологиялық, психологиялық, философиялық, филологиялық ерекшеліктеріне, медицина және экономика, социология бағытындағы зертеу жұмысының нәтижесі адамтану мәдениетін тіл арқылы зерделеуге болатынын аңғарамыз.

Тіл мәдениетінің этникалық мәдениеті коммуникативтік аспектісіне когнитивті және лингвомәдени аспектілері, лингвоэкологиялық аспектілерінің басты нысанасының формалары әдеби тіл білімінің жаңа бағытта дамуына мүмкіндік береді.

Себебі тіл мәдениетінің нормалық заңдылықтарынан басқа қазіргі заман кеңістігі мен уақытының талабына сай оның жаңа қырларынан ашу үрдісіне ден қойылғаны байқалады. Тіл мәденитінің зерттеу нысандары тіл мен мәдениетті жеке дара бөліп қарастыру, олардың өзара байланысы, оның бірі-біріне ықпалы бағытында жүргізілген зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімін жаңа көзқарастарда қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Арутюнова Н.Д., Степанов В.Г. Русский язык. – М., 1979. – 410 б.
Arutyunova N. D., Stepanov V. G. Russian language. – M., 1979. – 410 b.

2 Ахманов А.О. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
Akhmanov A. O. Dictionary of linguistic terms. – M.,1966.
3 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1991. – 272 б.
Mankeeva zh. national character of cultural vocabulary. – Almaty, 1991. – 272 b.
4 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1990.
Vereshchagin E. M., Kostomarov V. G. Language and culture. – Moscow, 1990.
5 Сепир Э.Коммуникация // Избранные трды по языкознанию и культорологии. – М., 1993. – 211 б.
Sepir E. Communication // Selected trds on linguistics and cultorology. – Moscow, 1993. – 211 b.
6 Антипов Г.А., Донских О.А. Культура речи. – М., 1986. – 89 с.
Antipov G. A., Donskikh O. A. culture of speech. – M., 1986. – 89 s.
7 Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. – Новосибирск, 1989. – 75 б.
Markovina I. Y., Sorokin Y. A. the Text as a cultural phenomenon. – Novosibirsk, 1989. – 75 b.
8 Сепир Э. Язык. Ведение в изучение речи // Избранные труды по языкознанию и культурологии. – С.185.
Sapir E. Language. Introduction to speech learning // Selected works on linguistics and cultural studies. – S. 185.
9 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
Syzdyk R. language norm and its formation. – Astana: Capital, 2001. – 230 p.

REFERENCES

1 Arutyunova N. D., Stepanov V. G. Russian lingua. – M., 1979. – 410 b.
2 Akhmanov A. O. Dictionarium linguae legibus. – M.,1966.
3 Makeeva Zh. National natura culturae lexicon. – Almaty, 1991. – 272 p.
4 Vereshchagin E. M., Kostomarov V. G. Linguae et culturae. – M., 1990.
5 Sepir E. Communicatio // Lego trds in grammatica et cultorology. Moscoviae, 1993. – 211 b.
6 Antipov G. A., Donskikh O. A. Cultura oratio. – M., 1986. – 89 p.
7 Markovina I. Y., Sorokin Y. A. Text ut a culturalis phaenomenon. – Novosibirsk, 1989. – 75 b.
8 Sapir E. Lingua. Introductio ad studium orationis // Lego operatur in grammatica et culturae studiis. – P. 185.
9 Syzdyk R. language norm and its formation. – Astana: Capital, 2001. – 230 P.

Изучение языковой культуры в новом формате в соответствии с современными требованиями

Б. Ж. Абильмажинова[1], А.Қ.Ибрайханова[1]
[1]Университет «Туран-Астана», г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

В статье раскрываются тенденции изучения языковой культуры в новом формате в соответствии с современными требованиями. Сегодня мы видим старый стереотипный образ языковой культуры и процесс обновления национальных ценностей. Потому что глобальное соединение, новые мировые отношения требуют пересмотра языка как главный стержень духовности нации. Бытие, цивилизация, сознательность и грамотность нации измеряются его языковой культурой, широтой, системностью и рациональностью масштабов функционирования этого языка.

В контексте каждого наименования мы видим, что история, культура, традиции, обычаи, поверья, убеждения народа. Это проявляет познавательную мысль, мировоззрение, бытие казахского народа в создании «языкового образа вселенной». Языковая картина вселенной, национальная бытие в каждом этносе, безусловно, связаны с опытом, знаниями этноса.

Материал поступил в редакцию журнала 20.10.2020

Study of language culture in a new format in accordance with modern requirements

B. Abilmazhinova[1], A. Ibraikhanova[1]
"Turan-Astana" University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article reveals the trends of studying language culture in a new format in accordance with modern requirements. Today we witness the old stereotypical image of language culture and the process of updating national values. Because global connection, new world relations require a new vision on language as the main core of the nation's spirituality. The existence, civilization, consciousness and literacy of a nation are measured by its language culture, breadth, consistency and rationality of the scale of this language functioning.

The content of each name tells us about its history, culture, traditions, customs, beliefs, and the beliefs of people. This shows the cognitive thought, worldview, being of the Kazakh people in creating a "language image of the universe". The world language picture and the national uniqueness are certainly bound to the experience and knowledge of the ethnic group.

Received: 20.10.2020

ӘОЖ. 327:005.57 (574)

Қ.Ө. Айтмұхаметова
ф.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-7514-8726. E-mail: kuralai13kz@mail.ru

ДИПЛОМАТТЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІ – КӘСІБИЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

Мемлекеттік қызмет көп жағдайда вербалды қатынаспен байланысты болғандықтан, мақалада мемлекеттік қызметшінің іскерлік сөз мәдениеті қарастырылады. Сондай-ақ мақала дипломатты кәсіби даярлауда аса маңызды болып саналатын коммуникативтік біліктілікке арналған. Сонымен қатар, дипломатиялық өкілдердің қазақ тілін және сөйлеу мәдениетін білудің өзекті мәселелеріне тоқталады. Онда коммуникативтік қатынастың негізгі аспектілері және дипломаттың жұмыс ерекшелігі мен сөйлеу мәдениеті дағдысының қалыптасуы сипатталады. Коммуникативтік біліктілік мақалада кәсіби дипломаттық қызметті оқыту үрдісінде қарастырылады. Қазіргі қоғамда жоғары кәсіптік білім беруде коммуникативтік қызмет үлкен басымдыққа ие.

Мақалада тіл мен адамның арасындағы байланысқа назар аударылады және бірінші орынға тілдік тұлға мәселесі қойылады. Дипломаттың кәсіби сипаттамалары жүйесінде «өз ойын нақты және дәл жеткізе білу», «келіссөз жүргізу қабілеті» және т.б. сияқты коммуникативті қасиеттер маңызды.

Кілт сөздер: коммуникативтік біліктілік, тілдік тұлға, мемлекеттік қызметші, дипломат, сөз мәдениеті, сөйлеушінің ниеті, тілдік норма.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда жоғары кәсіби білім беруде коммуникативтік біліктілік үлкен басымдыққа ие. Осыған байланысты, практик-ғалымдар алдына жаңа міндеттер қойылып отыр, солардың бірі – болашақ маманның коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру

қажеттілігі. Жоғары білім беруге жаңаша қырынан келу болашақ мамандардың коммуникативтік және дамытушы әлеуетіне деген қызығушылықтың маңызын арттыра түседі.

Тіл біліміндегі сөйлеуші адамды зерттеуге деген қызығушылықтың арта түсуінің бір себебі, соңғы кездері коммуникация актісіндегі өзгерістерге байланысты. Лингвистикалық зерттеулерде «адам мен тіл біртұтас құбылыс, оларды бөлек зерттеуге болмайды» деген тұжырымды ойлар жалғасуда. Осындай зерттеулердің негізінде жиырма бірінші ғасыр тілдік тұлғаға деген қызығушылықтың бірден өсуімен ерекшеленеді. Тілдік тұлға қалыптастыру проблемасы қоғамның сұранысына және құндылықтардың өзгеруіне қарай пайда болды. Тұлғаның өзіндік қасиеті – бұл жеке адамның өз басына ғана тән, қайталанбас қасиеті, оның тұлға болып қалыптасуы, өсуі, басқа адамдарға ұқсамауы. Ол тұлғаның танымдық, коммуникативтік, конструктивтік қажеттіліктерінен көрінеді.

Кәсіби білікті маман тілдік қарым-қатынастың әр түрлі формаларын жете меңгеруі керек. Бұл – нарық пен демократияға бет бұрған заманның талабы. Әсіресе, нарық заманының адамы тілдік қатынаста тек өз саласымен шектеліп қалмай, шаршытоп алдында пікірталасқа түсудің логикалық, әлеуметтік, психологиялық жақтарынан хабардар болуға тиіс. Осы жайттарды дұрыс меңгергенде ғана тілдік құралдарды, стильдік амал-тәсілдерді мүмкіндігінше тиімді пайдалануға болады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша оқитын магистранттардың коммуникативтік біліктілігін қалыптастыруға үлкен мән берілуде. Бұл мәселе Ю.В. Рождественский, И.А. Стернин, Н.Н. Еговцева сынды ғалымдардың еңбектерінде әр түрлі қырынан қарастырылған. Мемлекеттік қызметшінінің тілдік құзыреттілігін дамыту бойынша О.А. Астафьева, Л.Д. Чайнова т.б. зерттеулерінде баяндалған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мемлекеттік қызмет кәсібі – «адам – адам» жүйесіндегі кәсіпке жатады, онда қарым-қатынас жасау қызметке қосалқы фактор емес, кәсіби маңыздылығы зор категорияға айналады, себебі мемлекеттік қызметші жай ғана қызметкер емес, ол биліктің бет-бейнесін танытатын, оның атынан әрекет ететін тұлға.

Мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметін күрделі, көп функциялы, көп қырлы қызмет ретінде сипаттауға болады. Ол *атқарушылық, басқарушылық* сияқты құрамдас бөліктермен бірге *инновациялық бағыттылықты да* қамтиды. Соңғысы қызметкерлердің тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын бірқатар арнайы талаптарды білдіреді. Ол талаптар бүгінгі сан алуан реформалар жағдайында түрлі бейстандартты шешімдер қабылдау қажеттілігімен байланысты туындайды. Бұл жерде «адам – адам», «адам – қоғам» жүйесіндегі кәсіп субъектілері ретінде мемлекеттік қызметшінің бойында адамдардың әрекеттерінің ықтимал салдарларын, олардың арасында болатын түрлі жанжалдардың, қарсылықтардың және олардың бірлесуінің неге әкеліп соғатынын болжау, олардың әр түрлі нұсқаларын нақты елестете білу, ерекше және өзгермелі жағдайларда тиімді әрекет ете білу қабілеттері талап етіледі. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшінің шаршытоп алдында сөйлеу және келіссөз жүргізу мәдениетін қалыптастырудың да маңызы зор. Шаршы топ дегеніміз көпке арналып сөз айтылатын жер, яғни сол сөзді тыңдайтын адамдар тобы. Шаршы топ алдындағы сөз аз болсын, көп болсын әлеуметтік мәні бар, жұртшылық назарына ұсынылған, қоғам мүддесіне арналған әңгіме болуы керек... Мұнда көзделетін мақсат – көпшіліктің тыңдауына арналған сөздің жатық, түсінікті болуы, әңгіме желісінің дұрыс құрылуы болмаққа керек», – дейді академик Р.Сыздық [1, 47].

Өз қызметіне сәйкес, мемлекеттік қызметші үнемі қатардағы азаматтармен, түрлі мекемелер мен ұйымдардың, кәсіпорындар мен билік органдарының басшыларымен қарым-қатынас жасайды, яғни аталмыш қызметке *қатысымдық сипат* тән. Бұл әлеуметтік өзара

әрекеттестікті жүзеге асыруға қажетті кәсіби мәні зор қатысымдық біліктер мен дағдыларды талап етеді. Олар, өз кезегінде, кәсіби міндеттерді орындаудың нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді және сан түрлі жағдаяттарға сай, дұрыс әрекет етуге, тұлғааралық және конвенционалды байланыстар орната білуге жол ашады.

Сөйтіп, мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметі, бір жағынан, объективті қоғамдық-саяси, экономикалық факторларға, екінші жағынан, «тұлғаның ішкі сипаттарын» басқарудың жаңа формалары мен құралдары арқылы жүзеге асыру тәсілдеріне байланысты болады [2, 156]. Қазіргі қалыптасып отырған жағдайда білім берудегі радикалды ғылыми парадигманы дамытуға экстралингвистикалық факторлар түрткі болды: қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың заңдылықтарын білуге деген қызығушылық, әлеуметтік тапсырыс қалыптасты. Адам өмірі тілде көрініс табады, ол жүзеге асыратын қатысымды мазмұндық жағынан толтыра, толықтыра отырып, ойын жеткізудің қажетті формаларын табады. Бұл орайда, мемлекеттік қызметшінің кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігін *коммуникативтік біліктілік* құрайды.

Осымен байланысты, білім беру саласында білім алушылардың бойында өз бетімен әрекет ете білуге қабілеттілік, яғни дербестік пен жауапкершілік қасиеттерін, жалпы *әмбебап білімдердің тұтастай жүйесін қалыптастыру қажеттілігі* байқалып отыр. Бұлар білім алушыларға берілетін білімнің сапасын айқындауда *кілт мәнге ие негізгі біліктіліктер* қатарында аталып жүр. Мұндағы *кілт мәнге ие негізгі біліктіліктер* ұғымын «білім алушылардың өмірінде кездесетін сан түрлі практикалық және теориялық проблемалардың шешімін табу үшін меңгерген білімдерін, оқу біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ қажетті тәсілдерін қолдануға дайындығы» ретінде анықтауға болады. Мұнда әңгіме зияткерлік, қоғамдық-саяси, қатысымдық, ақпараттық т.б. да салалар жөнінде болып отыр.

Кілт мәнге ие негізгі біліктіліктер қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

– *әлеуметтік біліктілік* (кәсіби шешімдер қабылдауда жауапкершілікті өзіне ала білу, көпшілдік /корпоративтілік/;

– әртүрлі мәдениеттерге *төзімділік* /толеранттылық/ *таныту;*

– *когнитивтік біліктілік* (өз бетімен жаңа білімдер мен біліктер алуға, өзінің жеке әлеуетін пайдалануға дайын және қабілетті болу);

– *әлеуметтік-ақпараттық біліктілік* (ақпараттық технологияларды меңгеру және әлеуметтік ақпарат көздерінде жарияланатын сынды қабылдай білуге қабілетті болу);

– *арнаулы біліктілік* (кәсіби міндеттерін атқаруға дайын болу);

– *коммуникативтік біліктілік* (қарым-қатынас жасау технологияларын, оның ішінде компьютерлік технологияларды меңгеру).

Біз коммуникативтік біліктілікті мемлекеттік қызметшінің кәсіби дайындығының аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бөліп көрсетеміз. Оның бірнеше себебі бар. *Біріншіден*, мемлекеттік қызметшінің кәсіби қасиеттеріне мемлекет тарапынан жоғары талаптардың қойылуы. *Екіншіден,* білім беру саласының өзіне тән қажеттіліктерден туындайды. Мәселен, білім берудің негізгі мәнін адамның жеке кәсіби және қоғамдық өмірде табыстарға қол жеткізуіне аса қажет тәжірибелік қабілеттерін дамыту деп санасақ, олардың негізгісі деп осы коммуникативтік біліктілікті атауға болады. *Үшіншіден*, коммуникация тек вербалды коммуникация ғана емес, ол кез келген адамзат қауымдастығының өмір сүру тәсілі және алғышарты деуге де болады.

Коммуникацияның мемлекеттік қызметшілер үшін мәні зор. Күнделікті тәжірибеден байқалғандай, олардың жұмыс уақытының 80%-ы тұлғааралық байланыстарға, нақтырақ айтқанда, ақпаратпен жұмыс істеуге және қатысым жасауға жұмсалады екен. Демек, коммуникация – жұмыста қандай да бір оң нәтижеге жету жолындағы басты шарт. Ақпаратты жинау, талдау және жүйелеу жұмыстарының орындалуына, әріптестермен және азаматтармен өзара қарым-қатынас жасаудағы қажетті деңгейге тек осы қатысым арқылы қол жеткізілмек. Сондықтан қызметтің осы саласын тиімді түрде ұйымдастыру арқылы мемлекеттік қызметшінің де тиімділігін арттыруға болады. Мемлекеттік қызметтегі қатысым

жүйесі ұжымдарда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға және мемлекеттік қызметші жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Осымен байланысты, мемлекеттік қызметші жүзеге асыратын коммуникацияның тиімділігі мен табысты болуын кәсіби мақсатқа жатқызуға болады. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби шеберлігі коммуникациялық жағдаяттарды басқара білуінен көрінеді және оның кәсіби біліктілігінің аса қажетті және маңызды құрылымдық элементі ретінде танылады. Ол кәсіби қатынас жасау барысында әріптестерінің мінез-құлқына да осы тәсіл арқылы әсер ете алады. Осы тұста «кәсіби қатынас» ұғымына кеңірек тоқталғанымыз жөн. Ю.П. Тимофеев өз диссертациясында ғылыми айналымға «қатысымдық кәсіп» ұғымын енгізген болатын. Онда сол кәсіптің иесі тиімді кәсіби қарым-қатынассыз өзінің кәсіби міндеттерін дұрыс атқара алмайды деп нақты айтылған. Мәселен, егер «іскерлік» қатынасты адамдардың қандай да бір біріккен әрекетін ұйымдастыратын және байыта түсетін әрекет түрі десек, кәсіби қатынасты кәсіби қызметтің ең басты құралы ретінде тануға негіз бар. Зерттеуші «кәсіби қатынасты кәсіби қызметтің нәтижесін сапалық жағынан сипаттайтын фактор» деп санайды [3, 24]. Құрылымы, мақсаты және міндеттері бойынша әр алуан болып келетін «қатысымдық кәсіптердің» өкілдерін, яғни біршама айырмашылықтары бар қызмет түрлерін біріктіретін, бір арнаға тоғыстыратын фактор осы кәсіби коммуникация болып табылады, себебі онсыз кәсіби қызметтің өзі де атқарылмайды [3, 25]. Кәсіби коммуникация бұл жерде адамның еңбек саласын ғана емес, оның сапасының жоғары деңгейде болуын да меңзейді.

Кәсіби коммуникацияны зерттеу қажеттілігі оның «адам – адам» саласындағы мамандардың кәсіпқойлық деңгейін анықтайтын межелеуіш ретінде қарастырыла бастауынан да туындайды. Мемлекеттік қызметші кәсібі дәл осы салаға жататыны мәлім.

Өмірдің кейбір салаларында «сөзжұмсамдық жауапкершілік аса жоғары деңгейде» болуы тиіс деп санайтын зерттеушілер де (Ю.В. Рождественский) бар, онда сөзжұмсамдық әрекет бүкіл қызметтің аса маңызды құралы болады. Осы тұжырымды мемлекеттік қызметке қатысты қолданған жөн.

Кәсіби қатынас деп бір кәсіп иелерінің бір-бірімен қатынас жасау барысында кәсіби маңызы зор ақпараттармен, кәсіби тәжірибелермен, идеялармен алмасу арқылы бірлесе жұмыс істейтін, кәсіби мақсатқа жетуге бағытталған ортақ қызметті бірге атқаруын айтады [4, 220].

Мемлекеттік қызметшінің қызмет бабында жасалатын коммуникациясының өзіндік ерекшелігіне қатынас жасау тәсілдері мен құралдары жатқызылады. Олар арқылы коммуникант өзімен қарым-қатынас жасаушыға тиімді түрде әсер ете отырып, кәсіби нәтижелерге қол жеткізе алады.

Коммуникациялық өзара әрекеттестік барысында мемлекеттік қызметші қатынас жасаудың *демократиялық стилін* басшылыққа алғаны жөн. Ғылыми әдебиетте (В.В. Бойко) *«тұлғаның коммуникативтік стилі»* деген де ұғым бар. Ол тұлғаның өзін қоршаған ортадағы өзге адамдармен әр түрлі жағдаяттарға (әңгімелесу, келіссөздер жүргізу, дауларды шешу т.б. жағдайларға) сәйкес байланыс орнату және оны сақтау үшін қолданатын өзіндік тәсілдері мен құралдарының жиынтығын, оларды пайдалануды әдетке айналдыруын білдіреді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қатынасын қатысымдық өзара әрекеттестікте қойылған ортақ мақсатқа жетуге әрбір коммуникант атсалысқан жағдайда ғана анағұрлым тиімді өтті деп санауға болады. Бұл жерде мемлекеттік қызметшінің өз жұмысын атқаруы үшін аса қажет қасиеттерінің бірі ретінде *көпшілдікті,* адамдармен тез тіл табыса білуді атауға болады. Жалпы адамзаттық тұрғыдан алғанда, бұл адамның ұйымдастырушылық-қатысымдық қызмет атқаруға *психологиялық жағынан дайындығы* деп түсініледі.

Көпшілдікті кәсіби қасиет ретінде қарастырсақ, оның мынадай ерекшеліктерін атауға болады: әр түрлі салалардағы адамдармен жүйелі түрде қарым-қатынас жасау қажеттілігінің тұрақты түрде болуы; қарым-қатынастың сәлемдесуден қоштасуға дейінгі барлық сатыларында өзін бір қалыпты ұстау, яғни эмоционалдық жағынан тұрақтылықты сақтау;

жалпыадамзаттық және кәсіби қасиеттерін ұштастыра білу; өз қабілеттерін кәсіби қатысым жасау барысында тиімді пайдалана білу; коммуникативтік біліктілік пен дағдыларының болуы т.б. [5, 80].

Мемлекеттік қызметшінің көпшілдік қасиеті алдына келген адамның сөзін бөлмей, соңына дейін шыдамдылықпен тыңдай білуінен, қажет болған жағдайда әңгіме тақырыбын ауыстыра алуынан, тіпті адамдарға тіл қатудың дұрыс формасын таба білуінен, ісі түсіп келген кісіге жанашырлық танытуынан, мәселенің шешімін табу үшін бірнеше тәсілдерді қатар қолдана алуынан да көрінеді.

Жалпы алғанда, коммуникативтік біліктілік мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптардың ішінде ерекше маңызды болып саналады. Себебі ресми-рөлдік және бейресми қарым-қатынастар кезінде де олар мемлекеттік қызметшінің өз міндетін барынша дұрыс және тиімді атқаруының негізгі шарты болып қала бермек.

Осылайша, білікті мемлекеттік қызметшілерді дайындап шығару үшін оларды адамдармен араласудың заңдылықтарын меңгеруге, тілдік құралдарды түрлі әлеуметтік жағдаяттарға сәйкес, орынды қолдана білуге дағдыландыру қажет. Олар адамдармен қарым-қатынас жасау барысында қалыптасып отырған ахуалды талдай білуі және оған дұрыс баға беруі, өздерінің коммуникативтік әлеуетін дұрыс анықтап, қажетті шешімді қабылдай білуі тиіс. Аталмыш қасиеттерді мамандардың бойына және санасына сіңіру үшін, бірінші кезекте, мемлекеттік қызметшінің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыруға күш салу қажет. Мемлекеттік қызметші өз міндеттерін атқару барысында үнемі тұлғааралық қатынастардың бел ортасында жүреді. Сондай-ақ билік өкілі ретінде оның өкілеттілігі де басым, артық болатындықтан, ол кәсіби қатынасты сауатты түрде басқаруға және қай мәселе болмасын, барынша қысқа мерзімде аса тиімді шешімдер қабылдау арқылы дұрыс шеше білуге тиіс. Қоғам мүшелерінің сөз мәдениетін жетілдіру үшін мемлекеттік қызметшілерге тілдің байлығын, қазіргі әдеби тілдің тазалығын сақтау жүктеліп отыр, олардың тілі әдеби тілдің бірден бір көрсеткіші ретінде танылуы керек.

Мемлекеттер арасында ынтымақтастық орнату мақсатында қолданылатын сөздің орындылығы ерекше маңызға ие. Шетелдермен келіссөз жүргізу мақсатында қызмет бабымен шығатын мамандық иесі – *дипломат*. Яғни келіссөздер жүргізу барысындағы дипломаттың сөзі мен дипломатиялық құжаттың мазмұны – мемлекеттің сыртқы әлеммен байланысқа түсетін тілі. Осы мәміле барысындағы тілдің қолданысынан сол елдің сөйлеу мәдениетінің деңгейі анықталады.

Дипломат – бір мемлекеттің екінші мемлекетке арнайы жіберілетін өкілетті өкілі. Яғни ол барған елінде өз мемлекетінің атынан сөйлеуге, сол мемлекеттегі Қазақстан азаматтарының құқығын қорғауға, екі ел арасындағы қандай да бір мәселелерді шешуге, ынтымақтастық орнатуға тиісті. Қазақстан тарапынан елшілікке тағайындалған кез келген дипломат мемлекеттің өкілі болғандықтан, қазақ тілінде сөйлеуі тиіс. «Өзін сыйлаған өзгенің де құрметіне ие болады» деген аталы сөздің мәнін аша түсу үшін *Төтенше және өкілетті елші* **Мұрат Әуезовтің мынадай дәлелді пікірін келтіруге болады:** *...Шет мемлекетте қызмет істеген азаматтар жақсы біледі. Өз тілін білмеген маман, біріншіден, қай ортада жүрсе де беделі төмен болады. Екіншіден, өз тілін білмеген адамға сенім арту қиын. Олар ана тілін білмеуі арқылы біздің елді былай қойып, өзі қызмет етіп жүрген өзге елдің де сеніміне ие бола алмайды. Тілді білу деген – шынайы азамат екеніңнің көрсеткіші* [6].

Дипломатиялық келіссөздерде ашық мәлімдеменің құпия айтылған сөзден басым түсетін кездері бола ма? Одақтық қарым-қатынас пен мемлекеттің әлеуеті қойылатын талапқа қалай ықпал етеді? Мемлекет дипломатиялық сигнал мен материалдық факторды өзге себеппен жасалған тұжырымды растау үшін ғана қолдана ма? Демек, мемлекеттің ниет-пиғылы туралы нақты тұжырым жасауға болатын басты факторлар бар деуге бола ма? Осындай сұрақтарға жауап беру үшін дипломаттар мен мемлекет басшыларының ашық әрі құпия мәлімдемелері жөнінде бұрын-соңды болмаған деректер жинағы жасалды [7, 67]. Бұл

мәліметтерді талдау барысында теориялық модельдерге сай болжамдар басшылыққа алынған.

Дипломаттың коммуникативтік біліктілігінің қалыптасуы алған білімін өмір сүрудің, өзін-өзі дәлелдеудің, әріптестерімен тіл табыса әрекет етудің және мемлекет атынан келіссөз жүргізудің құралы ретінде қолдана білуінен көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломатиялық қызмет сөз қолданысының жауапкершілігі жоғары саласы болғандықтан, халықаралық қатынастар мамандығының білім алушыларына қазіргі әдеби тіл нормаларын қатаң сақтауды міндеттейді, яғни инвективті және бейинвективті лексиканы қолдануда аса мұқият болуды талап етеді. Қазіргі кезде дипломаттардың тұлға ретіндегі әртүрлі қабілеттерінің жетілуінің басты факторы – оларды адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге бағыттайтын, қоғамдағы бәсекелестікке бейімдейтін коммуникативтік әрекет болып табылады. Мұнда тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстау әдебіне, сөйлеу мәнеріне, этикеттік нормаларды дұрыс қолдана білуге назар аударылады.

Мемлекеттікті танытатын ерекшеліктердің қатарында тіл – ерекше маңызды болып табылады. Әр елдің мемлекеттік тілі – басқарудың негізгі құралдарының бірі екендігі белгілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы жұмыстары да мемлекеттік тіл арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сондай-ақ елшінің шетелдік өкілмен сауатты дипломатиялық кездесу өткізуі, мазмұнды саяси әңгіме құруы, кәсіби тиімді келіссөз жүргізуі және мәдени дипломатиялық әдептілікті сақтауы өз мемлекеті туралы жақсы пікір қалыптастырады. Сондықтан да дипломаттың сөз мәдениетін көтеру арқылы жеке коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру қажет, оған тілдесім тұрғысынан келу керек. Еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін кәсіби қызметінде қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты тұлға қалыптастыруды және интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойған дұрыс. Ал сөздік қоры бай, коммуникативтік біліктілігі жоғары елшінің деңгейі де әрдайым жоғары болады.

Сонымен тілдік тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті – тілдік тұлғаның тіл қолданысындағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы, тілдік тұлға көрсеткіші – коммуникативтік біліктілік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000, – 532 б.
Syzdyq R. Qazaq tiliniń anyqtaǵyshy. – Astana: Elorda, 2000, – 532 b.
2 Игнатов В.Г., Понеделков А.В. Государственная служба: теория и организация. Курс лекций. – Ростов на Дону, 2003. – 184 с.
Ignatov V.G., Ponedelkov A.V. Gosýdarstvennaıa slýjba: teorıa ı organızatsıa. Kýrs lektsıı. – Rostov na Doný, 2003. – 184 s.
3 Тимофеев Ю. П. Профессиональное общение и его развитие с помощью видеотренинга: Автореф. дис. на соиск. учен. степ, доктора психол. наук. – М., 1994. – 42 с.
Tımofeev Iý. P. Professıonalnoe obenıe ı ego razvıtıe s pomoıý vıdeotrenınga: Avtoref. dıs. na soısk. ýchen. step, doktora psıhol. naýk. – M., 1994. – 42 s.
4 Еговцева Н.Н. Коммуникационно-речевые игры в системе подготовки специалистов по социальной работе в высших учебных заведениях. Дисс… доктора пед. наук, 2007. – 497 с.
Egovtseva N.N. Kommýnıkatsıonno-rechevye ıgry v sısteme podgotovkı spetsıalıstov po sotsıalnoı rabote v vysshıh ýchebnyh zavedenıah. Dıss… doktora ped. naýk, 2007. – 497 s.

5 Как-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 2010, – 190 с.
Kak-Kalık V.A., Nıkandrov N.D. Pedagogıcheskoe tvorchestvo. – M.: Pedagogıka, 2010, – 190 s.
6 Алаш айнасы//Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет. 26.02.2014.
Alash aınasy//Respýblıkalyq qoǵamdyq-saıasy kúndelikti gazet. 26.02.2014.
7 Трагер Р. Дипломатия: Коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері. https://kitap.kz/book/diplomatiya-kommunikaciya-zh-ne-halyqaralyq-t-rtip-negizderi. 2019. – 256 б.
Trager R. Dıplomatıa: Kommýnıkatsıa jáne halyqaralyq tártip negizderi. https://kitap.kz/book/diplomatiya-kommunikaciya-zh-ne-halyqaralyq-t-rtip-negizderi. 2019. – 256 b.

Материал 10.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Syzdyq R. Reference book of the Kazakh language. Astana,Elorda, 2000, - 532 p.
2 Ignatov V.G., Ponedelkov A.V. Public service: theory and organization. Lecture course. - Rostov on Don, 2003. - 184 p.
3Timofeev Yu. P. Professional communication and its development with the help of video training: Author's abstract. dis. for a job. learned. step, doctors of psychol. sciences. - M., 1994 .- 42 p.
4 Egovtseva N.N. Communication and speech games in the system of training specialists in social work in higher educational institutions. Diss ... doctor ped. Sciences, 2007 .-- 497 p.
5 As-Kalik V.A., Nikandrov N.D. Pedagogical creativity. - M .: Pedagogika, 2010, - 190 p.
6 Alash Ainasy // The daily republican news newspaper. 26.02.2014.
7 Robert F. Trager. Diplomacy: Communication and the Origins of International Order. https://kitap.kz/book/diplomatiya-kommunikaciya-zh-ne-halyqaralyq-t-rtip-negizderi. 2019. – 256 p.

Коммуникативная компетенция дипломата – основной показатель профессионализма

К.У. Айтмухаметова
Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

Поскольку государственная служба во многом связана с вербальным общением, то в статье рассматривается культура деловой речи государственного служащего. Также статья посвящена коммуникативной компетенции – одной из наиболее важных составляющих профессиональной подготовки дипломата. И актуальному вопросу владения казахским языком и культурой речи дипломатических представителей. В ней характеризуются основные аспекты коммуникативной речи, особенности работы и формирования навыков культуры речи дипломата. Коммуникативная компетенция в статье рассматривается в процессе обучения профессиональной дипломатической деятельности. В современном обществе коммуникативная деятельность является доминантой высшего профессионального образования.

В статье акцентируется внимание на связи языка и человека и на первый план выдвигается проблема языковой личности. В системе профессиональных характеристик дипломата важным являются такие его коммуникативные качества, как «умение ясно и точно излагать свои мысли», «умение вести переговоры» и т.д.

Материал поступил в редакцию журнала 10.11.2020

Communicative competence of the diplomat – professionalism indicator

K.U. Aitmukhametova
Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

Because the State service largely associated with verbal communication, though business culture speech servant are discussed in this article. Also article is devoted to communicative competence – one of the most important components of vocational training of the diplomat. And considers the important issue of diplomatic representatives knowledge of the Kazakh language and their culture of speech taking. It defines the main aspects of the communicative speech, the features of work and the formation of the speech skills of a diplomat. Communicative competence of article is considered in the course of training of professional diplomatic activity. In modern society communicative activity is a dominant of higher education.

In article the attention in touch of language and the person is focused and the problem of the language personality is put in the forefront. In the professional features of diplomat are very important communicative quality such as the ability to clearly and accurately present their thoughts, negotiating skills, and so on.

Received: 10.11.2020

УДК 802/809-54(5к)

А.К. Алтаева
ф.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті, Алматы қ., 050061, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8071-7399. E-mail: ak.almash@mail.ru

ТІЛДІК ЖҮЙЕ МЕН ТІЛДІК ОРТАНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ: ШАРТ МӘНДІ СӨЙЛЕМ

Қазақ тіл білімінде шартты рай формасының қатысуымен жасалған сөйлемдер құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты еңбектерде жалпы айтылып өткені болмаса, тікелей осы формаға қатысты мәселелер тек құрылымдық-мағыналық аспектіде Қ.М. Есеновтің және ауызекі тілдің синтаксисіне қатысты Р.С. Әмірдің зерттеулерінде ғана қарастырылған. Контекст аясында (Ж.А. Жақупов), прагматикалық аспектіде (З.Ш. Ерназарова), құрмалас сөйлемнің грамматика-семантикалық аспектісінде (Т.Н. Ермекова), себеп-салдарлық мағынаның варианты ретінде (М. Төлеуова), салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрылымдық, функционалдық арақатысын ашу мақсатында (С. Айтжанова, Ә. Елшібаева) зерттелді. Алайда бұл еңбектерде шартты рай формасының қатысуымен жасалған сөйлемдер тек ішінара сөз болғаны болмаса, арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Осыған орай тек бір ғана тілдік құрал – шартты рай формасының қатысуымен жасалған сөйлемдерді арнайы нысан етіп, кешенді түрде зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінде өзекті мәселе болып отыр.

Мақала тақырыбының өзектілігі, біріншіден, шарт мәнді сөйлемді зерттеуде танымдық және коммуникативтік қызметтің бірізділігін сақтаудан, оны тілдік жүйе мен тілдік ортаның сабақтастығы арқылы жеткізуінен; екіншіден, зерттеуде функционалдық аспектіні басты бағыт етуінен байқалады.

Шарт мәнді сөйлемнің тілдік ортада потенциалды функциядан нәтижелік функцияға ұласып, жүзеге асуына себеп болатын – ол категориялық жағдаят. Кешенді зерттеу жұмысын «мағынадан – формаға», «қызметтен – құралға» бағытымен жүргізіп, қызметті тұтас қарастыру барысында категориялық жағдаят тілдік жүйеде – «шарт»

көпорталықты құрылымының өрісі түрінде, сөйлеуде – модальділік функционалды-семантикалық өрісі түрінде анықталды.

Зерттеудің нәтижелері сөйлем құрылымының грамматикалық және семантикалық арақатысын, құрмалас сөйлем синтаксисінің, тіл мәдениетінің мәселелерін нақтылауға үлес қосады. Сондай-ақ, функционалдық бағыттағы зерттеулерді теориялық жағынан толықтыруда және функционалды синтаксис теориясын дамытуда, қазақ тілі функционалды грамматикасының негізін қалауда және оның қағидаттарын, заңдылықтарын толықтырып, дамытуда да үлесі бар. Шартты рай формасымен келген конструкциялардың синтаксистік, коммуникативтік потенциалын қазақ тіл білімінде алғаш рет қолға алып, «шарттылық» конструкциясының негізін қалауымен маңызды.

Кілт сөздер: функция, функционалды-семантикалық өріс, модальділік, бағалауыштық, денотат, коннотат, вариант; пресуппозиция

КІРІСПЕ

«Адам-тіл-ойлау» үштігіне негізделген тіл білімінің қазіргі антропоцентристік бағытының басты ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі екі қызметін тереңнен зерттеу болып отыр, бұл – танымдық және коммуникативтік қызметтер. Тілдің концептуалдық жүйе ретіндегі табиғатын сипаттауда танымдық және коммуникативтік қызметтің орны айрықша. Тіл болмысының екі қыры ретінде танылып, адамның санасында пайымдалатын осы екі қызмет ұдайы диалектикалық бірлікте болуға тиіс.

Болмысты тану барысында адам санасында ұғымдық категориялар қалыптасады, олар адамзатқа ортақ, әмбебаптық сипатқа ие. Когнитивтік лингвистикада білім, таным, сана, ойлау сияқты ұғымдық категориялар қолданылады. Осы ұғымдық категориялар тілдік категориялардың негізін қалайды. Адам санасындағы ұғымдық категориялар жеке концептерден тұрады. Олардың тұтастық жүйесі дүниенің тілдік бейнесін құрайды.

Ұғымдық семантикалық категориялар – барлық тілге ортақ категориялар. Солармен қатар әрбір тілдің ішкі табиғатына лайықталып қалыптасқан тілдік категориялар қандай да бір халықтың дүние-болмысты категоризациялау барысында түзілген дүниенің тілдік бейнесін сипаттайды. Тілде екі түрлі бағытты басшылыққа алып, зерттеу жүргізу жақсы нәтижелер беріп жүр. Бұл – семасиологиялық және ономасиологиялық бағыттар. «Тіл жүйелілігін айқындайтын семасиологиялық бағыт тілді тілдік таңбалар жүйесі (система знаков) тұрғысынан сипаттайды, яғни, ол болмыс туралы ақпараттарды қалыптастырып, оны хабарлауға бейімделген код ретінде анықталады [1, 43]. «Тілдік таңбалардың – тілдік бірліктердің мағыналық жақтарын, семантикалық заңдылықтарын семасиология зерттейді» [1, 5]. Тілдік форманың мағынасын түсініп, анықтау коммуникацияда тыңдаушының үлесіне тиесілі. Ал сөйлеуші осы қарым-қатынаста айтар сөзін тыңдаушыға қарай бағыттайды да, өз ойын дүние-болмысты тану процесінде қалыптасқан ұғым, пайымдау не ойқорытудан соны сыртқа шығарып, жеткізетін тілдік формаға қарай бағыттайды. Бұл айтып отырғанымыз – ономасиологиялық бағыт.

Кейінгі жылдары аталған екі бағыттың ішінен ономасиологиялық бағыттың рөлі барынша маңызды болып келеді. Оның қажеттілігі семантикалық категориялардың тілдік және қызметтік сипатын берумен байланысты. Семантикалық категориялар өзінің бастауын жоғарыда айтылған, дүние-болмыстың тілдік бейнесін жасайтын ұғымдық категориялардан алады. Әлемнің тілдік бейнесіне тілдің ішкі формасы, сөйлем, сөздің мағыналық жағынан өзгеруі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, эмоционалды-экспрессивтік реңктер және т.б. жатады. «Дүниенің белгісі деген ұғым адамның қоршаған дүние жайлы көзқарастарын зерттеуге құрылады. Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал дүние белгісі – адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі. Дүние бейнесі тұрақсыз, үнемі өзгермелі құбылыс» [2, 94].

Ономасиологиялық бағыттың бұған дейін тілде үстемдік құрып келген семасиологиялық бағыттан өзгешелігі тілдің функционалдық қырын ашуға бейімділігінде әрі соны басшылыққа алуында. Мәселен, морфологиялық рай категориясының формалары ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай деп бөлініп, амал-әрекеттің шындық дүниеге қатынасын білдірумен ғана шектеліп келсе, сол рай формаларының сөйлемдегі мағынасы мен қызметінің мүмкіндігін нақтылай түсіп, толықтырып қарастыру лексикалық және лексика-грамматикалық бірліктерді қоса қарауды қажет етеді. Сын дәрежесі категориясының функционалды-коммуникативтік табиғатын зерттеп, докторлық диссертация жазған Қ.Т. Рысалдының мына ойы функционалдық зерттеудің өзектілігін нақтылай түседі: «Жеке тілдік деңгейлік тұлғалар өз алдына жеке-дара қызмет етпейді, олар бірлесіп, бір жүйеге бірігіп, бірінің мағынасын бірі түрлендіріп, толықтырып, тілдің негізгі когнитивтік, коммуникативтік қызметін атқарады» [1, 16].

Мақалада қазақ тіл білімінің белгілі ғалымдары Р. Әмір, Қ. Рысалды еңбектеріндегі ғылыми-теориялық көзқарастар, ішінара мәселеге қатысты Н. Уәли, А. Салқынбай, А. Жаңабекова, С. Құлманов, Г.Ш. Бекмағанбетова, Д. Қуандықованың зерттеулері қарастырылды. Қажетті жерінде орыс лингвистикасынан А.В. Бондарко, Г.Л. Пермяков зерттеулеріндегі тұжырымдар пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында бақылау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақалада шартты рай формасының қатысуымен жасалатын сөйлемдерге функционалдық зерттеу жүргізудің нәтижесінде модальділік категориясын жеке қарастырып, оны А.В. Бондарко ұсынған «функционалды-семантикалық өріс» теориясының негізінде сипаттауға талпындық. Бір ғана грамматикалық категорияның көлемінде зерттеумен шектелу сол функционалды-семантикалық өрістің тілдік сипатын толық ашып бере алмайды. Ол үшін ұғымдық категория теориясын басшылыққа алу нәтижелі болмақ. Функционалды-семантикалық өріс тілдік бірліктердің қатарына жатса, ұғымдық өріс ойлау бірліктерімен тығыз байланысты. Сондықтан әрбір өрістің төңірегінде ғана шектеліп қалмай, осы өрістерді сабақтастықта қарастыру зерттеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуімізге себеп болды.

Функционалды-семантикалық өрістің субъектіге, объектіге, құбылысқа, жағдайға қатысын түсіндіріп, сөйлеудегі орнын айқындайтын ұғым – бұл категориялық жағдаят. Яғни, функционалды-семантикалық өріс категориялық жағдаят арқылы туады.

Функционалды грамматика функцияның өзара тең емес екі типін ажыратып қарайды: потенциалды функция (бұдан әрі қарай – ПФ) және нәтижелік функция (бұдан әрі қарай – НФ). Потенциалды функция (ПФ) тіл жүйесіндегі тілдік бірліктердің қабілетін анықтауға бағытталса, нәтижелік функция (НФ) сол тілдік бірліктердің нақты сөйлеу актісіндегі, нақты жағдайдағы қабілетін жүзеге асыруға бағытталған. Потенциалды функцияның нәтижелік функцияға өзгеру процесі – бұл қызметтің тілден сөйлеуге өтудегі актуальденуі. Нәтижелік функция сөйлеуге жатқанмен, тілдік жүйемен тығыз байланыста болады.

Категориялық жағдаят – бұл «түрлі құралдар арқылы білдіруге болатын айтылымның мазмұндық құрылымы, ол белгілі бір семантикалық категорияның, функционалды семантикалық өрістің негізінде құрылады және оның бір категориялық сипатын (аспектуалдылық, темпоралдылық, модальділік, мекендік т.б.) білдіреді» [3, 12]. Категориялық жағдаят ұғымы да ФСӨ сияқты құбылыстың екіжақты сипатын білдіреді. Яғни, мағыналық құрылым айтылымда формалық жағымен бірлікте қарастырылады.

Потенциалды функциямен (ПФ) сәйкес келетін ФСӨ тілдік жүйеде жүзеге асады. Ал категориялық жағдаят (бұдан әрі қарай – КЖ) нәтижелік функциямен (НФ) сәйкес келіп, сөйлеуде айқындалады. ПФ мен НФ-ның өзара байланысы тіл мен сөйлеудің бірлігін білдіреді. Айтылымға бағытталған КЖ семантикалық функциялармен өзара байланысты. Бір-бірімен тығыз байланысты тілдік бірліктер тілдің аясындағы жүйелердің төңірегінде әр түрлі

микрожүйелер құрайды. Әрбір жүйе ортақ қызметпен біріккен бөлшектердің құрылымдық бірлігі болып табылады. Тіл микрожүйе ретінде экстралингвистикалық факторлардан тыс бола алмайды әрі тұтас қалпында онымен байланыста болады. Әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктер тілдің өз ішінде қызмет ете отырып, тілге өзінің маңызды қызметі – коммуникативтік қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, адам ойын білдірудің құралы болады.

Қазақ функционалды грамматикасының негізін қалауда шақ категориясын арнайы зерттеген А. Жаңабекова категориялық жағдаят туралы ойын былай тұжырымдайды: «Категориялық жағдаят мәселесі сөз болғанда функцияның нәтижелік аспектісі негізге алынады. Ал нәтижелік аспектідегі функциялар сөйлеуге жатады. Әрбір Фн сөйленімде Фп-ның белгілі бір кешенінің бір тармағы (варианты) ретінде көрінеді. Олай болса, ФСӨ-ті функция-потенция сипатында, ал КЖ-ты функция-нәтиже сипатында қарастырамыз» [3, 307].

Модальділік категориясының сипатын беруде оның құрылымдық жағымен қоса мағыналық мазмұнын да ескеріп, сол нәтижелерді коммуникациямен, категориялық жағдаятпен тікелей байланыста қарастыру мақаламыздың мақсатына тірек болады. Қазіргі зерттеушілердің айтуына қарағанда, бұған дейінгі зерттеулерде айтылған «сөйлемдегі хабардың ақиқат шындыққа қатынасы тек модальдік қатынас қана. Ал модальділік жалпы өзінің мазмұндық сипаты бойынша сөйлеуде ғана жүзеге асады» [4, 7]. Біз жоғарыда сөйлеудің функционалды грамматикадағы нәтижелі функция арқылы жүзеге асатынын айттық. Ал тілдік жүйедегі қызмет потенциалды функциямен айқындалады. Бұдан байқайтынымыз: дүниенің тілдік бейнесін беруде семантикалық категориялардың тілдік және қызметтік сипатының рөлі ерекше. Потенциалды және нәтижелік функциялардың мәні осы сипаттармен байланысты. Бірі тілдік жүйеге сүйеніп, тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсетсе, екіншісі (нәтижелік функция) арқылы коммуникацияның қаншалықты сәтті болғаны белгілі болады. Шартты рай формасы мен модальділік категориялық жағдаяттың арақатынасын Кесте 1 түрінде келтірдік.

Кесте 1 – Рай мен модальділіктің сөйлеудегі арақатынасы

№	Ерекшеліктері	Рай	Модальділік
1.	Зерттеу нысаны	Тіл	Сөйлеу
2.	Құрылымдық бірлігі	Сөйлем	Сөйленім
3.	Категориялануы	Грамматикалық категория	Семантикалық категория
4.	Категориялық сипаты	Предикативті категория	Актуалданған категория
5.	Жүйесі	Парадигмалық	Синтагмалық
6.	Функциясы	Функция-потенция	Функция-нәтиже
7.	Көрінісі	Функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ) – тілдегі көрінісі	Модальділік категориялық жағдаят (МКЖ) – сөйлеудегі көрінісі

Шарт мәнді сөйленімдер логикалық формасы жағынан – пайымдау, ал синтаксистік формасы жағынан – сөйлем түрінде келеді. Мына сөйлемді логикалық тұрғыдан талдап көрелік: *Бай неліктен бай болады? Малайдың арқасы, елдің арқасы ғой олардың құтыратыны. Төрт түлік малын малшы бақпасыншы, шөбін малай шаппасыншы, отын жақпасыншы, құдығын аршымасыншы – көрейін байдың бай болғанын. Асқанға тосқан деп, Совет үкіметі байлардың пейіліне бола келген бір тосу ғой* (Ж. Аймауытов). Осы сөйлемдегі бұйрық рай формасы *-сын* мен *-шы* дәнекері тілдегі *-са, -се* шартты рай формасын ауыстырып жұмсалып тұр. Салыстырайық: *Бай неліктен бай болады? Малайдың арқасы, елдің арқасы ғой олардың құтыратыны. Төрт түлік малын малшы бақпаса, шөбін малай шаппаса, отын жақпаса, құдығын аршымаса – көрейін байдың бай болғанын. Асқанға тосқан деп, Совет үкіметі байлардың пейіліне бола келген бір тосу ғой* (Ж. Аймауытов).

Сөйлемдегі ой-тұжырым: *«Бай өздігінен бай бола алмайды, ол – елдің арқасы».* Сөйлемнің негізгі мазмұн-мәнін оны құрап тұрған реалды заттар емес, логикалық конструкция, яғни, «жалғыздың үні шықпас» деген ой аңғарылады. Г.Л. Пермяковтың айтуына сүйенсек: «Ойды жасап тұрған – логикалық конструкция, ал реалды заттар «құрылыс материалы» ретінде жұмсалады» [5, 247]. Сөйлем болмыстағы қандай да бір жағдайды сипаттаушы мазмұн-мәнге ие. Сол баяндалатын жағдай сөйлемнің денотаты болады. Сөйлемнің коммуникативтік сипаттағы тұлға түрінде келуімен байланысты «таңбалық» қызметі бар. Тағы да Г.Л. Пермяковқа жүгінсек, баяндалатын жағдаят «таңбаланушы», ал сөйленім «таңбалаушы» қызметті атқарады. Демек сөйлем белгілі бір жағдайды белгілеп таңбалаушы болса, онда ол семиотикалық қасиетке де ие бола алады деген сөз. Бұдан түйетініміз: сөйлемді логика-семиотикалық тұрғыдан қарастыруға да болады екен. Мынандай логика-семиотикалық конструкция түрінде өрнектеп көрейік: егер бір заттың (Р) қасиеті екінші заттың (Q) қасиетінен артықтау болса, нәтижесінде екеуінің біреуі ғана қалады:

(P<Q) →[Σ (P) - Σ (Q)]*

Мысалы: – *Пенсияға шықты деген аты болмаса, әлі де сол малдағы балалардың жағдайымен ұзап кете алмайсың* (Қ. Жұмаділов).

Мысалы: *«Ұры мықты болса, мал иесі жығылар» деген. Жаңа бастықтың қыспаққа алуымен бұл да жұмыстан кетуге мәжбүр болды* (Қ. Жұмаділов).

(P>Q) →[Σ (P) - Σ (Q)]*

Ұры мықты болса, мал иесі жығылар.

Сөйлемнің таңбалық қызметін тану бұл таңбалардың тұрпат межесі мен мазмұн межесінің арасындағы өзара қатынасты түсінуге бағыттайды.

---

*→ белгісі логикада импликацияны білдіреді де, “егер...; онда” деп оқылады.

Σ таңбасы “бар болу” немесе “тіршілік ету” дегенді білдіреді.

> таңбасы “артығырақ”, “жақсырақ” дегенді білдіреді.

< таңбасы “кемдеу” дегенді білдіреді..

Сөйлемнің мазмұн межесі белгілі бір жағдайды сипаттаудан туса, ол жағдай қолданыста сөйленім арқылы жетеді. Қоршаған дүниедегі әр түрлі құбылыс, жағдаяттардың алуан түрлілігі, біріншіден, сөйленіммен берілетін болса, екіншіден, сөйлеу кезіндегі сөйленімнің әр түрлі мақсатта жұмсалатынын көрсетеді. Сөйленімдерді алуан түрлі жағдаятқа сай таңдап жұмсауға болады. Ал таңдау салыстырумен, бағалаумен сабақтас екені белгілі. Бағалауыштық – сөйлеушінің әрекетке бағасы, көзқарасы, жағдаятқа қатысты қарым-қатынасы.

Олай болса, жағдаят – денотат, сөйленім – түрлі мақсатта жұмсалуымен байланысты, коннотат болады. Сөйленім өмірдегі қандай да бір жағдаятты белгілейтін болғандықтан, сол жағдаяттың өзі – инвариант, ал сөйленімдер сол жағдаяттарды белгілейтін варианттардың қатарына жатады. Демек сөйленімдер – варианттар, ал жағдаяттың өзі – инвариант. Сөйленім тұрмыс-тіршіліктегі әр түрлі жағдаятқа байланысты таңдалып қолданылады.

Егер осы айтылған тұжырымдарды негізге ала отырып, зерттеу нысанына оралсақ, онда шарт мәнді сөйленімдер – таңбалық жүйе. Шарт мәнді сөйлемдердің денотаттық таңбасы ұқсас, бірдей жағдаяттарды белгілейді.

Таңба мен сөйлеушінің арасындағы байланысты прагмалингвистика зерттейтіні белгілі. Прагматика – тілдік таңбалардың қолданылуын зерттейтін семиотика мен лингвистиканың бір саласы. Сонымен бірге шарт мәнді сөйленімдер түрлі жағдаяттар мен оқиғаларды таңбалаушы болып табылады. Сонда жағдаят «таңбаланушы» болады да, шарт мәнді сөйленім «таңбалаушы» болады.

Прагматика тілдегі таңбалар қызметін зерттейді, лингвистикалық таңбалар мен сөйлеушінің, тыңдаушының арасындағы қатынасты анықтайды. Ой сөйлем арқылы берілсе, сол сөйлемдегі ой ақиқат болуы да, жалған болуы да мүмкін. Пікірдің шын немесе жалғандығын анықтайтын пресуппозиция ұғымы бар. Лингвистикада пресуппозиция арқылы

сөйленімнің негізгі мазмұнын ашуға болады. Сөйленімнің мазмұнын дұрыс түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда сол ойға қатысты негізгі ұғым болуы керек. Ол екеуінің де тілді білуімен байланысты. Тілді білу үшін тілдік жүйені ғана білу жеткіліксіз, тілді орынды қолдана да білу керек. Сөйлеушіге өз ойын тыңдаушыға анық жеткізу үшін әрі тыңдаушыға сөйлеушінің діттеген ойын дұрыс түсіну үшін, сол тілді терең түсіне алырлықтай білім аясы болуы керек. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздерін зерттеген Н. Уәлиұлы сөйлеу тілінде, ауызша сөзде адресат факторына мән берудің ерекшеліктеріне тоқталады. «Сөз актісінде екі сана – адресанттың және адресаттың санасы жұмыс істейді. Осы екі сананың мүмкіндігінше бір-біріне сәйкес келуі коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді» [6, 9]. Н. Уәлиұлының айтуынша: «Сөз авторы өзінің санасында қорытылып, өңделген ақпаратты кодқа салады. Ал адресант кодқа салынған әр түрлі ақпаратты (мазмұндық, эмоционалдық, бағалауыштық т.б.) мүмкіндігінше дұрыс ашуға тырысады. Автордың когнитивтік санасында өңделген ақпарат пен адресаттың санасында қабылданған ақпарат мүмкіндігінше алшақ болмауға тиіс. Ол үшін автор мен адресаттың білім қорында біршама ортақтық болуға тиіс» [6, 12]. Автор когнитивтік санадағы білім қорының күрделі сипатын ашып, оларды тілдік білім, тілдік емес білім, аялық білім деп үш топқа бөледі. Білім аясы танымдық қызметпен, адамның ойлау жүйесімен үздіксіз байланыста болады. Олай болса, шарт мәнді сөйлемдердің танымдық қыры да, прагматикалық қыры да адамда болуға тиісті білім аясының деңгейіне сүйенеді. Ал шарт мәнді сөйлемнің осы аталған танымдық әрі прагматикалық қызметтерін атқарып, нақты іс жүзіне асыруы үшін қандай да бір тілдік орта қажет болады. Демек, шарт мәнді сөйлемнің тілдік ортада потенциалды функциядан нәтижелік функцияға ұласып, жүзеге асуы категориялық жағдаятқа келіп тіреледі.

Функционалды грамматикада зерттелетін семантикалық белгілер талдаудың мынандай сатыларынан өтуі тиіс:

«1. Контекстің ең аз деген көлемінде грамматикалық форманың жеткізіп тұрған негізгі мағынасын анықтау;

2. Ұқсас мағынаны жеткізу үшін белгілі формадан басқа қолданыла алатын тілдік тәсілдерді анықтау. Бұл сатыда талдау семантикадан оның берілу формасына қарай жүргізіледі;

3. Тілдік тәсілдердің көмегімен айқындалатын мағыналық бөліктердің өзгеруін, яғни, варианттарын анықтау» [7, 8].

Тілдік бірліктердің іске қосылуының заңдылықтары, ережелері тілдік жүйеге бағынғанмен, нақты процестің өзі сөйлеуде жүзеге асады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл айтылған танымдық қызметтің эмпирикалық және теориялық деңгейлерінің сабақтастығы тілдік жүйе мен тілдік ортаның өзара әсерлесіп, “қызметке” бағынуына себеп болады. Тілдік бірлік белгілі бір қызмет атқару үшін белгілі бір ортаны қажет етеді. Яғни, потенциалды функцияның нәтижелік функцияға ұласуына себеп болатын – қандай да бір категориялық жағдаят. Қызметті тұтас қарау нақты бір өрісті құруға мүмкіндік береді, құрылымы жағынан әр түрлі тілдік құралдарды дербестікте қарайтын үрдіске жол бермейді, нақты бір өріс қызметін жүзеге асырудың шарттарын қалыптастырып, тілдік жүйе мен тілдік ортаның бірлестігіне ықпал етеді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында шартты рай формасының қатысуымен жасалған сөйлемдерді осы «сүзгіден» өткізіп, нәтижесінде модальділік семантикалық категориясының функционалды-семантикалық өрісіне тоқталдық. Модальділік сөйлемде тек модальдік қатынасты білдіретін болса, оның нақты жүзеге асуы сөйлеуге тәуелді. Яғни белгілі бір тілдік ортаны қажет етеді. Модальділік функционалды-семантикалық өрісі парадигмалық қатынастармен ғана шектеліп қалмай, синтагмалық қатынастарды да қамтиды. Ол категориялық жағдаятпен байланысты. Категориялық жағдаят арқылы ғана модальділіктің

потенциалды функциясы нәтижелі функцияға айналады. Оны зерттеу нысанына сай жеткізуші құралдар – шарт мәнді сөйленімдер. Олай болса, модальділік семантикалық категориясының семантикалық белгісі, яғни, инварианты – жағдаят, ал шарт мәнді сөйленімдер – соның әр түрлі вариантары. Бір ғана шартты рай формасының көп мағыналы қызметі осындай нәтижелерге әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Рысалды Қ.Т. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты (қазақ, неміс тілдері негізінде): филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 2007. – 50 б.
Rysaldy Q.T. Syn dárejesi kategorıasy: fýnktsıonaldy-kommýnıkatıvtik tabıǵaty (qazaq, nemis tilderi negizinde): filol. ǵyl. d-ry dıs. avtoref. – Almaty, 2007. – 50 b.
2 Қуандықова Д. Етістікті сөзжасамдық ұяның семантикалық сипаты: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2005. – 115 б.
Qýandyqova D. Etistikti sózjasamdyq uıanyń semantıkalyq sıpaty: filol. ǵyl. kand. dıs. – Almaty, 2005. – 115 b.
3 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – 482 б.
Qazaq grammatıkasynyń ózekti máseleleri. – Almaty: Kıe, 2007. – 482 b.
4 Құлманов С.Қ. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 34 б.
Qulmanov S.Q. Qazaq tilindegi múmkindik modaldiliginiń fýnktsıonaldy-semantıkalyq órisi: fılol. ǵyl. kand. dıs. avtoref. – Almaty, 2004. – 34 b.
5 Пермяков Г.Л. Пословицы и поговорки народов Востока. – М.: Наука, 1979. – 671 с.
Permıakov G.L. Poslovıtsy ı pogovorkı narodov Vostoka. – M.: Naýka, 1979. – 671 s.
6 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры дис. автореф. – Алматы, 2007. – 48 б.
Ýálı N. Qazaq sóz mádenıetiniń teorıualyq negizderi: fılol. ǵyl. d-ry dıs. avtoref. – Almaty, 2007. – 48 b.
7 Салқынбай А.Б. Функциональды грамматика очерктері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 119 б.
Salqynbaı A.B. Fýnktsıonaldy grammatıka ocherkteri: oqý quraly. – Almaty: Qazaq ýnıversıteti, 2003. – 119 b.

Материал поступил в редакцию журнала 08.11.2020

REFERENCES

1 Rysaldy K. T. category of critical degree: functional and communicative nature (based on Kazakh and German languages). – Almaty, 2007. – 50 p.
2 Kuandykova D. Semantic characteristics of the verbal word-forming nest. – Almaty, 2005. – 115 p.
3 Actual problems of Kazakh grammar. – Almaty: Kie, 2007. – 482 p.
4 Kulmanov S.K. functional and semantic field of modality of possibilities in the Kazakh language. – Almaty, 2004. – 34 p.
5 Permyakov G.L. Proverbs and sayings of the peoples of the East. – Moscow: Nauka, 1979. – 671 p.
6 Uali N. Theoretical foundations of Kazakh verbal culture. – Almaty, 2007. – 48 p.
7 Salkynbay A. B. Essays on functional grammar: textbook. – Almaty: Kazakh University, 2003. – 119 p.

Взаимосвязанность языковой системы и языковой среды: предложения с условным значением

А.К. Алтаева

Университет «Туран», г. Алматы, 050061, Республика Казахстан

В трудах казахского языкознания, посвященных синтаксису сложного предложения, о предложениях, образованных с помощью формы условного наклонения, говорится лишь в общих понятиях. Проблемы, касающиеся этой формы, рассматриваются только в структурно-семантическом аспекте и в исследованиях, относящихся к синтаксису диалогической речи. В отдельных исследованиях эта проблема рассматривается в прагматическом контексте, в грамматико-семантическом аспекте сложного предложения как вариант причинно-следственного значения, а также с целью раскрытия структурного, функционального соотношения сложносочиненных, сложноподчиненных предложений. Однако в этих трудах предложения, образованные с помощью формы условного наклонения, специально не исследовались. В связи с этим только предложения, образованные посредством формы условного наклонения, будучи специальным объектом для комплексного исследования, являются насущной проблемой в современном казахском языкознании.

Актуальность темы статьи заключается, во-первых, в сохранением последовательности познавательной и коммуникативной функции, во-вторых, в признании функционального аспекта главным направлением в исследовании.

Причиной осуществления перехода в языковой среде условного предложения от потенциальной функции к результативной является категориальная ситуация. Комплексное исследование было проведено в форме «от значения – к форме», «от функции – к средству».

Результаты работы вносят вклад в уточнение некоторых проблем языковой культуры, синтаксиса, грамматического и семантического соотношения структуры предложения, а также дополняют с теоретической стороны исследования функционального направления для развития теории функционального синтаксиса, основы функциональной грамматики казахского языка.

Материал поступил в редакцию журнала 08.11.2020

The interconnectedness of the language system and the language immersion: a sentence with a conditional value

A.K. Altayeva
"Turan" University, Almaty, 050061, Republic of Kazakhstan

In the works of Kazakh linguistics dedicated to the syntax of complicated sentence, sentences formed with the help of conditional mood form, are mentioned only in common conceptions, problems dealing with this form are considered only in structure-significant aspects and in researches related to the syntax of dialogue speech. In separate researches this problem is considered in context, in pragmatic context, in grammar-semantic aspect of complicated sentence as a variant of causal-consequence meaning, and also with the aim of structural, functional correlation of coordinated and complex sentences revealing. However, in this works sentences formed with the help of conditional mood have not been researched specially. In accordance with this only one linguistic mean – sentences formed with the help of conditional mood forms being the special object for complex research are urgent problem in modern Kazakh linguistics.

Actuality of this article is in following: at first, by keeping succession of cognitive and communicative functions; secondly, acknowledgement of functional aspect as the main direction in research.

The reason of realization of transmission conditional sentence in linguistic sphere from potensial functions to resultive funstions are situational category. The complex research were held in the form of "from meaning-to form", "from function-to means", during the whole examination of function situative category in linguistic system determined as the base of maltistaged structure "condition", in speech as functional-semantic base of the modality.

The results of investigation work makes contribution in definite level (stage) for specifying some problem of linguistic culture, syntax of complicated sentence, grammatical and semantic correlation structure of the sentence, and also for development of functional syntaxes theory for the base of functional grammar of Kazakh language.

Received: 08.11.2020

УДК 81'373

М.Қ. Амангазиева
ф.ғ.к., доцент, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ, 030000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/ 0000-0001-8999-351X. E-mail: mika-230376@mail.ru

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯДАҒЫ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Әлем бейнесінің көрінісі саналатын тіл – ең алдымен дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы, сонымен сабақтас материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Халықтық дүниетаным көрінісі мен дәстүрлі жолы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт өмірінің желісі үзілмей, әртүрлі ұрпақ бірін-бірі түсініп бір ұлтқа жатады.

Ұлттық бірлік пен бірегейлікті танытатын ұғымдар өзге тілдерге алмасып, әлем таңбасын бейнелеуде қолданыс табатыны тағы бар. Бұл мәселенің түбіне ғалымдар бойлай қоймаған, күрделі ғылыми зерттеулердің еншісіне тиетін дүние деп есептеуге болады. Осымен байланысты танымдық деңгейге қатысты қазірде жиі айтылатын «концептуалдық ғылым» – шындықты оңай ұғыну үшін ойланып табылған қолайлы метафора. Дүниені бақылауға және танымның құрылысы мен үрдісін анықтауға негізделген тілдік бейненің когнитивті модельдері ғылыми бақылау жүргізуге көмектеседі.

Кілт сөздер: лексикография, когнитивтік лингвистика, әлемнің тілдік бейнесі, семантика, дүниетаным.

КІРІСПЕ

Дүниенің белгісі деген ұғым адамның қоршаған дүние жайлы көзқарастарын зерттеуге құрылады. Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал дүние белгісі – адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өндеудің нәтижесі. Дүние бейнесі «тұрақсыз, үнемі өзгермелі құбылыс». Қазіргі таңда әлемнің тілдік бейнесі мәселесі Ю.М. Караулов, Е.С. Кубрякова, В.И. Постовалова, В.Н. Телия, Э.Д. Сулейменова, А.А. Уфимцева және т.б. еңбектерінде қарастырылып жүр.

Қоғам мен мәдениеттің, тілдің өзара қарым-қатынасы жайлы мәселені таразылау үшін, ұғымдарда қалыптасқан мағлұматтардың көмегімен белгілі бір қоғамға тән құндылықтарды сипаттау қажет. Олар әлеуметтік-тарихи жағдайларға, қоғамдық құрылыстарға байланысты өзгерістерге ұшырап отырады.

Сөздіктердегі қазақша атауларда да дүниетанымдық информациялар айқын беріліп отырады. Олардың сипатын негізінен мағыналық талдау арқылы анықтауға болар еді. Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктерін түрлі тілдік фактілер арқылы кесіп-пішеді, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен алғанда, адамдар санасындағы дүниенің

логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

Профессор Э.Д. Сүлейменованың пайымдауынша, әлемнің тілдік бейнесі жайлы мәселе, көбінесе, түрлі дүниетаным мәселесі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда дүниенің тілдік бейнесі ұғымында екі түрлі сипат бар. Оның алғашқысында нақты тілдерге және олардың арасындағы айырмашылықтарға қатысы жоқ болса, екіншісі нақты ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан және лексикалық номинациялар жүйесі тәрізді тілдер арасындағы айырмашылықтарға бағыт-бағдар жасаушы әлемнің тілдік бейнесімен байланысты болады.

Автор былай деп жазады: «Языковая картина мира понимается также как «общеязыковая картина мира» в отличие от частноязыковой, с которой может быть отождествлена «национальная картина мира». Кроме того языковая картина мира получает уточнение как форма и способ существования картины мира» [1, 136].

Яғни, ғалым бұл жерде әлем бейнесінің тілдегі көрінісіндегі әмбебаптық құбылысты жан-жақты талдап көрсетеді. Түркі (қазақ) тіліндегі атаулардың орыс тіліндегі түсінігі мен олардың аударылу жүйесін ғылыми тұрғыдан саралағанда, жалпы ойлау жүйесінің ортақтығына байланысты, сөздердің уәжделуінің жақындығын байқауға болатындығын аңғартады. Демек, тілдік деректерді зерделеу барысы автор ойының дұрыстығын тағы да дәлелдей түседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлемнің тілдік бейнесінде болмыс құбылыстарының дәл суреттелетіні, ал дүниенің тілдік бейнесінде шындық болмыс жайлы стихиялы түрде қалыптасқан көзқарастар қарастырылатыны түсінікті. Профессор Э.Д. Сүлейменованың пікірінше, дүниенің тілдік бейнесі негізгі екі қызмет арқылы айқындалады: а) дүниенің ғылыми бейнесін негізгі элементтер білдіреді; ә) тілдік тәсілдердің көмегімен әлемнің ғылыми бейнесі түсіндіріледі [1, 131].

Түрлі тілдерде дүниенің тілдік бейнесі өзгеріп отырады. Бұл тек адамға ғана қатысты экспрессия, модальдылық, эмоция және т.б. құбылыстар болып көрінгенімен, оны айнала қоршаған дүниенің әр ұлт өкілінің өзіне тән ерекшеліктерімен қабылдайтынын түсіндіруге болады.

Е.С. Кубрякова, Б.А. Серебреников, А.А. Уфимцева т.б. ғалымдардың бір тобы әлемнің концептуальдылық бейнесін тілдік бейнеге қарағанда бай деп есептейді. Олардың ойынша, әлемнің ғылыми бейнесін құруға ойлаудың түрлі типтері, тіпті, вербальдық емес түрі де қатысады.

Әлемнің тілдік бейнесі тақырыбы Т.В. Цивьян, Е.С. Яковлевалардың еңбектерінде лингвомәдениеттанымдық сипатта танылады. Олар бұл мәселені қарастыруда тіл мен мәдениет негізіне сүйенеді.

Әлемнің ғылыми бейнесі мен тілдік бейнесі арасында айырмашылықтар ретінде В.А. Воробьев ұсынған төмендегідей тұжырым бар:

а) когнитивтік жүйе әмбебап сипатта болады, оның көлемі мен тұтастығындағы айырмашылық түрлі ұлт өкілдерінің өркениетінің деңгейіне байланысты, ал лексикалық жүйе ұлттық сипатта болады, түрлі тілдердің лексикалық жүйелері арасындағы айырмашылық, алдымен ішкі бөліктерге бөлінуіне байланысты;

ә) функционалдық айырмашылықтарға келсек, когнитивтік жүйе тану процесі мен еңбек әрекетіне бағытталған болса, лексикалық жүйе коммуникацияға бағытталған.

б) генетикалық тұрғыдан, когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге қарағанда алғашқы болып табылады және табиғатынан консервативтік саналатын лексикалық жүйеге қарағанда тезірек қарқынмен жетіліп, дамып отырады;

в) когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге және жалпы тілдік жүйеге қарағанда толығырақ, байырақ болып көрінеді, лексикалық жүйе когнитивтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Осылайша, когнитивтік жүйе арқылы адам дүниені танып, өз көзқарасын лексикалық жүйенің көмегімен суреттей алады В.В. Воробьевтің пікірінше: «дүниенің әлдебір тұрақты ұлттық моделін айқындау үшін, ұлттық өмір элементтерінің өзара қарым-қатынасын, құрылысын білуге тырысу қажет» [2, 56].

Әлемнің тілдік бейнесіне «тілдің ішкі формасы, сөйлем, сөздің мағыналық жағының өзгеруі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, эмоционалды-экспрессивтік реңктер» және т.б. жатады.

В.А. Маслова шындықты танудағы тілдің рөлін тым асырып жібермеу жайлы ескертіп, «дүниенің тілдік бейнесі» деген ұғымды метафора деп қабылдауды ұсынады.

Белгілі орыс ғалымдары В.А. Воробьев, В.А. Маслова, В.Н. Тельяның ғылыми тұжырымдарына арқау болған мәдениет пен тіл арасындағы байланыстың сыры туралы теориялар американдық ғалымдар Э. Сепир мен Уорфтың лингвистикалық ықтималдық теориясының негізін танытқан «этнос дүниетанымдағы ерекшеліктің ізі халық тілінде сақталады» деген қағидамен астасып жатқандығы белгілі. Бұл лингвомәдениеттану пәнінің этнолингвистика ғылымымен де туыстығынан туындайтын жайт. Осымен байланысты этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің ортақтығы және ұқсас жақтары анықталады.

Бұл саладағы зерттеушілер этнолингвистика ғылымының өзіндік ерекшеліктерін де атап көрсетеді. Ә. Қайдаровтың анықтамасына сүйенсек «этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнос болмысын тұтастай танытатын тіл әлемі» [3, 18-22]. Осы орайда ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі екі тілдік аударма сөздіктерде көрсетілетінін атап өтеміз.

«Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі» [4, 130].

Әлемнің тілдік бейнесі әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесі мен біліміне байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Этностардың тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, дүниенің тілдік бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әртүрлі болуы заңды. Бұл ретте «дүниенің бейнесі», «дүниенің тілдік бейнесі», «ұғым», «концепт», «сема» тәрізді ұғымдарды қолдануда қандай ғылыми тұжырымдамалар мен пайымдауларға сүйенетімізді айқындап алуымыз жөн. Өйткені бұлардың бәрі де кейбір зерттеулерде әрқилы түсіндіріліп жүр.

Зерттеушілердің «дүниенің шын бейнесі» және «дүниенің тілдік бейнесінің» арасында айырмашылық болатынын ашық айтуды да жөн санаймыз. Адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатын шындық болмыс когнитивтік санада тұра сол қалпында бейнеленбейтінін ескеру қажет. Ол дискретті, шартты түрде бейнеленеді, яғни әрбір зат, құбылыс, оқиға, дербес түсінік, ұғым түрінде болатыны да сондықтан.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша ұғым мен концепт арасында өзгешелік бар, яғни «концепт – единица коллективного знания/сознания (отправляющая к высшим духовным ценностям), имеющая языковое выражение и отмеченная этнокультурной спецификой» [5, 45].

Халықтың мәдени өмірінің көрінісі ретінде сөздіктерде көптеген лексикалық бірліктер анықталған. Айталық, Л. Будагов сөздігінде айтыс өнері мен халықтық музыкалық аспаптардың аттары мен олардың мағыналары талданады. «Айтыс – вести спор, состязаться, өлең айтысу – состязаться в импровизировании стихов, главная забава на сведебных пирах, на которой молодой человек с девицей спорят стихами, иногда в продолжении целой ночи, с

равним искусством случается, что девицы побеждают своих противников» деген түсініктеме береді [6, 19]. Байқап отырғанымыздай, сөздікте қазақ халқының ұлттық таным-түсінігі туралы көптеген осындай ақпараттар беріледі.

Айталық, ғарыштық көне мифологиялық үлгіде ағаш әлемдік білік, үш әлемді: жоғарғы, ортаңғы, төменгі орталарды біріктіретін негізгі тіректік діңгектің рөлінде көрінеді. Қазақ мифтерінде әлемдік өзек түрінде *Темірқазық* жұлдызы да қолданылады. *Темірқазық* космониміндегі «қазық» термині *өзек, білік, орталық* дегенді білдіреді, оған *Ақбозат* пен *Көкбозат* байланған. Бұлардың жанында *Жеті қарақшы* аңдып, айналшықтап жүр. Әлемдік орталық *Темірқазықтың* беріктігіне, мықтылығына тапжылмастығына жаратылыстың тұрақтылығы байланысты болады.

Егер әлемдік жүйе бұзылып, жаратылыс біліктен тайып кетсе, онда ақыр заман болады деп есептелген. Г. Потанин өзінің зерттеулерінде эсхатологиялық сипаттағы бірқатар қазақ аңыздарын мысалға келтіреді. Солардың бірінде *Жеті қасқыр – Жеті қарақшының* Жеті жұлдызы жорғаларды қуып жетсе, ақыр заман болады, екіншісінде – жеті ұры *Темірқазыққа* байланған екі атты ұрлап кеткен кезде ақыр заман болады; үшіншісінде – *Кіші Аю* шоқ жұлдызындағы екі жұлдыз – бұл аспандағы екі жорға, *Жеті қарақшының* жеті жұлдызы олардың қарауылдары деп баяндайды. Қасқыр бейнесіндегі сайтан жорғаларды аңдып жүреді – оларды жеп жатқан кезде қарауылшылар жан-жаққа қашып, ақыр заман болады-мыс.

Байқағанымыздай, *Темірқазық* космониміндегі қазық компонентінде негізгі мағыналық жүктеме бар, бұл терминмен барлық космонимнің семантикасы таңбалық символика ие және ертедегілердің эсхатологиялық, космогониялық түсініктерімен байланысты. Осы космонимнің семантикалық және семиотикалық потенциалы *Алтын қазық, Жалғыз қазық* сияқты барлық диалектілік нұсқаларда сақталған.

Сонымен бірге, бұл мифокосмонимдерде және оларға қатысты космологиялық мифтерде қазақтардың ежелгі дәстүрлі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығымен түсіндірілген басқа да семантикалық негіз бар. Қазақтың барлық мифтері аңыз-әңгімелерінің сюжеттік көріністері қазақ этносының көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Мұны көптеген жұлдыздардың аттарынан көруге болады. Мысалы, *Ақбозат, Көкбозат, Қойшының қоңыр жұлдызы, Қарақшы, Күзетші, Арқан жұлдызы, Шідер жұлдызы* т.б. Осы жұлдыздардың этнолингвистикалық табиғаты туралы К.Г. Аронов өз зерттеуінде жазған [7, 20]. Байқап отырғанымыздай, космонимдердің аталауының өзіндік таным-түсінігі, мифологиялық сипаты мен ерекшелігі бар. Осының бәрі әлем бейнесінің тілдегі көрінісі ретінде когнитивтік аспектіде зерттелуі тиіс тілдік деректер деп пайымдаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғам мен мәдениеттің, тілдің өзара қарым-қатынасы жайлы мәселені таразылау үшін, ұғымдарда қалыптасқан мағлұматтардың көмегімен белгілі бір қоғамға тән құндылықтарды сипаттау қажет. Олар әлеуметтік-тарихи жағдайларға, қоғамдық құрылыстарға байланысты өзгерістерге ұшырап отырады.

Әлем бейнесінің көрінісі саналатын тіл – ең алдымен дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы, сонымен сабақтас материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Халықтық дүниетаным көрінісі мен дәстүрлі жолы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт өмірінің желісі үзілмей, әртүрлі ұрпақ бірін-бірі түсініп бір ұлтқа жатады. Ұлттық бірлік пен бірегейлікті танытатын ұғымдар өзге тілдерге алмасып, әлем таңбасын бейнелеуде қолданыс табатыны тағы бар. Бұл мәселенің түбіне ғалымдар бойлай қоймаған, күрделі ғылыми зерттеулердің еншісіне тиетін дүние деп есептеуге болады.

Сөздіктердегі қазақша атауларда да дүниетанымдық информациялар айқын беріліп отырады. Олардың сипатын негізінен мағыналық талдау арқылы анықтауға болар еді. Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктерін түрлі тілдік фактілер арқылы кесіп-пішеді, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен алғанда, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Тілдегі ауыс-түйістің көбісі лексика саласында болғандықтан, оған тарихи лексикографиялық еңбектердің де тікелей кейде жанама түрде қатысы бар деп есептейміз. Әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолу, басқа халықтармен араласу сипаты, өзіне ғана тән ерекшеліктерідің болатынына байланысты, бұл мәселені нақтылы тарихи лингвистикалық деректер негізінде зерттеуді талап етеді.

Жалпы тіларалық байланыс мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына екі жүз жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бұл мәселе жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім. Алайда әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолу, басқа халықтармен араласу сипаты, өзіне ғана тән ерекшеліктерінің болатынына байланысты, бұл мәселені нақтылы тарихи лингвистикалық деректер негізінде зерттеу әлі де жалғасуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.

Sýleımenova E.D. Ponıatıe smysla v sovremennoı lıngvıstıke. -Almaty: Mektep, 1989. – 152 s.

2 Воробьев В.В. О русской национальной личности в языке и культуре // Язык и культура. – 1998. – Ч.1. – С. 52-57.

Vorobev V.V. O rýsskoı natsıonalnoı lıchnostı v ıazyke ı kýltýre // Iazyk ı kýltýra. – 1998. – Ch.1. – S. 52-57.

3 Қайдаров А.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – № 106. – 18-22 бб.

Qaıdarov A.T. Etnolıngvıstıka // Bilim jáne eńbek. – 1985. – № 106. - 18-22 bb.

4 Шаймерденова Н.Ж. Глоссы как феномен текста. – Алматы, 1997. – 129 с.

Shaımerdenova N.J. Glossy kak fenomen teksta. – Almaty, 1997. – 129 s.

5 Воркачев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты. – М., 2001.

Vorkachev S.G. Kontsept schastıa: ponıatıınyı ı obraznyı komponenty. – M., 2001.

6 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869-1871. – 1056 с.

Býdagov L.Z. Sravnıtelnyı slovar týretsko-tatarskıh narechıı. SPb., 1869-1871. – 1056 s.

7 Аронов К.Г. Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1992. – 26 с.

Aronov K.G. Etnolıngvıstıcheskaıa prıroda narodnyh kosmonımov v kazahskom ıazyke: Avtoref. dıs. kand. fılol. naýk. – Almaty, 1992. – 26 s.

Материал 05.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Suleimenova E. D. the Concept of meaning in modern linguistics. - Almaty: Mektep, 1989. – 152 p.

2 Vorobyov V. V. About the Russian national personality in language and culture // Language and culture. – 1998. – CH. 1. – pp. 52-57.

3 Kaidarov A. T. Ethnolinguistics / / education and labor. – 1985. – No. 106. – pp. 18-22.

4 Shaimerdenova N. Zh. Glosses as a phenomenon of the text. – Almaty, 1997. – 129 p.
5 Vorkachev S. G. The concept of happiness: conceptual and figurative components. – Moscow, 2001.
6 Budagov L. Z. Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects. SPb., 1869-1871 – 1056 p.
7 Aronov K. G. Ethnolinguistic nature of folk cosmonyms in the Kazakh language: author's abstract of the Cand. Philol. – Almaty, 1992. – 26 p.

Трансляция языковой картины мира средствами лексикографии

М.К.Амангазиева
Актюбинский университет имени С. Баишева, г. Актобе, 030000, Республика Казахстан

Язык, считающийся проявлением образа мира, прежде всего, характеризует и кодирует отображение мира. Культура народа, отраженная в его языке, – это своеобразная призма, сквозь которую можно увидеть духовную самобытность этноса. Духовное обновление мира связано не только с материальным производством, социально-бытовым благополучием индивида. Это дух народа, связанный с социально-психологическим, мировоззренческим процессом, культурой, феноменом бытия.

Традиционный образ мышления и взгляды людей передаются из поколения в поколение посредством языка, не прерывая жизненный цикл нации, объединяя поколения в одну нацию. Понятия национального единства и самобытности пронизаны во всех языках и являются темами научных исследований ученых мира. В этом отношении так называемая «концептуальная наука» на когнитивном уровне использует метафоры для достижения истины. Когнитивная модель, как организованный формат знания о мире, посредством которой осуществляется познавательная деятельность этноса, социума, индивидуума в естественном языке, поможет в научном познании.

Материал поступил в редакцию журнала 05.11.2020

Translation of the linguistic view of the world by lexicography

M.K.Amangaziyeva
Baishev University, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

Language, considered a manifestation of the image of the world – first of all, characterizes and encodes the mapping of the world. The culture of the people reflected in its language is a kind of prism through which you can see the spiritual identity of the ethnic group. The spiritual renewal of the world is connected not only with material production, social welfare of the individual, it is the spirit of the people associated with the socio-psychological, worldview process, culture, the phenomenon of being.

The traditional way of thinking and the views of people are transmitted from generation to generation through language, without interrupting the life cycle of a nation and uniting generations into one nation. The concepts of national unity and identity are permeated in all languages and are topics of scientific research of scientists of the world. In this regard, the so-called "conceptual science" uses metaphors at the cognitive level to achieve truth. The cognitive model, as an organized format of knowledge about the world, through which cognitive activity of an ethnos, society, and individual is carried out in a natural language, will help in scientific knowledge.

Received: 05.11.2020

UDC 81”4

M.A. Auganbayeva[1], M.L. Anafinova[2]
[1]Phd student, L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-7201-1695. E-mail: maya.84_84@mail.ru
[2]Candidate of Philological Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan; https://orcid.org/0000-0002-8523-0010

LINGUO-CULTURAL ASPECTS OF STUDYING THE NATIONAL-CULTURAL SPECIFICITY OF LANGUAGE

This article is devoted to the description of the linguoculturological features of the language, which allows reconstructing mental representations, stereotypical associations manifested by a certain fragment of the language system. The universal properties of the language are particularly informative material for linguistic and cultural studies. Since they transmit a nationally determined linguistic interpretation of the phenomenon called by the word through associative approximation with any other subject based on their real or imaginary characteristics. Among the systems of cultural codes existing in each culture, one can single out the basic, universal codes that are inherent in this culture. They are used to describe the world around a person. The presence of such codes makes it possible to explain the emergence in a given linguoculture of stereotyped images, which reflect the experience and knowledge of the bearer of a given culture, which in turn is reflected in the appearance of universal units.

Keywords: linguoculturology, paradigm, lexical-semantic, worldview, conceptualization, language universals.

INTRODUCTION

Each person builds a “worldview” under the influence of language, its system and units. Awareness of a complex approach to and linguistic units formed a linguocultural paradigm, conditioning their interaction in the function and reflecting this process as an integral unit structure in unity of their linguistic and cultural content through the systematic methods and with a focus on a new value.

From this perspectives, the problem of correlation, interconnection, mutual influence of language and culture, a cultural phenomenon in the language, has a general scientific value in linguistics and, in fact, is interdisciplinary. The rapid development of this paradigm is explained by a new perception of the cultural phenomenon as the system of signs, concentrating the necessary information for society and serving as a means for obtaining it.

The main representatives of investigating the term “linguoculturology” K.S. Kenesbayev, A.T. Kaidarov, R.A. Avakova, E. Zhanpeisov, Kh. Zhubanov, M.M. Kopylenko, A.K. Kairzhanov, J.A. Mankeeva, G.N. Smagulova E.D. Suleimenova, B.Kh. Khasanov and others, was also used in the scientific works by J.A. Comenius, Wilhelm von Humboldt, and A. Potebnja.

According to V.I. Karasik, linguoculturology is “a complex area of scientific knowledge about the interconnection and interrelation of language and culture” [1, 421]. A.T. Khrolenko believes that linguoculturology is focused on identifying the links between language, ethnic mentality and culture, and any of the three phenomena can be the starting point of analysis, “the choice depends on the professional orientation of the researcher” [2, 43]. As Y.A. Belchikov states, one of the topical problems of modern linguoculturology is connected with the search for mechanisms of interaction between language and culture, because “language and culture have a common humanistic basis”. So the language is defined by the practical needs of a human [3, 124].

Z.K. Sabitova notes that the study based on the universal and unique in the linguistic worldview on the material of various (ancient and modern) languages and cultures, as features of

the linguistic worldview: “ a) it is a diagram of a vision of reality, a body of knowledge about the world; b) it was developed by the centuries, old experience of the people (this is the result of man's knowledge of the world); c) is reflected in the language; d) orient a person towards a certain attitude to the world; e) nationally specific ” [4, 80].

According to E.D. Suleimenova, meaning and significance is a two-fold phenomenon, "the separation of which leads to reduction in the same way as the union leads to simplification" [5, 10].

According to Academician A. Kaidar, "the rich foundation of our language is a treasure of linguistic ethnic facts that make it possible to know the national essence." He believed that ethnolinguistics is at the same time a complex and interesting branch of science that studies the language that is born through the essence of an ethnos (community, people, nation), being analyzed, preserved in historical memory, formed, fouled, and as a spiritual cultural heritage, passed from father to son, from community to community [6, 43].

Scientist M.M. Kopylenko defined the theoretical basis, main principles and object of ethnolinguistic research in relation to the Kazakh language and universal Turkic languages [7, 141].

Scientific researches of Zh. Mankeeva in the ethnolinguistic direction are combined with modern studies of linguoculturology. This work is distinguished by the depth of studying the cultural vocabulary of the Kazakh language. The discovery of the internal form of linguistic features that are directly related to Kazakh culture, ethnography aims to revive national color, a description of the objective world, which is reflected in the language.

MAIN PART

The question of the correlation of language, culture, ethnos is a question that is solved with the help of several sciences, starting with philosophy, ethnolinguistics and linguoculturology. And linguoculturology, together with ethnolinguistics, social linguistics, linguistics, is closely connected with such non-linguistic sciences as cultural studies, ethnography. If culture studies the essence of man in relation to nature and society, history and art, other aspects of his socio-cultural life, linguistics studies the worldview, which is represented through the mental model of the linguistic image of the world attached to the language.

It’s useful to note that the language as a spiritual value for culture, that’s why the studies of the ethnocultural specificity of languages in multilingual, multicultural Kazakhstan are relevant for interethnic communication. In Kazakhstani linguistics, comparative studies of linguistic and cultural units have been developed in Kazakh, Russian, English, German and other languages.

Currently, a linguistic-cultural paradigm has been formed in linguistics, “integrating the achievements of not only related linguistic, but also a complex of other humanities in the analysis of the language system as a cumulation of the worldview of a particular linguistic-cultural community”.

According to the concept of S.G. Vorkachev, linguoculturology differs from all others in its atomic composition and valence bonds: the ratio of the "shares" of linguistics and cultural studies, their hierarchy. The study and description of the relationship between the language and culture of the ethnic group, language and mentality of the people, according to this linguist, are the tasks of this science [8, 65].

It should be noted that the linguistic and cultural characteristics of worldviews, culture and way of thinking first began to be considered in the aspect of philosophy and logic. Consequently, it is impossible to imagine “the world as it is” in a language, each language sets a picture of the world of their speakers. The value is anthropocentric, i.e. reflects the general properties of human nature; moreover, it is idiocentric, i.e. focused on a specific ethnic group, and recreates the general properties of the language and culture of a given ethnic group.

Reality is multilateral, and truth is diverse. In fact, the infinite variety of languages have something in common. A person who speaks several foreign languages does not leave the feeling

that certain language conceptualizations are recognizable, that one or another language situation can be viewed from a different angle.

Therefore, thought is an indirect reflection of reality in consciousness. Despite the qualitative difference, the two levels of cognition of the world do not exist in isolation from each other. They are interconnected, interdependent. Sensual images are the source of that information about the surrounding reality, without which abstract thinking is impossible, which in turn determines the nature of visual-sensory images.

"The functions of the human brain are the same for all the humanity," stated F. From which it follows that all the languages available in the world are diverse paths, methods of internal comprehension of reality, the core of which is the same principles of human thinking.

But at the same time, despite the unpopularity of the issue, it was always difficult to categorically deny the differences in thinking, and that differences in life experience resulting from the difference in cultures and technologies do not entail any significant psychological consequences.

According to B. Whorf, linguistic processes are involved in cognitive operations, which are the basis of conceptual human activity. But these mechanisms do not act arbitrarily on passive experimental data: these are secondary developments based on perceptually structured data, data that form a common base for reference. Also there are universal experimental configurations over which linguistic schemes of classification and categorization are operated in various ways. In other words, what we convey in the language is already a structured reality, built on psychophysiological principles universal for all mankind. But languages conceptualize these experiential data in various ways, in direct relation to cultures.

Futher B. Whorf says, "We dissect nature in the direction suggested by our native language. We distinguish certain categories and types in the world of phenomena not at all because they (categories and types) are self-evident; on the contrary, the world appears before us as a kaleidoscopic stream of impressions, which should be organized by our consciousness, and this means basically - the linguistic system stored in our consciousness. We dismember the world, organize it into concepts and distribute meanings in this way and not otherwise, mainly because we are members to an agreement prescribing such a systematization. This agreement is valid for a specific speech collective and is fixed in the system of models of our language. This agreement, of course, has not been formulated by anyone and is only implied, and, nevertheless, we are parties to this agreement; we won't be able to speak at all, unless we subscribe to the systematization and classification of the material stipulated by this agreement" [9, 213].

Thus, B. Whorf's theory of relativity is not a kind of philosophical skepticism, concluding every language in its vision of the world, which is excellent. Most likely, he connects the concept of the linguistic picture of the world with the theory of relativity in physics, where the position of the observer in space modifies the observed object. Therefore, each language has its own position of observer of the real world, its own vision.

By asserting the cognitive nature of linguistic phenomena and seeing in it a direct manifestation of the connections of the real world, cognitive activity and language, scientists strive to penetrate the secrets of the formation of linguistic categories, and thereby the essence of the meaning of the units that call them.

Language reflects the world only in an indirect way. It directly reflects our conceptualization. Linguocultural investigations examine phenomena that bring notional charge. For example, the ability of the media to reflect the events of the surrounding reality, capturing the diversity of today's world in one or another media format, is a key factor in creating a modern picture of the world..

In an information society, the mechanism for creating a picture of the world almost entirely depends on the media. Indeed, the modern man receives the information about what the surrounding reality is and how it is changing through newspapers, radio, and television. Our ideas about what is happening in different parts of the planet are largely due to those images and interpretations that are massively circulated by the mass media.

Thus, the media play a crucial role in shaping the information picture of the world. Of great importance in this regard is also the organizing property of the texts of the media.

We know that it is in the word, in its structural connections, that the features of world perception, life values, historical experience and the genetic memory of one or another language collective are accumulated. Like the linguistic worldview, the information picture of the world is culturally specific, as it reflects the national-cultural features of the worldview and the system of value relations. It can be said that in the texts of the media there is an interesting overlap of the linguistic and informational worldview.

For example: the socio-political phenomenon of **"war"** plays an extremely important role in human life and society. This phenomenon is devoted to individual linguistic and philosophical studies, especially relevant at the present stage of development of science and society.

Ғылыми дискурста қолданылатын бейнелі-көркем құралдар, жоғарыда келтірілгендей түрлі-түрлі бола бермейтіні анық. Алайда, Шоқан секілді ғұлама ғалымдар ғылыми баяндаудың қатаңдығы мен қисынын жарқын эпитеттермен, метафоралық бейнелермен асқан шеберлікпен ұштастыра алған. Осы орайда, ғылыми сөздің экспрессиясы қазіргі ғылыми дискурс тұрғысынан жат болып көрінгенімен, жалпы классикалық ғылым қалыптасуының бастапқы кезеңі үшін барынша дұрыс деп санаймыз: «*Өзге тұқымдардан белгілісі: үлкен бөтелкеге ұқсайтын қытай асқабағы, бұл асқабақтың мойыны ұзын, қырғыз-қайсақтар оны сұйық құятын ыдыс ретінде пайдаланады, бұршақ, сары сәбіз, шомыр, қытай темекісі және көптеген дақылдар...Егінші – дамыл таппай күні-түні жұмыс істейтін еңбекші. Күндіз ол алқапта жүріп, торғайларды қуалайды, түнде өзінің егістігі мен бақшасын малдан қориды. Ол ешқашанда жалаңаш тәнін жасырмайды, оның денесі жаздың ыстық аптабынан адам айтқысыз қарайып күйіп, қатайып кетеді...Оның тамағы ауылды ішкен асынан әлдеқайда нашар, күніне дықан екі кесе айранды қанағат етеді, басқа шайнамасы жоқ...Оның жазғы еңбегі астық бастырылып, қапқа салынып, ауылға әкелінгенде аяқталған болып саналады. Тек қырқүйекте ғана бұл байғұс дықан жаздағы бейнетті ұмытып, тыныш ұйықтайды*» [3, 163].

Сонымен, Ш.Уәлиханов тілдік тұлғасы ғылыми идеологиясының сөз-ойлау аспектісі ретіндегі логосын айқындау (идеялар жүйесі, дүниетанымдық ұстанымдары, идеологиялық стереотиптері т.б.) қазіргі ғылыми парадигма үшін аса маңыздылыққа ие екені сөзсіз. Ғалымның тілдік тұлғасының базалық концептілері, яғни сатылы тәуелді ұйымдастырылған құндылықтық пайымдаулары сол кезеңге сәйкес келетін «ғаламның ұлттық (ғылыми) бейнесін» құрайды. Ғалым дискурсы логос жүйесінің ерекшеліктерін анализ бен синтезге, құбылыстарды салғастыруға және ойлауға, салыстыруға, талдауға қабілетті реципиентпен қарым-қатынас орнатуға бағытталған бірқатар ғылыми-зерттеушілік ұстанымдар айқындайды. Сол себепті де ғылыми мәтіндер күрделі дәлелдемелер жүйесімен, қорытындылармен сипатталады.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда антропоөзектік мегапарадигма аясында «тілдік тұлға» феноменінің құрылымы мен жүйесі, жалпы теориялық тұжырымдардың нақтылануы, ғылыми сипаттаудың әдістері мен амал-тәсілдері терең әрі жан-жақты белсенді зерттелуде. Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе вербалды мұралары отандық мәдениет пен ғылымның қорынан орын алған танымал классиктердің, әдеби-көркем, ғылыми және басқа да әлеуметтік-мәдени коммуникация салаларының ғұлама өкілдерінің тілдік тұлғалары ерекше құзығушылық танытуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Пыпин А.Н. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы // Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том / 2 басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.
Pıpïn A.N. Shoqan Shıñğısulı Ualikhanov twralı // Shoqan Ualikhanov. Köp tomdıq shığarmalar jïnağı. I tom / 2 basılım – Almatı: «Tolağay group», 2010. – 376 b.
2 Ядринцев Н.М. Шоқан Уәлиханов туралы естеліктер // Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том / 2 басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.
Yadrïncev N.M. Shoqan Ualikhanov turaly estelikter // Shoqan Ualikhanov. Köp tomdıq shığarmalar jïnağı. I tom / 2 basılım – Almatı: «Tolağay group», 2010. – 376 b.
3 Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том / 2 басылым – Алматы:« Толағай групп», 2010. – 376 б.
Shoqan Ualikhanov. Köp tomdıq shgarmalar jïnağı. I tom / 2 basılım – Almatı: «Tolağay group», 2010. 376 – b.
4 Сыздық Р. Шоқанның тілтанымдық мұрасы // «Қазақ әдебиеті» газеті, 22.10.2010. – №41 (3205).
Sızdıq R. Shoqannıñ tiltanımdıq murasy // «Qazaq ädebïeti» gazeti, 22.10.2010. – №41 (3205)
5 Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы // Собр. соч.: В 5 т. 1961-1972. – Алматы: Ғылым, 1961. – I т. – 777 б.
Ualikhanov Sh.Sh. Bes tomdıq shgarmalar jïnağı // Sobr. soç.: V 5 t. 1961-1972. – Almaty: Ğılım, 1961. – I t. – 777 b.

Материал 11.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Pypin A. N. about Shokan Ualikhanov / Shokan Ualikhanov. A collection of multi-volume works. Volume I / 2nd edition – Almaty: Tolagai group, 2010. – p. 376.
2 Yadrintsev N. M. Memoirs of Shokan Ualikhanov / / Shokan Ualikhanov. A collection of multi-volume works. Volume I / 2nd edition – Almaty: Tolagai group, 2010. – p. 376.
3 Chokan Ualikhanov. A collection of multi-volume works. Volume I / 2nd edition - Almaty: Tolagai Group, 2010. – 376 p.
4 Linguistic heritage of syzdyk R. Shokan / / newspaper "Kazak adebieti", 22.10.2010. – No. 41 (3205).
5 Ualikhanov Sh. Sh. collection of works in five volumes / / SOBR. Soch. 1961-1972. - Almaty: Nauka, 1961. – I Vol. – 777 p.

Элитарная речевая культура как неотъемлемое свойство языковой личности Ш.Валиханова

Э. И. Избасарова[1], М. Л.Дуйсенбекова[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан
[2]Международный гуманитарно-технический университет, г. Шымкент, 160000, Республика Казахстан

В данной статье понятие элитарной культуры речи анализируется как неотъемлемое свойство языковой личности ученого Шокана Валиханова. Оно проявляется в свободном овладении, соблюдении принципов элитарной речевой культуры. Элитарная речь – соблюдение языковых, этических норм, глубокое понимание коммуникативной ситуации. Данная категория представляет собой высокий уровень интегральной компетентности, включая языковые, текстовые и коммуникативные субкомпетенции и механизмы их реализации. Ш.Валиханов, историк культуры и литературы, языковед, уникальный востоковед, этнограф и географ, за свою короткую жизнь внес свой вклад в науку и просвещение. Основной темой научного наследия Ч. Валиханова является история, этимология, семантика казахских, тюркских слов. Приведены примеры мнений других ученых по данному вопросу.

Материал поступил в редакцию журнала 11.11.2020

High context speech culture as an integral feature of Sh.Valikhanov’s linguistic identity

E. I. Izbassarova[1], M. L. Duisenbekova[2]
[1]Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan
[2]International University of Humanities and technology, Shymkent, 160000, Republic of Kazakhstan

In this article, the concept of elite speech culture is analyzed as an integral property of the language personality of the scientist Shokan Valikhanov. It manifests itself in free mastery, compliance with the principles of elite speech culture. Elite speech-compliance with language, ethical standards, a deep understanding of the communicative situation. This category represents a high level of integrated competence, including language, text, communication subcompetencies, mechanisms for their implementation. Cultural historians, linguist, literary historian, unique orientalist, ethnographer, geographer SH. Valikhanov in his short life have contributed to science and education. The main theme of SH. Valikhanov's scientific heritage is the history, etymology, semantics of Kazakh and Turkic words. SHokan Valikhanov's scientific research provides examples from the point of view of other scientists.

Received: 11.11.2020

УДК 81

К.Б. Коптлеуова
к.ф.н, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актобе, 030000, Республика Казахстан, 0000-0002-7385-6585. E-mail: koptleuovak@mail.ru

СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ НЕФТЯНЫХ ЭРГОНИМОВ

В статье проводится лингвистический анализ эргонимов нефтяных компаний. Способы образования эргонимов нефтяной промышленности такие же, как и в общеупотребительной лексике. Основными из них являются эргонимы-словосочетания, эргонимы-сложные слова и аббревиация. Многочисленна группа наименований образована посредством словосложения. В качестве обязательных элементов образования нефтяных эргонимов-сложных слов выступают топонимы.

Основными компонентами в составе эргонимов являются слова «мұнай», «нефть» и «oil», которые не переводятся, хотя имеют соответствующие друг другу эквиваленты во

всех трех исследуемых языках. Взаимопроникая в языки, они становятся неотъемлемой частью лексики казахского, русского и английского языков. При передаче наименований с одного языка на другой и третий происходит транслитерация.

Ключевые слова: эргоним, топонимика, нефтяная промышленность, трехъязычие, эргонимы, аббревиация.

ВВЕДЕНИЕ

Республика Казахстан является одной из старейших нефтедобывающих стран мира. В настоящее время углеводородное сырье добывается в Актюбинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Мангыстауской, Жамбылской и Кызылординской областях.

Более 80 % разведанных запасов сосредоточено на 15 базовых месторождениях: **Тенгиз (**Теңіз, Tengiz**), Узень** (Өзен, Uzen), **Королевское (**Королевское, Korolevskoye**), Жанажол** (Жаңажол, Zhanazhol**), Каражамбас (**Қаражанбас, Karazhanbas**), Бозащи (**Bozachi**), Кумколь (**Kumkol**), Каламкас (**Қаламқас, Kalamkas**), Жетыбай (**Жетібай, Zhetybai**), Алибекмола** (Әлібекмола, Alibekmola), **Акшабулак (**Ақшабұлақ, Akshabulak), **Кенкияк** (Кеңкияк, Kenkiyak) и **Кенбай (**Кеңбай, Kenbai**).** К основным, базовым месторождениям, определяющим уровни добычи жидких углеводородов на длительную перспективу, следует отнести Кашаган и Тенгиз, на которых концентрируется 70 % от всех разведанных запасов.

Причины создания и формирования трехъязычия в данной сфере разнообразны. Практика повсеместного использования трех языков – казахского, русского и английского – уже давно стала реальностью для нефтяной промышленности Казахстана. В вывесках нефтяных организаций, в газетах, журналах, в буклетах с информацией по нефтяной индустрии, в делопроизводстве, на различных бланках и официальных документах, на табличках, рекламных щитах с нефтяной тематикой используются три языка – казахский, русский и английский.

Как известно, многоязычие формируется на основе двуязычия, которое, в свою очередь, создается на основе одноязычия. Исследованию типов двуязычия, многоязычия посвящено немало работ, одной из основных задач которых является раскрытие таких понятий, как «родной язык», «второй язык», «одноязычие», «двуязычие», «многоязычие» и т.д. Эти понятия до сих пор не получили однозначного определения в языкознании. Лингвистические исследования, выполненные на рубеже XX-XXI вв., демонстрируют особый интерес к феномену мультилингвизма, или полилингвизма [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7]. В нашей работе мы имеем в виду трехъязычие, функционирующее в нефтяной сфере, с участием казахского, русского и английского языков. Такой вид многоязычия характерен «лишь для отдельных социальных слоев (торговцев, транспортников, мореходов, научных работников и др.), так называемое частичное или групповое многоязычие» [8, 36].

Цель данной статьи – изучение структурных особенностей создания нефтяных эргонимов. В данном исследовании упор делается на названия нефтяных организаций.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В Казахстане функционируют около 50 нефтяных компаний. В ономастике для названий учреждений существует общий термин «эргоним», который в «Словаре русской ономастической терминологии» Н. В. Подольской определяется как «собственное имя делового объединения людей, в том числе союза, организации, учреждения, корпорации, предприятия, общества, заведения, кружка» [9, 179].

Существуют ряд работ, в которых разрабатываются новые научные концепции исследования эргонимов. Р.И. Козлов проводит комплексный анализ эргонимов [10]; И.В. Крюкова описывает образование и функционирование эргонимов [11]; Т.П. Романова рассматривает общие проблемы современной эргонимии [12]; О.Г. Щитова

исследует иноязычные эргонимы [13]; Е.С. Самсонова представляет концепцию системы эргонимов иноязычного происхождения [14] и др.

Способы образования эргонимов нефтяной промышленности такие же, как и в общеупотребительной лексике. Основными из них являются эргонимы-словосочетания, эргонимы-сложные слова и аббревиация.

Многочисленна группа наименований, образовавшихся посредством словосложения: ***Атыраумұнайгазгеология*** *– Атыраумунайгазгеология – AtyrauMunaiGasGeology,* ***Мангыстаумұнайгаз*** *- Мангыстаумунайгаз – Mangystaumunaigas, Теңізшевр**ойл*** *- Тенгизшевр**оил** – Tengizchev**oil,** **Ембімұнайгаз** – Эмбамунайгаз – Embamunaigas.*

Обращает на себя внимание обилие во всех трех языках названий, которые состоят из двух и более слов, одним из которых обычно бывает казахский термин **«мұнай»:** *Каз**мұнай**Теңіз – Каз**Мунаи**Тениз – Kaz**Munai**Teniz; Қазақтүрк**мұнай** – Казахтурк**мунай** – Kazakhturk**muna**i; Қазгер**мұнай** – Казгер**мунай** – Kazger**munai;** Мангыстау**мұнай**газ – Мангыстау**мунай**газ – Mangystau**munai**gas.*

Примерное такое же число эргонимов содержит русский термин **«нефть»**: *Толқын**нефте**газ – Толкын**нефте**газ – Tolky**nnefte**gas; Жайық**нефть** – Жаик**нефть** – Zhaik**neft;** Мақат**нефть** – Макат**нефть** – Makat**neft;** Құлсары**нефть** – Кульсары**нефть** – Kulsary**neft;** Прорва**нефть** – Прорва**нефть** – Prorva**neft;** Рос**нефть** – Рос**нефть** – Ros**neft.***

Часто представлен термин **«oil»**: Қазақ**ойл** – Казах**ойл** – *Kazakh**oil;*** Теңізшевр**ойл** – Тенгизшевр**оил** – *Tengizchev**oil;*** Арна**ойл** – Арна**оил** – *Arna**oil;***

или «**petroleum**» *Адай **Петролеум** Компани – Адай **Петролеум** Компани – Adai **Petroleum** Company; Сағыз **Петролеум** Компани – Сагиз **Петролеум** Компани – Sagiz **Petroleum** Company.*

Как можно видеть из приведенных примеров, составные компоненты **«мұнай», «нефть»** и **«oil»** не переводятся, хотя имеют соответствующие друг другу эквиваленты во всех трех исследуемых языках. Взаимопроникая в языки они становятся неотъемлемой частью лексики казахского, русского и английского языков. При передаче наименований с одного языка на другой и третий, происходит транслитерация. Например, формы «**мунай»** и «**munai»** в составе эргонимов стали результатом адаптации казахского термина **«мұнай»** русским языком и английским языком. Аналогично тому, как русским языком и английским языком адаптируются казахские эргонимы, так и русские и английские эргонимы приспосабливаются к законам орфографии казахского языка. Эти названия, содержащие экзотизмы, получают широкую известность в среде специалистов, а также среди населения, поэтому легко употребляются и в родном и в чужих языках.

Процесс адаптации трех языков можно увидеть в следующих примерах: *«**ФИОК** компаниясы өзінің жұмыстарының тиімділігі үшін Қазақстанда бірнеше заңды тұлғаларды ұйымдастырды, атап айтсақ, бұлар: Атырау облысындағы «**Сазанқұрақ**» ЖАҚ ЖБШ, «**Адай Петролеум Компани**» ЖБШ, «**Потенциал Ойл**» ЖБШ және «**Прикаспиан Петролеум Компани**» ЖБШ, Батыс Қазақстан облысындағы «**Урал Ойл энд Газ**» ЖБШ және Ақтөбе облысындағы «**Сағыз Петролеум Компани**» ЖБШ». «At present, the Aktyubinsk field is being commissioned and the pilot development project of the **Nuraly** and **Aksai** fields is being prepared». «Цель создания национальной компании **«КазМунайГаз»** – комплексное развитие нефтегазовой отрасли Казахстана, обеспечивающее эффективное освоение и воспроизводство энергетических ресурсов»* [15, 136].

В качестве обязательных элементов образования нефтяных эргонимов-сложных слов выступают топонимы. Использование нескольких топонимов в одном эргониме указывает на факт одновременного владения компанией несколькими лицами, в нашем случае странами: **Қазақ**ойл – **Казах**ойл – **Kazakh**oil, **Қаз**мұнайгаз – **Каз**мунайгаз – ***Kaz**munaigas**;*** Қаз**мұнайТеңіз** – **Каз**МунайТениз – *Kaz**munaiteniz**;*** **Қазгер**мұнай – **Казгер**мунай – ***Kazger**munai,* **Қазақтүрк**мұнай – **Казахтурк**мунай – ***Kazakhturk**munai.*

Значительную часть в этой группе составляют эргонимы, включающие топонимические элементы, которые указывают на местоположение объекта: **Ақтөбе**мұнайгаз – **Актобе**мунайгаз – ***Aktobe****munaigas;* **Маңғыстау**мұнайгаз – **Мангыстау**мунайгаз – ***Mangystau****munaigas;***Теңіз**шевройл – **Тенгиз**шевроил – ***Tengiz****chevoil;* **Өзен**мұнайгаз – **Узень**мунайгаз – **Uzen**munaigas.

Многие наименования нефтяных месторождений со словом «**қара**» (черный) носят метафорический характер: ***Карашығанақ*** *(черный залив)* **–** *Карачаганак – Karachaganak****, Қаражанбас*** *– Каражанбас – Karazhanbas****, Қаракұдық*** *(черный колодец) – Каракудук – Karakuduk****, Қаратөбе*** *(черная вершина)***–** *Каратобе – Karatobe.*

Многие нефтяные эргонимы представляют собой многосоставные словосочетания. Интересны примеры словосочетаний в казахском и в русском языках, содержащие казахские и английские слова, которые не переводятся: ***Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз*** *– Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз – Petro Kazakhstan Kumkol Resources,* ***Оффшор Қазақстан Интернэшнл Оперейтинг Компани*** *– Оффшор Казахстан Интернэшнл Оперейтинг Компании – Offshore Kazakhstan International Operating Company,* ***Бритиш Компани*** *– Бритиш Компани – British Company,* ***Маерск Ойл Қазахстан Гмбх*** *– Маерск Ойл Казахстан Гмбх – Maersk Oil Kazakhstan GmbH,* ***Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг*** *– Карачаганак Петролеум Оперейтинг – Karachaganak Petroleum Operating.*

Основной моделью таких многословных сочетаний является конструкция с подчинительной связью компонентов, содержащих указание на местоположение объекта, род занятий, вид выпускаемой продукции. Так, например, употребление ***Петро*** в качестве первого компонента в казахском эргониме **Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз** – сокращенная форма английского слова **«*petroleum*»** (нефть) указывает на выпускаемую продукцию, топонимы в составе эргонима ***Қазақстан, Құмкөл*** указывают на местоположение объекта, и последний компонент ***Ресорсиз*** от английского **«resources»** (ресурсы) содержит указание также на характер производственной деятельности. К таким повторяющимся в дескриптивных построениях компонентам из английского языка относятся следующие: ***International***, ***Petroleum***, ***Oil***, ***Operating***, ***Company***. «Геологиялық барлау жұмыстарын іске асыру үшін жаңа консорциум **Оффшор Қазахстан Интернэшнл Оперейтинг Компани (ОКИОК)** құрылды» [16, 17].

В сфере исследуемой нами нефтяной ономастики большое рапространение получили эргонимы, образованные по типу аббревиатуры. Аббревиатуры используются для замены имеющегося громоздкого сочетания. Аббревиатуры, используемые в нефтяных эргонимах многочисленны и разнообразны: *«Шеврон Тексако»* ***ТШО****-дағы үлесі 50 % болды». «****КПО*** *(ҚӨК) кеніштің бұрынғы операторы қалдырып кеткен 28 бұрғылау станогын бөлшектеу және 45000 тонна бұрғылау қалдықтарын қауіпсіз жерге тасып көму жөніндегі 4 жылдық бағдарламасын аяқтады». «Бұл маршрут нәтижелі пайдалану және рынокқа жол ашқандықтан,* ***ККК*** *құбырын Каспий аймағынан мұнайды тасымалдауын өте жақсы бәсекеқабілеттігі альтернативті құбыр деп санайды». «Today about 78 % of work places at* ***TCO*** *are filled by citizens of Kazakhstan whereas in 1993 this figure was 50 %»* [16, с. 16].

1. Большую группу составляют буквенные сокращения, состоящие из названий начальных букв слов, входящих в исходное словосочетание:

1. **ТШО (Т**еңіз**ш**евр**о**йл**)**

ТШО (**Т**енгиз**ш**евр**о**йл)

*TCO (**T**engiz**c**hevr**o**il)*

2. ҚПО (Қарашығанақ **П**етролеум **О**перейтинг**)**

КПО (**К**арачаганак **П**етролиум **О**перейтинг)

*KPO (**K**arachaganak **P**etroleum **O**perating)*

3. ККК (Каспий **құ**бырлық **к**онсорциумы**)**

КТК (**К**аспийский **т**рубопроводный **к**онсорциум)

*CPC (**C**aspian **P**ipeline **C**onsortium)*

4. ҚҰМК (Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясы)
КННК (**К**итайская **Н**ациональная **Н**ефтегазовая **К**орпорация)
*CNPC (**C**hina **N**ational **P**etroleum **C**orporation)*
5. ОКИОК (Оффшор Қазахстан Интернэшнл Оперейтинг Компани) ОКИОК (**О**ффшор **К**азахстан **И**нтернэшнл **О**перейтинг **К**омпании)
*OKIOC (**O**ffshore **K**azakhstan **I**nternational **O**perating **C**ompany*)

2. Аббревиатуры, состоящие из начальной части слова и целого или целых слов: ***Қазмұнайгаз*** *– Казмунайгаз – Kazmunaigas****;*** ***ҚазМұнайТеңіз*** *– КазМунайТениз – **KazMunaiTeniz**; **Қазгермұнай** – Казгермунай – Kazgermunai,* ***ҚазТрансОйл*** *– КазТрансОйл – KazTransOil*

3. Аббревиатуры, состоящие из сочетания целого слова и начальной части другого слова или нескольких слов*: **Теңізшевройл** – Тенгизшевроил – Tengizchevoil.*

Таким образом, на основании анализа структуры нефтяных эргонимов можно сделать следующие выводы.

1. В нефтяной эргонимии преобладают в большинстве своем дву- и трехсоставные названия – сложные слова.

2. На первом месте составного эргонима обычно стоит топоним, указывающий на местонахождение объекта, на втором месте находится один из терминов – «мұнай» из казахского языка или его русский и английский эквиваленты («нефть» или «oil», третья часть названия может содержать другой употребительный термин «газ»).

3. Эргонимы-словосочетания преимущественно трех- и четырехсоставные, которые содержат повторяющиеся компоненты из английского языка *International, Petroleum, Oil, Operating, Company.*

4. Широко используется аббревиация.

ВЫВОДЫ

Таким образом, функционирование английского языка в нефтяной промышленности Казахстана – социально-экономическая потребность, которая вносит в жизнь нефтяника не только иноязычный оттенок в общении, но и способствует развитию терминологии, возникающей на стыке единиц и трех языков, что обогащает как казахский, так и русский и английский языки.

Согласно проведенному анализу основным способом передачи эргонимов является заимствование, обеспечивающее максимальную обратимость. В целях обеспечения доступности в некоторых случаях используется гибридное сокращение, состоящее из заимствованных и калькированных элементов.

Многочисленная группа наименований образована посредством словосложения. В качестве обязательных элементов образования нефтяных эргонимов-сложных слов выступают топонимы. Основными компонентами в составе эргонимов являются слова «мұнай», «нефть» и «oil», которые не переводятся, хотя имеют соответствующие друг другу эквиваленты во всех трех исследуемых языках. Взаимопроникая в языки, они становятся неотъемлемой частью лексики казахского, русского и английского языков. При передаче наименований с одного языка на другой и третий происходит транслитерация.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Aronin L., Singleton D. Multilingualism. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company. – 2012.
2 Auer P., Wei L. Handbook of Multilingualism and Multilingual Communication. Berlin – 2007. – pp. 1–12.
3 Cenoz J. Annual Review of Applied Linguistics. Vol. 33. Cambridge: Cambridge University Press. – 2013. – pp. 3–18.

4 Grosjean F. Bilingual: Life and reality. Cambridge, MA: Harvard University Press. – 2010.
5 Bayley, R. & Lucas, C. 2007. Sociolinguistic Variation: Theories, Methods, and Applications. Cambridge: CUP. DOI: 10.1017/CBO9780511619496
6 Creese, A. 2010. Linguistic ethnography. In Research Methods in Linguistics, L. Litosseliti (ed.), 138-154. London: Continuum.
7 Appel, R. and Muysken, P. (2005), Bilingualism and Language Contact, London: MIT Press.
8 Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика.URSS. – 2019. – 208 с.
Bondaletov V.D. Sotsial'naya lingvistika. URSS. – 2019. – 208 s.
9 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука. – 1988. – 187 с.
Podol'skaya N.V. Slovar' russkoy onomasticheskoy terminologii. – M.: Nauka. – 1988. – 187 s.
10 Козлов Р.И. Современные эргоурбогимы в городской топонимической системе / Р.И. Козлов // Известия Уральского гос. ун-та. Гуманитарные науки. – 2001. – №20. – Вып. 4. – С. 25-35.
Kozlov R.I. Sovremennyye ergourbogimy v gorodskoy toponimicheskoy sisteme / R.I. Kozlov // Izvestiya Ural'skogo gos. un-ta. Gumanitarnyye nauki. – 2001. – №20. – Vyp. 4. – S. 25-35.
11 Крюкова И.В. Пограничные разряды ономастики в современном русском языке: дисс... .. канд. филол. наук / И. В. Крюкова. – Волгоград. – 1993. – 152 с.
Kryukova I.V. Pogranichnyye razryady onomastiki v sovremennom russkom yazyke: diss... .. kand. filol. nauk / I. V. Kryukova. – Volgograd. – 1993. – 152 s.
12 Романова Т. П. Проблемы современной эргонимии / Т. п. Романова // Вестник Самарского госуниверситета. Серия «Филилогия». – М., 2008. – №1. – С. 82-90.
Romanova T. P. Problemy sovremennoy ergonimii / T. p. Romanova // Vestnik Samarskogo gosuniversiteta. Seriya «Fililogiya». – M., 2008. – №1. – S. 82-90.
13 Щитова О.Г. Неисконная лексика в русской разговорной речи Среднего Приобья XVII века: монография / О.Г. Щитова. – Томск: Изд-во ТГПУ. – 2008. – 480 с.
Shchitova O.G. Neiskonnaya leksika v russkoy razgovornoy rechi Srednego Priob'ya XVII veka: monografiya / O.G. Shchitova. – Tomsk: Izd-vo TGPU. – 2008. – 480 s.
14 Самсонова Е.С. Концепция системы эргонимов иноязычного происхождения в коммуникативном пространстве города / Е.С. Самсонова // Вестник науки Сибири. – 2012. – №4(5). – Филология. Педагогика. – С. 236-240
Samsonova Ye.S. Kontseptsiya sistemy ergonimov inoyazychnogo proiskhozhdeniya v kommunikativnom prostranstve goroda / Ye.S. Samsonova // Vestnik nauki Sibiri. – 2012. – №4(5). – Filologiya. Pedagogika. – S. 236-240
15 Нефтяная энциклопедия Казахстана. в 2-х т. Алматы: Общественный фонд «Мунайшы», 2005. – Т. 1. – 612 с. – (на каз., рус., англ. языках).
Neftyanaya entsiklopediya Kazakhstana. v 2-kh t. Almaty: Obshchestvennyy fond «Munayshy», 2005. – T. 1. – 612 s. – (na kaz., rus., angl. yazykakh).
16 2004 Catalogue. Kazakhstan Petroleum Association. 2004 Katalog. Kazakhstanskaya neftyanaya assotsiatsiya.
17 Номинация в ономастике: Сб. статей/Под ред. М. Э. Рут – Свердловск: Изд-во Урал. Ун-та. – 1991. – 172 с.
Nominatsiya v onomastike: Sb. statey / Pod red. M. E. Rut. – Sverdlovsk: Izd-vo Ural Un-ta. – 1991. – 172 s.

Материал поступил в редакцию журнала 06.11.2020

REFERENCES

1 Aronin L., Singleton D. Multilingualism. Amsterdam: John Benjamins Publishing Company. – 2012.

2 Auer P., Wei L. Handbook of Multilingualism and Multilingual Communication. – Berlin. – 2007. Pp. 1-12.
3 Cenoz J. Annual Review of Applied Linguistics. Vol. 33. Cambridge: Cambridge University Press, 2013. – pp. 3-18.
4 Grosjean F. Bilingual: Life and reality. – Cambridge, MA: Harvard University Press – 2010.
5 Bayley, R. & Lucas, C. 2007. Sociolinguistic Variation: Theories, Methods, and Applications. Cambridge: CUP. DOI: 10.1017 / CBO9780511619496
6 Creese, A. 2010. Linguistic ethnography. In Research Methods in Linguistics, L. Litosseliti (ed.), 138-154. – London: Continuum.
7 Appel, R. and Muysken, P. (2005), Bilingualism and Language Contact, London: MIT Press.
8 Bondaletov V.D. Social linguistics. URSS. – 2019. – 208 p.
9 Podolskaya N.V. Dictionary of Russian onomastic terminology. – Moscow: Nauka. – 1988. – 187 p.
10 Kozlov R.I. Modern ergourbogims in the city toponymic system / R.I. Kozlov // Bulletin of the Ural State. un-that. Humanitarian sciences. – 2001. – No. 20. – Issue. 4. – S. 25-35.
11 Kryukova I.V. Borderline ranks of onomastics in modern Russian: diss ... .. cand. philol. Sciences / I. V. Kryukova. – Volgograd. – 1993. – 152 p.
12 Romanova T. P. Problems of modern ergonymy / T. P. Romanova // Bulletin of the Samara State University. Series "Filology". – M., 2008. – No. 1. – S. 82-90.
13 Shchitova O.G. Unconventional vocabulary in the Russian colloquial speech of the Middle Ob region of the 17th century: monograph / O.G. Shchitova. – Tomsk: Publishing house of TSPU. – 2008. – 480 p.
14 Samsonova E.S. The concept of a system of ergonyms of foreign language origin in the communicative space of the city / E.S. Samsonova // Bulletin of Science of Siberia. – 2012. – No. 4 (5). – Ph ilology. Pedagogy. – pp. 236-240
15 Oil encyclopedia of Kazakhstan. in 2 volumes. Almaty: Public Fund "Munayshy", 2005. – V. 1. – 612 p. – (in Kazakh, Russian, English languages).
16 2004 Catalogue. Kazakhstan Petroleum Association.
17 Nomination in Onomastics: Sat. articles / Ed. M.E. Ruth – Sverdlovsk: Ural Publishing House. University. – 1991. – 172 p.

Мұнай эргонимдерінің құрылымдық ерекшеліктері

К. Б. Коптлеуова
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

Мақалада мұнай компанияларының эргонимдеріне лингвистикалық талдау жасалған. Мұнай өнеркәсібінде эргонимдерді қалыптастыру әдістері жалпы лексикадағыдай. Олардың негізгілері – эргоним-сөз тіркестері, эргоним-күрделі сөздер және қысқартулар. Атаулардың үлкен тобы сөз құрамы арқылы жасалады. Топонимдер – мұнай эргонимдерінің – күрделі сөздердің жасалуындағы маңызды элементтер. Эргоним құрамындағы негізгі компоненттер – бұл «мұнай», «нефть» и «oil» сөздері аударылмайды, дегенмен олар зерттелген үш тілде де бір-біріне сәйкес эквиваленттерге ие. Тілдерге ену арқылы олар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің сөздік құрамының ажырамас бөлігіне айналады. Атауларды бір тілден екінші тілге және үшінші тілге аудару кезінде транслитерация қолданылады.

Материал 06.11.2020 баспаға түсті

Structural peculiarities of oil ergonyms

K. B. Koptleuova

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

The article provides a linguistic analysis of the ergonyms of oil companies. The methods of forming the ergonyms of the oil industry are the same as in common vocabulary. The main ones are ergonyms-phrases, ergonyms-compound words and abbreviations. A large group of names is formed by word composition. Toponyms are mandatory elements in the formation of oil ergonyms-compound words. The main components in the composition of ergonyms are the words "munai", "neft" and "oil", which are not translated, although they have corresponding equivalents to each other in all three languages. Interpenetrating into languages, they become an integral part of the vocabulary of the Kazakh, Russian and English languages. When transferring names from one language to another and a third, transliteration is used.

Received: 06.11.2020

ӘОК 81-2

З.Б. Кульманова[1], С.А. Жиренов[2], Г.С. Сулеева[3]
[1]докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-8791-032X. E-mail: family-jan@mail.ru
[2]доцент, қауым. профессор, ф.ғ.к., Абай атынидағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-4544-1171. E-mail: saken82@mail.ru
[3]профессор, қауым. профессор, ф.ғ.к., Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-9928-5402. E-mail: suleeva71 @mail.ru

ДІНИ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕРДІҢ ТІЛДІК СИПАТТАМАСЫ

Дін адамзат тіршілігіне өзінің құпиялы әлемінің қыр-сырын ұсынады. Діннен енген лексиканың түпкі ұғымы адамзат баласының тылсым күшпен қарым-қатынасын білдіреді, оған мінәжат етуіне алып келеді. Тілде көрініс табатын ғаламның діни бейнесі, діни ұғым-түсініктер ұлт санасына сіңіп, діл мәселесін жаңғыртады. Тілдік бірліктермен термин болып бекітілген діни ұғым-түсініктер көпшіліктің қолданысына еніп, дүниетанымынан орын алды. Кейде күнделікті тіршіліктегі діни терминдер мағыналары жағынан өзара бір-біріне жақын мәндес немесе мағынадан ауытқитын қайшылықтарға ұшырап жатады. Осы тұрғыдан алғанда кейбір діни ұғымдар тілдік сипатта талданып, анықтауды қажет етеді. Діни тілдің ерекшелігі мен мағыналық қиыншылықтары діни ұғымдарға зардап шеккізбеуі, қайшы келмеуі үшін лингвистикалық, психологиялық, философиялық, семиотикалық тұрғыда қаралуы маңызды.

Кілт сөздер: діни тіл, мінәжат, семантика, лингвофилософия, діни лексика, діни бейнесі.

КІРІСПЕ

Діни аспектіде адамзаттың пайда болуынан бұрын әуелде Жаратқан Құдай болған. Адамзатты барша жаратылыстан ерекше ақылды, рухани бай етіп жаратуының бір сыры (себебі) – саналы адамның оңы мен солын айырып, жақсы мен жаманын танып, дүниені ақ пен қараға бөліп, ғаламның ғажайып сырларынан Жаратқан Иесін көріп, құлшылық етуі еді. Қазірдің өзінде дінді адамзат тіршілігінен бөлек қарау мүмкін емес. Адамның ішкі сенімі,

рухани сезімдері мен жан-дүниесінің әуелде пайда болуын зерттеу қаншалықты қиын болса, діннің бастапқы діңгегін зерттеу де соншалықты оңай нәрсе емес. Себебі діннің төркіні адам жаратылысының құпиясы іспеттес тылсым күш пен руханилыққа толы сыр.

Діни көзқарас бойынша, адам рухының пайда болуымен қатар дін де пайда болды. Әлемнің жаратылуынан бастап ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, бар мен жоқтың жарыса өмір сүруі – материалдық пен руханилыққа негізделген қос әлемнің бір уақытта, бір кеңістікте бар болуын білдіреді. Руханилық – дін болса, материалдық – өткінші өмір. Өмірдің өткіншілігін, тұрақсыздығын көре тұра дінді адам баласы ойдан психологиялық тұрғыда ойлап тапты деу ақымақтық әрине, яғни дін мен адамның жаратылысы бір. Осы тұрғыда діни лексиканың жарты жолда пайда болмай, адам өмірінде әуел бастан болғаны анық және оны рухани лексика деп атаған жөн. Рухани лексиканы зерттеу – дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын жан-жақты қарастыру, пайымдау, баға беру болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әуел бастан бір Құдай, бір сенім болған. Алайда дүниенің кеңдігінде аяғын қалт басқан адамзат баласы ниетіне қарай Жаратқан Иемен байланысын үзген. Сол себепті, қазіргі уақытта орын алған әр түрлі ірі діндер мен тілдер жаратылыстағы қайнар көзден тараған бір бүтін тұтастықтың бірліктері ғана. Әр ұлттың діни ерекшеліктері, наным-сенімдері географиялық орналасқан жеріне және тарихи оқиғаларына байланысты алуан түрлі болып келеді. Этностардың рухани құндылығы да дін құндылығы тарапынан маңыздылыққа ие болып қалыптасты. Халықтың наным-сенімі, ырым-тыйымдары, дұрыс-бұрыс деп тапқан тіршілігінің мәні тек дін тарапынан жауабын алды. Кез-келген ұлттық, адамзат құндылықтарының астарында ғасырлар бойы жинақталған діндердің рухани маңызын көруге болады. «Қазіргі үлкен діндердің түп төркіні алғашқы діндер, яғни тотемизм, ата-баба аруағына табыну, фетишизм, анемизм, магия, аспан денелері мен отқа табыну сияқты адамзаттың ертедегі дүниетанымы мен түрлы наным-сенімдерінен басталған» [1, 10]. Бүгінгі ірі Ислам, Христиан, Будда сияқты діндердің қалыптасуы ежелгі ұсақ наным-сенімдердің сұрыпталған, санада екшелген, адам ақыл-ойының сана биігіне ноосфераға жақындауынан пайда болған. Діннің әр ұлттың тарихында салт-сана, әдет-ғұрып, дүниетаным, философия, мінез-құлық т.б. қоғамдық өмірінің әр қырларынан біте қайнасып, тамырын тереңге жайғандықтан гуманитарлық ғылымдардың қызығушылығын тудырып отыр. Жаратқан Иенің қыр-сырын (құпиясын) ғаламның бейнесінен көре білген, жүрек көзі (ілһәм тілі) арқылы сезе білген адам – дінді белгілі бір қоғамға ғана тән деп қарауы және оның діни (рухани) тілдік бірліктеріне үңілмеуі мүмкін емес. Осы орайда, тіл тұрғысынан лингвистикада «Ғаламның діни бейнесін» исламдық, христиандық, буддалық т.б. діни лексикаға бөліп қарастыру, оның ішінде «христиандық лингвистика», «православтық лингвистика», «исламдық/ислами лингвистика» деп зерттеу әбден заңды.

«Ғаламның діни бейнесінің» негізгі құралы – сенім мен діни сана болып табылады. Сөзсіз, діни сананы қалыптастырушы (тірегі) – қалтқысыз діни (рухани) сенім. «Діни сенім: а) гипосталған жаратылыстардың, атрибутталған қасиеттер, байланыстар, түр өзгертулердің объективті түрде бар екендігіне; ә) көрсетілген жаратылыстарға әсер ете отырып, олармен қарым-қатынасқа түсудің және олардан көмек алудың мүмкіндігіне; б) мәтіндерде суреттелген қайсыбір оқиғалардың шынымен орындалатындығына, олардың қайталанатындығына, күтілген оқиғалардың болатынына, оларға қатыстылыққа; в) сәйкес түсініктердің, көзқарастардың қасаң қағидалардың, мәтіндердің және т.с.с. ақиқаттылығына; г) діни беделділерге – «әкейлерге», «ұстаздарға», «әулиелерге», «пайғамбарларға», «харизматиктерге», «бодхисаттваларға», «архаттарға», «шіркеу иерархтарына», «культ қызметкерлеріне» деген сенім [2, 18]. Сенім мен діни сананың бірігуі арқылы адамзаттың тылсым күшпен (Жаратқан Иемен) сұхбаттылығы орын алады. Жаратушының объективті

түрде бар екеніне сенім – қарым-қатынасты орнатады, мұндай сұхбат діни лексикада *«мінәжат», «құлшылық», «дұға», «медитация»* т.б. деп те аталады. Кезгелген адамзат қоғамы ешнәрсеге сенбей өмір сүре алмайды, тіпті атеистік көзқарастағы сенім де өз тарапынан «биологиялық», «физиологиялық», «физикалық» теорияларға негізделген сенімнің бір түрі. Адамзат санасында өз жаратылысының мақсаты мен мәні туралы рухани ой үнемі болған, бола да бермек. Адам жанының рухани ізденісі тек дін (руханияттық) тұрғысынан, құдіретке деген сенімі арқылы қанағаттанбақ. Сол себепті кез-келген адам баласының санасында рухани сенім арқылы қалыптасқан «ғаламның діни бейнесі» жаңғырып отыратыны анық.

«Ғаламның діни бейнесі» қабылдаған дініне байланысты әр ұлттың сөздік қорында өзіндік тілдік ерекшелігіне байланысты көрініс табады. «Діни лексиканың атауларын екі топқа бөлуге болады: 1) атрибутталған қасиеттері бар нақты заттарды білдіретін, мысалы, «икона», «крест», «храм», «кардинал», «монастырь»; 2) «Құдай», «періште», «жан», «керемет», «тозақ», «жұмақ» секілді гипостаздалған жаратылыстар, қасиеттер, байланыстарды білдіретіндер» [2, 18]. Жеке адам дүниетанымындағы діни сана тіл арқылы құлшылық ету, дін талабы бойынша ритуал жасау, медитациялық практиканың орын алуы бара-бара топтық, кейін қоғамдық, әлеуметтік деңгейлерден өтіп адамзат дүниетанымындағы бүтін бүкіл ғалам бейнесіне айналды. Діннен енген лексиканың түпкі ұғымы адамзат баласының тылсым күшпен қарым-қатынасын білдіреді, оған мінәжат етуіне алып келеді. Діннің қай сөзін алып қарасаңыз да қасиеттілікке ие, соған сену, құлшылық ету арқылы адамзаттың күнәдан тазаруы, рухани әлемінің жаңаруы, жаңғыруына маңызды деген сана басым. Сол себепті, діннің шыққан тілінде мінәжат ету қасиеттілікке ие деген түсінік бар.

Рухани танымда қалыптасқан «мінәжат» түсінігінің этимологиясы тереңде жатыр. «Мінәжат» лексемасының лингвофилософиялық семантикасы жаратылыстың бастауында Құдайдың әуелде «Нұрды» жаратуынан бастау алады. Ал, алғашқы жазбаша «Мінәжат» үлгілері (мәтіндері) көне Мұса пайғамбарға түскен Тауратта келтірілсе, Дәуіт пайғамбарға түскен қасиетті кітап «Зәбүрда» қазақ халқының әдебиетінде бертін қалыптасқан «Мінәжат жанрындағы» өлең жолдарының алғышарттық үлгілері көрсетіледі. А.Байтұрсынұлы діни мұнды-зарлы өлеңдерін «мінәжаттық» деп атайды. Ал, «Әдебиеттанушы И.Жеменей мінәжаттың парсы әдебиетінде бес түрлі мағынасы бар екенін көрсетеді: 1. Біреумен сырласу, сыбырласу. 2. Алламен сырласу. 3. Біреудің ішкі ойын ұғыну. 4. Сырласу. 5. Алладан тілеу» [3]. Діни қасиетті кітаптың қайсысын алсаңызда адам баласының тіршілікке келген мақсаты біреу – сыналу. Мінәжат – Алланы еске алып, атын атап, ұлықтап, мұң-зарын айтып тілек тілеу, мойынсыну дегенді білдіреді. Қазақ халқында «Мінәжат» лексемасының лингвофилософиялық семантикасы көнеден жетіп, әлі де құндылығын жоғалтпаған *«Бата» мен «Дұға»* сөздерінің шеңберінде анықталмақ. Қасиетті Құран Кәрімде *«Дұға – ғибадаттың негізі»* (Ғафир сүресі, 60) деуі де, мінәжаттың тірегі мен құралы дұға екенін аңғартады. Халқымыздың салт-дәстүрімен біте қайнасқан «бата» лексемасының семантикасы – ақ тілек, пейіл, Алланың алдында ризалығын беру, тілек тілеу, ризалығын білдіру дұғамен қатар құндылыққа ие. Батаның толық мәтінінде Құранның тілдік бірліктерінің қолданылуы дұғамен байланысын көрсетеді.

Ал, адам баласының үкілі үміті мен рухани сезімі «дұға» процесінде (үрдісінде) көрініс табады. *«Дұға» сөздікте «шақыру, жәрдем тілеу, талап ету, атымен шақыру, құлшылық»* деген мағыналарғы саяды. Шариғатта *«Аллаһ тағаладан талап етіп, жәрдем тілеу»* деген мағынаны біреді» [4, 27]. «Бата» мен «Дұға» лексемаларының ұқсастықтарымен қоса, өзіндік ерекшеліктері де бар. *«Бата»* сөзі араб тіліндегі *«фатеке»* сөзінен еніп, *алғыс айту, ақ тілек тілек* айту деген мағынаны білдіреді. Бата дастархан басында, түрлі тойларда, жақсылықтарда, бір адамның екінші адамға ризалығын білдіргенде айтылады. Осыған орай оның бірнеше түрлері де бар. «Бата» Алланың алдында шынайы пейілі мен ниеті арқылы екінші адамға ризалығын білдіру, тілек тілеу, екінші адамға Алладан қолдау сұрау (немесе керісінше қарғыс айту). *«Дұға»* Аллаһ Тағала мен құл (адам) арасындағы қарым-қатынас.

Батаға қарағанда дұғаның ритуалы күрделі құбылыс. Мәселен, Исламдық діни санада «дұға жасау» бірнеше этаптардан тұрады: Таухид (Алланы ұлықтау), Мінәжат (Аллаға сыйыну, жалбарыну, тілеу), Нағыт (Мұхаммед пайғамбарға және оның сахабаларына мадақ). «Дұға» мен «батаның» адам тағдырына тигізер әсері зор. Жүйелі бата мен дұға адамзатқа ізгілік алып келсе, жүйесіз бата мен дұға қайғы мен қасірет, тағдырдың өзгеруіне алып келеді.

Халық аузында *«Дұға – рахметтің кілті»* [5, 18] деп айтылуында лингвофилософиялық семантикасын көруге болады. Дұғаның құдіреттілігі, адам тілегінің орындалуы – оның шынайы қалауы мен ішкі мінәжат ету сезімінің беріктігіне байланысты. Мінәжат ету барысында белгілі бір шынайы сезімді бастан өткізу арқылы дұға ету рахметтің (тілектің орындалу) кілтіне ие болуға болады. *«Дұға – мұсылманның қаруы, діннің тірегі, жер мен көктің нұры»* [6]. Сынақ үшін дүниеге келген мұсылман Алладан басқа ешкімнен пана іздемей, қорықпай тек дұға арқылы Жаратушы Иесімен байланыста болады. *«Кімге дұға есігі ашылса сол адамға рақым есігі ашылған болады. Аллаһтан талап етілген нәрселердің ішінде Аллаһқа ең жағымдысы – амандық. Дұға басқа келген, әлі келмеген бүкіл қиыншылықтарда пайдалы. Басқа келейін деп тұрған нәрселерді де тек дұға кері қайтара алады. Олай болса сіздер дұға етулеріңіз керек»* [6, 112]. Дұға мен амал әрекетінің адам тағдырын, пешенесін өзгертетіні дінде анық айтылады. Дұға – адамның ішкі ниеті мен көңіліне сай келген кезде орындалу қасиетіне ие. Дұға жасау кезінде де абай болу керектігін ғұламалар ескертіп те кеткен. Осыған байланысты дінде біраз мағлұматтар бар. Мәселен, Жәннатқа барған марқұмға періштелер тозақты көрсетіп: «Анау сенің орның болар еді,бірақ, сен мынандай амал жасадың, ниетің мен дұғаң сәйкес келіп соған сай өз үлесіңді алдың» деп айтады екен. Пенденің өмір сүру жолы мен о дүниедегі тағдыры ең басты, ниетіне, екіншіден, істеген амалдарына қарай анықталады. Тіршілікте шалқып өмір сүрген небір ниеті дұрыс емес Алланың құлдары өз пейілдеріне қарай ырзық-несібелерін бұ дүниеде ғана көрері хақ.

Халық арасында көпшіліктің *«дұға»* мен *«дуа»* сөздерін алма кезек қолдануынан түсініспеушіліктер орын алып жатады. Жарыспалы қолданылып жүрген *«дуа жасау», «дұға оқу» «дұғалапты»* мен *«дуалапты», «дуаланыпты»* тілдік бірліктерінің шатасып қолданылуы діннің түпкі негізін білмегендігінен шығады. *«Дуа»* сөзі негізінде араб тілінде Алладан дұға ету мағынасында жұмсалса, қазақ тілінде *«дұға»* сөзінің антонимі болады, яғни Алладан тыс нәрселерге сыйыну, тілеу мағынасында қолданылады. Дінде Алланың екі періштесі Харут пен Марут арқылы жеткен тылсым нәрсе адамдардың өз мүдделеріне асыру барысында *«дуа»* деп аталып таралып кеткен. *«Һарут пен Марут Бабыл (Вавилон) төңірегіндегі бір құдыққа басы төмен, аяғы жоғары қаратылып ілініп қойылды. Бір күні бір адам байқаусызда түсіп кетеді. Оған сиқыр үйретеді. Себебі, сиқырдан басқа олардың қолында адамды құдықтан шығаратын, аман сақтайтын жол жоқ еді»* [7, 27]. Алғаш еврейлер арасында дуа жасау әдеті кең өріс алды, сол уақытты дінде сиқыршылықтың бастауы (магия) дәуірі деп те атап кетті. Адамға жақсылық жасау мақсатында періштелердің пендеге үйреткен амалдары теріс ниетке кезіккенде Алланың дұғасын сиқырға қосып «дуа жасау» әдісін де дамытты. Тіліміздегі біраз табу сөздердің астарында магия әсері, «дуа жасалу» мүмкіндігі барлығы жатыр. Сол себепті табу етілген сөздерге қазақ халқы әуелден қатаң қараған. Магияға, сөздің құдіретіне сенім қазақ санасында шаманизммен ұштасып, *«жын соққан», «пері ұрған», «көк соққан»* сөз тіркестері пайда болған. Ал, сиқырлау, жадылау, дуалау, арбау сияқты сөздердің қатысуымен *«арбап қойды», «басын айналдырды», «жолын кесті», «жадылап тастады», «сиқырлап кетті»* т.б. сөз тіркестер пайда болды. Осыған орай, тілімізге тиек болған діни лексиканы «дұға», «бата», «дуа» және діни сөздерден қалыптасқан тілдік бірліктер, тұрақты тіркестерді дұрыс қолдана білу ұлттық діліміздің діни тұрғыда дұрыс сақтап қалуға негіз болады.

Исламға дейін Қазақ жерінде «Тәңіршілдік» болды. Көптеген ғалымдар тәңіршілдікті философиялық жүйе ретінде қарап келеді. Алғашқы қауымдағы адам көп нәрсені түсіне алмағандықтан, кезкелген құбылысқа құлшылық етіп, табынып, құдайға айналдырды. Бұл

адам баласының өзінен жоғары тылсым күштің бар екеніне әуелден сенгендігін білдірсе, қазіргі саналы қауым Исламның келуімен тылсым күштің иесі бір Аллаһ екенін мойындап, мінәжат етудің мәні мен мағынасын түсінді. Ал, саналы адам бұрын құлшылық еткен құдайлар деген заңдылықтары тек табиғат құбылыстары екенін біледі. Адамзат тіршілігіндегі ақиқат пен жалғандықты, жақсы мен жаманды, оң мен солды, ақ пен қараны тек сана, ақыл мен кемелді рух қана айыра алмақ.

Нәтижелер. Діни сана қоғамдық санамен өзара байланыста дамиды. Ғаламның діни бейнесі әр адамның дүниетанымында әуелден болып, ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырап, толықтырылып отырған. Дін – қоғамдық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, ғаламның тылсым күштеріне жауап беретін адамзаттың ішкі әлемінің көрсеткіші. Дінде адам баласының рухани тіршілігі, ішкі күші, құдіреті, үкілі үміті мен нәзік сезімі, сенімі жатыр. Осыған орай, тілімізге енген біраз діни сөздердің астарында халықтың әл-ауқаты, салт-дәстүрі мен тарихи оқиғалары бар. Діни лексиканың тілде дұрыс қалыптасуы мен қолданылуы ұлттық беріктігімізді сақтап, парасаттылығымызды дамытып, келер ұрпаққа таза, бүтін қазақи ділімізді аманат етуге бірден бір себеп болмақ.

Талқылау. Ұлттың ерекшелігін, мәдениетін, оның тілі мен тарихын зерттегенде дінді айналып өту мүмкін емес, себебі діннен бастау алған мәдениет пен сенім ұлттық болмысты құрайды. «Тіл мен дін» Алланың жаратылыста адамзатқа берген ең үлкен сыйы, себебі екеуінің бірлестігінде ғана парасатты адамның санасы көрініс табады. Ғылымда, өмірде небір ғажайып жасап, жаңалық ашып, жетістікке жеткен адам баласының адамгершілігі, адами қасиеті, діни сезімі, ар-ұжданы болмаса құны көк тиын болмақ. Адамның адами қасиеті діни тұрғыда дамып, рухани тұрғыда көрініс таппайынша өзге істері бекер.

Академик Ә.Қайдаров тілдің үш басты қызметін атап өтеді. «Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысу үшін қажеттігі. Екінші – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал, тілдің үшінші қызметі, ғылыми терминмен айтқанда – аккумулятивтік деп аталады. Яғни, ол – тілдің ғасырлар бойы жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отырғанигілікті қасиеті» [8]. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақи исламдық ділдің табиғатын – бүгінге жеткен оның діни тілдік бірліктері мен діни салт-жоралғылары көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен дін аралығындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді сараптап, талдау маңызды. Діни лексиканың тілімізге өзгеріссіз, не өзгеріспен енуінің астарында біраз сыр бар. Халықтың философиялық көзқарасы, рухани тіршілігі, мәдени өмірі осы тілімізге енген діни лексиканың семантикасында жатыр.

Тіліміздегі табу мен эвфемизмдердің қалыптасуы да діннен негіз алады. Кез-келген тыйым, не сыпайы түрде айтылуы тиіс сөздердің белгілі бір себептері мен астарлы ұғымдары бар. Құпия, тылсым құбылыстардың бәріне тек дін жауап беруге қауқарлы болған себептен, адам санасындағы ғаламның діни бейнесінің лексикасы жүйелі талдау мен сараптауды қажет етеді. Ә.Ахметовтың «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» атты еңбегінде діни тұрғыда қалыптасқан табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық және этномәдени жүйесі, негіздері, классификациясы, жасалу жолдары, тіл байлығын дамытудағы орны, тіл мәдениетіне тигізетін әсері баяндалған. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінде, ақын-жыраулар тілінде ғаламның діни бейнесі айқын көрініп, діни лексикаға қанық лингвофилософиялық таным аңғарылады. Осы тұрғыдан, «Тіл-Мәдениет-Дін» бірлестігінде қалыптасқан қазақи болмыстың лингвофилософиялық семантикасы терең екені байқалады. Қазақи діни тілді зерттеу арқылы ұлттық мәдениеттің ерекшелігін анықтасақ, мәдениет пен тілді зерттеу арқылы діни болмысымызды айқындаймыз. Неміс ғалымы Яков Гримм «Лексикологияға кіріспе» еңбегінде: «Біздің тіліміз – біздің тарихымыз» дейді [9, 18]. Ол өз еңбегінде тіл – бүкіл ұлттың болмысы мен бейнесі, тіршілігі, рухы, жаны, тегі дейді. Тіпті, бір адамның тілі арқылы тарихқа үңілмей-ақ, қандай ұлтпен байланыста болғанын, ұлттық

мінезін анықтауға болатынын толығымен дәлелдеп шықты. E. Sapir: «Тілдің бір тұғыры бар ... ол мәдениеттер тыс өмір сүрмейді. Атап айтқанда, ол дәстүр болып жалғасқан, біздің тұрмыс тіршілігімізбен мүлде қабысып кеткен салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерден айыра алмайды. Тіл тарихы мен мәдениет тарихы параллель, қатар дамиды»[10, 29]. Адамзат дүниетанымындағы ғаламның бейнесі тек діни тұрғыда ғана бүтіндікке ие болып, бір тұтас үйлесімділікте дамиды. Халықтың тұрмыс-тіршілігінде қалымтасқан діни жоралғылар салт-дәстүр, наным-сенім, оның болмысын құрайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өлшемі белгілі жаратылыс, өлшеусізді толық меңгеріп біле алмайды. Беймәлім, санадан тыс құбылыстарға тек дін жауап бере алады. Күнделікті орын алатын тылсым, адам сенгісіз құпиялы істерге адамның санасы жете бермейді. Қарапайым құбылыстардан, адамның дүниеге келуі мен дүниеден өтуінің өзінде, жылдың төрт мезгілге бөлінуінде, күннің қателеспей уақытымен, шығыстан шығып, батыспен батуында – ғаламның белгілі бір заңдылыққа бағынатыны, қатаң тәртіптің бар екенін көруге болады. Бүкіл жаратылыстың ішінде шаң құрлы көлемді ала алмайтын әр адамның өмірге келуінің белгілі бір себебі мен міндеті бар. Жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық, сараңдық пен жомарттық, зиялылық пен надандық, тағы басқалар салыстырылғанда ғана білінеді. Адамзат баласы сыналу үшін өмір осылай құрылған. Бұл – ғаламның діни бейнесі.

Аягөз өңірі топонимикасының кірме қабаты араб, парсы, монғол, орыс тілдерінен енген атаулардан тұрады. Бүгінгі таңда өңірде орыс тілінен енген атаулар жоқ деуге болады. Кеңес дәуірінде берілген бірді-екілі атаулар қазақ тіліне ауыстырылған және сол атаумен аталады. Өңір топонимикасында монғол тілінен енген атауларға басымдық беріледі. Мысалы, *Ақшатау* ауылына жақын жерде орналасқан *Қалғұтты* гидронимі монғол тілінен қалыптасса керек. Атаудың негізінде монғол тіліндегі *галуу* «қаз, қаздың» сөзі жатыр [8, 654], яғни *Галлут>Галлутты>Қалғұтты* болып қалыптасқан. *Қалғұт+ты* атауындағы *+ты* қосымшасы қазақ тіліндегі зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ. Демек *Қалғұтты* «қаздар көп мекендейтін өзен» мағынасында қалыптасқан атау болып табылады. Сонымен қатар *Дағанды* атты ауылдың атауында да монғол тілінің ықпалы бар деуге болады. Ю.Крючкиннің екі тілді аударма сөздігінде: 1. *дааға* – «двухгодовалый жеребенок, стригунок лончак; 2. *дааган чих* – «конский малый щавель» деген анықтама беріледі [8, 668]. Біздің тұжырымымыз бойынша атаудың қалыптасуына екінші мағына негіз болған, яғни, *Дааган чих – Дааган – Даған+ды* ауылдың маңында жылқы малы жейтін жоғарыда аталған өсімдіктің көп болуына байланысты берілген атау болса керек. Осы мысалдарға сүйене отырып, монғол тілінен қазақ тіліне енген сөздерде сөздің басында г-к,қ сөздің ортасында г-ғ сәйкестігін байқауға болады. Бұл атаулардың қалыптасуын қыпшақ кезеңіндегі моңғол тілінің ықпалы деген тұжырым жасай отырып, қыпшақ қабатына жатқызуға болады.

Араб тілінен енген топонимдер негізінен діни ұғымды білдіретін атаулар болып келеді, олардың тілімізге енуіне ислам дінінің әсері мол болған. Араб тілінен енген атауларға: *әулие, молда, мола, мешіт, мазар, кесене, зират* сөздерінің тіркесімен келген атаулар жатқызылды. Мысалы, *Ахмет базы, Әулие қыз бейіті, Әулиебұлақ, Барақ Сұлтан кесенесі, Жолдыбай кесенесі, Мұстафа, Қағаз ана зираты, Жалба кесенесі, Қатпа батырдың зираты, Қозы Көрпеш Баян сұлу мазары, Құдайәлі батырдың зираты*, т.б.

Аягөз өңірінде орын алған жер-су атауларының арасынан ертеде парсы тілінен енген сөздерден қалыптасқан атауларды да кездестірдік. Мысалы, *Баршатас* аулының атауына келетін болсақ, аймақтық халық этимологиясында бұл атаудың *барша* – «ала», «шұбар» сөзі мен *тас* сөзінің бірігуінен жасалған деген тұжырым алға қойылады. Сондай-ақ түрікше-

қазақша аударма сөздігінде «*PARÇA*-парча есім сөз, парсы тілінен енген, 1. Кесек, тілім; бөлік, бөлшек, мүше, тарау; сынық, жарықшақ» [9, 602] деген мағына беретін сөздің *Баршатас* атауының қалыптасуына негіз болуы әбден мүмкін. Себебі, біздің ойымызша, атау өлкенің физикалық-географиялық ерекшеліктеріне сай берілген, яғни, сол жердегі тас бөлшегінің, төбешіктің тас сынығына, бөлшегіне «тастың сынығы» деген атау беру нәтижесінде *Парчаташ – Баршатас* – «парча» (бөлшек, бөлік, сынық, жарықшақ) және *тас* сөзінің бірігуінен жасалса керек. Уақыт өте келе «парча» сөзі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне икемделіп, п-б-ға, ч-ш-ға ауысқан. Түркі тілдері арасындағы аталмыш дыбыс сәйкестігі бұның анық дәлелі бола алады. «Парча» сөзінің жер-су атауының қалыптасуына көне түркі дәуірінен бастап негіз болған деген тұжырымды қолдаймыз.

Орыс тілінен енген сөздерге *Офицер, Псков, Сергиополь, Сталин* тәрізді атауларды жатқызамыз. Орыс тілінен енген кірме атаулардың көбі кеңес өкіметінің құрылу кезеңімен, оны басқарған басшылардың атауларымен берілген. Алайда тәуелсіздік алған кезден бастап, өңірдегі орыс тілінен енген атаулардың ескі атаулары қайтарылған немесе қазақ тілінде жаңа атаулар берілген.

Негізгі тілдік қабат қазақ тіліне тән топонимдерді қамтиды. Бұл қабат та түрлі тарихи жағдайларда қалыптасқан, тіліміздің төл топонимдері болып табылады. Қазақ тіліне тән атаулар қоршаған ортаның физикалық ерекшеліктерінен, халықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді (*Ақшатау, Ақшәулі, Ащысу, Балтатарақ, Дөненбай, Қайрақты, Жаманегін, Жыланды, Қайрақты, Қараағаш, Қаражал, Қызылтас, Малтүгел, Сәмен, Сатай,* т.б.). Олар негізінен ру-тайпа атауларынан, өлкеге танымал батырлар, халыққа еңбегі сіңген тұлғалардың аттарынан, тарихи оқиғаларға, сан түрлі шаруашылық атауларына байланысты, аймақтың физикалық ерекшеліктеріне сәйкес қойылған атаулар.

Аягөз өңірінде кездесетін жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері халықтың басынан кешкен ерекше оқиғалары, елдің мәдени, рухани өмірінен мәлімет беретін жағдаяттардан қалыптасады. Осы лексика-семантикалық ерекшеліктерін сипаттай келе, Аягөз өңірінің топонимдерін: 1) аймақтың физикалық-географиялық сипатынан ақпарат беретін топонимдер, 2) халықтың кәсіби-тұрмыстық шаруашылығы мен қоғамдық қатынастарынан ақпарат беретін топонимдер деп екі топқа жіктедік.

1) Аймақтың физикалық-географиялық сипатынан ақпарат беретін топонимдер – өңірдің физикалық-географиялық ерекшеліктерін, өсімдіктер, жануарлар әлемін, өңірдегі физикалық-географиялық негіздердің түр-сипаты, көлемі, түсі, орналасу ерекшелігіне сай берілген атаулардан тұрады (*Ақбұлақ, Тарбағатай, Аққілет, Ақтүбек, Ақшәулі, Балтатарақ, Баршатас, Батпақ, Борлы, Жүзағаш, Жалғызсу, Қаражал, Қарасу, Қалғұтты, Дағанды, Қасқабұлақ, Қызылтас, Лайсу, Мыңбұлақ, Сарықамыс, Томар*, т.б.)

2) Халықтың кәсіби-тұрмыстық шаруашылығы мен қоғамдық қатынастарынан ақпарат беретін топонимдер қатарына аталмыш өңірді мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігін, тайпа, ру, кісі есімдерін, халықтың мәдени, рухани өмірінен мәлімет беретін топонимдер жатады (*Жаманегін, Егінді бұлақ, Темекілі, Ахмет базы, Апатай, Әулие қыз бейіті, Бәйтен, Бекентұр қорасы, Дөненбай, Ескенебұлағы, Қарауыл төбе, Мәмбет, Төленді*, т.б.)

Аягөз өңірі жер-су атауларының құрылымын грамматикалық тұрғыдан талдау негізінде топоним жасау құралдары мен тәсілдерінің сан алуан түрін анықтай аламыз. Жалпы алғанда Аягөз ауданы топонимдерін құрылымы жағынан саралай келе, оларды дара топонимдер және күрделі топонимдер деген екі топқа ажыраттық.

Бір түбірден жасалған дара топонимдер өз ішінде негізгі және туынды түбір топонимдер болып екіге бөлінеді. Негізгі топонимдерге *Қопа, Томар, Сырт* тәрізді морфемалық бөлшектерге бөлінбейтін атаулар жатады. Негізі түбір топонимдер –лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы, *Борлы, Темекілі, Дағанды, Қалғұтты* және т.б.

Аягөз өңіріндегі күрделі топонимдер екі не одан да көп сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Жер-су атауларының құрамындағы түбір морфемалардың санына қарай Аягөз өңірі топонимдерін бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті топонимдер, және көп компонентті деп топтастыруға болады:

1) Бір компонентті топонимдерге *Төленді, Қопа, Бәйтен, Сырт* тәрізді атауларды жатқызамыз;

2) Екі компонентті топонимдер қатарын *Ақши, Ақтүбек, Баршатас, Шақпақтас, Шөбартөс, Терісайрық, Шолпан өлген, Желдіқара, Шыңқожа, Қырғыз жалы*, т.б. атаулар толықтырады;

3) Үш компонентті топонимдерге *Қапа батырдың зираты, Қали Қабаш қорасы, Қағаз ана зираты, Жобалай бидің кесенесі, Бірәлі батырдың бұлағы*, т.б. некронимдер жатады;

4) Көп компонентті топонимдер Т*езекұлы Қисықтың кесенесі, Қозы Көрпеш Баян сұлу кесенесі, Сәджанұлы Тұмарбай Би шаты* және т.б. некронимдерден тұрады.

Өңірдің топонимикасы сөзжасамның лексика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдері арқылы жасалған. Алайда мысалдарды саралай келе, сөзжасамның аналитикалық тәсіліне басымдық беріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, Аягөз өңірінің жер-су атаулары қазақ тілінің тарихи қалыптасуы мен дамуынан, ерекшеліктерінен, халықтың басынан кешірген тарихи кезеңдерінен мол мағлұмат беретін тілдік бірліктер. Олардың жасалуына ен алдымен, сонау көне түркі дәуірінен бері қолданылатын географиялық терминдер негіз болған. Мысалы, топонимдердің құрамында орын алатын *шоқы, түбек, ой, қырат, сеңгір, тас, бұлақ, төбе, тау* тәрізді сонау түркі дәуірі жәдігерлерінде ұшырасатын атаулар қазақ ономастикасының қалыптасуына негіз болған. Уақыт сынына ұшырағанына, азын-аулақ дыбыстық өзгеріске түскеніне қарамастан, жер-су атауларының құрамында келетін бұл сөздер о бастағы мағыналарын сақтап қалған, яғни жер-су атауларының құрамында келіп, сол аймақтың кешегі физикалық-географиялық ерекшелігінен ақпарат береді. Сондай-ақ, қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғалар, жер-су атауларының пайда болуына байланысты сақталған аңыздар да өңір топонимикасының этимологиясынан мол мағлұмат береді. Зерттеу барысында халық этимологиясы мен ғылыми этимологиялық тұжырым арасында алшақтық байқалып, екі тұжырым бір-бірімен қиыспайтын мысалдар да кездесті.

Сондай-ақ Аягөз топонимдерінің құрамында сол өңірде өмір сүретін халықтың шаруашылығымен, тұрмыс-тіршілігімен, наным-сенімімен байланысты қалыптасқан атаулар да бар. Сол себепті Аягөз өңірі жер-су атауларын ұлттың тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, наным-сенімімен өзара байланыста қарастыру көптеген ғылыми тұжырымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.

Kaidar A. Kazah tilinin ozekti maseleleri. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 b.

2 Аталай В. Дивану Лугат-ит-Тюрк II том. – Анкара: «Тюрк дили куруму баспасы», 2006. – 366 б.

Atalay B. Divanü Lûgat-it-Türk, II cilt. Ankara: TDK Yayınları, 2006.- p. 366.

3 Аталай В. Дивану Лугат-ит-Тюрк III том. – Анкара: «Тюрк дили куруму баспасы», 2006. – 462 б.

Atalay B. Divanü Lûgat-it-Türk, III cilt. – Ankara: TDK Yayınları, 2006. – p.462

4 Акбулак Ө. Дивану Лугат-ит-Тюркте йер шекиллерине илишкин теримлер (Диуани Лұғаттағы жер атауларына байланысты терминдер) //Тюркиш стадиш журналы – 2014. – № 9/6. – С.17-38.

Akbulak Ö. Divanü lûgat-it-türk'te yer şekillerine ilişkin terimler // Turkish Studies. – 2014. – Volume 9/6 Spring, p. 17-38.
5 Поппе Н. Алтай диллеринин каршылаштырмалы грамери (Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы). – Стамбұл: аударған Зеки Каймаз, 1994. – 295 б.
Poppe N. Altay Dillerinin Karşılaştırmalı Grameri. İstanbul, 1994. – 295 b.
6 Өзбеков С. Мұра. – Алматы: Қайнар, 1998. – 304 б.
Ozbekov S. Mura. – Almaty: Qainar, 1998. – 304 b.
7 Налбант М.В. Дивану Лугат-ит-Тюрк грамери-И-исим. – Стамбұл: «Билгеоғуз баспасы», 2008. – 293 б.
Nalbant M.V. Divanü Lugati-t Türk grameri-I-isim // Bilgeoğuz yayınları, – İstanbul, 2008. – 293 b.
8 Крючкин Ю. Большой современный русско-монгольский – монгольско-русский словарь. – Москва: Восток, 2006. – 924 с.
Kruchkin I.U. Bolshoi sovremennyi russko-mongolski – mongolsko-russkii slovar. – Moscow: Vostok, 2006. – 924 s.
9 Байниязов А., Байниязова Ж. Түрікше-қазақша сөздік. –Алматы: «Дәуір», 2007. – 808 б.
Bainiyazov A., Bainiyazova, Zh. Turikshe-kazahsha sozdik. – Almaty: Dauir, 2007. – 808 b.

Материал 05.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kaidar A. Actual problems of Kazakh language. – Almaty: «Ana tili», 1998. – 304 p.
2 Atalay V. Divan Lugat at-Turk T. II. – Ankara: publishing house «Turk dili kurumu», 2006. - 366 p.
3 Atalay V. Divan Lugat at-Turk T. III. – Ankara: publishing house «Turk dili kurumu», 2006. – 462 p.
4 Akbulak O. Divan Lugat at-Turkte yer те йер şekillerine ilişkin terimler (Terms related to place names in Divan Lugat at-Turk) //journal Turkish studies – 2014. – № 9/6. – pp.17-38.
5 Poppe N. Altay dillerinin karşılaştırmalı grameri (Comparative grammar of Altaic languages). – Istanbul: translated by Zeki Kaimaz, 1994. – 295 p.
6 Ozbekov S. Inheritance. – Almaty: Kainar, 1998. – 304 p.
7 Nalbant M.V. Divanü Lugati-t Türk grameri-I-isim. – Istanbul: publishing house «Bilgeoğuz», 2008. – 293 p.
8 Kruchkin Yu. Large modern Russian-Mongolian – Mogolian-Russian dictionary. – Moscow: Vostok, 2006. – 924 p.
9 Bayniyazov A., Bayniyazova Zh. Turkish-Kazakh dictionary. – Almaty: «Dayir», 2007. – 808 p.

Лингвокультурное пространство топонимов Аягузского района Восточно-Казахстанской области

Ш.Б. Сейитова[1], С.К Сатенова[2], А.А. Касымова[1], Ш.А. Доскеева[1]
[1]Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей, 071400, Республика Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются лингвистические особенности и культурное пространство топонимов Аягузского района Восточно-Казахстанской области. Выделяются общие черты в способах формирования топонимов региона. Топонимические номены группируются по способам формирования, общим чертам, географическим особенностям и составу. Были проведены этимологический, лексический, грамматический анализы формирования отдельных географических названий. Определен языковой слой имен нарицательных от древнетюркского периода до наших дней, а также изучаются

цветообозначения и географические термины, содержащиеся в топонимах. Выделены лексическо-семантические особенности общих тюркских корней в топонимических названиях. В результате установлено, что сходства и различия названий земель и вод, используемых в Аягузском районе Восточно-Казахстанской области, тесно связаны с этапами их формирования. В статье также делаются выводы и предположения о формировании некоторых топонимов.

Материал поступил в редакцию журнала 5.11.2020

Linguocultural space of toponyms in Ayaguz district of East Kazakhstan region

Sh.B. Seiitova[1], S.K. Satenova[2], A.A. Kassymova[1], Sh.A. Doskeyeva[1]
[1]Kazakh humanitarian law innovation university, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article investigates linguistic peculiarities and cultural space of toponyms in Ayagoz region of East Kazakhstan. The authors highlight common features in the formation of geographical names in the region. Toponymic nomen are grouped by formation methods, similarities, geographical features, and composition. The article also provides etymological, lexical and grammatical analyses of the formation of individual geographical names. Geographical terms, color and common names in the toponyms were viewed in the timeline starting from ancient Turkic language layer up to the present. The study of toponyms has showed lexical and semantic features of common Turkic root words. As a result, the article shows evidence that the similarities and peculiarities in geographical names used in Ayagoz region of the East Kazakhstan are closely related to the stages of their formation. The article also provides certain etymological conclusions and assumptions about the origin of some toponyms.

Received: 05.11.2020

ӘОЖ 8.81’37

Б.К. Шагирбаева[1], Ш.Қ. Құрманбаева[2], Сагидолда Г.[3]
[1]PhD докторант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-4496-201X. E-mail: b_shagirbaeva73@mail.ru
[2]педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-4496-201X
[3]филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-4496-201X

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ТҮРКІТАНЫМДЫҚ КОНТЕКСТЕГІ КӨРІНІСІ

Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – құндылық. Түркі халықтарына ортақ ұлттық құндылықтар – патриоттық сезім, өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушылық қатынас.

Мақалада лингвистикалық түркітану ғылымында антропөзектік парадигма аясына кіретін жалпытүркілік таным, жалпытүркілік сана, жалпытүркілік тілдік сана, жалпытүркілік мәдениет, жалпытүркілік руханият, жалпытүркілік тұтастық, жалпытүркілік кеңістік мәселесі қарастырылады. Тілде халықтың ұлттық ерекшелігі, қоғамдық орны, тарихы көрініс тауып, түрленеді. Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың

мәдениеті, білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры тіл семантикасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік ұжымның ұлттық, мәдени мәдени тәжірибесін көрсетеді. Сол себепті ғаламды сөзбен көрсетуде дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Ұлттық құндылықтар ұлттың тек ежелден келе жатқан, ертеден меншіктенген қазынасы, игілігі, алтын қоры, асыл мұрасы ғана емес, сонымен қатар ұлттың бүгінгі күнде басқа халықтардан бұрын игерген ғылымдағы, өндірістегі, мәдениеттегі, өнердегі бірінші табысы екендігі кеңінен талданады.

Кілт сөздер: түркітаным, антропоөзектік парадигма, ұлттық құндылық, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр.

КІРІСПЕ

Заманауи тіл білімінде лингвистиканың дәстүрлі құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасымен қатар тілді сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, яғни, белгілі бір тілдің функционалды әлеуетін пайдаланатын этноұжымдық ортамен, олар өмір сүретін әлеуметтік қоғаммен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, мәдениетімен сабақтастыра зерттеу қолға алынуда. Яғни, тілді тіл иесінің жалпы болмысымен сабақтастыра қарастыратын антропоөзектік зерттеу парадигмасы кеңінен қолданылуда.

Қазіргі тіл ғылымында қалыптасып келе жатқан антропоөзектік бағыттың тұжырымдары бойынша, белгілі этносқа байланысты этномәдени мәселелердің шешімін оның ғасырлар бойы жинақталған рухани мәдени дүниесін бейнелейтін мағлұматы бар тіл бірліктері арқылы табу ерекше маңызға ие болып отыр. Ұлт тарихы, онымен бірге тіл тарихы – даму жолы ұзақ құбылыс, осы жолда әр этнос өзіндік дүниетаным әдіс-тәсілін тауып, мәдениетін қалыптастырады. Тіл ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы білімді жеткізудің негізгі жолы. Сондықтан қазіргі тіл ғылымы тілдің «қарым-қатынастың аса маңызды құралы» қызметімен қатар, «ойды қалыптастырып, жарыққа шығару» қызметіне, яғни танымдық қызметіне айрықша мән береді. Ақыл-парасат, сезім иесі ретіндегі саналы адамның ең басты қасиеті – өзін қоршаған ортаны танып білуге деген құштарлығы. Адам санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесі арқылы қабылданған ақыл-ой – сол заттардың әсерінен пайда болған білім, ақпарат болып табылады. Сол себепті мәдениет – адамның саналы іс-әрекетінің, таным қызметінің жемісі саналады. Әр тарихи дәуір дәстүрлі мәдениетке өзіндік үлесін қосып отырады. Мәдениет субъектісі адамның ғаламды танып-біліп, оның жақсылық, сұлулық, әділеттілік тәрізді құрылымнан тұратынын сезінуі арқылы материалдық және рухани қажеттілігін өтеу үдерісінде жағымды бағалауға, қастерлеуге ие болатын сәттері құндылықты тану деп аталады. Құндылықтар шынайы өмірді жүйелеп реттейді, байыпты бағалауға негіз болады, адамзаттың өмір-тіршілігіне мән-маңыз қосады. Ғылымда айтылып жүрген көзқарастарға қарағанда, құндылық – ұлттық мәдениеттің маңызды компоненті. Құндылықтың жалпы адамзатқа ортақ формаларымен қатар, әр мәдениеттің өзіндік құндылықтар әлемі болады. Дегенмен қай мәдениетте болса да, ең басты құндылық – Адам! Адам – білімімен адам. Адам баласы үшін пір тұтатын киелі, қастерлі ұғым-түсінік өмірдің қай кезеңінде де өте қажет. Құндылық – киелі де қастерлі ұғым. Бұл мәселенің, әсіресе құндылықтардың мәні азайып, дәстүрлі мәдениеттің қадірі кетіп бара жатқан дәуірде ауадай қажеттілігі сезіледі. Өз ұлтының құндылықтарына ықыласпен, құрметпен қарау сезімі адам бойына сәби кезінен сіңіріледі, Ананың сүтімен беріледі. Өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін – моральдық негізі ретінде Ана тілі арқылы игеріп, нәр алады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілдің қоғам мүшелерінің арасындағы қатынас құралы ретіндегі қызметінің ерекшелігі қаншалықты маңызды болатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ұлт тарихы, онымен

бірге тіл тарихы – даму жолы ұзақ құбылыс, сондықтан әлем бейнесінің небір құпия сырларын ұғынып түсінуге бағытталған әр этностың ғасырлар бойындағы жетістіктері – тіл арқылы таңбаланған мол қазынасы, баға жетпес байлығы болып табылады. Осы асыл қазынаның қоймасында ұлт табиғатынан, оның болмысынан ақпарат беретін халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі мен діні, психологиясының көрінісі, бейнесі сақталады. Қай ұлт болмасын, сыры – тілінде, оның түп тамыры этностың мың-мыңдаған жылдар жүріп өткен тарихи жолымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өз қолымен, ақыл-ой, санасымен жасаған мәдениетімен, дүниетанымымен сабақтасып жатыр. Тілдің осы ұлт байлығын сақтап, қордалап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қызметін, танымдық қасиетін, ғалым Ә.Т.Қайдар «тіл феномені», «тіл әлемі» деп атайды. Осыған орай, «... тіл феноменін – «тіл әлемін»: этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін өзі танып-білудің өлшемі де сол – тіл. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады» деп анықтай келе, «Сонымен, тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі»[1], – деп қорытындылайды. Осындай тұжырымдарға сәйкес, қазіргі тіл ғылымы тілдің «қарым қатынастың аса маңызды құралы» қызметімен қатар, танымдық қызметіне, мәдениеттің көрінісі қызметіне айрықша мән береді. Ақыл-парасат, сезім иесі ретіндегі саналы адамның ең басты қасиеті – өзін қоршаған ортаны танып білуге деген ерекше құштарлығы. Дүниені танып-білудің негізінде зат, құбылыстардың адам санасында бейнеленуі жатады. Адам санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесі арқылы қабылданған ақыл-ой – ол заттардың өзі емес, солардың әсерінен пайда болған білім, ақпарат саналады. Сананың пайда болуы екі факторға байланысты: біріншісі – еңбек, екіншісі – тіл. Тіл – сананың (ойдың), материяның көрінісі, негізі. Тілсіз сана жоқ, ал санасыз (ойсыз) адам да болмайды. Сана әрдайым тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды. Тілге байланысты сана қоғамдық құбылыс ретінде дамып, қоғамдық рухани жеміске айналады. Қарым-қатынас тілдік қатынас, тілден тыс қатынас болып бөлінетін болса, сана тілдік қатынасқа сүйенеді, өйткені сана арқылы адам дүниені бейнелеп, суретін салып қана қоймайды. Адам адам болғандықтан, санаға әсер ете алады, өзгерте алады. Бұл А.Байтұрсынұлының пайымдауында: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [2],-деп түйінделеді. Демек, сөз өнері адам санасының үш тағанына, негізіне тіреледі. Сөзді түсініп, орнымен қолдану, терең білім және үлкен өнер. Халық даналығы оны «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар», «Бал тамған тілден у да тамар» десе, даналар сөзінде «Көрінеді тілден түйсік білім де; Біле білсең, ең жарылқаушы – тілің де», «Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл (Ж.Баласағұни), «Тіл – күзететін босаға, Басыңды жер тығылсаң да тасаға», деп пайымдатып, қоғамдық сананың, ұлттық сананың қалыптасуына тірек болады. Сонымен, философияда пайымдалуынша, сана дегеніміз – объективті дүниенің адам миында пайда болатын субъективтік бейнесі, сәулесі. Бірақ ол жай бейне емес, шығармашылық бейне. Сана-сезім – өзін-өзі сезініп, ұғыну арқылы жететін сананың ең жоғарғы сатысы. Сананың түрі көп: жеке адамның санасы және қоғамдық, қарапайым, теориялық, ғылыми, прогресшіл т.б сана болып бөлінеді. [3]. Ф.Соссюрдің пайымдауынша, таңбалар жүйесі ретінде тілдің, тілдік элементтердің, материалдық және идеялық жағы болады. Тілдік таңбаның идеялық жағы – ойлау нәтижесі, ұғым-түсінік, тіл арқылы берілетін мазмұнның негізі. Тіл мен ойлау бір бүтіннің екі саласы:

бірі – материалдық жағы да, екіншісі – мағыналық жағы, сол себепті ойлаудың танытқыштық қызметін сөз еткенде, тіл туралы айтпауға болмайды, ал тілдің семантикалық, функциялық жағын сөз еткенде, ойлауға соқпай кету мүмкін емес деп есептеледі. Ғалам бейнесі де, адам бейнесі де тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілді зерттеу арқылы адамзат өзін-өзі танып, түйсінеді. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды. Тілдік элементтердің мағыналық жағы – тілді ойлаумен ұштастыратын дәнекер, желі. Осы мағыналық желінің бір басында тіл тұрса, екінші басында ойлау тұрады. Ой-сана адамның танымын қалыптастырады, сондықтан – ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі – Таным деп аталады. Адамның жиған-терген ақпараты тілде сақтаулы. Адам қоғамдық сана арқылы өзінің өмір сүру ортасын, өмір сүру әлемін тілде бейнелейді және сол арқылы этностың ментальділігін анықтайды. Тілдің осы тіл иесі табиғатын, этнос болмысын таныта алу қабілеті мен оны танытуға деген қажеттілігі тілдік ортаның қалыптасуын керексінеді. Бұл қажеттілік тілдің функционалды табиғатымен тікелей байланысты, өйткені тілсіз еш қоғам өмір сүрмейді, тіл – адам қоғамының өмір сүру құралы, ол тіл иесінің тіршілік әрекетін қатынас, байланыспен қамтамасыз етуі арқылы көрінеді [4]. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлау қарым-қатынастың екі мүшесі, екі элементі саналады. «Ойлау – тіл арқылы таңбаланған идея мазмұнының негізі. Халық дүниетанымы оны «Ми ойлағанды тіл тындырады», «Сөз – сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» деп ойдың жарыққа шығуына тіл қаншалықты қажет болса, тілдің өмір сүруі үшін қарым-қатынастың да соншалықты маңызды екенін пайымдатады. Қазіргі тіл ғылымы тілдің осы танымдық қызметіне айрықша мән береді. Ол үшін «Тіл қаруы – сөз» демекші, тілдің танымдық қызметі арқылы қалыптасқан тілдік-таңбаны дайын сөз – атауыш ретінде зерттеу нысанына айналдырады. Тілдің терең құрылымы ой мен болмыстың арақатынасынан пайда болады. Әртүрлі тілдерде байқалатын жақындықтың осындай терең құрылымға тәуелді болуы, ең алдымен, адамзатқа ортақ ой жүйесіне байланысты. Адамның ойлау жүйесін концептуалды жүйе ретінде танимыз. Тілдегі «алғашқы номинациялар» тілдің сөз байлығының өзегін құрайды. Қ.Жұбанов адамның танымдық қасиетін «зат пен құбылысқа тағылған аттардың пайда болуы...» туралы өз заманындағы ойларды зерделей, бағыттарды саралай келе, ұлттық дүниетанымдық тұжырымдар тұрғысынан түсіндіреді:

- біріншіден, затқа ат қою үшін сол ұғымның (таңбаланушының) халық тұрмысында орны болуы қажет. «Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың овца дегені – саулық, баран дегені – қошқар. ... Ал біздің ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Адайларда, арабтарда түйе түлігінің аты көп; Еділ, Каспий (Атырау) бойының қазақтары балық түрлерінің атын көп біледі. Демек, қолданылмаған затқа ат жоқ. Халықтардың тұрмыс қалпы әртүрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аты да түрлі-түрлі» [5]. Заттың қолданылу не қолданылмау себебі халық өмір сүретін ортаның географиялық т.б. ерекшеліктеріне байланысты болатыны белгілі, сондықтан ұғым ортақ болғанымен, оның атауының аз не көп болуы сол зат-ұғымның халық тұрмысындағы маңызынан туады;

- екіншіден, адамның таным әлемі өзінен бастау алады, оны ғалым «кішкене космос дәуірі» (микрокосмический период) атайды. Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны, өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша небо – аспан, неба – таңдай; қазақ тіліндегі таң – аспан әлемінің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі; таңдай – адам денесінің жоғарғы жағы»,-дейді.

- үшіншіден, дүниетанымдық алғашқы пікір мифология түрінде пайда болғаны белгілі. Қ.Жұбанов оны «тотемизм» атаған, өйткені мифология негізінде дін дүниеге келді деп есептеледі. Осы кезеңде пайда болған кей сөздерге талдау жасалады, соның бірі – құт сөзі. «Құт сөзінің бақыт мағынасында екені белгілі. Құт = Құдай = бақыт – бұлар мағыналас. «Құтыр» деген сөздің түбірі де – сол құт, соңғы -ыр үстеу (жұрнақ).

- төртіншіден, дүниеге көзқарас арқылы да нәрсеге ат қойылады; мұнда -ғалым сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы жайында «ескі формаға жаңа мағына беру жолымен де тіл өрлеп отырады» деп есептейді;

- бесіншіден, функционалды семантика, заттың атқаратын қызметіне қарай атауға ие болуы, таңбалануы. «Киіз үйдің түндігінен жарық түседі, терезе де жарық түсіреді. Сондықтан Алтай елінде терезені «түндік» дейді.

Тіл белгілі этникалық ортаның мәдениетін таныту құралы, сол тіл мен мәдениет иесінің, этникалық тұлғаның, өзегін құрайды. Әр тілдік тұлға өзінің этникалық мәдениетін жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Қазақ тілінде қаз түбірінен қазық (қазық қағу), қада (қада ағаш) есімдері де жасалады. «Қаз» түбірінің түпкі мағынасы ежелгі түркілер дәуірінде тамақты жерді қазып, жерошақ жасап пісіру дәуірінен тамыр тартады деуге болады. Қазан-ошақ, қазан-аяқ қос сөздері – осы үдеріс нәтижесінде пайда болған, оның құралдары. Сонымен қатар, көшпелі тұрмыс тіршілікке қажет құралдар жетіліп отырады. Қазанаспа – «қазанды асатын (ілетін) ошақ, қазандық», мұнда жерді қазудың қажеті жоқ, жиналмалы құрал «мосыға» асады. Осыдан – «тамақ пісіру, жасау» мағынасындағы қазан асу күрделі сөзі пайда болады, бұл тұтастай «тамақ пісіру, дайындау, жасау» үдерісінің нәтижесі деуге болады. Қысқаша талдау белгілі атаудың қалыптасу баспалдақтарын танытады, алдымен, ең басты қажеттілік қоректену, тамақ жасап ішу, тән қажетін қанағаттандыру, сондықтан оған қажет басты негізгі таңбаланушы таңдалып, атауға ие болады. Бара-бара адам танымы жетілген сайын оның әдіс-тәсілдері де жетіледі, құралдары сан жағынан да, маңызы жағынан да байиды. «Қазанды» түркі халқы киелі ыдыс санайды және ұғым да ортақ. «Қара қазан, сары баланың қамы», – қазақ дүниетанымының өзек мәніне айналған. Қазан-ошақ отбасы, үй-жай мағынасын білдіреді. Ошағына от жақпаған, мұржасынан түтін шықпаған үй – үй емес. «Қара қазан» «қара шаңырақ» – әулет иесіне тән. Қазақ қазанда құт болады деп есептейді, оны біреуге бермейді. Қазанынан айырылса, құт кетеді, аштық болады, алдынан ас кетеді деп сақтанады. Көшкенде қазанқапқа салып, арбамен алып жүреді. Қазан біздің дәуірімізден бұрын 3-5 ғасырларды пайдаланылған деген дерек бар деп есептеледі. Қазан – қазақ этносы үшін қасиетті мүлік, өте байырғы ыдыс, сондықтан оның этномәдени мазмұны терең. Қазан атауының мазмұнына жинақталған ақпарат – этнотанымдық - сезімдік - этномәдени ақпарат болып табылады да, осы жүйедегі атаулар ұлттық құндылықты танытады. Еңбектің күрделенуі белгілі ұлттың әлемді танып, оның қыр-сырын меңгеруі арқылы ұлттық санасының кеңеюімен, дүниетанымының жетілуімен байланысып жатады, сондықтан «мәдениет – адам қызметінің жемісі» саналады, адамның өмір сүру үдерісіндегі қажеттілігін өтеуге негізделеді. Олай болса, қай этностың да мәдениеті дайын зат ретінде, заттық түр ретінде өмір сүреді деп, топшылауға болады. Әдетте, материалдық мәдениет өндіріс құрал-жабдықтары, сәулет өнері мұралары арқылы белгілі болса, рухани мәдениет: кітап, қолжазба, қылқалам шығармалары арқылы, сонымен қатар, өлең-жыр, ауыз әдебиеті үлгілерінде көрініс табады. Бұның барлығы – әр дәуірдегі адамның ақыл-ой, дүниетанымының жемісі, «мәдениет субъектісі – адам» өзінің алдындағы осы мәдени мұраны зерттеп, зерделеп жетілдіріп, дамытып отырады. Сол себепті мәдениеттің қай түрінде де, заттың мәдени бағаға ие болуы үшін ең алдымен адамдық сипат алуы керек. Зат-құбылыстың адамдық сипат алуы адамның дүниені танып-білуінен тұрады. Сөйтіп, философтардың пайымдауынша, материалдық және рухани мәдениет арасында терең бірлік бар, өйткені олардың екеуі де адам қызметінің нәтижесі болып табылады, оның бастауында «рухани басы – адамның материалдық формаға айналдыратын идеясы, жобалары, ойлары тұр». Дегенмен құндылықты материалдық және рухани деп бөлу көбінесе шартты түрде болады, өйткені шынайы өмірде олар тығыз байланысты, бірімен-бірі сіңісіп, толықтырып тұрады.

Жоғарыда аталған этномәдени бірліктердің негізі – қазан деуге болады. «Отан - от басынан басталады» демекші, қазан түркілер, қазақ дүниетанымында, әлем бейнесі. Қазақ

дүниетанымында қазан – отбасы, Шаңырақ ұғымының бейнесі, символ. «Қара қазан, сары бала Қамы үшін қылыш сермедік» – деп, Махамбет Өтемісов жырлағандай, қара қазанның бүтіндігі, ел тыныштығын білдіреді. Қазан – лингвокультурема. Қазан, сонымен қатар, құндылық деңгейіне өткен бірлік. Құндылықтар әлемі – ұлттық мәдениеттің өзегін құрайды.

Мақал-мәтелдер – әрбір ұлттың ой-санасының қорытынды түйіні, өмірде түйген-білгендерінің, түрлі тәжірибелерден жинақталған философиялық ойларының көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, бір қалыпқа реттелген күйде, тұрақталып, қалыптасқан түрлері. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, терең мазмұнымен ерекшеленетін, тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен жеткізе білетін қасиеттерге ие. Өмір туралы, тіршілік туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы ғана саналмай, ол ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа әрі тұжырымды болды.

Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде ата-бабасының моральдық-психологиялық, медицина-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой-пікірлерін де шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды. Көшпелілердің сонау ерте дәуірден-ақ көп біліп әрі оны ақылмен байыптай алатын адамды ерекше қастерлеуі тегін емес. Ондай адам ата-баба даналығының көзіндей саналатын. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешіммен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды рөл атқарып отырды. Мақал-мәтелдер – ғасырлар бірі-бірінің жалғасын тапса да, сол күйі өзгеріссіз қалған, ата-бабаларымыздың біздерге қалдырған өсиеті. Ауыз әдебиетінің көркем әрі парасатқа толы баға жетпес мұрасы.

Негізінен, түркі халықтарына тән кәсіп – ауылшаруашылығы болғандықтан қазақ және түрік халықтарына ортақ еңбек және кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер екі тілде көп кездеседі. Мысалы: түрік тіліндегі «Arpa,buğday aş oldu, altın gümüş taş oldu» (Arpa körpe aş imiş, altın gümüş taş imiş), «Açlık ne yedirtmez, tokluk ne dedirtmez», «Akılsız başın cezasını (zahmetini) ayaklar çeker», «Akraba ile ye iç(varış geliş et),alışveriş etme», «Kişinin aynası işidir», «Damlaya damlaya göl olur» және т.б. сияқты мақалдардың қазақ тілінде де «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен», «Саудада достық жоқ», «Сауда достыққа қарамас», «Ақымақ бас екі аяққа дамыл бермейді», «Басында миы жоқтың аяғына тыным жоқ», «Кісінің айнасы – еңбегі», «Аш не жемейді, тоқ не демейді», «Көп түкірсе көл болар» сияқты нұсқалары бар. Сонымен қатар, қазақ және түрік тілдерінде мағыналары бірдей, бірақ мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің ауысып келуімен жасалған мақалдар да кездеседі. Мысалы: түрікше:«Arpa eken, arpa biçer» (Арпа еккен, арпа орар) – қазақша: «Не ексең соны орасың», түрікше: «Para parayı çeker» – қазақша: «Ақшаны ақша табар», түрікше: «Avcı kediye kurnaz fare» (Аңшы мысыққа – айлакер тышқан) – қазақша: «Аңқау елге арамза молда», түрікше: «Ayağını yorganına göre uzat»(Аяғыңды көрпеңе қарай соз) – қазақша: «Көрпеңе қарап көсіл», түрікше: «Bin ölçüp bir biçmeli» (Мың өлшеп бір пішу керек) – қазақша: «Жеті рет өлшеп бір рет кес» және т.б. Қоғам және отбасы – бір-бірінен ажырамас ұғым, өйткені қоғам отбасынан, отбасы да қоғамның ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақ халқының «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің бір ырысы артық», «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады», «Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш», «Бірлік түбі – тірлік», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық», «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер», «Қонақ келсе, құт келер», «Шақырмаған жерге барма, шақырған жерден қалма», «Балық басынан шіриді», «Бес саусақ бірдей емес» және т.б.сияқты мақал-мәтелдерінің түрік тілінде де мынадай баламалары бар: «Erken kalkan (çıkan) yol alır, er evlenen döl alır» (Ерте шыққан жол алады, ерте үйленген төл алар), «Dost, acı söyler, fakat doğru söyler» (Дос ащы айтады, бірақ дұрыс айтады), «Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al» (Анасына қарап қызын ал, жиегіне қарап бөзін ал), «Misafirin Ayağı Uğurludur» (Қонақтың аяғы құт), «Çağrılan yere erinme, çağrılmayan yere görünme» (Шақырылған жерге ерінбе, шақырылмаған жерге көрінбе), «Arabanın ön tekerleği

nereye giderse, arka tekerleği de oraya gider» (Арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда барса, артқы дөңгелегі де сонда жүрер), «Balık baştan kokar» (Балық басынан сасиды), «Beş parmağın beşi de bir değildir» (Бес саусақтың бесеуі де бір емес) [7]. Қазақ және түрік тілдеріндегі қоғамдық және әлеуметтік тақырыптарға байланысты мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келуі туыстас екі халықтың ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалуының себебі болуы мүмкін. Алайда, екі тілдегі бұл мақал-мәтелдер өз мағыналарын сақтап қалған. Мысалы: түрік тілінде: «Babaya dayanma, karıya güvenme» (Әкеге сүйенбе, әйелге сенбе) – қазақ тілінде: «Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе»; түрік тілінде: «At teper, katır teper:ara yerde eşer ölür. (At tepişir arada eşek ölür)» (Ат тебісер, ортада есек өледі) – қазақ тілінде: «Екі түйе соғысса, ортасында шыбын өледі»; «İt ite buyurmuş, it de kuyruğuna» (Ит итке бұйырыпты, ит құйрығына) – қазақ тілінде: «Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды»; «Otuz iki dişten çıkan,otuz iki ağıza yayılır.» (Отыз екі тістен шыққан, отыз екі ауызға тарайды) – қазақ тілінде: «Отыз тістен шыққан сөз, отыз руға тарайды»; «Adamın alası (alacası) içinde, davarın (hayvanın) alacası dışında» (Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында) – қазақ тілінде: «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында»; «Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla» (Қызым саған айтамын, келінім сен түсін) – қазақ тілінде: «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда»; «İki kaptan bir gemiyi batırır» (Екі капитан бір кемені батырар) – қазақ тілінде: «Екі кеменің басын ұстаған суға кетер»; «İt ürür, kervan yürür» (Ит үреді, керуен жүреді.) – қазақ тілінде: «Ит үреді, керуен көшеді» және т.б. Әр ұлттың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің болуымен қатар, өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері, өмір сүру ережелері, күн кешуі, тіпті тамақтану ерекшеліктері де бар. Мысалы, «Ağacı yaprak yaraştırır, insanı giyim», «Ağacı güzel gösteren yapraklarıdır» және «At yiğidin yoldaşı» деген түрік тіліндегі мақалдардың қазақ тілінде «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Ат – ер қанаты» деген мақалдармен тура мағынада екеніне көз жеткізуге болады. Тұрмыс-салтқа байланысты айтылған мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің ауысып келетінін көруге болады. Мысалы: «Aç tavuk uykusunda darı görür» (Аш тауық түсінде тары көреді) – «Тауықтың түсіне тары кіреді»; «At aylansa kazıkla» (Ат қазықпен айналса) – «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар»; «İki bas bir kazanda kaynamaz» (Екі бас бір қазанда қайнамайды), «İki aslan bir posta sığmaz» (Екі арыстан бір торға сыймас) – «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» және т.б. Адам бойынан табылатын жақсы және жаман қасиеттер де мақал-мәтелдерде көрініс тауып жатады. Сол қасиеттер арқылы бір елдің ой-санасын, психологиясын анықтауға болады. Түбі бір туыстас екі халықтың, ұзақ уақыт бойы араласа алмаса да, әлі күнге дейінгі олардың ойлау жүйесі мен мінез-құлық ұқсастығы түбі бір туыстас түркі халықтарының ұрпақтары екендігін дәлелдейді. Қазақ және түрік тілдеріндегі адамгершілік пен кішіпейілділікке қатысты айтылған мақал-мәтелдерге зер салайық. Түрік тілінде: «Alışmış, kudurmuştan beterdir» (Үйреніскен құтырғаннан бетер) – қазақ тілінде: «Дәніккеннен құныққан жаман»; түрік тілінде: «Akıl nefsin düşmanıdır» (Ақыл нәпсінің дұшпаны) – қазақ тілінде: «Ашу – ақылдың дұшпаны, нәпсі – иманның дұшпаны»; түрік тілінде: «Uyuyan yılanın kuyruğuna basma» (Ұйықтаған жыланның құйрығынан баспа) – қазақ тілінде: «Ұйықтап жатқан жыланның құйрығын баспа»; «Yanınızda bir arkadaş varsa, hiçbir yol uzun değildir» (Жанында жолдасың болса, ешқандай жол ұзын емес) – «Жолдасың жақсы болса жолым ұзын деме, Жолдасың жаман болса қолым ұзын деме» [8] және т.б. Екі тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігі де байқалады. Мұндай ерекшеліктердің болуы табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Мұндай ерекшеліктер мен ұқсастықтар туыстас түркі халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалып, қоян-қолтық араласпауының салдарынан болады. Алайда екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерге қарап, қазақ және түрік халықтарының түбі бір екеніне көз жеткізуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, әр халықтың мәдениеті өзіне тән құндылықтар жүйесінен тұрады. Құндылық – адами мәдениет көрсеткіші, мәдениеттің адам болмысындағы әртүрлі формаларына көзқарасын танытушы. Құндылық – адамның өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, өткеннің өнегелі тұжырымдарына, отбасы, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, адам өмірінің мән-мағынасына деген бағалау мәнді қатынас-көзқарас деп пайымдауға болады. Құндылықты сезіну: жақсылық, әсемдік, әділеттілік тәрізді құрылымнан тұратын адамның материалдық және рухани қажеттілігін өтеу үдерісіндегі жағымды бағалауға ие сәттері. Өйткені құндылықтар шынайы өмірді жүйелеп реттейді, байыпты бағалауға негіз болады, адамзаттың өмір-тіршілігіне мән-маңыз қосады. Белгілі бір құндылық көрінісі әр мәдениетте өзінше түзілетіні, өзіндік мәнге ие болатыны белгілі. Адам баласы үшін пір тұтатын киелі, қастерлі ұғым-түсінік өмірдің қай кезеңінде де өте қажет. Құндылық – киелі де қастерлі ұғым. Бұл мәселенің, әсіресе құндылықтардың мәні азайып, дәстүрлі мәдениеттің қадірі кетіп бара жатқан дәуірде ауадай қажеттілігі сезіледі. Өз ұлтының құндылықтарына ықыласпен, құрметпен қарау сезімі адам бойында саналы түрде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отыратын танымдық құбылыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.
Qaıdar Á. Qazaq tiliniń ózekti máseleleri: Aktýalnye voprosy kazahskogo ıazyka. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 bet.
2 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
Baıtursynuly A. Qazaq til biliminiń máseleleri. – Almaty: Abzal-Aı, 2013. – 640 b.
3 Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: Қарасай, 2008. – 360 б.
Kishibekov D., Sydyqov U. Fılosofıa. – Almaty: Qarasaı, 2008. – 360 b.
4 Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Дәуір, 2004. – 240 б.
Qordabaev T., Qalıev Ǵ. Jalpy til bilimi.-Almaty: Dáýir, 2004. – 240 b.
5 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
Jubaeva O. Qazaq tiliniń kognıtıvti grammatıkasy. – Almaty: Qazyǵurt, 2014. – 392 b.
6 Назарова А.Ж., Садуова Ш.М. Қазақ және түрік тілдеріне ортақ мақал-мәтелдер (мақала)// ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2 (72) 2015ж.
Nazarova A.J., Sadýova Sh.M. Qazaq jáne túrik tilderine ortaq maqal- mátelder (maqala)// QazUÝ Habarshysy. Shyǵystanýsery. №2 (72) 2015j.
7 Uğur Gürsu. Kazak türkçesi'ndeki ve Türkiye türkçesi'ndeki atasözlerinin karşilaştirmali biçimde incelenmesi. – Түркия, Стамбул, 2009.

Материал 12.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kaidar A. Topical issues of the Kazakh language. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 p.
2 Baitursynov A. Problems of Kazakh linguistics. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 p.
3 Kishibekov D., Sydykov U. Philosophy. – Almaty: Karasai, 2008. – 360 p.
4 Kordabaev T., Kaliyev G. General linguistics. – Almaty: Daur, 2004. – 240 p.
5 Zhubayeva O. Cognitive grammar of the Kazakh language. – Almaty: Kazygurt, 2014. – 392 p.
6 Nazarova A.Zh., Saduova Sh.M. Common proverbs in the Kazakh and Turkish languages (article) // KazNU Herald. Oriental Studies Series. №2 (72) 2015.
7 Uğur Gürsu. Comparative study of proverbs in Kazakh and Turkish. – Turkey, Istanbul, 2009.

Национальные ценности в тюркологическом контексте

Б.К. Шагирбаева[1], Ш.К. Курманбаева[2], Г. Сагидолда[2]

[1]Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, 010000, Республика Казахстан

Духовные ценности являются главной чертой любой нации, которые отличают ее от других и определяют ее собственную судьбу. Общечеловеческие ценности, общие для тюркских народов, – это чувство патриотизма, отношение к жизни, труду, творчеству, моральная пропаганда, смысл человеческой жизни.

В статье рассматриваются вопросы общетюркского познания, общетюркского сознания, общетюркского языкового сознания, общетюркской культуры, общетюркской духовности, общетюркской целостности, общетюркского пространства в рамках антропоцентрической парадигмы в лингвистике. Язык отражает и меняет национальную идентичность, общественное место, историю народа.

Культура, знания и опыт конкретного этнолингвистического сообщества отражаются в языке и формируют менталитет. База знаний отражается в семантике языка и отражает национальный, культурный опыт конкретного языкового сообщества. Поэтому глобальное выражение мира отражает национальные особенности мировоззрения: национальные ценности – это не только древние сокровища, богатство, золотое наследие нации, но и первые достижения нации в науке, промышленности, культуре и искусстве. Все это широко анализируется в нашей статье.

Материал поступил в редакцию журнала 12.11.2020

Views of national values in the turkish concept

B. Shagirbaeva[1], Sh. Kurmanbayeva[2], G.Sagidolda[2]
[1]Sh.Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyev Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

Values are the main feature of any nation, which distinguishes it from others and determines its own destiny. National values common to the Turkic peoples – a sense of patriotism, an attitude to life, work, creativity, moral propaganda, the meaning of human life.

The article considers the issues of all-Turkic cognition, all-Turkic consciousness, all-Turkic linguistic consciousness, all-Turkic culture, all-Turkic spirituality, all-Turkic integrity, all-Turkic space within the anthropocentric paradigm in linguistics. The language reflects and changes the national identity, public place, history of the people. The culture, knowledge and experience of a particular ethno-linguistic community are reflected in the language and form the mentality. The knowledge base is reflected in the semantics of the language and reflects the national and cultural experience of a particular language community.

That is why the national features of the worldview are reflected in the expression of the universe in words. National values are widely analyzed not only as the ancient treasures, wealth, gold reserves, precious heritage of the nation, but also as the first achievements of the nation in science, industry, culture and art.

Received: 12.11.2020

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

УДК 17.023.36

Ye.I. Gladkova[1], A.I. Malikova[2]
[1]Master of philology, senior teacher, Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-3413-4811. E-mail: turovskaya.kgu@mail.ru
[2]Master of pedagogical sciences, senior teacher, Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-8043-4815. E-mail: anna_kostik@mail.ru

FUNCTIONING OF SPEECH ETIQUETTE FORMULAS OF ADDRESS AND GREETING ACCOMPANIED BY NON-VERBAL MEANS

This article describes speech etiquette formulas of address and greeting accompanied by non-verbal means of communication. Non-verbal accompaniment is associated with the social stratification of society since non-verbal signs (gesture, facial expressions, posture, organization of space) are used by communicants in accordance with a number of parameters: both the act of communication and its participants, among which should be highlighted: the nature of the communication situation, the purpose of the act of communication, status, gender, role, age, educational characteristics of the opponent of the conversation, the influence of such factors as the region of residence of communicants belonging to the same culture. Each ethnic group is characterized by distinctive elements of speech formulas of address and greeting, accompanied by gestural behavior. National traditions, peculiarities of the way of life, and historical conditions of everyday life of each nation play an important role in the formation of speech and verbal culture and are the most important component of national values.

Keywords: multilingual, ethnos, linguistic culture, nonverbal, speech etiquette, formulas of addressing and greeting,

INTRODUCTION

Speech communication of people is often accompanied by non-verbal communication: gestures, facial expressions, proxemic and kinesic means of communication. People communicate with each other not only through words but also through bodily movements. The gesture can characterize the addressee from national, territorial, and social characteristics. Nonverbal communication behavior involves describing such issues as the place of communication, the mutual location of the interlocutors, when communicating, body position, volume and timbre of the voice, smile, communication, gestures and facial expressions. The etiquette of different peoples differs significantly. The role of smiles, handshakes, hugs, and kisses in meeting, greeting, and parting is different. Great differences are found in official communication, in communication with children, significantly different in different cultures communication between teacher and student, teacher and students [1, 8].

5 Иванова Е.В. Мир в английских и русских пословицах: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2006. – 280 с.

Ivanova E.V. Mir v anglijskih b russkih poslovicah: Uchebnoe posobie. – Spb.: Izd-vo SpbGU, 2006. – 280 s.

6 Словарь синонимов и антонимов современного русского языка / под ред. А.С. Гавриловой. – М.: Аделант, 2014. – 800 с.

Slovar' sinonimov b antonimov sovremennogo russkogo yazyka / pod. red. A.S. Gavrilovoj. – M.: Adelant, 2014. – 800 s.

7 Ожегов С.И. /Толковый словарь русского языка; под.ред. Л.И. Скворцова. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО Издательство «Мир и Образование», 2010. – 736с.

Ozhegov S.I. / Tolkovyj slovar' russkogo yazyka; pod red. L.I. Skvorcova. – M.: OOO «Izdatel'stvo Oniks»: OOO Izdatelstvo «Mir I Obrazovanie», 2010. – 736 s.

8 Russian-English Dictionary of Proverbs and Sayings/ A.Margulis, A. Kholodnaya. – 2000. – 494с.

Russian-English Dictionary of Proverbs and Sayings/ A.Margulis, A. Kholodnaya. – 2000. – 494 s.

Материал поступил в редакцию журнала 12.11.2020

REFERENCES

1 Kornilov O.A. Linguistic pictures of the world as derivatives of national mentalities. – M., 2003 – 349 p.
2 Zaliznyak A.A. Linguistic picture of the world // Encyclopedia «Krugosvet» (https://www.krugosvet)
3 Popova Z.D., Sternin I.A. Essays on Cognitive Linguistics. – Voronezh: Istoki, 2001 – 191p.
4 Danilenko V.P. Picture of the world in the proverbs and sayings of the Russian people. – *StP., 2017 – 374 p.*
5 Ivanova E.V. The world in English and Russian proverbs: Textbook. – *StP., 2006. – 280 p.*
6 Dictionary of synonyms and antonyms of the modern Russian language / ed. A.S. Gavrilova. – M., 2014 – 800 p.
7 Ozhegov S.I. / Explanatory Dictionary of the Russian Language; ed. L.I. Skvortsova. - M., 2010 – 736 p.
8. Russian-English Dictionary of Proverbs and Sayings/ A.Margulis, A. Kholodnaya. – 2000. – 494 p.

Әр түрлі лингвомәдениеттердің паремиологиялық ғалам бейнесінде бинарлық оппозициялардың репрезентациясы

Ж.Н. Жунусова[1], С.А. Бейсханова[1]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

Әр түрлі этностардың паремиологиялық ғалам бейнесін зерттеу арқасында мәдениеттер диалогының барысында өзара түсіністік пен өзара сыйластықты дамыту үшін қажетті жағдай туады. Халықтың тұрмысы оның тілінде бейнеленеді. Осы мақала дүние тануда тілдік универсалиялар ретінде танылатын ақыл-сана (ақылды) және ақмақтық (ақмақ) бинарлық оппозицияларды іске асырылу мысалдарының негізіндегі орыс және ағылшын тілдерінің паремиялардың талдауына арналған. Материалды нақты іріктеген кезде, қарастырылып жатқан бірліктері орыс және ағылшын лингвомәдениеттерінің паремиологиялық кеңістігінде кең тарағаны айқындалды.

Мағыналы бірліктер арқылы зерттеленетін, ұсынылған бинарлық оппозиясының мағынасын білдіретін орыс және ағылшын тілдер құрамындағы құндылықтар нұсқауларының зерттелену - осы мақаланың мақсаты болып танылады.

Паремиялардың құрамында адамның интеллектуалдық қабілеттерін білдіретін бинарлық оппозияның бар болғаны арқылы осы лингвомәдениеттердің ұлттық менталдылығын бағалап, сипаттайтын ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау мүмкіндігін туғызады.

Материал 12.11.2020 баспаға түсті

Representation of binary oppositions in the paroemiological world picture of different linguocultures

Zh.N. Zhunussova[1], S.A. Beiskhanova[1]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

Studying the paroemiological world picture of different ethnic groups promotes mutual understanding and respect in the process of cultures dialogue. The life mode of a peoplehood is a

reflection in its language. The article is devoted to the analysis of Russian and English paroemias on the example of the implementation of binary opposition mind (clever, wise) – foolishness (fool), that appear as language universals in the world cognition. The selection of factual material shows that the reviewed units are widely represented in the paroemiological space of Russian and English linguistic culture. The article authors are guided by the value attitudes study of the content of the Russian and English languages paroemias, that reflect a certain understanding the presented binary opposition, the content of which is studied using semantic units.

The binary opposition in paroemias, representing human mental abilities, allows to identify significant similarities and differences in the estimative characteristics of the national mindset in these linguistic cultures.

The revelation of significant features of proverbs based on the opposition makes it possible to identify the common and national specifics of the images of a clever (wise) and foolish person.

Received: 12.11.2020

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 82.09

Ш. С. Ақтанова[1], А. С. Ақтанова[2]
[1]PhD-докторанты, филология магистірі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-1648-3855. E-mail: aktanova_sholpan@mail.ru
[2]филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-0444-5336. E-mail: aktanova_aiman@mail.ru

Э. ХЕМИНГУЭЙ МЕН М. ӘУЭЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗДАРЫ

Мақалада М.Әуезов және Э. Хемингуэй шығармаларындағы әйелдер образы талданған. Екі жазушыда бейнеленетін әйелдердің мінез ерекшелігі мен әйелге тән ерекшеліктері айқындалады. Жазушылардың тілдік ерекшелігі мен ұлттық суреттеу шеберліктері де мақалада нақтылы мысалдармен берілген. Қазақ қыздары мен американдық әйелдердің ұқсастықтары жалпы әйел болмысына тән мінездер ашылған. Екі жазуышының шығармаларындағы әйел адамның бейнесінің суреттелуі мен ішкі жан дүниесінің берілуі байланыстырыла талданған. М.Әуезов шығармаларындағы қазақ әйедерінінің ұлттық психологиясы мен қазақ әйеліне ғана тән мінездері кеңірек талданып, Э.Хемингуэй әйелдерінінің мінездерімен салыстырылады.

Кілт сөздер: образ, көркем шығарма, суреттеу шеберлігі, бейне, жазмыш, тағдыр, махаббат.

КІРІСПЕ

Әдебиетте ерекше мән беріле суреттелетін бейне – әйел адам бейнесі. Себебі, өмірдегі негізгі мән мен мағына әйелдер бейнесімен байланысты қарастырылады. «Адамның ғұмыр кешірмек кәсібінің терең түбіне қарасақ, хайуанша күндік қоректі таспен атып, ағашпен ұрып аң аулап жеп, немесе жеміс теріп жеп, қарны тойса аңша бір жерге жата кетіп жүрген. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған – әйел» [1,5] Міне, осы сөздерімен ақ ұлы жазушы Мұхтар Әуезов қазақ әйелінің қоғамдағы орнын көрсетіп отыр. Сондықтан да ол, қазақ әдебиеті арқылы қазақ әйелінің көркем бейнесін шебер суреттеп беріп, өз оқырмандары арқылы қоғамда ертеден келе жатқан әйел теңсіздігін көтере білген.

Ал, американдық жазушы Э. Хемингуэй де әйел бейнесіндегі тек әйелге ғана тән мінез қырларын кеңінен суреттеп қана қоймай, оның ішкі жан дүниесінің қаншама нәзік екенін және де әйел табиғатының тылсым тұстарын көрсетіп өткен. Әйел адамның психологиялық тебіренісі мен ішкі толқулары сәтті берілген шығармалар екі жазушыда да бар. М. Әуезов шығармаларындағы әйелдер бейнесі біршама талданып, көптеген зерттеу еңбектері шыққан. Атап айтсақ, Ы. Дүйсенбаев, А. Нұрқатов, Т. Жұртбай, Б. Исабаев, Б. Майтанов, К. Сыздықов және басқа ғалымдар жазушы шығармаларындағы әйел адамдар бейнесіне нақтылы тоқталған. Э. Хемингуэй туралы К. Симонов, Л.Н. Колобанова, американдық сыншы Карлос Бэйкер және Хемингуэйдің толық хаттар жинағының редакторы профессор Сандра Спэниар: «Но в каком-то смысле он был консервативен и традиционен, считает

редактор полного собрания писем Хемингуэя профессор Сандра Спэниар. Первая жена, а потом и кто-то из друзей, говорили о Хемингуэе: «Его проблема – в том, что он считает необходимым жениться на каждой женщине, в которую влюблен» [2, 7]. Э. Хемингуэйдің Мичигандағы музейінің директоры профессор Джон Берридің айтуы бойынша: «Ол кезде Хемингуэйдің әкесіне жазған хатында өзін-өзі алдау мен фактілерді шамалы бұрмалағанына қарамастан, сезімдердің шынайылығы мен сүйіспеншілігінің жеңілмейтіндігі туралы айтылады: онда былай деп жазылған: «Тебе повезло быть влюбленным только в одну женщину всю твою жизнь. А я целый год любил двух женщин, оставаясь при этом верным мужем. Этот год был для меня адом. Хэдли сама попросила меня о разводе. Но даже после этого, если бы она захотела, чтобы я вернулся, я бы остался с ней. Но она не захотела. У нас давно были трудности, о которых я не могу тебе рассказать. Я никогда не разлюблю Хэдли, и никогда не разлюблю Полин Пфайфер, на которой женат я сейчас… Прошлый год был для меня трагичным, и ты должен понять, как тяжело мне писать об этом» [3, 8]. Осы сөздерді оқи отыра, Э. Хемингуэйдің әйел адамдарды қаншалықты сүйетіні және құрметтейтінін білуге болады. Шығармашылық адамы болғандықтан, бұл жазушы сұлулыққа өте құштар жан болған және сұлулықты, жан тыныштығын, шабытын тек әйел адамынан ғана алған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Психологиялық мотивировка жасау үшін жазушы кейіпкер іс – әрекетінің үйлесімділігі, екінші сөзбен айтқанда, сол уақытқа, жағдайға сәйкестігі өзінің характер болмысына лайық адамның ой-өрісінің ерекшелігіне орай табылатын көркемдік шешімнің логикалық қиындығын таба білу керек. Сонда ғана оқырман қауым жазушы шығармашылығындағы кейіпкер іс-әрекетіне шүбәсіз сенеді» – дейді қазақ әдебиетінің белді қайраткер сыншысы Бақытжан Майтановтың [4, 37].

Хемингуэй өзінің шығармашылық өмірінде келер ұрпаққа зор мұра қалдырды. Сыншылардың айтуынша, жазушының өмір сүру дағдысы мен шығармашылық стилі бүкіл әлем әдебиетімен жақындастыруда.

Көптеген сыншылардың өздері де осы туралы нақты тұжырымдардан алыс екендіктерін біледі. Мысалы, Хемингуэйдің әйел образының суреттеріне қатысты пікірін былай деп білдірген танымал кеңес жазушысы К. Симонов: «Хемингуэйдің көптеген кітаптарында әйелге деген сүйіспеншілік оның шығармаларында үлкен орын алады. Адамның батылдығы, қауіп - қатері кезінде өмірін жанқиярлығы, досына өмірін беруге дайындық мәселесі Хемингуэй көзқарасының ажырамас бір бөлігі, сонымен қатар оның пікірінше, кейбір тұлғаларға «махаббат» деген сөз үйлеседі ал, кейбіреулерге тіпті қатысы жоқ» [5, 3]. Хемингуэйдің шығармаларын оқи отыра, қорқақ және өзін-өзі сүйетін адамдар махаббатқа қабілетті емес. Егер, олар өздерінің сезімдерін, сүйіспеншіліктері бар екенін айтатын болса, автор оның ар - ұжданына қалдырады. Алайда, Хемингуэй еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынасты ашық сипаттайтын шындықтар оқырмандардың барлығына ұнай бермейді. Хемингуэй ер адам мен әйел арасындағы қарым-қатынасты терең сипаттайды. Жазушының өзіне де махаббат тақырыбы ол жерде ұлы сезім болса ғана қызықты, ал, сезімдер оянбаған қарым қатынастар жайлы ол тек қана айтып өтеді бірақ, ол туралы баяндап әңгімелемейді. Осыған орай, «Жаңбырдағы мысық» әңгімесі, бұл әңгімеде жасырын мағына көп, автордың айтқаны және айтқысы келетін жерлері өте көп, бұл жерде автор оқырмандарды өзіне ойлануға пікір тастайды. «Биік айсбергтің өзі су бетінің бірден сегізінші бөлігіне шығады сондай-ақ Э. Хемингуэй өзінің шығармаларының көркем мәнерін осылай деп түсіндіреді» [6, 7].

«Жаңбырдағы мысық» атты шығармада Европаны қыдырып жүрген ерлі зайыпты туралы әңгімеленеді және олардың итальяндық қонақ үйде тұрып жатқаны. Шығарма маңызы жоқ «мәнсіз» ерлі зайыптылар арасындағы диалогтан тұрады.

Бірақ, оқырман сол «мәнсіз» диалогтан автордың астыртын айтқысы келетін ойын түсіну керек себебі, автор өзінің әңгімесінде шындықты жазғысы келсе, оны оқырман өзі түсініп алу керек. Әңгіме жалғыздық туралы – ерлі зайыптының жалғыздығы. Әңгімеде екі жақын адамның қарым қатынасындағы өтіп жатқан дағдарыс кезеңі жайлы. Ерлі – зайыптының әңгімесі – «керең» адамдардың диалогына ұқсайды. Жұбайлар бірін бірі мүлдем түсінбейді әлде, түсінгісі келмейді. Жазушы өзінің кейіпкерлерінің өмірін, сезімін, олардың қызығушылықтарын жақсы біледі. Әңгімені баяндау барысында автор, әңгіменің лирикалық доминантты образ ретінде «жаңбырды» келтіреді. Әңгіменің басында итальяндық әдемі итальян табиғаты (теңіз, толқын, оның «жағаға келіп соғылып кететіні», биік пальмалар) сипатталады, сонымен қатар қоғамдық бақша, соғыс құрбандарына арналған ескерткіштер туралы да айтылады. Бұл жерде Европа мәдениетінің өзінің тарихына зор құрметпен қарайтыны туралы ақпарат беріледі, тағыда да «әрқашан» деген сөздің мағынасы тек қана суретшілер мен итальяндық туристерге арналатындай. Ал, американдықтар бұл жерде қонақ ретінде екені айқын көрсетіліп тұр.

Әңгіменің лирикалық бастамасы басты кейіпкер әйел адамның образымен басталады, және де кейіпкерге деген көңілсіз қобалжу мен алаңдаушылық бар. Кейіпкердің тіпті аты да аталмайды оны американдық әйел деп береді. Американдық әйел терезеден, жаңбырдан тығылып, столдың астында дірілдеп, «бүрсиіп, домаланып» отырған мысықты көреді. Және де, бұл тіркес кейіпкердің өзі туралы айтылғанда да кездеседі: «Ол сескеніп бүрсиіп қалды» [7, 9] осы жерде, оқырман кейіпкердің неге мысыққа деген аяушылығы орын алғанын түсінеді, себебі, ол да өзін қамқорсыз, үйсіз екенін сезінеді. Бұл жерде кейіпкер өзінің үйсіз жүрген өмірін қаншалықты өзгерткісі келетіні сезіледі, қонақ үйден қонақ үйге көшіп жүруді тоқтатып, өзінің үйі болғанын, балалары болғанын қатты аңсайтыны мына бір сөздерінен аңғаруға болады: «Мен шаршадым» деді ол. «Мен ұл балаға ұқсаудан шаршадым» [8, 11]. «Мен шашымды өсіріп, қатты тартқым келеді, олар тегіс және бастың артқы жағында үлкен түйін болса, және де оны ұстай алсам», – деді ол. Мысығым болғанын қалаймын, және де мен оған қарағанда ол менің тіземде отырып мияуласа...» [8, 12]. Ол әйел болғысы келеді. Себебі, бұл жерде ол өзінің күйеуіне дәл сол уақыттағы алғысы келетін затын айтып тұр деп ойлауымыз мүмкін, бірақ, бұл отбасының мәселесі мүлдем күрделі.

Осы жерде автор ерлі зайыпталар арасындағы махаббаттың жоқтығын көрсетіп отыр. Мысалы: «Ол қараңғы бөлменің бұрышында конторкада тұрған еді. Ол американкаға ұнайтын. Оған оның әрбір шағымын байыптылығымен тыңдағаны ұнайтын. Оған оның байсалды түрі ұнайтын. Оған оның елпектеп қызмет көрсеткені ұнайтын еді. Оған оның отельдің иесі ретінде өзінің байсалды ұстайтыны ұнайтын. Оған оның қартаң болса да, ірі бет әлпеті мен үлкен қолдары ұнайтын» [8, 12]. Бұл жерде әйел адамның өзінің ерінен таба алмай жүрген қаситеттердің барлығы басқа адамнан табылып тұр. Жоғарыда айтылып өткендей өзінің ері оған тек қасына ертіп жүрген баласындай ғана қарайды ал, әйел адамға ол аз себебі, оған мейірім, сезім, ілтипат керек. «Оның ішінде жүрегі дүрсілдеп, бір жерге жиналғандай болды. «Padrone» – нің алдында ол өзінің өте кішкентай сезінетін, сонымен қатар өте елеулі сезінетін. Бірер митутқа ол өзінің ерекше елеулі екенін сезінді» [8, 9].

Бұл мәлімдеме парадоксал болып көрінуі мүмкін. Себебі, отель иесі бөтен ер адамның оны түсінуі және оған ілтипат пен сыпайылық көрсетуі. Сол бөтен ер адамның ол әйелдің жанын, жалғыздығын түсініп, оған мысықты беріп жіберуі. Ол өзінің күйеуімен бір тілде сөйлессе де, оның өз әйелін түсінбеуі ал, бөтен адаммен итальянша сөйлессе де, ол оның жанына жақын адам болып табылуы.

Э. Хемингуэйдің шығармашылық әлемінде өмір заңдылығы екі түрге бөлінеді, олар шынай және символикалық. Әңгіменің кейіпкері әйел адам өзінің жұбайы болса да, өзін «жаңбырдағы мысықтай» сезінеді, әлсіз, қорғансыз, өзінің үйінің болуын, жылылықты, қамқорлықты аңсайды, өйткені ол оны ерінен таба алмайды.

Осыған орай М. Әуезовтың «Кінәмшіл бойжеткен» атты әңгімесін салыстыруға болады, ол да осы американдық кейіпкер сияқты қамқорлықты сезінгісі келеді. М. Әуезов сол

замандағы әдемі, оқыған, білімді, талантты актриса Ғайша туралы әңгімелейді. «Ғайша есімді актриса қыз, тегінде, гүбернедегі оқығандар, «шешесі татар болса керек, толық қазақ емес» [9, 131] дейді. Бірақ Ғайша қазақтың өз қаны екенін білдірмек болып, қазақ әйеліндегі табиғатты жаңа көрген танысының бәріне дағдылы бір машығы сияқты айта береді. Мақтанады. Әркімге әр түрлі сөйлейтін Ғайшаның бұл шынында бір әдісі болады. «Ең алдымен қазақ әйелінің көбінде кездеспейтін биік, сұлу денесі бар, толық етті, ақ жүзді, ашық мойны бұғақты, жұмыр сұлу әйел еді. Бет тұлғасы да аз кесектеу келсе де, сүйкімді көзі қой көздеу, бұйраланған қара шашты сұлу әйел. Сәнділіктің орынды шартын білген әйел майдың ақ жібек киімін кигенде қара шашы мен ақ денесіне қай қазақ жігітінің болса да көзі еріксіз тоқтайтын. Есті әйел Ғайшаны бәрі «оқыған қазақ қызы» деп қадірлеп, көркі мен сыртқы қалпын тамашалайды. Бірақ Ғайша әлеумет қызметкерінің орнынан да, ақ жағалы, иісмайлы бозбаланың құшағына көп қолайлы болады» [9, 133]. Себебі, Ғайша өз өмірінде үлкен қателіктер жіберіп, зор адасуға ұшырайды. Сол замандағы әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз еркінен тыс, оның идеал – мұраттарын күйретіп, мақсатына жеткізбей мерт қылатын зауал іспетті тағдыр оны күйретеді. Оның өмірінде кездескен ер азаматтар оны тек сұлу қуыршақ ретінде немесе жақсы көңіл көтеруге ғана қолданады. Жоғарыда айтып өткендей Ғайша оқыған, білімді қыз және сол қазақи қоғамда Ғайшадай қыздар аз болатын. Сондықтан оны кездестірген азаматтар оған басында қызығып қараса, кейіннен оның сол замандағы қазақ әйелдеріне тән пәктігі, ұяңшылдығын таба алмағаннан одан безіп кетіп отырады. «Әйелді сыртқы көрінісі мен жарастық жағынан бағалайтын Ғаббасқа Ғайшаның ендігі пішіні тез әсер еткендей болды. Ғайшамен күлкілі қалжыңға араласқан сайын, Ғаббас қазақ жігіттерінің бұрынғы барлық сөзін естен шығарып, ұмытуға айналды. «Кім біледі, әлде ол қазақтың өсекшіл табиғатынан шыққан бір сөздер шығар. Ол үшін мынау сияқты қазақ қызынан тартынудың орны жоқ» дегендей болды» [9, 133]. Көрдіңіз бе, бұл Ғаббастың Ғайшаны алғашқы кездестіргендегі ойы болатын. Иә, қоғамында өсекшілік болғанмен, сол сөзге ермес бұрын әр қазақ қызына «Қызға қырық үйден тыйым бар» дегендей өте қатал қарағаң. «Кінәмшіл бойжеткен» шығармасындағы Ғайша, сол заманның жазықсыз құрбаны немесе өз санасына сай заманнан бұрын туған жан деп санаймын. Бұл әңгіме сол замандағы жас жігіт пен қыздың махаббат оқиғасы сияқты бірақ мен үшін бұл сол замандағы сұлу да, білімді, талантты әйел адамның тағдыры.

Сонымен қатар, Ғайша өмірде аңғалдығымен көп қателіктер жасаған, бірақ сол қателіктерін пайдаланған ер адамдарды да сөз етпеуге болмайды. Сонда бұл өмірде Ғайша да отбасылы болғысы келген, балалы болып сүйген жар атанғысы келген бірақ, оның сана сезімімен сол замандағы қоғамның сана сезімі мен ой өрісінің келіспеуі деп санаймын. Өзінің өмірін жақсартуда ол ең бастысы, өмірін мейірімге, бірлікке, махаббатқа қызмет ету керек деп санаған. Ғайшамен күлкілі қалжыңға араласқан сайын, Ғаббас қаза жігіттерінің бұрынғы барлық сөзін естен шығарып, ұмытуға айналды. Ғаббасқа, Ғайшаның өзгеше, жаңаша ойлайтыны, сөйлейтіні сол замандағы қазақ қыздарына тән емес мінезін көре тұра, оған махаббаты оянған жоқ ол тек қана оны көріп, қызықтағысы келді. «Жазықсыз болсаң да, жала, өсек, орынсыз қиянат деген нәрсе қазақ баласының көңілінен табыла береді. Неғылған таусылмайтын жаулық екенін білмеймін!» [9,135]. Ғайшаның өзі туралы айтылып жатқан пікірлерді ести отыра, өзінің ойын айтып отыр себебі, әр қазақ қызы болашақ ана, шаңырақтың киесі деп санайтын қазақ халқы. «Қызға қырық үйден тыйым» жасаған, және де бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Арын сақтаған, ақылды, ұяты бар, ата-анасының тәлімін алған қыз баладан болашақта жақсы жар, ибалы келін, аяулы ана шығады деп айтып отырған. Осындай қоғамда, осындай өситтермен өскен ер жігіттер Ғайшадай қызға қалай үйленсін. Бұл жерде Ғайшаны кіналау үшін таяқтың екі ұшы бар деп айтар едім себебі, Ғайша орыс кітаптарымен тәрбие көрген қыз бала және де ол актриса, қоғамдық адам, ол өмірдің бәрін сол сахнадағыдай деп ойлаған. Ал, ер азаматтар соны біле тұра оны пайдаланып, тастап кетіп отырған. Ғайша да американдық кейіпкер

сияқты отбасы жылулығын сезініп, ер адамдардан қамқорлықты аңсады. «Кінәмшіл бойжеткендегі» Ғайша сол заманның жазықсыз құрбаны немесе өз санасына сай заманнан бұрын туған жан деп санаймын. Бұл әңгіме сол замандағы жас жігіт пен қыздың махаббат оқиғасы сияқты бірақ мен үшін бұл сол замандағы сұлу да, білімді, талантты әйел адамның тағдыры. Сонымен қатар, Ғайша өмірде аңғалдығымен көп қателіктер жасаған, бірақ сол қателіктерін пайдаланған ер адамдарды да сөз етпеуге болмайды. Қазақ халқы қыз баланы қадірлеп-қастерлеп, оның болашақта басқа отбасына барып өмірін жалғастыратынын білгендіктен, оның ол жақта сіңісіп кетуі үшін жақсы тәрбие берген. Себебі, қыздың қайтып келуін жаман ырымға балаған ал, қазақ ұлты өте ырымшыл. Мұхтар Әуезов шығармаларында қазақ қызының бейнесі ұлттық салт-дәстүрмен, ұлттық ерекшеліктермен бірге бейнеленеді. Ал, Ғайша кейіпкері қазақ жеріне келген отаршылдық саясатының құрбаны деуге болады. Қазақ даласына келген отаршылдық саясаты қазақ ұлтын бұзғаны анық, олардың жағдайы азып кеткенімен ғана шектелмей, олардың рухы, ер адамның рухы қатты әлсіреп, аянышты халге әкелді. Әсіресе сол замандағы зиялы қауым әрбір қазақи отбасындағы құндылықтарды жоғалта бастады. Бұл өмірде Ғайша әйел бақытын, балалы болып сүйген жар атанғысы келген бірақ, оның ойымен сол замандағы қоғамның оны түсінбеуі; Ғайшаны қабылдамауы, оның түбінде ер адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы «оқыған» келбетімен сай келіспеуі. «Өзінің өмірін жақсартуда ол ең бастысы, өмірі мейірімге, бірлікке, махаббатқа қызмет ету керек деп санаған» [9, 131].

Сонымен, осы екі шығарманы салыстыра отыра әр адамның тағдыры өз қолында деп айтар едім оны ол өзгерте алады, егер өз ойын өзгертсе. Ал, жазмыш бұйрығы ұқсас ерекше оқиғалардан шығады. Сәтсіздік, айтылмаған ойлар, кейіпкердің ішкі мәтінінің мәні, астарлы ойлар, осының бәрі – XX ғасыр әдебиетінің ерекшеліктері деп айтуға болады.

Хемингуэйдің барлық еңбектерінде, оның әрбір әңгімесі тарихи оқиғалармен, фактілермен байланысы бар және оны білдіретін әдісі бар. Мысалы, «Ешкім ешқашан өлмейді», (Nobody ever Dies) әңгімесіндегі Мария атты кейіпкерді Франциянның Жанна д,Арк пен ұқсастығы бар. Басты кейіпкер әйел тілеуін өлгендерге арнайды және азаптауға төтеп беруге сонымен қатар барлық азапты сатқындықсыз төтеп беруге көмек сұрайды.

– Маған көмектесуге тырысыңыз, – деді ол шөпке, себебі маңайында ешкім жоқ еді. Сосын, қайтадан жан ұшыра айғайлап, ол қайталады:

– Маған көмектес Винсет.

Маған көмектесші, Фелипе.

Маған көмектесші, Чучо.

Артуро маған көмектесші. Және сен, Энрике, маған көмектес!

Бәлкім ол дұға оқыр еді, бірақ ол жоғалып кетеді ал оған қолдау керек еді! - Маған ешкімге тіс жармауға көмектесіңдерші егер мені алып кететін болса... – деп айтты ол шөпке ауызын төсеп» [10, 13]. Әлбетте, әйел оның қайғы – қасіретіне бой алдырып, қолдау мен қорғау іздейді. Бірақ үміттенетін ешкімі жоқ. Дегенмен, ол ерлікпен кетіп қалды деп есептеген жақын адамдары мен сүйген адамы оған «басқа әлемнен» оны күтіп тұрған сынақтардан өтуге күш береді деп санайды. Әрбір экстремалды жағдайда кейіпкер әділдікке жету үшін өз өмірін қиюға да дайын сондықтан да, автор осы бір ұлы күшті өзінің әңгімесінде шынайы беру үшін оны жалпы адамзат болмысында оның адами жетістіктерінің байланысын табу үшін тарих тамырын ашады.

Э. Хемингуэйдің еңбектерін зерттеу үшін, бұл жағдайда әйелдің суреттерінің шындықты қалпына келтірудегі рөлін түсіну әрекеті адамның адамгершілігі мен адамзаттың адамгершілігін, адамның рухани әлемінде адам өмірінің ажырамас бөлігі ретінде беріп отырғандығын, адамның әр буынының үнемі қайта ойластырылғандығын түсінуді талап етеді.

М. Әуезовтың «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі көптеген кейіпкерлердің ішінде Бақтұғылдың әйелі Қатша да елеулі орын алады, автор оны басты кейіпкер етпесе де бұл оқиғада оның орны ерекше деп ойлаймын. Оның бар жоғы астыртын жазылған. «Жиырма

жылғы Бақтығұл еңбегінің, он жылғы әйелінің сауын сауып, күндік еткен қызметінің орайы да ойдағыдай болған емес» [11, 195] «...қара шаруаға мығым қаражон Қатшаның «құрағансымағы» осы ғана» осы мысалға қарасаң Қатшаның еңбегі елеусіз, ескерусіз. Бірақ шығарманы оқи отыра мен осы Қатша туралы автор астыртын оның еңбегі елеусіз емес екенін байқатады. Себебі басты кейіпкер Бақтығұлдың жалғыз жанашыры, арқа сүйер досы, балаларын тапсырып, сеніп кететін адамы жалғыз осы әйелі Қатша. Бақтығұл абақтыға жабылмау үшін тау мен тасқа (белгісіздікке) қашар алдында : «Кешке ымырт жабыла қатыны талқанды алып келген соң, бұдан былай қанша уақытқа кететінін айтпастан, «құдайға тапсырдым» деп қош айтысып, құла атқа қосып бір семіз күрең атты қосарына алып, тауға қарай тартып берген» [11, 20]. Осы жерде өзі белгісіздікке кетіп бара жатып бала шағасын сол Қатшаға тапсырып кетеді себебі оның бұл дүниеде басқа сенері жоқ еді. Қазақ жерінде әйел адамның орнын қанша елеусіз қылдырса да, түбінде әр ер адамның сенері әйел адам. Себебі, әйел – ана. Баласы үшін анасы бармайтын құрбандық бар ма? Ана болу – бүкіл әйел өміріне кететін ұлы рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып қағуда, ол ана өзін - өзі ұмытып барлық күш жігерін сарқа жұмсайды. Сол сияқты Қатша да қанша қиындықты, құлдық өмірді көре отыра ешқандай қарсылық білдірмей басына түскен тағдырын көтере білген нағыз қаһарман әйел – ана деп санаймын. Жоғарыда аталып өткен әңгімелерде М. Әуезовтың «Кінәмшіл бойжеткен» мен Э. Хемингуэйдің «Жаңбырдағы мысық» атты әңгімесіндегі әйел образдары өздерінің сол уақыттағы жағдайларына қатты наразы. Барлық аталып өткен шығармалардағы кейіпкерлер өмірлері қаншама бір біріне қарама қайшы келсе де, оларды біріктіріп тұрған ер азаматтар. Шығармалардың басты кейіпкерлері ол әйел тағдыры. Американдық жазушы тұрмыстық жағдайы анағұрлым қазақ даласындағы әйелдерден жақсы бола тұра, ол да бақытсыз. Бақытсыздығының себебі қасындағы ер азаматының оны құрметтемеуінде, оның арманын, талаптарын орындамауында. Американдық әйелдің ішкі жан дүниесінің сыртқы ортамен келіспеушілігі. М. Әуезов, Ғайша образы арқылы қыз баласының қаншама білімді, сұлу, ақылды болса да егер, оған ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп өсірмесе оның болашағы бұлыңғыр болатынын көрсетіп өтеді. Ал, «Ешкім ешқашан өлмейді», (Nobody ever Dies) әңгімесіндегі Мария мен «Қараш Қараш» оқиғасындағы Қатша шын мәнінде өз өмірлерінде ешқашан жақсылық көрмесе де өздерін ешқашан «құрбан» санамайды, себебі, олар өз міндеттерін біледі және сүйгендері үшін барлық қиындықтар мен сынақтарға төтеп беруге дайын.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамын. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» [12, 20]. Міне, болашақ ұрпақты тәрбиелеуші аналарымыз ол қазіргі қыздарымыз, егер, қыз баланы дұрыс тәрбиелей отырып біз ер адамдардың тәрбиесін де көзден таса қылмауымыз керек. Себебі, әйел адам ер адамның ажырамас бір бөлігі, олар бір біріне тәуелді, сондықтан да ер адам оның тек қана материалдық құндылықтарына ғана назар аудармай оның ішкі жан дүниесіне де қатты көңіл бөлгені дұрыс. Шығармаларда әр ұлттың, елдің өз менталитетіне, танымына және түсінігіне сай кейіпкерлер суреттелген. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй өздерінің шығармаларындағы қорғансыздар тақырыбы – ең өзекті тақырып болып келеді. Мұхтар Әуезов бұрынғы қазақ

жеріндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық, отаршылдық, жалпы айтқанда қорғансыздар күні автордың шығармаларының басты мәселесі. Сондай ақ, қос жазушының ойлары мен пікірлері тоғысқан жері, тәуелсіздікке ұмтылған халықтың қорғансыз болғанмен, рухтары мықты, намысқор екендіктерін әрбір шығармаларында көрсетіп отырған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әуезов М. Адамдық негізі – әйел // Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 327 б.
Áýezov M. Adamdyq negizi – áıel // Tańdamaly shyǵarmalar jınaǵy. – Almaty: Jazýshy, 1997. – 327 b.
2 Здесь и далее из интервью Сандры Спэниар, данного М. Ефимовой в октябре 2011.
Zdes' i dalee iz interv'yu Sandry Speniar, dannogo M. Efimovoj v oktyabre 2011.
3 Здесь и далее из интервью Джона Берри М. Ефимовой, ноябрь 2011.
Zdes' i dalee iz interv'yu Dzhona Berri M. Efimovoj, noyabr' 2011.
4 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 37 б.
Maıtanov B. Qaharmannyń rýhanı álemi. – Almaty: Jazýshy, 1987. – 37 b.
5 Литература: Симонов К. Читая Хемингуэя. Предисловие к Собранию соч. – М., 1968. Хемингуэй Э. Собрание сочинений в 4-х тт. – М., 1968.
Lıteratýra: Sımonov K. Chıtaıa Hemıngýeıa. Predıslovıe k Sobranıý soch. - M., 1968. Hemıngýeı E. Sobranıe sochınenı v 4-h tt. – M. – 1968.
6 Кашкин И. Для читателя современника // Статьи и исследования. – М.: Советский писатель, 1968.
Kashkın I. Dlá chıtatelá sovremennıka // Statı ı ıssledovanıa. – M.: Sovetskı pısatel, 1968.
7 Хемингуэй Э. Собрание сочинений в 4-х тт. – М., 1968.
Hemıngýeı E. Sobranıe sochınenı v 4-h tt. – M., 1968.
8 Литература: Симонов К. Читая Хемингуэя. Предисловие к Собранию соч. – М., 1968.
Lıteratýra: Sımonov K. Chıtaıa Hemıngýeıa. Predıslovıe k Sobranıý soch. – M., 1968.
9 Әуезов М. Әңгімелер. Алматы: Жалын, 1987. – 258 б.
Áýezov M. Áńgimeler. Almaty: Jalyn, 1987. – 258 b.
10 Хемингуэй Э. Собрание сочинений в 4-х тт. – М., 1968.
Hemıngýeı E. Sobranıe sochınenı v 4-h tt. – M., 1968.
11 Әуезов М. Әңгімелер. Алматы: Жалын, 1987. – 258 б.
Áýezov M. Áńgimeler. Almaty: Jalyn, 1987. – 258 b.
12 Әуезов М. Адамдық негізі – әйел // Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 327 б.
Áýezov M. Adamdyq negizi – áıel // Tańdamaly shyǵarmalar jınaǵy. – Almaty: Jazýshy, 1997. – 327 b.

Материал 29.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Auezov M. The human basis is a woman//Collection of selected works. – Almaty: Writer, 1997. – 327 p.
2 Here and below from an interview with Sandra Spaniar given to M. Efimova in October 2011.
3 Here and below from an interview with John Berry M. Efimova, November 2011.
4 Maitanov B. The spiritual world of the hero. - Almaty: Writer, 1987. – 37 p.
5 References: Simonov K. Read Hemingway. Introduction to the Assembly of Soc. – M., 1968.
Hemingway E. Collection of essays in 4V. – M., 1968.
6 Kashkin I. For a contemporary reader // Articles and research. – M.: Soviet writer, 1968.
7 Hemingway E. Collected works in 4 V. – M., 1968.
8 Literature: Simonov K. Reading Hemingway. Preface to the Collection, Op. – M., 1968.

9 Auezov M. Stories. Almaty: Zhalyn, 1987. – 258 p.
10 Hemingway E. Collection of essays in 4 tt. – M., 1968.
11 Auezov M. Stories. Almaty: Zhalyn, 1987. – 258 p.
12 Auezov M. The human basis is a woman//Collection of selected works. Almaty: Writer, 1997. – 327 p.

Образы женщин в произведениях Э.Хемингуэя и М.Ауэзова

Ш.С. Ақтанова[1], А.С.Ақтанова[2]
[1]Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей, 071400, Республика Казахстан
[2]Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, 071400, Республика Казахстан

В статье исследуется образы женщин в произведениях М.Ауэзова и Э.Хемингуэя. Определены особенности передачи образов и характеров женщин в работах двух авторов. Особенности поведения женщин показаны у двух писателей мастерски, а также приведены языковые и описательные примеры. Охарактеризованы сходства казахских и американских женщин в целом. В произведениях двух писателей образы женщин были проанализированы с передачей их внутреннего мира. В творчестве М.Ауэзова более подробно были исследованы национальная психология казахских женщин и некоторые особенности менталитета, которые свойственны только для казахских женщин, и эти образы сравниваются с образами женщин в произведениях Э. Хемингуэя.

Материал поступил в редакцию журнала 29.10.2020

The images of women in the works of E. Hemingway and M. Auezov

Sh. S. Aktanova[1], A.S. Aktanova[2]
[1]Kazakh humanitarian law innovation university, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan
[2]Semey Shakarim university, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

The article examines the images of women in the works of M. Auezov and E. Hemingway. The features of the transmission of the images and characters of women in the works of two authors are determined. The peculiarity of women's behavior was depicted masterfully by two writers, as well as language and descriptive examples. The characteristics of the similarity of Kazakh and American women in general are disclosed. In the works of two writers, the images of women were analyzed with the transmission of their inner world. In the works of M. Auezov, the national psychology of Kazakh women and some features of the mentality that are peculiar only to Kazakh women were more vigorously studied, and these images are compared with the images of women in the works of E. Hemingway.

Received: 29.10.2020

ӘОЖ 821.512.122.0

А.А. Алтаев
докторант, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ,010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8175-57079. E-mail: altaevich_76@mail.ru

НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мақалада қаламгердің «Сардар», «Ту», «Наурызбай», «Жалаңтөс», «Шақантай», «Бердіқожа», «Төлегетай» поэмаларында тарихи тұлғалардың бейнеленуі зерттеу нысанына алынды. Өмірлік шындықтарды көркемдік шындыққа айналдырудағы ақындық ізденістер қарастырылды. Автордың стильдік ерекшеліктері пайымдалған. «Сардар», «Жалаңтөс» поэмаларындағы ұлт тарихының жырлануы, тарихи тұлғаларды сомдауда суреткердің тарихи деректерді қолдану ұстанымы, шығармалардың тақырыптық, идеялық негіздері қарастырылды. Автор поэмалардағы тарихи кейіпкер болмысының тарихи дерек пен дәйекке байланысы, тарихи тұлғаны әдеби образға айналдырудағы көркемдік ізденіс пен шығармашылық шешім сипаты сараланған. Поэмалардың жанрлық ерекшелігі көрсетілді. Тарихи бейне сомдаудағы авторлық тұрғы, көркем мәтіндердің танымдық, ақпараттық, когнитивтік қырлары талданды.

Кілт сөздер: поэма, тарихи бейне, көркемдік шындық, тарихи шындық, көркемдік ізденіс

КІРІСПЕ

Абайдың поэмалары қалыптастырған әдеби дәстүрлер XX қасырда аталмыш жанрдың дамуы мен өркендеуіне негіз болғаны анық. Қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының тууы мен қалыптасуы теориялық, тарихи, поэтикалық, тәжірибелік тұрғыдан біршама тыңғылықты зерттелді. М. Әуезов, А. Нұрқатов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, Қ. Алпысбаев, Б. Кәрбозов және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде поэма жанрының өзекті мәселелері қарастырылғаны белгілі. Б. Майлин, Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, Ғ. Қайырбеков, Ж. Молдағалиев, М. Мақатаев поэмалары арнайы ғылыми зерттеулердің нысаны болды, яғни жеке ақын шығармаларын жанрлық тұрғыдан талдаудың тәжірибесі баршылық. Өткен ғасырдың 70-90 жылдары қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістердің де ұлттық әдебиетке өзіндік әсері мен ықпалы болғаны шындық, осы кезеңдегі поэмаларда да ұлт тарихы мен тағдырына қатысты көкейкесті тауқыметтер мен тақырыптар көтерілді. М. Шаханов, Ф. Оңғарсынова, Т.Медетбеков, Е. Раушанов, Ұ. Есдәулетов сияқты ақындардың тарихи тақырыптарға арналған поэмалары оқырман назарын ұлттық құндылықтарға аударды. Осы кезеңдегі тарихи ауқымы кең шығармалар қатарында Н. Айтовтың "Райымбек", "Қабанбай батыр" поэмалары ерекше бағаланды. Асылы, тәуелсіздік кезеңіндегі поэма жанрының жаңаша өрістеуіне, этномәдени сипатта өркендеуіне үлкен үлес қосқандардың бірі - Несіпбек Айтұлы. Ақынның тарихи толғаулары, балладалары, лирикалық топтамалары, ондаған поэмалары ұлттық тарихтың тағдырлы кезеңдерін, мазмұнды құбылыстарын, айтулы тұлғаларын бейнелегенімен құнды. Қаламгердің жарты ғасырға жуық шығармашылық еңбегі әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан арнайы зерттелмеген екен. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Н. Айтұлының соңғы ширек ғасырда жазған поэмаларын жүйелі түрде зерттеуді қолға алдық. Әрине, әңгімені тарихи дәстүрден бастаймыз. Осы орайда мына бір пікір назар аудартады: «қазақ поэмасының жанр ретіндегі сипаты бұдан сан ғасырлар бұрын белгілі болды десек те, ол XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі дәуірде ғана қалыптасқан түрге енді. Яғни, қазақтың жаңа әдебиетінің басы болған Абай шығармашылығы осы дәуір әдебиетінде рухани өзгерістердің айғағы, жемісі болды» [1]. А. Нұрқатовтың ғылыми мәні бар келесі ойы да біз үшін маңызды: «Өткен ғасырда Абай ғажайып көркемдік биікке көтерген қазақ поэзиясы біздің заманымызда әсіресе қарыштап өсті, кемелдене түсті, жаңа арнада дамыды. Қазіргі қазақ кеңес поэзиясының аумағы кең, өресі биік, шығармашылық қыры мен көркемдігі сан алуан. Онда роман мен поэма да, жалынды да пафосты, сыршыл да нәзік лирика мен уытты отты сатира да, мысал мен баллада да – бәрі бар» [2]. Ғасыр тоғысындағы қазақ поэмасының жай-күйі де адам мен қоғам, әлеумет пен әдебиет арасындағы сан түрлі түйткілдерді талдауға материал бола алатыны сөзсіз. Ақын

поэмаларын хронологиялық, типологиялық сапада қарастырудың дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін тануға ықпал ететінін негізге алдық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Абайдан басталған жаңа бағыттағы поэма жазу көркемдік дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров, М. Жұмабаев қостап, Ілияс, Сәкен, Бейімбеттер жалғастырды. Әдебиетіміздің жаңғыру кезеңінде (50-70-ші жылдар) Т. Жароков, Х. Ерғалиев, Ғ. Қайырбеков, Ж. Молдағалиев, Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев сынды дарындар жанрға жаңа мазмұн мен соны пішін дарытты. Осы игілікті ізденісті қазақ ақындарының келесі буындары да жалғастырып, жаңғыртуда. Сол көркемдік дәстүрдің жібін үзбей, қазіргі қазақ әдебиетінде поэма жазу үрдісін шебер жалғастырып келе жатқан ақындардың бірі – Несіпбек Айтұлы.

Несіпбек Айтұлының «Арқатірек» поэмалар жинағы ел мен жер тұтастығы, ұлт азаттығы үшін күрескен қаһармандар образының жасалуымен құнды. Жинақтағы «Бас сүйектері», «Жасынның сынығы», «Найзағай», «Бөгенбай», «Бердіқожа», «Шақантай», «Қараөткел қырғыны», «Жер – жаннан қымбат», «Бәйтерек», «Ту», «Ақмола шайқасы» эпикалық поэмаларында ұлтымыздың азапты тарихы, ұлтжанды қаһармандардың көркем бейнесі шебер сомдалуымен ерекшеленеді.

Ақынның ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті 017 «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы бойынша 2007 жылы «ҚАЗақпарат» баспасынан шыққан «Бөрітостаған» жинағына өлеңдер, толғауларымен қатар бірқатар поэмалары: «Сардар», «Бердіқожа батыр», «Шақантай», «Сары қыз», «Көкала үйрек», «Ерлік пен тектілік», «Кәмей ұшқан», «Түс-Елес», «Игорь жорығы туралы жыр» енгізілген. 2006 жылы шыққан «Көз жасым» жинағына «Басүйектер», «Жасынның сынығы», «Әнім саған – аманат», «Үзілмеңдер, үндістер», «Мұқағали-Желтоқсан», «Бәйтерек» поэмалары, 2008 жылғы «Ерлікке ескерткіш» кітабына «Ту» және «Ақмола шайқасы» поэмалары топтастырылған. Тарихи тақырыпқа құрылған поэмаларында ақын адамзатқа ортақ азаттық, бостандықтың қадірін, құдіретін суреттейді.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары шығармаларына арқау болған қоғамдық, ұлттық сипаты бар мәселелердің бірегейі – азаттық, бостандық, теңдік, еркіндік мәселесі болса, ақындарымыз аталмыш тарихи тақырыпқа жаңашылдықпен жан бітірді, көркейтті.

Тарих – әр халықтың жүріп өткен сан ғасырлық жолы, басынан кешкен тағдыры, жеңісі мен жеңілісі, жеткен жетістігі мен ой қорытындысы. Ұлтымыз өз тарихына үлкен ықыласпен, мақтанышпен қараған. Өткенінен қол үзбеген алқалы ел, тарихи жағдайларды, ел басына күн туғанда еліне ес болған тұлғаларын мақтан етіп, құрмет тұтқан. Талай тарихи жырлардың басты образына айналған батырлар мен хандар, билер мен жыраулар бүгінде ұлт мақтанышына айналды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын танытып, шығармаларының қуатты көркемдік ізденістері, ой тереңдігі, тақырыптық-идеялық ауқымы ұлт әдебиетінің жетістігі болып табылатын қарымды қаламгер Несіпбек Айтұлының поэмаларындағы тарихи тұлғалар бейнесінің сомдалуы, тариха тұлға, тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналуы мәселелері бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзіндік көркемдік ізденісі екені анық.

Қаламгердің «Сардар», «Ту», «Наурызбай», «Жалаңтөс», «Шақантай», «Бердіқожа», «Төлегетай» поэмаларында тарихи бейнелер сомдалып, өмірлік шындықтар көркемдік шындыққа айналды.

Н. Айтұлының «Жалаңтөс» поэмасында ертедегі шығыс елдері баһадүр деп атаған, қолбасшы Жалаңтөс би Сейітқұлұлы бейнесі сомдалған. Поэмада автор Жалаңтөс бидің ата-тегінің шежіресін таратқан. Бұл поэмада жүйеленіп берілген:

Шежіре желі тартып ең алыстан,
Алшынды туғызады Жанарыстан.

Алшыннан – Әлім, одан – Төртқара би,
Ұядан ұрпақтары тарап ұшқан.

Қараштан – Ақпан, Тоқпан – екі ұл туған,
Ер жетіп атасының жолын қуған.
Тоқпанның бауырынан өріп шыққан,
Тоғамыс, Сейітқұл мен батыр Шобан.

Еңкейтіп батқан күндей тайып қырдан,
Көнені уақыт көзден ғайып қылған.
Кеңітіп тар құрсағын үш ананың,
Сегіз ұл туған екен Сейітқұлдан [4, 320].

Сейітқұлдың кіндігінен тараған сегіз ұлды ел «Сегіз Сейітқұл» дейді екен. Сейітқұлдың бәйбішесіне туған Ақшадан Бәйбек, одан Әйтеке би туған. Ал екінші әйелінен Жалаңтөс дүниеге келген деп баяндалған. Ақын Жалаңтөс деген аттың берілуіне де тоқталып өткен:

Қалайша Жалаңтөс деп атанғаны,
Арқауы әңгіменің әлденеше.
Жалғанның жанған отын өшірмеген,
Тірлікте жұмбақ қанша шешілмеген.
Шешесі тұңғышына жерік болып,
Көкжалдың дейді қақтап төсін жеген [4, 321].

«Жалаңтөс» поэмасы – өткенді аңсаудан туған романтикалық тыныстағы поэма. Мұнда тарихи тұлға дәріптелу сипатында жырланған.

Бес жасында молданың алдын көрген бала Жалаңтөс Бағдат пен Бұқарада білім алып, жастайынан соғыс өнеріне машықтанған. Поэмадағы романтикалық сарын ғана емес, романтикалық рух, мұрат айқын көрініс осы тұстан бастап өз желісін тапқандай. Көкірегі білімге толы жас араб пен парсы тілін меңгерген. Кезінде әкесі Сейітқұл Шығай ханның тұсында Нұратаға сыр бойынан келген екен. Жалаңтөстің туған жері – Қазалы деп автор баса көрсеткені де сондықтан болар. Жұт болған соң көшіп кеткені поэма желісінде суреттелген.

Заманымыздың заңғар жазушысы, халқымыздың абызы атанған Әбіш Кекілбаев «Әйтеке би» атты шығармасында: «Сейітқұл болғанда... Кәдімгі Әз Тәукенің төртінші атасы, атақты Қасымхан өлген соң біраз уақ қазақ билігін қолына алған Шығай Жәдіқұлы 1581 жылы күллі ұлысымен Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап, Самарқанның теріскейіндегі Нұрата тауына көшкенде, қасына төртқара Сейітқұл дегенді ерте кетпейтін бе еді?!. Сол Сейітқұлдың дәл өзі. Сейітқұлдың сегіз баласының ең атақтысы Жалаңтөс... Сол кезде бар болғаны бес жаста екен. Сол Жалаңтөс Нұратада жүріп, Бұқар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп отырған Ақназар ұлы Дінмұхамедтің көзіне түседі. Ол – кәдімгі Хафиз Таныштың «Абдул-ланәмесіндегі» Дінмұхамед. Қасым өлгесін, шырқы бұзылған қазақ хандығының еңсесін қайта тіктеп берген әкесі Ақназардың саясатын одан әрі жалғастырып, Абдолла әулетінен өрбитін билеушілермен батыл тайталасқа шығып, қазіргі Орта Азияның кейбір шаһар-мемлекеттерінің тізгінін өз қолына ала білген қазақ ханы. Жалаңтөс те Дінмұхамедтің сол күресі үстінде көзге түссе керек. Оның Бұқар, Самарқан, Гератта бас қолбасшылық, тіпті билеушілік дәрежеге жетуінің де арғы астары осында жатса керек. Не де болса, Жалаңтөстің дәулеті мен беделінің асқандығы сонша, Самарқандағы әліге дейін көздің жауын алатын медресе Шердор, Тілләқараны салдырады», – деп Жалаңтөс туралы да дерек береді [5]. Сондай-ақ, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өтеубай Қожақұлының «Жалаңтөс Баһадүр – Азияның ақырғы жолбарысы» атты мақаласында да көптеген деректер алдымызға тартылады. Ғалым Жалаңтөс бабамыздың 1576 жылы Арал теңізінің оңтүстік-шығыс өңірін қыстап, жазда Еділді көктей асып, қиядағы Түмен

ормандарын жайлап қайтатын, қарадан шығып хан болған Сейітқұл қажының шаңырағында дүниеге келгендігін айтады [5].

Жасынан ел мүддесін өзінен жоғары қоя білген батыр, өсе келе ел намысын, жерін қорғаған нағыз баһадүр болған.

Тұрғанда бойда қайрат, қолда күші,
Кернепті көкірегін ел намысы.
Жоқтапты ата кегін, ердің құнын,
Жалғанға кетпейді деп жалған ісі. –
деген жолдар ойымызға дәлел [4, 324].

Поэмада Жалаңтөс тұлғасымен бір арнада батырлар бейнесі суреттеледі. Романтиктер ұғымында халықтық ұғым ұлттық мүддемен сабақтастықта қаралады, ұлттық характер ұлттық рухтың өзгермейтін мәңгілік негізі саналады. Дастанның тағы бір ерекшелігі - ұлттық сипаты. Ақынның Жалаңтөс тұлғасымен рухтануы, ардақ тұтуы, оның намысы мен өрлігіне ерекше шабыттана жырлауы көрінеді. Ақын болмысындағы ұлттық намыс, патриоттық сезім кейіпкерлер іс-әрекетімен біте қабысқан. Жалаңтөс заманының ұлттық қаһарманы келбетінде бейнеленген.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы ғалым Құнпия Алпысбаев «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» атты авторефератында: «Тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда тарихи сабақтастық көркемдік таным тұрғысынан екі бағыт аңғарылады. Бірінші бағыттағы шығармаларда өткен дәуір оқиғасын ала отырып, оны бүгінгі күнмен салыстыра бейнелеу, араластыра айту әрі бұрынғы заманда ұлт бойында болған асыл қасиеттерді, гуманистік қасиеттерді дәріптеу идеясы жатады. Ал екінші топтағы шығармаларда тарихи тұлғаларды, олардың іс-әрекеттерін суреттей отырып өзі өмір сүрген заманның бейнесін жасау немесе уақыт әкелген жаңа психология, түсінік, болмысты билеген жеке қасиеттерді бейнелеу, ол туралы сұрақты ой тастау. Ашық айта алмаған ой астарын арғы заман телу оқиғаларына арқылы аңғарту» деп тарихи шығармалардың жазылу бағыт, бағдарын жазған еді [6, 12]. Осы тұрғыдан бағамдасақ, ақын Н.Айтұлының «Сардар» поэмасындағы көркем мұрат бірінші бағытпен өзектес келеді.

«Сардар» поэмасы батырлардың көсемі атанған қарт Бөгенбайдың тарихи тұлғасын сомдауға арналған. Ақын поэма оқиғасын Бөгенбай батырдың қазасын Үмбетай жыраудың Абылай ханға естіртуінде фольклордағы жоқтау жанрымен бастайды.

«Уа, Алатаудай Ақшадан,
Асып тудың, Бөгенбай!
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгенбай!
Құбыла соққан байтақтың
Ордасындай, Бөгенбай!

Сексеннен аса бергенде,
Қайырылмас қазақ келгенде,
Батырың өлді – Бөгенбай» [7, 156] деп естіртудің өзінен-ақ портрет, мінез ерекшеліктерін жұптай суреттеп отырып, қарт Бөгенбайдың тұлғасын ашып береді.

Бөгенбай мен Қабанбайдай батырларынан айрылған Абылайдың шарасыз халін, ішкі жан әлеміндегі толғаныстар, тебіреністерді психологиялық суреттермен береді. Ақын поэмасындағы психологизм Абылайдың қарт Бөгенбайды аза тұтқан сәтін өрнектеген мына бір көркемдік эпизодтардан көрінеді.

Дегенге батыр өлді кім сенеді?
Көңілі қара тұман бүркенеді [7, 159].

Абылай толғанады аласұрған,

Айырылып әкесіндей жанашырдан [7, 159].

Айықпай хан көңілі торығудан,
Өзегі өртенеді жалын ұрған [7, 160].

Осы бір психологиялық суреттемелерден үш жүздің басын қосқан Абылай ханның аза тұтып, арда тұтуынан батыр Бөгенбайдың тұлғасы, тарихи бейнесі, көркем бейнесі толыса түскен.

Орысты Еділден бері өткізбей қуған Бөгенбайдың ерліктерін еске алумен оның көркем бейнесі ашылып, қазаққа қалмақты айдап салып, қолтығыма өзі келіп кірсін деген ақ патшаның саясатына да батыр қарсы шығып, жоңғарды қазақ жерінен қуып, сыртқы жаумен шайқаспен қатар қазақтың өз ішінен ыдырап кетпеуін де жадында ұстап отырған батыр болмысын сомдауда ақын шеберлік танытады.

Ақын поэмада қазақ тарихындағы оқиғаларды да (бәсентиін Малайсарының шайқаста қазақтың өз оғынан өлуі, Әбілқайырдың майданды тастап кетуі, Әбілқайырдың Барақ сұлтанның қолынан өлуі) сәтті кіріктіре білген және поэманың тарихилығын арттыра түскен. Сол оқиғалар арқылы қазақтың іштей ыдырай бастағандығын еске сала отырып, осы тұста Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сынды батырлардың үш жүздің басын біріктіріп, ел қылған Абылайдың төңірегіне топтасуы қазақтың бірлік, елдік үшін ұмтылған ұлы мұраттарын тарихи тұрғыдан ақын көркем суреттейді.

Поэмада Бөгенбай батырдың Жетісу мен Арқадағы шайқастағы ерлігі, жауды Талқыдан асырып қууы, Ақтанберді, Қабанбаймен Ақшәуліде ту тігіп жатуы, Ежен ханға елші болып баруы – батырдың тарихи бейнесін, тұлғасын аша түсерлік көркем эпизодтар.

Ақын Бөгенбайдың батырға тән болмысын ерекше суреттейді.

«Қанды су», «Аңырақай», «Қалмақ қырған» сынды тарихи шайқастарда қырық жыл аттан түспей ерлік көрсеткен Бөгенбайды «арбаның қайыспайтын белағашы» тәрізді ұлттық теңеуді қолдануы батыр бейнесін сомдауы Бөгенбайдың тұлғасын ашудағы ақынның шеберлігіне дәлел болуымен қатар, ұлттық сипатын да көтере түспек.

Ақын Бөгенбай, Қабанбайлардың соңынан ерген батырларды санамалап шоғырын беруі де поэманың тарихи сипатын тереңдете түскен.

Ақынның қазақтың елдігі үшін ерліктің символы болған ерлерін тізбелей өрнектеуі жастардың тарихи тұлғаларды танып, зердесіне тоқи білуіне де жетелемек.

Поэмада түс жорудың да көркем үлгісі оқиғаның танымдық мәнін арттыра түскендей. Ақ орданың үстінен шыр айналып ұшқан қыранның шаңыраққа қонып, қанатымен түңілікті сабалауын Жалаңаш көріпкелдің жоруы отаршыл империяға қарсы шыққан Кенесарының ұлт-азаттық күресінен де көркем ақпарат береді.

Абай Құнанбайұлы қазақ поэмасына енгізген жаңашылдық дәстүр болып қалыптасып, қазақ эпикалық поэзиясын әсіре бояудан құтқарып, терең ойлылыққа жетеледі. Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық – әдеби үдерістегі басты ерекшеліктердің бірі, әдеби процестің басты қозғаушы күші болса, жаңашылдық өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймай, оның кейбір элементтерін дамытып, жаңаша көркемдік ізденістермен ұштастырады. Ақын Несіпбек Айтұлы да эпикалық поэзияны жаңа қырынан кемелдендіріп, тарихи поэмаларды жазып, тарихи тұлғалардың образын жасауда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақынның өз поэмаларындағы мұраты тәуелсіздіктің қилы заманмен келгендігін Жалаңтөс, Бөгенбай сынды батырлардың ерлігін суреттеумен көрсете отырып, қазақ ұлтының қалмақтармен, кеңестік империямен күрес жолында отызыншы жылдардағы қазақ оқығандарын жаппай құдалануы, одан бергі Желтоқсан оқиғасы – барлығы да тәуелсіздік, азаттық, еркіндік жолындағы күрестер болса, сол арқылы ақын Отан үшін жанын қиған ерлердің мәңгілік екендігін алға шығарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ
1 Алпысбаев Қ.Қ.Қазіргі қазақ лирикалық поэмасы. Оқу құралы. – А., 1989; Поэма және сюжет. – А., 1992.
Alpysbaev Q.Q.Qazirgi qazaq lırıkalyq poemasy. Oqý quraly. – A., 1989; Poema jáne sıýjet. – A., 1992.
2 Нұрқатов А. Шығармалары. //Құрас.: С.Негимов. Алматы: «Ана тілі». – 2013.
Nurqatov A. Shyǵarmalary. //Quras.: S.Negımov. Almaty: «Ana tili». – 2013.
3 Асылбек Байтанұлы. Абай және қазақ поэмасы. adebiportal.kz/kz/news/view/21297.
Asylbek Baıtanuly. Abaı jáne qazaq poemasy. adebiportal.kz/kz/news/view/21297.
4 Айтұлы Н. Шығармалары. IY том. Астана: «Фолиант». – 2014.
Aıtuly N. Shyǵarmalary. IÚ tom. Astana: «Foliant». 2014.
5 https://www.inform.kz/kz/zhalantos-bahadurdin-tuganyna-440-zhyl_a2954656.
6 Алпысбаев Қ.Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. Филология ғыл. докторы ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 1999. – Б. 48.
Alpysbaev Q.Q. Qazaq ádebıetindegi tarıhı shyǵarma: tanym jáne kórkemdik. Fılologıa ǵyl. doktory ǵyl. dárejesin alý úshin daıyndalǵan avtoreferat. – Almaty,1999. – B. 48
7 Айтұлы Н. Бөрітостаған. ҚАЗақпарат. – 2007. Б. 335.
Aıtuly N. Bóritostaǵan. QAZaqparat, 2007. – B. 335.

Материал 09.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES
1 Alpysbayev K. K. modern Kazakh lyrical poem. Training manual. A., 1989; poem and plot. – A., 1992.
2. Works Of A. Nurkatov. // Composition.: S. Negimov. "I don't know,"he said. – 2013.
3. Asylbek Baitanuly. Abay and the Kazakh poem. adebiportal.kz/kz/news/view/21297.
4.Works Of Aituly N. Volume II. Astana: "Folio". – 2014.
5. https://www.inform.kz/kz/zhalantos-bahadurdin-tuganyna-440-zhyl_a2954656.
6. Alpysbayev K. K. historical work in Kazakh literature: cognition and art. Philological science. Dr. science. abstract prepared for obtaining a degree. – Almaty,1999. – B. 48.
7. Aituly N. Boritostagan. Kazinform, 2007. – B. 335.

Художественная традиция и новаторство в поэмах Несипбека Айтулы

А.А. Алтаев
докторант, Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

В статье анализу подвергнуты творческие поиски автора в создании исторических образов, в использовании фактов и вымысла в структуре исторических поэм Н. Айтұлы «Сардар», «Ту», «Наурызбай», «Жалантос», «Шакантай», «Бердикожа», «Толегетай». Отмечается, что в поэмах «Сардар», «Жалантос» широко отражены роли и деятельность исторических личностей в борьбе за независимость народа. Исследованы стилевые особенности текстов. Рассмотрены жанровые особенности поэм, информационная, когнитивная, поэтическая значимость данных текстов. Обозначены творческие поиски и художественные решения поэта в изображении исторических событий, жизненных явлений, исторических лиц. Были определены творческие принципы автора, роль его мировоззрения в формировании исторического образа, оценки специфики исторического прошлого.

Материал поступил в редакцию журнала 09.11.2020

Artistic tradition and innovation in the poems of Nesipbek Aituly

A.A. Altaev
L. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article analyzes the author's creative search in creating historical images, using facts and fiction in the structure of historical poems by N. Aituly "Sardar", "Tu", "Nauryzbay", "Zhalantos", "Shakantay", "Berdikozha", "Tolegetay". It is noted that the poems "Sardar" and "Zhalantos" widely reflect the historical role and activities of historical figures in the struggle of the people for independence. Research style features of the author. Genre features of poems are considered. Informational, cognitive, and poetic significance of these texts. The creative search and artistic solutions of the poet in the image of historical events, life phenomena, historical persons are indicated. The author's creative principles, the role of his worldview in the formation of the historical image, and the assessment of the specifics of the historical past were determined.

Received: 09.11.2020

ӘОЖ 821.512.122.0

Ә.Д.Әміренов[1], А.Өнерхан[2]
[1]ф.ғ.к, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140006, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8705-599X. E-mail: adilbek.61@mail.ru
[2]магистрант, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140006, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-6924-667X. E-mail: altynaionerkhan@mail.ru

Ә.КЕКІЛБАЕВ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТҮС КӨРУ МОТИВІ

Түркі дүниетанымында түс көру мәселесі шаманизм сенімімен байланыстырылып жатады. Бұл әруақтардың тірі адамдармен тілдесуі деген сөз. Ал исламда жын-шайтандардың адамдарды ұйқы кезінде басқаруы деп түсініледі. Қазіргі таңда түс көру тақырыбы психологияның зерттеу объектісі болып танылып, көбінесе З.Фрейдтің «адамның ішкі қалауы» деген тұжырымымен сәйкесіп жатады. Түс көру мотиві М.Бахтиннің талдауы бойынша әдебиеттегі кейіпкер психологиясын ашудың таптырмайтын құралы болып саналады. XX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінде түс көру мотиві көбінесе халық ауыз әдебиетінен көрініс тауып отырса, бұдан кейінгі прозалық шығармаларда түс көру әлдеқайда кең тақырып етіп алынды. Осы ретте, Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жалғыздық пен түс көру мәселесі мақаланың өзегі болып отыр.

Кілт сөздер: түс көру, мотив, психологиялық тартыс, өмір сүру философиясы, повесть, кейіпкер.

КІРІСПЕ

Қазақ прозасында түске соншалықты мән беріп, одан үлкен филолсофиялық ой, әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтеретін Әбіш Кекілбаевтың көркемдік әлемі әлі ашылмай жатқан арал сияқты. Яғни, Ә.Кекілбаев шығармаларындағы кейіпкерлердің түс көруі ішкі қалаудан ғана емес, бірқатар проблемалардан да туындайтындығы мақаланың өзектілігі болып тұр.

Түс көру тәсілінің теориясы және әдебиеттану ғылымында зерттелуін қарастыру. Ә.Кекілбаев туындыларындағы түс көру тәсілін талдау.

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде қазақ әдебиетіндегі психологиялық туындыларындағы түс көру тәсілі туралы жазылған Х.Досмұхамедұлы, М.Бахтин, Ф.М.Достоевский, Ә.Кекілбаев, З.Фрейд, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар, ғылыми пікірлер басшылыққа алынды.

Әбіш Кекілбаевтің психологиялық туындыларының ішінен «Бір шоқ жиде», «Шыңырау», «Күй» шығармаларындағы түс көру мәселесінің психологиялық астары ашылып, оны қазақи ұғым мен адамзаттық мәселе төңірегінде қарастырып, түс көрудің негізгі проблематикасы жан-жақты зерттеліп жазылды.

А Майтанов «Б. Қаһарманның рухани әлемі», Ж.Дәдебаев «Түс аяны», М.Бахтин «Проблемы поэтики Достоевского», Ә.Кекілбаев. «Дала балладалары», Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) атты зерттеу еңбектерінде тақырыпқа байланысты мәселелер қарастырылған.

Б. Майтанов көркем мәтін психологизміне мынандай анықтама береді: «Қахарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен- психологизм» [1, 3]. Көркем шығармадағы кейіпкердің ішкі әлемін үңіліп, жан дүниесін ашып көрсетуда автор қолданатын психологиялық бейнелеудің: диалог, монолог, ішкі монолог, мимика, пластика, ишара, портреттеу, күнделік, хат т.б әр түрлі формалары мен тәсілдері бар. Солардың бірі – түс көру.

Түс көрудің ғылыми сипаттамасын берместен бұрын көшпелі тұрмыс кешкен қазақы жадтың құрамдас бөлігіне айналған «түс көруге» қатысты мәселелердің басын шолып өту керек секілді. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде жиі ұшырасатын сюжеттердің бірі – кейіпкердің түс көруі. Ел аузында сақталған Абылай ханның түс көруі, Кенесарының өз ажалымен түсінде бетпе-бет келуі, Қобыланды батырға аталарының аян беруі, т.б. көптеген эпостық шығармаларға тән түс көру мотивінде оның әлеуметтік мәселесі әрдайым алдыңғы орынға шығып отырған. Бұлай дейтін себебіміз, түркі халықтарына ортақ әдебиетте (әсіресе, ауыз әдебиеті) тарихи тұлға образы қашанда бірінші позицияны иемденіп отырады. Бұл тайпалық-рулық психологияның жеке адам тағдырынан үстем тұрғандығынан болса керек. Мұны идеализациялау деп те айтуға болады.

Фольклордағы түс көру мотиві сәуегейлік және информациялық қызмет атқарса, бертін келе дамыған жазба әдебиеттегі түс көру жеке адам ойының ең күрделі психологиялық құралы деп өз бағасын алған [2, 10].

Түс көрудің әлеуметтік мәні мен индивидтік сапасын анықтай келе, олардың бірін екіншісінен төмен санауға болмайды. Өйткені ерте замандарда ақпараттың түзілуі түс көру мен оны жору арқылы жүзеге асып отырған.

Этнопсихологиялық зерттеулер батыс ғылымында бертіректе зерттеле бастағанымен, бұл мәселеге тұрмыстық үлкен мән берген көшпелілер наным-сенімдер мен салт-жоралғыларды берік ұстанып келген. Десе де, түс жору мәдениетінің көптеген халықтарда болғандығын ғалым Х.Досмұхамедұлы былай деп түсіндіреді: «Түс жорудың (снотолкование) қазақтар арасында да үлкен мәні бар екені ежелден белгілі, сол себепті де ел ішінде арнайы мамандар—түс жорушылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша, түс жору Перғауынның (Фараон) түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан бастала ды. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді» [3, 25].

Түс – жан мен тәннің бірлігі нәтижесінде туатын болғандықтан оны адам өмірінен сызып алып тастауға болмайды. Керісінше, оны биологиялық, магиялық, мифологиялық, психологиялық қызметі тұрғысынан әмбебап анықтауыштық-сапалық қасиет деп тануымыз керек. Түстің көбінесе фантастикалық болып келетіні оның қиялдың ең биік нүктесі болғандығына байланысты. Адам неғұрлым қиялшыл, арманшыл болса, тиісінше, оның түстері де адам нанғысыз кейіпкерлер мен оқиғаларға толы болмақ.

Түс көру мәселесін мотивтік деңгейден әдеби құрал ретінде өсіріп шыққан ғалым М.Бахтин болды. Ол Ф.М.Достоевскийдің шығармаларындағы түс көруді зерттей келе полифониялық жанрдың таптырмас құралы деп түсіндірді. Оның бұл жердегі айтпағы өмір мен өлім, ниет пен пиғылдың балансын сақтап тұрған нәрсе - түс көру сәті. Тіпті сананың бөлініп, екіге жарылуы да осы түс көру мәселесі арқылы шешімін табады екен [4, 183].

Біз жоғарыда қазақ ауыз әдебиетіндегі түс көру мәселесінің идеализациялық мәні басым болған деп айтып өттік. Ал қарапайым адамның тағдыры тек 20-ғасырда ғана сөз бола бастады. Алғашқы прозалық шығармалар қатарында болған «Бақытсыз Жамал», «Шұғаның белгісі» секілді роман-хикаяттарда кейіпкердің әлеуметтік статусы ескерілмесе де, кезеңдік әдебиетке сәйкес әлеуметтік тақырып жүгі басым түскен еді.

60-90 жылдардағы қазақ әдебиетінде адам тағдыры дейтін тақырып өзектене түсті. Мұнда әлеуметтік тақырыптан көрі жеке адамның ойы мен психологиясы ашыла түскен еді. Бұл тақырыпқа келуге кеңестік пролетариаттық идеалогияның әсері зор болғаны түсінікті де. Мұндай қарапайым адамның тағдыры туралы М.Әуезов, С.Мұқанов сынды классик жазушылар жол бастап, Д.Исабеков, Т.Әбдік, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Ә.Кекілбаев, Б.Нұржекеұлы сынды қазіргі дәуір әдебиеті өкілдері көшке ілескен еді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аталған жазушылардың ішінде Әбіш Кекілбаев қарапайым адамның қоңырқай тіршілігін суреттей алу мәнерімен ерекшеленеді. Оның әңгімелері мен повестерінде көбінесе шаруа адамдары тіршілік етеді. Жазушы кейіпкерлердің күнделікті күйбең тіршілігін суреттеу арқылы философиялық үлкен сұрақтарға жауап іздейді. Мәселен, «Шыңырау» повесіндегі Еңсептің аз күндік ғұмырындағы қуаныш-қайғысы, «Бір шоқ жиде» шығармасындағы Тілеу қарттың ұстынсыз ұзақ өмірі бір қарағанда, қалам тербеуге лайық үлкен тақырып бола алмайды, бірақ жазушы заттық әлем мен адам ойының үйлесімділігін шиеленістіріп тастап, қараңғылықтың арасынан жарық сәуле іздеуге талпынады. Осы тұста жазушының жер бетіндегі әр адамның өмір сүруінде қандай да бір мән болуы тиіс дейтін жанкештілігі байқалып қалады.

Бір ғажабы, көбелектің ғұмырындай кеп-келте адам тағдырын жазушы бір көрген түстей әсерлі етіп жеткізе алады; ол шығармаға етене еніп те кетпей, шылбырды кейіпкерге де ұстатпай әрдайым өткен шақ пен осы шақтағы уақыттық белдеуді тізгіндеп отырады.

Түс көруді адамның ішкі ниетіне байланысты деп қорытынды шығарған атақты психолог З.Фрейд болды. Ол ақыл-ой сананың аясынан тыс жатқан қалау мен құштарлықты жасырады деп тұжырымдады. Соған қарамастан, олар ұйқы кезінде түс арқылы сана жарықшақтарына жол табады деген идеяны айтқан еді. Бұл ғалымның атақты «Түс жору» ғылыми еңбегіндегі жетістік болып саналады [5, 189-205].

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы кейіпкерлердің түс көруі ішкі қалаудан ғана емес, бірқатар проблемалардан да туындап жатады. Мәселен, «Бір шоқ жиде» шығармасындағы Тілеудің соғыста өлген баласынан қаралы хабар жеткендегі күйіне зер салып көрейік: «Түсіне енді қобдиын шашып ойнап отыратын селеу шаш балалар да кірмейтін болды. Бұрын көзін жұмса-ақ бұған қарай саусағын шошаңдатып, ауыздарына келгенді оттай жөнелетін кемиек шалдардың да көмейлеріне құм құйылыпты. Енді тіпті түс те көрмейді. Өңінде де ешкімді де, ештеңені де байқап жатқан жоқ. Төңірегінде көз тоқтататындай не бар... Адыра қалған айдала... Тұлдыр кеңістік...» [6, 171].

Тілеу қарт үшін тыныштықтан қорқыныштысы ештеңе жоқ. Ол бұған дейін кемпірі екеуі соғысқа кеткен баласынан үміттеніп, күнделікті қайрағы мен балтасын алып, зергерлік ісімен айналысып жүретін еді. Енді баласы өлді деген хабар жеткенде ішкі үміті сөніп, өмір сүруге деген құштарлығы мүлде жоғалғандай болады. Бірақ кейіпкердің әрі қарай өмір сүруіне не себеп болды? Әрине, оның ішкі қалауы. Әр адамның басында түрліше мұрат-мақсат болады. Тілеудің қалауын оның философиялық ойларынан шолып қаламыз. «Тәйірі, пенде пақыр

мынау қотыр тайдың құйрығындай шоп-шолақ дәуренінде ерні тұшып перзент сүйгеннен басқа баянды не көреді. Басқасының бәрі мұның қыз-қырқынға соғып берген әлекей-күлекейіндей алдамыш бірдеңе емес пе. Тіріңде көзіңді қуантып, өліңде аруағыңды ырзалайтын перзентке не жетсін. Ең болмаса, ит жығыс түсейін деп өнер сатып, бедел сатып, абырой сатып қанша тайталасқанмен, бәрібір жеңілмей қоймайтын өзекті жанның уақыт алдындағы жаңғыз ұтысы ұрпақ қана. Оның мынау қара жердің бетіндегі тыртаң-тыртаң қимыл-қыбырының ең мәндісі - сол артыңда қалар ұрпақтың аузына аз-күн ырзық болсын деп еткен еңбегі ғана» [6, 169].

Тілеудің өмір сүру философиясы ұрпақ мәселесіне келіп тіреледі. Өйткені бұл жеке басының проблемасы ғана емес, Тілеудің әулетіне тиген қарғыс секілді бір атадан бір атаға жағаласып келе жатқан шежіренің тоқтап қалу қаупі болатын. Тұрмыстық қорқыныш гендік сипат алып, аталарынан бері келе жатқан жалғыз үй – атажұртты күзету келесі ұрпақты үлесіне тиюі тиіс болған, бірақ соғыстың кесірінен бұл қатердің тағы да тұзағына ілініп қалған еді.

Повесте Тілеудің атасы Өтеудің жеті баласынан бірдей айырылып қалғаны да сөз етіледі. Өтеу ішіне сыймаған күйікті күй арқылы сыртқа шығарып тастауға талпынады. Бұл оның саналы әрекеті емес еді. Құдайға өкпелеп айдалада жалғыз қалған інісіне Ақпан бір баласын береді. Ол – Сақтап аталары. Сақтап аңнан келе жатып, әлдеқандай үнді естіп қалып, жадында сақтайды. Ол – Өтеудің әлгі күйі еді. Өз кезегінде Сақтап та бір бақсыға тілі тиіп, қарғысқа ұшырап, ұрпағы тұрмайды. Алпысында көрген ең соңғы баласын қырық қазаннан өткізіп, қырық әйелдің емшегін емізіп, жаңа күшіктеген қаншықтың бауырына тастап, атын Сырттан деп қояды. Ол да бес қатын алып, бесеуінен де ұрпақ сүймейді. Шаңырағы құлауға айналған соң көрші ауылда оң жақта жүкті болып қалған қыздың баласын асырап алып, оның атын Сұрапалды қояды. Ол да ұрпақ сүймей, қайын жұртынан бала асырап алады, бұл – Тілеу болатын.

Осындай шиеленісті шежіресі бар әулеттің басына тағы да қара бұлт үйірілді. Осыны ойлап бебеулеген Тілеу қарттың түсінде шұбырған көк көзді, сары шашты балалардың кіруі де осындай себептерден еді.

Тілеудің түсі тек мұнымен ғана шектелмейді, ол енді өлімнен қорқа бастайды. Әкесі үйретіп кеткен «Бебеу күйді» келесі ұрпаққа үйретіп үлгермей, өмірден озып кету ол үшін кешірілмес күнәдай көрінеді. Мұны да біз кейіпкердің түсі арқылы анықтай түсеміз.

«Көзі ілініп кетіпті. Жұмыртқаның ақ уызындай бір түссіз қоймалжыңда малтығып жүр. Төңірегіндегі ештеңенің бет-бедері айқын аңғарылмайды. Тіпті өзі де мынау түссіз қоймалжыңға айналып кеткендей. Әлгі кеудеңнен шыбын жаның ұшып кеткенде шегетін хәлің осы ма екен? Бірақ бұл нағып теп-тез жантәсілім бола қалды? Әлгі жаныңды қарқараға келтіретін сират көпірі қайда? Асай-мұсайын асынып келетін Мүңкір-Нәңкірі қайда? Бірақ бұған Мүңкір-Нәңкір не айта алар дейсің.

..Төңірегіндегі қоймалжың сарқылған сарсудай қойыла түсті. Бірте-бірте батпақтанып, балшыққа айнала бастады. Қара жер бұны біржола обып бара жатқандай. Көкірек тұсы ылжырап, жидіп жүре бергендей. Қорқыныш дейін деуге өзі осы өлім дегеніңе әлдеқашан пейіл болған адам сияқты еді. Ендеше неге тамағы құрғайды, ендеше неге көмейіне әлдене кептеліп тұрып алады, ендеше неге иегі кемсеңдейді...» [6, 177].

Түстің ажал көрпесін жамылып, кейіпкердің психологиясына сыналай әсер етуін «Шыңырау» повесінен де байқап қаламыз. Әкесінен жастай айырылған Еңсептің құдық қазып жүріп, өткен өміріне ойша қайта-қайта орала беруі – жазушының тар кеңістікте шексіз ойларға жарық тастау тәсілінің биік шыңы болып табылады. Осы тұста жер асты әлемі мен жер үстіндегі тепе-теңдіктің адам арқылы ғана сақталатынын жазушы тағы да дәлелдей түседі.

Сонымен, Еңсептің көптен бергі мақсатына айналған – ең терең құдық қазу миссиясы орындала бере ол абайсызда басын жарып қаза болады.

«Қайқайып тұрып тақтай тасты сарт-сарт сабалайды. Кенет сүймені тасқа тимей, тесіктің өзіне түсіп, екпетінен құлап түсті. Маңдайы тасқа соғылып, басы зеңіп кетті. Біреудің аялы қолдары қос алақанын жайып, қағып алғандай. Басқа жеріне зақым тимеді. Қақ маңдайынан бастап жып-жылы жұмсақ алақан сипап өтіп еді, көмейіне қоймалжың бірдеңе құйылғандай болды. Мұны қағып алған бейтаныс адамның да омырауы терге малшынып қалыпты, жамбас тұсы, жауырыны мұздап қоя берді. Біреу жүзіне телміре төнгендей. Қарауытып кеткен жанары бұның бетіне мүсіркей үңіліп тұрған Қалпақтың көк сұр жарғақ жүзін шолып қалғандай» [6, 129-130].

Еңсептің мықты қарсыласына айналған Қалпақ – ажал боп келді. Бұл кейіпкердің бар ойын жаулап алған қорқынышының әсері болатын. Ол, әрине, өлімнен қорқып тұрған жоқ, ол өзінен озып кетер деп Қалпақтан өлгенше аяқ тартады.

Өлімнің түс секілді түсініксіз быжырқай күйге енуі – адам ойының әрдайым бір қалтарыста жұмыс істеп тұрғандығынан да болуы мүмкін. Өйткені психологиялық парадокс тудыратын туындыларда өлімнен кейінгі шекара әрдайым жұмбақ күйде қалады. Бұл толассыз жалғаса беретін мәңгілік тақырып.

Ә.Кекілбаев бұл шығармаларда өлім арқылы түсті сипаттаса, «Күй» повесінде түс арқылы өлімнің жетегіне көнеді, лайығы, кейіпкерді өлім жетектеп алып кетеді.

Кек қуған екі тайпа арасындағы шайқаста баласының қазасын естіген Жөнейіт өң мен түстің ортасында қалып қояды. Әншейінде қос жанарын сілкіп жібергенде бүкіл елді басқарып кететін қатал басшы ендігі тұста айналасындағы болып жатқан қыбыр-жыбырға түсінбей, ештеңенің байыбына дұрыстап бара алмайды. Мұндай ауыр соққыны жазушы: «Жөнейт осы бір бастығырылған есірік түстен арыла алмай-ақ қойды. Көзінің алды бұлдырап, тұмандана берді» [7, 111], – деп әспеттейді. Бастығырылу – түс кезіндегі ең ауыр кезең. Бұл діни тұрғыда жын-шайтандардың ойнағы деп түсіндірілсе, ғылымда мидың денеден бұрын оянып кетуі деп сипатталады.

Қалай болғанда да, Жөнейіттің өз баласын өз қолымен ажалға айдап шығаруы – оның психологиясына кінә дәнін егіп жібергені күмәнсіз. Осыдан кейін-ақ Жөнейіт бұрын мән бере қоймаған жайттарға бас ауыртып, інісі Көкбөрінің сөздері мен баласы Дәулеттің дутар тартып, өнер қууындағы мақсатына зер салып бастады. Қай жерден артық кетіп, қай жерде кемшін түстім деп арбасады. Ішін өртеп бара жатан кек шығар жолын таба алмай, не көзінен жас боп шықпай, не қанмен жуылмай ішінде қатты да қалды.

Жөнейттің сарбаздары Дәулетпен тартысқа түскен адай күйшіні тұтқындап, оның алдына алып келгенде Жөнейт еш сыр білдірмейді. Бірақ күйші домбырасын ағызып жібергенде, айналасындағы сарбаздардың іші жылып, жүздеріне мұң ұялағанын көріп, ішінен Көкбөрі мен Дәулеттің неге қырбай боп жүргендеріне түсіне бастайды. «Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сүртуге арланды» [7, 124].

Мұндай сұмдық күйден кейін Жөнейіт адай күйшіні жерге көмдіріп, басын қылтитып шығарып, айдалаға тастап кетеді. Ендігі психологиялық арбасу күйші мен Жөнейт арасында жүреді. Бұл Жөнейттің түсі арқылы жүзеге асады. Күйшіні жерге көміп келген күні Жөнейіт ұйықтай алмайды.

«Ұйқы да келмей қойды. Ойына тұтқын күйші оралды. Манадан бері есіне алғысы келмей, әр нәрсеге алаңдап бағып еді. Бәрібір болмады» [7, 134]. Ендігі жерде Жөнейттің ойы арқылы күйшінің айдаладағы қу басы суреттеле бастайды. Жөнейттің күйшіні босатып жібергісі келген ішкі қалауы түс арқылы анықталады. Бірақ бір тайпаны басқарып отырған басшының әлсіздік көрсетуі – бұл үшін өлімнен де жоғары тұрған үкім еді. Күйішіні босатудың амалын ол енді өмірлік жауы болған Дүйімқара арқылы шешкісі келеді. Бірақ күйшісін іздеп Дүйімқара да келмейді. Өзінің ішін жылытқан күйшіге қанша рахымшылық істегісі келсе де, Жөнейіт күйшіге бәрібір қайта оралмайды. Бірақ оның есінде әлгі күй қалып қояды. Бұл Жөнейттің ендігі қорқынышы.

Баласының өлімінен кейін жалғыздықтың тұтқыны болған Жөнейттің ендігі сырласы – күйші болды. Өлі-тірісі белгісіз күйшіні күн сайын түсінде көреді, тек сонымен тілдеседі.

Мұндай күшті психологиялық тартыстың түс кезінде ғана орындалуы тегін емес. Жазушы қаталдықтың бәрін бойына жиып алған, жылауды да әлсіздік деп білетін Жөнейттің қабырғаларын сөгіту үшін түс көру тәсілін шығарманың өзегі етіп алады. «Түсінде шешілген қол өңінде байланған бір далбаса хал. Өңінде ойлай алмағанды түсінде ойлайды. Өңінде айта алмағанды түсінде айтып жүреді» [7, 136].

Жөнейтті ақыры түсі жалмап бітеді. Түсінде күйшінің тартып берген күйі артынан қуалап, ақыры Аннадүрдінің есігінің алдында ажал құштырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, түс – адамның санасында жасырынып жатқан түпкі қалау мен ниетті көрсетуші құрал. Ол қорқыныш пен үрей, үміт пен торығу сезімдерінен де туындауы мүмкін. Түске енетін әрбір оқиға өңдік кезеңдегі адамның бейсаналы қабылдауынан түзіліп жатады. Біз осы нәрселерге біршама талдау жасадық.Сонымен қатар Әбіш Кекілбаевтың кейбір шығармаларындағы түс көру мәселесінің психологиялық астарын ашып, оны қазақи ұғым мен адамзаттық мәселе төңірегінде қарастырып, түс көрудің негізгі проблематикасын ашуға талпындық деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
Maıtanov B. Qaharmannyń rýhanı álemi. – Almaty: Jazýshy, 1987 – 232 b.
2 Дәдебаев Ж. Түс аяны. – Алматы: «Ғылым», 1992.
Dádebaev J. Tús aıany. – Almaty: «Ǵylym», – 1992.
3 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 94: Түс жору және ырымдар. – 432 б.
Babalar sózi: Júztomdyq. – Astana: «Foliant», 2013. T. 94: Tús jorý jáne yrymdar. – 432 b.
4 Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Советский писатель, 1963.
Bahtın M. Problemy poetıkı Dostoevskogo. – M.: Sovetskı pısatel, 1963.
5 Әдебиет теориясы: Антология. 2-том/ Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма қоры бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 372 б.
Ádebıet teorıasy: Antologıa. 2-tom/ Jýlı Rıkvın men Maıkl Raıannyń redaksıasymen. – Almaty: «Ulttyq aýdarma qory búrosy» qoǵamdyq qory, 2019. – 372 b.
6 Кекілбаев Ә. Дала балладалары. 2 том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 232 б.
Kekilbaev Á. Dala baladalary. 2 tom. – Almaty: Jazýshy, 2005. – 232 b.
7 Кекілбаев Ә. Ханша-Дария хикаясы. Балладалар мен роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.
Kekilbaev Á. Hansha-Darıa hıkaıasy. Baladalar men roman. – Almaty: Atamura, 2003. – 320 b.

Материал 14.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Maitanov B. The spiritual world of the hero. – Almaty: Writer, 1987. – 232 p.
2 Dadebaev Zh. Color campaign. – Almaty: "Science", – 1992.
3 Words of ancestors: Zhuztomdyk. – Astana: «Foliant», 2013. T. 94: Dreams and superstitions. – 432 p.
4 Bakhtin M. Problems of Dostoevsky's poetics. – M.: Soviet writer, 1963.
5 Literary Theory: Anthology. Volume 2 / Edited by Julie Rickwin and Michael Ryan. – Almaty: Public Fund "Bureau of the National Translation Fund", 2019. – 372 p.
6 Kekilbayev A. Steppe ballads. 2 vols. – Almaty: Writer, 2005. – 232 p.

7 Kekilbaev A. The story of Princess Darya. Ballads and novels. – Almaty: Atamura, 2003. – 320 p.

Мотивация цветопередачи в психологических произведениях А. Кекилбаева

А.Д.Амренов[1], А.Онерхан[1]
[1]Павлодарский педагогический университет, Павлодар, 140006, Республика Казахстан

В тюркском мировоззрении проблема цветопередачи связана с шаманизмом. Это означает, что каждый из нас общается с живыми людьми. В исламизме понимают, что дьяволы управляют людьми во время сна. В настоящее время тема цветопередачи признана объектом исследования психологии, в основном она сочетается с формулировкой З.Фрейда – «внутреннее желание человека». Мотивация цветопередачи является незаменимым средством раскрытия психологии персонажа в литературе по анализу М. Бахтина. В казахской литературе до XX века мотивация выбора цвета часто проявляется в устной народной литературе, а в последующих прозаических произведениях – более широкая тема. Поэтому проблема одиночества и цветопередачи в произведениях А. Кекильбаева является целью нашего исследования.

Материал поступил в редакцию журнала 14.11.2020

Motivation of color rendering in the psychological works of A. Kekilbaev

A.D.Amrenov[1], A.Onerkhan[1]
[1]Pavlodar pedagogical university, Pavlodar, 140006, Republic of Kazakhstan

In the Turkic worldview, the problem of color reproduction is related to the faith of shamanism. This means that each of us communicates with real people. Islamism understands that devils control people while they sleep. Currently, the theme of flowering is recognized as an object of research in psychology, mainly combined with the formulation of Z. Freud's "inner desire of man". Motivation of blooming is an indispensable tool for revealing the psychology of a character in the literature on the analysis Of M. Bakhtin. In Kazakh literature before the XX century, the motivation for color is often shown in oral folk literature, and in subsequent prose works a broader theme. In this regard, the problem of loneliness and flowering in the works of A. Kekilbayev is the core of the article.

Received: 14.11.2020

ӘОЖ82.091

Л.М. Демесинова[1], М.С. Оразбек[2]
[1]докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,010000, Қазақстан Республикасы,https://orcid.org/0000-0002-2414-7360. E-mail: lepa_semey@mail.ru
[2]ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-0703-3142. E-mail: makpal_zere@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АРХЕТИП ОБРАЗДАР

(А.Алтай мен А.Кемелбаева шығармалары негізінде)

Мақаладақазақ әдебиетіндегі ұлттық архетип образдар қарастырылған. Автор «архетип» ұғымына жан-жақты анықтама берген.Аталмыш терминді зерттеген

ғалымдар еңбектерінен дәйектемелер келтіру арқылы ұғымның қолдану аясы айқындалды. Архетип туралы шетелдік ғалымдар еңбектеріне сілтемелер жасалып, әдеби және фольклорлық архетиптер аражігі ажыратылды. Қазақ халқының ұлттық менталитетіне сай архетип образдар сипаттамасы анықталып, ұлттық архетиптердің ерекшеліктерін нақты көркем шығармаларды талдау арқылы маңызды тұжырымдар жасалды. Көркем туындыларды талдау барысында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері мен салт-дәстүріне қатысты деректермен салыстыру жұмыстары жүргізілді. Сол арқылы зерттеудің маңызы айқындалды. Көшпенді қазақ үшін тіршілік иелеріне қатысты архетип образдарды алу себебі нақты мысалдармен дәлелденді. Әдеби архетиптерді қолданудағы суреткердің мақсаты сараланып, ұлттық архетип образдарды алудағы авторлық идея, ой айшықталды.

Кілт сөздер: архетип, ұлттық код, бейсаналық, мифопоэтика, миф, образ, сюжет, мотив.

КІРІСПЕ

Ғылым мен техниканың қарыштап даму барысында рухани құндылықтарды дәріптеу маңызы артуда, дүниежүзінде ұлттық тамырға бойлау, көне жәдігерлерді қайта жаңғырту сияқты мәселелер өзекті болып отыр. Осылардың бірі ұлттық архетип те кез келген халықтың әдет-ғұрпы мен тұрымыс-салтын, ұлттық дүниетанымы мен тарихын танытатын бірден-бір құрал.

«Архетип» түсінігі ежелгі ойшылдар еңбектерінде айтылғанымен, ғылыми тұрғыдан алғаш швейцарлық психоаналитик-ғалым К.Г.Юнг енгізді. Грек тілінен аударғанда «ілкі образ», «үлгі», «түпнұсқа» мағынасында қолданылатын «архетип» терминіне К.Г.Юнг мынадай анықтама береді: «Архетип – адамзат санасында қалыптасқан бастау бейнелер <> алғашқы үлгілер-формалар адам санасында сақталғандықтан, кез келген уақытта бейсаналы түрде қалқып шығады; олар автономды, санаға бағынбайды», дей келе, «ұжымдық бейсаналыққа» тоқталады, өзіне дейінгі зерттеушілер архетип тек жеке тұлғаға қатысты десе, К.Г.Юнг архетипке «ұжымдық» сипат тән дегенге келеді [1, 4]. Ғалым архетипті зерттеуде негізінен адамзаттық мәдениетке баса назар аударып, оны дін мен мифтен, халықтардың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпынан іздеді. Яғни, шығармашылыққа келгенде суреткер көркем дүние тудырғанда ата-бабасына сақталып келген ұлттық дүниетаным негізінде архетип образдар мен мотивтерге бейсаналы түрде баратындығын аңғаруға болады.

Зерттеу барысында Э.Нойман, А.Ф.Лосев, Е.М.Мелетинский, А.Большакова сияқты ғалымдардың еңбектері негізге алынып, фольклорлық архетип, әдеби архетип, ұлттық архетип мәселелері қарастырылып, аражігі ажыратылды. Ұлттық архетипті саралауда қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалар зерттеу насанына алынып, салыстыру арқылы жүйелі талдау жасалды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпыадамзаттық архетиптер адамзат қалыптасуының алғашқы сатысында дүниенің пайда болуы, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен жер-су аттарының, аң-құстар мен өсімдік атауларының шығуы туралы мифтердің негізінде жатқан архетиптерді айтуға болады. Бұған мәңгілік образдар мен сюжеттерді, мотивтер мен символдарды жатқызамыз. Бұндай архаикалық мифтер негізінде жатқан фольклорлық архетип үлгілері барлық халықтарда кездеседі. Себебі, адамзаттың пайда болуы туралы мифтік сюжеттер барлық ұлттарда бар, мысалы, дүниені топан су басу сияқты мотивтерді айтуға болады.

Ал, ұлттық-мәдени архетип мәселесіне келгенде әр халықтың географиялық мекеніне, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына, таным-түсінігі мен дініне, рухани құндылықтарына байланысты өзіндік ерекшелігін, сол ұлтқа тән менталитетін айқындайтын белгілері болады.

Көшпелі қазақ халқының тарихи дамуында бірнеше мәдениеттер ықпалын аңғаруға болады, көне түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтар, орта ғасырлардағы Ислам мәдениеті мен дәстүрі, көршілес Орта Азия халықтарының өркениеті, осының барлығы, қазақ халқының қалыптасып, өркендеуіне өз үлесін қосқаны анық. Ендешетүркі халықтарына тән ортақ мәтіндерде, соның ішінде ортақ архетип образдар мен сюжет/мотивтердің болуы заңдылық.

Ал, қазақ халқының болмыс-бітімін, таным-түсінігін, дүниетанымын айқындайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық тауып келе жатқан әлеуметтік-мәдени коды, жадысы ұлттық архетипер болып табылады. Архетип образдардан сол халықтың өткенін, қалыптасу тарихын, фольклоры мен мәдениетін көруге болады. Осы ретте, ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы негізінде жатқан архетип образдар мен символдар туралы сөз еткенде,халқымызда ұлттық болмысымызды танытатын этно-мәдени архетиптер жетерлік: Тәңірі, Ұмай ана, бақсы, аруақ, рух, көк бөрі, тұлпар, арқар, бұғы, шаңырақ, тау және басқалар. Осылардың ішінде жан-жануарларға қатысты архетип образдарға тоқталып өтейік.

Қазақ халқында «жабайы табиғат» деген ұғым болмаған, себебі, әрдайым жаз жайлауда, қыс қыстауда төрт түлік малын қамдап, ат құлағында ойнаған қазақ өзін табиғаттан бөліп көрмеген, табиғат құбылыстарын бұлжытпай болжауы, ауырып-сырқаса, сол табиғат, жер-ана емші, малы жесе тамақ, кисе киім, мінсе көлік бола білген. Сондықтан болар, қазірде халқымызда баланы «құлыным», «ботам», «қошақаным»деп еркелетуі немесе «иттің иесі, бөрінің тәңірісі», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»сияқты фразалық тіркестер жадымызда сақталып қалған архетип түсініктер екені даусыз.Тіпті, ұлтымызда адам мінезін сипаттағанда да «қой аузынан шөп алмас», «қойдан жуас»,«тойған қозыдай», «қой мінезді»,«кісі киік», «арқардай ақырған», «атан түйе ойнаса жұт болар», «сөзі түйеден түскендей», «өгіздей өкірді», «өгіз аяң» сияқты тіркестерден архетип характерлерді көруге болады. Көне бал-бал тастардағы суреттеріміздің өзінде жануарлардың бейнеленуі, сақтар мәдениетіне жататын ескеркіштердің негізі жануарлар стилінде келуі, ауыз әдебиеті мен космогониялық мифтерде де көрініс табуы, тотемдік ұғымдардың қалыптасуы соның дәлелі. Мәселен, қазақ халқында жан-жануарларға қатысты (тұлпар, жылқы, қой, бұғы, көк бөрі), құстарға қатысты (қыран бүркіт, аққу, қаз, қарлығаш, қарға) немесе өсімдік әлемімен байланысты (бәйшешек, қызғалдақ, ермен, жусан) ұғымдардың, архетип символдардың, образдардың сақталуы ұлтымыздың санасында табиғаттың құпиясын терең сезініп, онымен біте қайнасып өмір сүрген тылсым сырын байқаймыз. Жоғарыда аталған аңдар мен құстардың, өсімдік атаулының киесін сезініп, бағалап, олардың маңызын түсінгендіктен де қазақ санасында олардың әрқайсысына тән ұғым қалыптасқан.Аталмыш ұғымдар мен түсініктерәу-баста танымдық сипатта болса, уақыт өте келе ауыз әдебиеті үлгілерінде көркемдік қызмет атқарып, қазіргі көркем әдебиетте мифопоэтикалық әдіске ұласып отыр.

XX ғасырдың 70-80 жылдары қазақ әдебиетінде мифологиялық проза белең ала бастады. М.Мағауин, О.Бөкей, А.Алтай, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек сияқты жазушылардың шығармаларында мифтік сюжеттер көрініс тауып, жаңа неомифтердің тууы байқалды.Бұл үдеріс қазіргі постмодернистік шығармаларда да өз жалғасын табуда.

Авторлардың мифтік мотивтер мен сюжеттерді пайдалануы бейсаналы түрде ұлттық санамызда сақталған архетип қабаттарға бойлай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген фольклорлық шығармалардағы архетип үлгілерді жаңа жанрда, жаңа интерпретацияда түрлендіріп қайта жаңғыртқанын аңғаруға болады. Осы ретте, фольклорлық архетип пен әдеби архетип ұғымдарының айырмашылығын ескерер болсақ, әдеби архетип туралы Е.М.Мелетинский [2] мен А.Большакова [3] сияқты ғалымдар мифтегі архетиптің көркем шығармадағы архетипке ауысуын зерттеу барысында көне мифтерде сақталған ілкі образдардың вариативтілігі мен инварианттылығын ескере келе, архетиптердің қанша түрленгенімен өз өзегін жоғалтпайтынын, көркем шығармадағы әдеби образдардың барлығы «мәңгілік образдар», яғни архетип үлгілер негізінде туындайды деген пікірлер білдіреді. Қазақ әдебиетінде ұлттық санамызда қалыптасқан табиғаттағы тіршілік иелеріне қатыстыархетип образдардың көрініс табуы осының айғағы. Адамзат дамуының алғашқы

сатысында адам мен жан-жануар арасында аражік болмағанына көптеген мифтер дәлел. Мысалы, адам болудан жалыққан кемпірдің ұрғашы бұғыға айналуы, кейіннен буаз болған бұғының қорыққаннан қайта адам кейпіне келуі сияқты мысалдар жетерлік. Келтірілген мысалдан адам жануарға оп-оңай ауыса алады, бұдан ерте заманда адамдар санасында табиғат пен адам арасындағы аражіктің болмауын аңғаруға болады. Бұл үрдіс қазіргі әдебиетте де кездеседі.

О.Бөкейдің «Мұзтау», А.Алтайдың «Кентавр», А.Кемелбаеваның «Қоңыр қаз»,Ж.Қорғасбектің «Қасқыр адам» шығармаларының басты кейіпкерлерінің өзі өмір сүрген қоғамды жатсынып, жан-жануарлар немесе құстың кейпінде келуі авторлардың бейсаналы түрде ұлттық архетипті саналарында сараптап,қорытып, көркемдік құралға айналдыру барысында тамаша шығармалар тудыра білген. Аталған шығармалардың барлығында негізгі кейіпкерлердің жан-дүниесінің екіге жарылуы, бірде адам кейпінде, бірде жануар кейпінде ойлауы көне мифтердегі дуалдық «өз/өзге» (свой/чужой) оппозиция ұғымдарымен сабақтасып жатыр.

Аталған шығармаларды салыстыра талдау жасар болсақ, А.Алтайдың «Кентавр» шығармасындағы кейіпкердің болмысы жартылай адам, жартылай жылқы кейпінде: «...Жылқы тұрпатты, адам тұлғалы нәресте де ширады. Ол жануардай жылдам аяқтанды. Ертегідегідей жылдам тілі шығып, ерте ес кірді. Әкесі бөтенсімей бауырына басып, анасы жерінбей жанына алған, көкесі жатсынбай иығына шығарған» [4, 112]. Ертегілер мен аңыздарда кездесетін фантастикалық образды көркем шығармаға арқау ете отырып, автор өзінің философиялық дүниетанымын көрсетеді. Адам кейіпіндегі жылқы тектес баланың образы арқылы, «жылқы мінезді» қазақтың соңғы ғасырларда орыстың боданына айналып, жігерінің құм болғаны, ал тәуелсіздік келген тұста дүниенің төрт бұрышынан қазақ жерінің байлығын аңдып келе бастаған өзге ұлттың талауына түскелі тұрған елдің қайтадан «жер тарпыған текті жылқы мінезіне» қайта оралса деген авторлық ұстанымы жатқан сыңайлы. Себебі шығарма мәтініндегі оқиғада қазақ жеріндегі сұңқар біткенді аулауға жер түбінен арабтар келген. Ал оларды ертіп келген белгілі қазақ спортшысы. Демек қазақ жылқыға тән киелі мінезін жоғалтып, өз елінде қорқауға айналған. Қазақ ертегілері мен аңыздарында қорқау мал біткен мен адамға маза бермейтін дүлей күштің иесі.Ендеше сол қара күштің иесі (спортшы) аң аулап келген тау арасында бір қазақтың отбасында жылқы текті бала дүниеге келді. Осы арада автордың мифопоэтикалық танымына назар аударуға тура келеді. Жетпіс жыл бодан болған елден өсіп шыққан қара күштің иесі спортшы жылқы мінезін жоғалтса да, тәуелсіздік тұсында туған ұрпақ өз болмысына оралады деген арман-аңсарын байқауға болады.Қазақ халқында төрт түліктің ішінде «тұлпардың», «жылқының» алатын орны ерекше, ұлттық санамызда жылқы киелі, қасиетті жануар, фольклорлық шығармаларда батырлардың сенімді серігі тұлпарға қажет кезде тіл бітіп, ұшатын да болған. Демек А.Алтай шығармасындағы жылқы тектес бала образы да тәуелсіз елдің ұрпақтары өткен заманнан өзгеше, табиғаты бөлек, ерекше жаратылыспен қазақ мемлекетін жер бетіндегі алып елге айналдыратын ұрпақ болар деген авторлық арманынан туған деген ойға келеміз.

А.Кемелбаеваның «Қоңыр қаз» шығармасында да Кентавр адам сияқты дене бітімінде ерекшеліктер бар, кішкене қыздың арқасынан қанаттың өскенін аңғарамыз. Алғашында томаға тұйық бүлдіршіннің қаз мүсіндерге әуестігі, кейіннен өз-өзінен тұйықталып жаны қаз ғұмырға ынтығуы, өсе келе арқасынан қос қанаттың өсіп шығуы кейіпкер жан қалауымен орындалып отырады: «Хорлан төрт жасқа толғанда астауда шомылдырып отырған анасы бір түнде шеміршектің ұшы күлтеленіп құстың баласынықіндей шоп-шолақ қарала кішкене қос қанатқа айналғанын көріп шошып кетті» [5, 6], «Есіне аққулы көлді жиі-жиі ала беретін Қоңырқаз оңашада жалаңаштанып, қос қанатына айнадан көз салатын, ұшуға құмартып, әзер жүргеніне таңданатын» [5, 12]

Екі шығармада да кейіпкерлердің сыртқы болмысына байланысты «құмарпаз адамдардың таңданар «тәлкегіне» ұшырамасын, ашқарақ көзіне түспесін» [4, 114] немесе «балапанымды адамдардың жауыздығынан қорғауым керек, оның қанатты адам екенін тірі

жан сезбеуі тиіс» [5, 7] деген ниетпен етжақындарының оларды қорғау мақсатында елден алшақтатуы, ал өз кезегінде екі кейіпкер де өздерінің болмыс-бітімінен еш қымсынбай, еркіндікте өсуі байқалады. Сырт көз Хорланды «бүкір», «нарбота», «өркешті қыз» десе, анасы туралы екеуін де пері шалған деп мүсіркегенмен, олардың өз әлемі бар. Жандары таза ана мен бала дүниеауи өмірден алшақ, қоңырқаз ана құрсағында жатқан кезден бастап анасының жұрттан жырақта көлге түсіп, құстардың жұмыртқаларына жерік болуы арқылы қызының өскенде құстармен ұшып кетуіне дәнек тастағанын көреміз. Яғни, әу-баста, сырт көзден қашып оқшауланuы кейіннен нәрестеге берілуі, бейсаналы түрде жүзеге асып жатқан тізбек екенін көреміз. Бұл жерде автор жазықсыз, бейкүнә сәбидің анасының қателіктері үшін жауап беруі, архетип образ арқылы айшықталып тұр, Қоңырқаздың жандүниесіндегі күйзелісін сыртқы денебітімінің өзгерістерімен көрсету арқылы көркем суреткерлікпен жеткізген.

Адамзат танымында дүниені екі жақты, бинарлық қабылдау қалыптасқан: жақсы мен жаман, күн мен түн, әйел мен ер, космос пен хаос, өзім және өзге, өлім мен өмір, қуаныш пен қасірет. Осындай қарама-қайшы ұғымдар табиғат пен адам немесе адам мен қоғам арасындағы қақтығыстарды ашуда таптырмас көркемдік құрал. Шығарма кейіпкерлері бүгінгі күн адамының өз қоғамынан алшақтауы, қоғамда өз орнын таба алмауы мен жандүниесінің табиғатпен үндестік табуын архетип образдармен сипаттауы авторлық шешім.

Нағашысы Қоңырқаз атап кеткен Хорлан ел-жұрт ойлағандай тағы емес, жаны нәзік, сұлулыққа құштар жан: «Күллі тұлғасынан аңқаулық аңғарып тұратын, тегі жұрт жарымес санайтын кішкентай жан иесі күллі махаббатын төгіп тебіреніп, қанатты періштелерден көз айыра алмай қалғаны шынымен тосын құбылыс еді» [5, 9].

Әңгемеде Қоңырқаздың болмысына келгенде, «Оның жасына сай дамудан тежеліп қалғаны анық еді. Хайуандай ойсыз көрінетін» [5, 10] деп сырт келбетімен қатар, санасында да өзгерістердің барын байқатса, Құлын-балада ондай ерекшелік байқалмайды, керісінше «Құлын-сәбиі болса былдыр-былдыр сөйлеп, жарық дүниеге келгеніне жарым жыл өтпей, күші судай тасып еді. Анасының суын тасысып, әкесінің отынын жарысып, ошақтың отын жағысқан» [4, 111] деген үзіндіден сыртқы тұрпатында өзгерістер болғанымен, ой-санасы жасына сай дамыған, еш ауытқушылықтар байқалмайды.

Жазушылар өз қаһармандарын суреттеуде екеуіне де асқан сұлулықты таңады: «Құлын-баланың бұлшық еттері бәлеуленіп, қара тұяқтары да сомданып, көк желкесінен көтерілген жалы да күлтеленіп, құйымшағының дүм түбінен салаланған қыл құйрығы да төгіле түсіпті. Керім көзі тойып, жаны сүйсініп, әштей бір мақтаныш кернеді» [4, 113] деп қас тұлпарды сипаттағандай Басарысты әдемі бейнелесе, Қоңырқаздан да сондай әсемдікті кездестіруге болады: «Сұңғақ бойлы, қоңырқай өңді қыз бала ертегі елінен ұшып келген аққу – ханша дерсің, сиқыр сұлулығы адамзаттан бөтен көрінеді» [5, 13]. Жазушы қиялынан туған екі портреттен де көз тоярық көркем бейнелерді аңғарасың. Екі жазушының кейіпкері сыртқы болмысы өзгеше болғанымен ешкімге жамандағы жоө, айналасына қамқор, мейірімді.

Екі кейіпкерден бір уақытта адамға тән мейірімділік пен табиғат жаратылыстарын қорғаудағы ессіздіктерін, тағылықтарын байқауға болады. Қоңырқазда құстарға шапқан мысықты аяусыз тұншықтырып өлтіруінен, ал Басарыста аюды атқан аңшыларға атылуынан бас кейіпкерлердің өздерін табиғатпен егіз санауын көруге болады. Сондай-ақ авторлардың кейіпкер әрекетін бейнелеуінен келер ұрпақ, өзі өмір сүрген жерін, табиғаты мен жан-жануарын, елінің байлығын қорғайды деген зор үмітін байқаймыз. Екі кейіпкер де жаратылысы өзгеше болғанымен, еркін ойлы, тәуелсіз. Олар қорқақ, жасқаншақ емес. Демек келер ұрпақтың еркіндігін, батылдығы мен ержүректілігін аңсайтын идеялары анық байқалады.

Шығарма соңында екеуі де адамдардың кесірінен жазатайым жағдайға душар болады. Кентавр кейіпкер өзінің адамға тән қызығушылығының жетегінде кетіп, аңшылардың дауысына еленděп, соңдарына түсуі, кейіннен олардың табиғат заңдарына қайшы шығып, жазықсыз аюды атуы Басарыс бойында жабайылықты, ашу-ызаны оятып, қарсылық білдіруі

соңында қайғылы аяқталады: «... шер толы жүрегі тулаған, қан толы көкірегі қинаған құнан-адам қыл шашақты құйрығы мен шашасы жел көтеріп, қасат қар үстінде тыныш тапты» [4, 124]. Хорланды да шығармада төбелісіп жүрген балалардың дауысы елітіп, соларға жетелейді, зәбір шеккен жасөспірімді қорғап, бойынан адамға тән ынтық сезім билегенімен, жан-жағынан анталағандар оны әшкере еткен тұста, Қоңырқаз өзін адамдардан суынғанын сезініп, бойын тағылық билеп, баланы көтере көкке көтеріледі, «Ол өзінің де қиялы дәрменсіз бұлдыр мекенді аңсап, күрсініп салды. Адамдар арасында ұзақ жүріп қалғанына өкінді, сол мекенге жетуге құштар» [5, 14]. Шығарма соңында Қоңырқаз қанатының қайрылғанына қарамастан ұшып кетеді, оны аққулар алып кетеді.

Осы жерде XX ғасыр басындағы жаратылысы ерекше, қазақтың болашағы үшін күрескен алаш арыстарының тағдыры еске түседі. Олардың жүрек түпкіріндегі елге деген жанашырлықтарына қарамастан ұлтшыл деген атпен өз замандастарының қолынан мерт болғанын білеміз. Асқар Алтай кейіпкері мен Айгүл Кемелбаева кейіпкерлері де өз заманындағы адамдардың кесірінен трагедияға ұшырады.

Берілген шығармалардағы кейіпкерлерге ортақ ұқсастық авторлардың санасындағы архетип образдардың астарындағы қазақ болмысы. Кентавр мен Қоңырқаз қазақ санасында ежелден сыры тереңге тұнған ерекше образдар. Қазақ ынтымағы жарасқан, өзара тату әпкелі-сіңілі қыздарды «ағайынды қоңырқаз» деп атаған. Демек қоңырқаз қазақ санасында мейірімді, бейбіт, тыныш өмірді жақсы көретін ерекше құс. Шығарма кейіпкерлерінің жақсы мен жаманның, өлім мен өмірдің аражігін ажыратпауы шығарманың трагедиялы аяқталуымен көрсетіледі, яғни Басарыстың адам қолынан өлуі, Қоңыр қаздың ұшып кетуі. Екі туындыда да жамандыққа қарсы шыққан басты қаһармандар өздерін сол жолда құрбан етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі әлемдік жаһандану заманы ғылымның барлық салаларын қамтып отыр, оның ішінде әдебиеттану ғылымы да даму үдерісінен тысқары қалуы мүмкін емес. Қазіргі қазақ көркем әдебиеті мен әдебиеттану салаларында ақын-жазушылар мен зерттеуші-ғалымдар шетел ғалымдарының зерттеулері негізінде өз менталитетімізге сай көптеген ізденістерге барып, тың дүниелер жасап жатқаны ақиқат. Соның дәлелі модеристік және постмодернистік әдебиетімізде мифтік ойлау, неомиф, мифопоэтикалық әдістер жиі қолданылады. Ақын-жазушылар архетипті мифопоэикалық әдіс ретінде алып, шығармаларда мифтік сарын жиі байқалады. Өз кезегінде, К.Г.Юнгтің «ұжымдық бейсаналығы» айқын көрініс тауып отыр, оған зерттеуде талданған көркем шығармалар мысал бола алады.Суреткерлер қазақ халқының болмысына тән образдар мен сюжеттерді, ата-бабадан мұра болып сақталып келе жатқан ұлттық символдар мен мотивтерді бейсаналы түрде көркем туындыларға өзек етеді. Себебі кез келген шығармада автор айтар ойын, идеяны, жалпы шығарманы тудыруда қым-қуыт сюжеттерден гөрі ұлттық архетипті деталь ретінде пайдаланғанда ғана сәтті туынды болатыны сөзсіз.

Мақалаға арқау болған көркем шығармаларда авторлар ертегілер мен мифтерде әрдайым адамдардың досы, жанашыры, киелі, тазалықтың символы болған тіршілік иелерін архетип образ етіп алу арқылы мәңгілік жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның, күн мен түннің айқасын суреттеп, ұлттық архетипті сәттімифопоэтикалық әдіс ретінде қолданған. Аталмыш архетип образдарда қазақ халқының жануарлар туралы этно-мәдени танымы жатқандықтан, автордың көркемдік ізденістерге барып, аң-құстарға қатысты архетип образдарды шығармаға арқау етуі, көркем туындыда авторлық концепцияны жеткізуде архетипке терең бойлау арқылы жаңаша көркемдік шешімдер тапқаны байқалады.

Мақала ҚР БжҒМ 2020 жылғы қарашаның 19-ы, № 321 бұйрығы негізінде AP08855981 – «Абай шығармаларындағы әлемдік және ұлттық мәдени архетиптер» жобасы шеңберінде орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Юнг К.Г. Архетип и символ. – Санкт-Петерург: Ренессанс, 1991. – 208 с.
Iung K.G. Arkhetip I simvol. – Sankt-Peterburg: Renessans, 1991. – 208 s.
2 Мелетинский Е.М. О литературных архетипах. Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. – 136 с.
Meletinskii E.M. O literaturnykh arkhetipakh. Moskva: Rossiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet, 1994. – 136 s.
3 Большакова А. Литературный архетип. //Литературная учеба, 2001. – №6. – 25 с.
Bolshakova A. Literaturnyiarkhtip. //Literaturnaiaucheba, 2001. – №6. – 25 s.
4 Алтай А. Казино. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
Altai A. Kazino. – Almaty: Atamura, 2008. – 368 b.
6 Кемелбаева А. Тобылғысай. – Астана: Елорда, 2001. 120 б.
Kemelbaeva A. Tobilgisai. – Astana: Elorda, 2001. – 120 b.

Материал 05.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Jung C.G. Archetype and symbol. – Sankt-Peterburg: Renessans, 1991 – 208 p.
2 Meletinsky E.M. About literary archetypes. – Moskva, 1994. – 136 p.
3Bolshakova A. Literary arkhetype. //Literary study, 2001. – №6. – 25 p.
4Altai A. Casino. – Almaty: Atamura, 2008. – 368 p.
5 Kemelbaeva A. Tobilgisai. – Astana: Elorda, 2001. – 120 p.

Национальные образы-архетипы в современной казахской прозе

Л.М.Демесинова[1], М.С. Оразбек[1]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются национальные архетипические образы в казахской литературе. Автор дает исчерпывающее определение понятия «архетип». Сфера действия концепции была определена цитатой из работ ученых, изучивших этот термин. Были сделаны ссылки на работы иностранных ученых об архетипе, а также выявлено различие между литературными и фольклорными архетипами. Определено описание архетипических образов в соответствии с национальным менталитетом казахского народа, сделаны важные выводы из анализа особенностей национальных архетипов в конкретных художетсвенных произведениях. При анализе произведений проводилось сравнение с фольклором казахского народа. Для кочевых казахов причина использования архетипических образов животных подтверждается конкретными примерами. Была проанализирована цель использования авторами литературных архетипов, выяснены авторские идеи и мысли о национальных архетипических образов.

Материал поступил в редакцию журнала 05.11.2020

National archetype images in modern Kazakh prose

L.M. Demessinova[1], M.S. Orazbek[1]
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University,Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

The article considers national archetypal images in Kazakh literature. The author gives an exhaustive definition of the concept of "archetype". The scope of the concept was defined by the quotation from the work of the scholars who studied this term. There were links to the work of foreign scholars on archetypes, as well as differences between literary and folk archetypes. The description of archetypal images in accordance with the national mentality of the Kazakh people, and made important conclusions from the analysis of the peculiarities of national archetypes in specific works. In the analysis of the works, a comparison with the folklore of the Kazakh people was made. Thus, the importance of the investigation was determined. For nomadic Kazakhs the reason for the use of archetypal animal images is confirmed by specific examples. The purpose of the use of literary archetypes by authors was identified, the author's ideas and thoughts about national archetypal images were identified.

Received: 05.11.2020

ҒТАМР 17.82.30

Ж. Т. Қадыров[1], Ж.С. Құлыбекова[2], Ш.А. Абуталимова[3]
[1]ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-5494-9105. E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-5736-8127
[3]филология мамандығының 2 курс магистранты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8340-8786

ДЭНИЕЛЬ КИЗДІҢ «ЦВЕТЫ ДЛЯ ЭЛДЖЕРНОНА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ БАСТЫ КЕЙІПКЕР ОБРАЗЫ

Мақала фантастика жанрында жазылған Д. Киздің «Цветы для Элджернона» романындағы басты кейіпкердің бейнесін зерттеуге,XX ғасырдың 60-шы жылдарында көркем әдебиеттің дамуы психологиялық талдаудың әдістері мен оларды жетілдіріп көркем әдебиет жасаушыларды адамның жеке өміріне, кейіпкерлердің ішкі әлеміне деген қызығушылығын, олардың психологиялық талдау құралдарын қолдануға ықпал еттуіне,, адамның авторлық құқықтың басты объектісіне айналуына, сонымен қатар, адамның жеке басының мүмкіндіктері мен шекараларын қайта қарастырудың күрделі қарама-қайшылықты процестерімен ерекшелігіне арналған. Жазушының шығармашылығы мен романның тарихы жайлы сөз етіліп, басты кейіпкердің қоғамдағыөзін-өзі сәйкестендіру мәселесі көтеріледі.Сонымен қатар, графонның кейіпкердің психологиялық портретін сипаттаудағы стилистикалық тәсіл ретінде қолданылуы қарастырылады. Графон тәсілі арқылы өмірдің мәнін таныған және бақыт формуласын шығарған кейіпкердің бейнесін ашады.

Кілт сөздер: сурет, графон, ғылыми фантастика, бұқаралық әдебиет, эксперимент.

КІРІСПЕ

«Метарефлексияға бейімділік – жазушылық даралықтың маңызды белгісі. Өзінің алғашқы көрінісі ретінде жазушының әңгімелерінде байқалып, нәтижесінде метороман жанрындағы шығарма жазуға апарады.

Орыс постмодернизмінің қазіргі замандағы зерттеушісі Марк Липовецкийдің айтуы бойынша,«метапроза кейіпкер – жазушы бейнесінің орталығына орналастырумен сипатталады».Прозаның мәтіні оқырманды повестің екі инстанцияны үнемі байланыстыра алатындай етіп жасалған, бұл ретте оның назары «мәтіндегі мәтіннен» және «рамкадағы мәтіннің», екі ақиқаттың өзара кірігуіне байланысты тікелей немесе жанама түсініктеме арқылы ауысады.Осылайша, оқырманның негізгі назары «мәтінмен жасалған әлемнің тұтас бейнесінен, аяқталмаған бейнені құрастыру және қайта құру процесіне көшіріледі», сондықтан оқырман «шығармашылық ойынның қатысушысы ретінде көрінеді» [1].

Жазушышығармашылығыоқырманның адам психологиясына тереңірек енуіне мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану мәселесі әлемдік әдебиет пен өнерде кең тараған.Бұл тақырып – бүгінгі күндерде назар аударуға тұрарлықтақырыптардың бірі.

Дэниел Киздің «Элджернонға арналған гүлдер»романы – адамның өзін іздеу мәселесін көтеретін заманауи әдебиеттің жарқын мысалы.Алайда, шығарманың проблематикасы әлдеқайда ауқымды, ол социумдағы индивидуумның орны, қоғамдағы белгілерге стереотипті көзқарас, адамзат эволюциясындағы ғылымның рөлі және т. б. күрделі мәселелерді қамтиды.

Дэниель Киз – американдық жазушы, филолог. Ол Бруклинде Ресей империясының эмигранттар отбасында дүниеге келді. Әкесі антиквариат дүкенінде жұмыс істесе, анасы косметология саласында қызмет атқарды.

Д. Киздің ата-анасында жоғары білім болған жоқ, дегенмен олар баласының білімге құштарлығын қолдап, дәрігер болуын талап етті. Бұл мамандық иелерін адам өмірін сақтаушы, Дэниельдің өзін бала күнінде құтқарған Құдай ретінде қабылдаған. Ата-анасының қалауы бойынша Д.Киз медициналық колледждің бір курсын оқып шықты. Әскерге барғасын өзініңалғашқы науқасын жоғалтып**,** дәрігер мамадығынан біржола қол үзуіне себеп болды. Әскерден келгесін Д.Киз білімін психология факультетінде жалғастырып, өз білімін шынайы кейіпкерлерді жасауғажұмсады. Шынында да, Д.Киздің әрбір шығармалары психологиялық мәселерді қозғайды.

Оқуды аяқтаған соң Дэниелредакцияда қызмет атқарып, сол жерде әңгімелер мен комикстерді жазып, мектепте де жұмыс істеді. Кейін, филологиядан диссертациясын қорғап, өмір бойы университетте тіл мен әдебиет пәндерін беріп шықты. Бос уақытында жазушылық қабілетті дамытатын курстар өткізіп, шығарма жазумен айналысқан.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Д. Киздің шығармашылығы АҚШ жазушылары американдық арманның толымсыздығы туралы айтқан кезге келді; жиі қозғалатын тақырыптар ретінде адамның тұлғасын басуға ұмтылушылық пен антигумандық өркениетке қарсы тұру болды. Автордың жұмысы адамгершілік-эстетикалық ізденістермен ұштасып, идеологиясы мен эстетикалық нанымдарын бейнелейтін кейіпкердің проблематикасы мен психологиясымен анықталды [3].

Д.Киздің«Прецендент» атты алғашқы әңгімесі 1952 жылы жарияланды, алайда танымалдылық 1959 жылы «Элджернонға арналған гүлдер» әңгімесі жарияланғаннан кейін келді.

Автор өзінің «Элджернон, Чарли и Я» атты өмірбаяндық кітабында «Элджернонға арналған гүлдерін» жазуға ықпал болған бір күнді сипаттайды.

Д. Киз университеттің бірінші курсын аяқтап, жасы ұлғайған сайын оның ата-анасымен ара-қашықтығының ұлғайып, тіпті білімнің өзі оны сүйікті адамдарынан алыстатып бара жатқанын сезінеді. Сол кезде оның ойына біреудің ақылын арттыратын амал болса не болар еді деген тосын ой келеді. Осылайша, әңгіме, кейін роман жазуға негіз болған идея пайда болды.

Кейінірек, сол күні Д. Кизға алғаш рет тірі жан иесі – «тышқанды» препараттауға тура келді. Оның өкінішіне орай, препаратталған тышқан жүктібоп шықты, осы тәжірибені өткізу үшін бірнеше өмірдің қиылғанына жазушы өте қапаланды. Бұл жағдай оған қатты әсер етті.

Кейін, «Элджернонға арналған гүлдер»әңгімесінде эксперимет жасайтын жануарды таңдау тұрғанда автор сол жағдайды бүкіл әңгіме барысында кейіпкердің кең ауқымды метафорасы ретінде қолданды.

Сол кеште Д. Киз британдық ақындар шығармашылығы бойынша бақылау жұмысына дайындалып отырған кезде, көз алдына ерекше есім – Элджернон Чарли Суинберн түсті. Бұл атты кейін автор өз шығармасында қолданды.

Алайда, әңгімедегіидеяның іске асуын Д. Киз мектепте түзету сыныбында жұмыс істей бастағаннан кейін ғана жүзеге асыра алды.

Оқушылардың бірі ақылды бола ма деп сұрағанда, Д. Киз ақыл-ой жағынан артта қалған адам өз мүмкіндіктерінің шегі туралы хабардар болуы мүмкін екенін, бұл адам мен қоғам арасындағы қақтығыс тудырады және дәл осындай адам оның әңгімесін, содан кейін романның кейіпкер болуы тиіс екенін түсінді.

Әңгімеде ақыл-есі кем, наубайханада тазалаушы болып жұмыс істеп және кешкі мектепке оқып, өз ақыл-ой қабілетін жақсартқысы келетін 32 жастағы жас жігіт Чарли Гордон туралы баяндайды. Алдымен, роман кейіпкерінің портрет ерекшеліктерін қарастырады. Чарли портреті – В.С. Бараховтың жіктеуіне сәйкес – тағдырдың портреті [2].

Әңгімеге қарағанда, романның толық сюжеті – махаббат желісі, Чарлидің балалық шағы мен отбасы туралы естеліктері кейіпкердің ұтымды бейнесін тануға мүмкіндік береді.

Роман мен әңгіменің құрылу тарихы қарапайым болған жоқ. Жарияланбастанбұрын, баспалар жұмыстың депрессивті аяқталуына сілтеме жасап отырып, қолжазбаларды бірнеше рет қабылдамады. Алайда, автордың қиялында кейіпкердің бастапқы күйіне оралуы – шығарманың идеясы болғандықтан,ол оны өзгертуге келісе алмады. Д.Киз ақыл-есі кем жас жігіттің тағдырынбейнелеп көрсетті, ол ғылымның арқасында данышпанға айналып, бақытты да, бақытсыз да болды, кейін дамудың төменгі сатысына қайта оралса да, соған қарамастан бақытқа бөленіп, әйелге деген шынайы махаббат пен өмірдің тәтті дәмін білді.

Графонның стилистикалық әдісін қолдана отырып, Д.Киз Чарлидің психикалық өсуі мен данышпандығын және психикалық регрессия кезеңдерін көрсетті. Л.Л. Емельянова атап өткендей, «графонның негізгі қызметі –кейіпкердің сөйлеуінде пайдаланылып, оны белгілі бір әлеуметтік ортаның, диалектінің немесе оның жеке сипаттамаларының өкілі ретінде сипаттайтын фонетикалық ерекшеліктер» [5]. Графонның көмегімен Киз Чарлидің шынайы сөйлеуінің ерекшелігін жеткізеді.

Графикалық құралдар көркем бейнені жасаудың толық құқылы компоненттері болып табылады. Кейіпкердің психологиялық портретін суреттеуде, оның оң және теріс қасиеттерін көрсетеді. Олар оқырманға кейіпкердің эмоционалдық жағдайын, оның сезімдері мен көңіл-күйіндегі өзгерістерді сезінуге мүмкіндік береді, жазбаша сөйлеуде басқаша бере алмайтын, мәтінде просодикалық элементтерді өзінше жүзеге асырады.

Романныңбасында Чарли сөздерді дұрыс қолданбайды, грамматиканы мүлдем білмейді, алғашқы есептерінде тыныс белгілері жоқ. Чарлидің соңғы есебінде негізінен орфография дұрыс болса да, сөздердің емлесін жеңілдету үрдісі бар.

Жоғарыда айтылғандай, әдеби шығармадағы әр түрлі тілдік құралдардың қолданылуын, жанрлықформалардың үйлесімі семантикалық өрістердің қалыптасуын, баяндаушының субъектілік – сөйлеу жоспарын, мәтіннің өзара байланыстылығы мен реттілігінанықтайды.

«Элджернон үшін гүлдер» – дәстүрлі түрде ғылыми-фантастикалық роман, яғни, шын мәнінде жоқ ғылыми жаңалыққа жол берілген роман деп аталады. Бұл тұрғыда жанр шығарманың көлемі мен сюжетін анықтайды.

Дегенмен, романның жанрлық формасы ерекше. Сюжеттің ерекшелігін ескере отырып, белгілі бір өмірлік кезеңде тұлғаның дамуын суреттеген бұл романды ғылыми-фантастикалық қана емес, өмірбаяндық деп айтуға болады.

Ең қызығы, шығарманы бастап жазған кезде Д.Киз оқиғаны үшінші жақтан баяндады. Содан кейін ғана оны ішкі шектеулі көрінісі бар акториальдытүрдегібірінші тұлғаның атынан баяндауға өзгертті, яғни, оқиға желісін өмірбаяндық желіге бұрды. Бұны

қабылдаудың айырмашылығымен түсіндіруге болады: басында оқырман Чарлиге күлсе, кейін Чарлимен бірге күледі. Д.Киз ақыл есі кем адамдардың күлкіге қалатынын байқап, романда мұғалім бойында Чарлиге деген сүйіспеншілікті туғызуға тырысты. Оқиғаны баяндаудың ең дұрыс әдісі – бұл әңгімені Чарлидің тарапынан әңгімелеу болды.

Осылайша, «Элджернон үшін гүлдер» әдеби туындысы ғылыми-фантастикалық романның жанрына жатады, алайда оның жанрлық түріне байланысты белгілі бір ерекшеліктері бар. Жұмыстың жанрлық түрін шартты түрде күнделік деп атаймыз, бірақ ол эпистолярлықты да қамтиды, жасырын болсын – кейіпкер күнделікті өзінің еркі бойынша емес, басқаның нұсқауы бойынша жазады, оның күнделігі әлеуетті адресаттардың оқуына арналғанын біледі.

Роман желісінде Чарлидің санасын жетілдіруге жұмыс жасаған кейіпкерлер американдық ғалымдар, психиатр-нейрохирург доктор Стросс пен профессор Немур мен Берт Селден.Олар операция көмегімен Чарли мен Элджернон тышқанын ойлау қабілеттерін жетілдірді.

Чарли Гордон оларға тек зерттеу нысаны ретінде ғана қажет болды. Барлық әлем ғалымдары қатысқан ғылыми конференцияда Чарли мен Элджерноntек ұтымды эксперимент ретінде ғана қабылданды. Бұл ғалымдар Чарлидің көңіл-күйіне бей-жай қарады. Немур, басқа да дәрігерлер сияқты, Чарлиді жеке тұлға ретінде қарастырмады. Чарли де оны адамғұрлы көрмегенге көне алмады: «Я – человек, я – личность, у меня есть отец и мать, воспоминания, история. Я был и до того, как меня вкатили в операционную!»[4], – деген сөздерінде қаншалықты жан қиналысы жатқанын сезінуге болады. Ол балалық шақтан және жастық шақтан өз естеліктерін салыстыра бастады, бұл оның өзін түсінуге жол ашты.

Д. Киз жанама сипаттаманы қолданды, Чарли өз естеліктерінде өз атынан сөйлейді. Чарли – данышпан, ең жауапты өмірлік сәттерде тежелген Чарлиден айырыла алмайды:«Чарли, маленький мальчик, он боится женщин, потому что мать била его»[4]. Чарли Гордонның мұғалімі Элис Кинниан танысудың алғашқы сәттерінен бастап, оның мүмкіндіктеріне сеніп жылы қарады:«Она сказала я верю в тебя Чарли, я помню как ты сражался зато, чтобы читать и писать как другие, и был самым умным в школе Бикмэн Скул для умственно отсталых взрослых».Бұл әйел Чарлидің ақылды, барлығымен бірдей болу арманына қадам жасауға көмектесті. БіркездеЭлисЧарлиді қауіпті операцияға ұшыратуға қорқыпта, оның өзімен дамудың бір сатысында болуын қалайды. Бұл арман Чарлидің терең балалық шағында пайда болды, оның анасы бар күшімен оны ақылды қылуға тырысты, алЧарли өзініңсаналы және бейсаналы өміріндеанасыныңмахаббатына лайық болғысы келді. Анасы да Чарлиді ұнататын, бірақол баласын өзінің өмір бойы көтеріп келетін ауыр жүгі деп санады. Бірде ол тіпті оны өлтіруге тырысты. Бұл әрекеті арқылы анасы өзінің ұлына терең де айықпас психологиялық жарақат тигізді.

Чарлидің жазбаларына қарағанда, ғылыми эксперимент наурыз айынан қараша айына дейін жалғасты. Д. Киз осы айларды кездейсоқ таңдаған жоқ. Наурыз – көктем, табиғаттың оянуы, Чарлидің операциясы; жазға Чарлидің интеллектінің гүлдеуі келді; күзде Чарлидің керемет ақыл-ой қабілеттеріжоғалып кетті. Бұл тоғыз айда өмір пайда болып, адам дүниеге келе алады. Ал романда осы уақыт ішінде Чарлидің өмірге және махаббатқа деген сенімі дүниеге келіп, өле жаздады. Тоғызыншы есепте Чарлидің жазбаша сөзі лексикалық тұрғыдан неғұрлым сауатты болды, бірақ оның грамматикасы кемелденген жоқ. Чарли операциядан кейін бірден қамырды араластыру процесін меңгеріп, наубайханадағы басқа жұмысшыға оны меңгеруге екі жыл қажет болғаннына көзі жеткен кезде шынымен ақылды болғанын түсінді. Чарли есебінде: «Это и есть повышение» [4] – деп жазады. Алайда, Элджерноннның ақыл-ой қабілетін жоғалтып жатқаны оны қатты қобалжытты. Осы романда Элджернон – Чарлидің туыстық жанының символы жәнероманның атауындағы гүлдер «Flowers for Algernon» – «Элджернонға арналған гүлдер»– досының қабіріне гүл деген мағынаны білдіреді.

Чарли Гордонның жазбаларына сүйенетін болсақ, ол дамудың үш сатысынан өткенінаңғаруға болады: moron-genius-happy man. Ғалымдар Чарлиді бақытты емес, тек

ақылды адам етуге жоспарлаған. Шамадан тыс пайдасыз білім оны өлтіре де жаздады. Себебі, адамдар одан қорқа бастады: «Все меня боятся.Когда я подошел к Джимпи, чтобы о чем-то спросить, и тронул его за плечо, он подпрыгнул, уронил чашку с кофе и облился с ног до головы» [4].

Шығарманың басында біз Чарлидің ақылды болып, ой-өрісімен барлығына ұқсағысы келетіндігін көреміз, бірақ мақсатына жеткен ол өзгелердің онымен араласу үшін ақыл деңгейлері төмен, ал өзін данышпан деп санай бастағанын аңғаруға болады.Уақыт өте келе, Чарлидің өзі«ақылды ақымақ» екендігін түсінеді. Нәтижесінде кейіпкер «саналылық» оны бақытты қылмағандығына көз жеткізді:«Разум вбил клин между мной и всеми, кого я знал и любил, выгнал меня из дома» [4]. Бұл шындыққа көзі жеткесін ғана кейіпкер өзінің жаңа кейпін қабылдап, әлемге арналған гепотизасын тұжырымдады: «человек, обладающий разумом, но лишенный способности любить и быть любимым, обречен на интеллектуальную и моральную катастрофу, а может быть, и на тяжелое психическое заболевание» [4]. Шығарманың соңында кейіпкер өз данышпандығын жоғалтса да, өзін бақыты сезініп, ақылды болуға талпына берді.

Осылайша, Д. Киз роман бойы кейіпкердің тек психологиялық жағын сипаттады. Автор Чарлидің сыртқы сипаттамасына мән бермейді,романда кейіпкердің ойлары мен істері негізге алынды. Сондай-ақ, Д. Киз басқа кейіпкерлерінің сөзі арқылы Чарлидің жанама сипаттамасын ұсынады.Жазушы графонның стилистикалық тәсілі арқылы өмірдің мәнін таныған және бақыт формуласын шығарған кейіпкердің бейнесін ашады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл шығарма 60-шы жылдардың басында жазылды. XX ғасырда әдебиеттанудың рөлі мен функциясының өзгеруімен, әдебиеттің өзіндік ерекшелігі де өзгерді.Д.Киздің дүниетанымы – дәстүрге айналған шындықты бағалау критерийлеріне наразылық білдірді.Адамның тіршілік әрекетінің көпжақты формаларының қажеттілігі, адам тіршілігінің ұқыптылығы мен үмітсіздігі және осы білімді жеңу және қабылдау қажеттілігіне назар аударды. Ақыл-ойының кемістігі барадамның өмірлік жағдайларға бейімделу мәселесі мен проблемасының дамуы оқырмандардың ғана емес, әдебиеттанушылардың, ғылым адамдарының, суретшілердің де қызығушылығын тудырды.

XX ғасырдың 60-шы жылдарында көркем әдебиеттің дамуы психологиялық талдаудың әдістері мен оларды жетілдіруге ұмтылды. Көркем әдебиет жасаушылардыадамның жеке өміріне, кейіпкерлердің ішкі әлеміне деген қызығушылығы олардыңпсихологиялық талдау құралдарын жетілдірулеріне де ықпал етті. Осы жылдары адамға қызығушылық күшейе түседі, адам авторлық құқықтың басты объектісіне айналады. Сонымен қатар, бұл кезең адамның жеке басының мүмкіндіктері мен шекараларын қайта қарастырудың күрделі қарама-қайшылықты процестерімен ерекшеленеді. Соңғы онжылдықтың шындығы туралы ілімдер оның шектеулері мен салыстырмалығын сыни тұрғыдан көрсете алмайтын жабық, өзін-өзі қамтамасыз ететін құрылымға айналды [3].

Сонымен, мақала тақырыбының өзектілігі зерттеу материалының әлеуметтік өткірлігіне ғана емес, сонымен бірге, ішкі әлемдегі өз тәжірибесі мен ізденістеріне де байланысты. Филологиядағы кескіндер мәселесі күрделі және қосымша ашуды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Липовецкий М.Н. Русский постмодернизм: Очерки исторической поэтики. – Екатеринбург, 1997. – С. 46-47.

Lıpovetskıı M.N. Rýsskıı postmodernızm: Ocherkı ıstorıcheskoı poetıkı. – Ekaterınbýrg, 1997. – S. 46-47.

2 Барахов В.С. Литературный портрет (Истоки, поэтика, жанр). – Л.: Издательство «Наука». Ленинградское отделение 1985. – С. 259.

Barahov V.S. Lıteratýrnyı portret (Istokı, poetıka, janr). – L.: Izdatelstvo «Naýka». Lenıngradskoe otdelenıe 1985. – S. 259.
3 Вераксич И.Ю. Зарубежная литература XX век. Курс лекций: [сайт].URL:http://20v-euro-lit.niv.ru/20v-euro-lit/veraksich-hh-vek-kurs-lekcij/lekciya-21.htm).
Veraksıch I.Iý. Zarýbejnaıa lıteratýra. HH vek. Kýrs lektsıı: [saıt]. URL:http://20v-euro-lit.niv.ru/20v-euro-lit/veraksich-hh-vek-kurs-lekcij/lekciya-21.htm).
4 Keyes Daniel Flowers for Algernon. Harvest Books, 2004. – 320 s.
5 Пасхалов. А. Удивительная этимология. [Электронный ресурс] Режим доступа. – URL: http://readr.ru/anatoliy-pashalov-udivitelnaya-etimologiya.html?page=4
Pashalov. A. Ýdıvıtelnaıa etımologıa. [Elektronnyı resýrs] Rejım dostýpa. – URL: http://readr.ru/anatoliy-pashalov-udivitelnaya-etimologiya.html?page=4

Материал 07.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Lipovetsky M.N. Russian postmodernism: Essays on historical poetics. Yekaterinburg, 1997, pp. 46-47.
2 Barakhov V. S. Literary portrait (Origins, poetics, genre). – L.: Nauka publ., Leningrad branch 1985. –pp. 259.
3 Veraksich I.Yu. Foreign literature of the twentieth century. Course of lectures: [website].URL:http://20v-euro-lit.niv.ru/20v-euro-lit/veraksich-hh-vek-kurs-lekcij/lekciya-21.htm).
4 Keyes Daniel Flowers for Algernon. Harvest Books, 2004. – 320 p.
5 Paskhalov. A. Amazing etymology. [Electronic resource] Access mode. – URL:http://readr. Ru/anatoliy-pashalov-udivitelnaya-etimologiya.html?page=4

Образ главного героя в произведении Дэниела Киза «Цветы для Элджернона»

Ж.Т. Қадыров[1], Ж.С. Кулибекова[1], Ш.А. Абуталимова[1]
[1]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан

Статья посвящена изучению образа главного героя в романе Д.Киза «Цветы для Элджернона», написанного в жанре фантастики, анализу художественной литературы в 60-х годах XX века, рассмотрению и усовершенствованию методов психологического анализа.

В работе рассматривается творчество писателя, история создания романа и проблема самоидентификации главного героя в обществе.

Статья способствует развитию интереса к личной жизни, внутреннему миру персонажей. Авторы анализируют различные средства психологического анализа, превращения человека в главный объект авторского права. Так, графон рассматривается как стилистический подход к описанию психологического портрета героя и способ раскрытия обрааз героя, который узнал суть жизни и создал формулу счастья.

Также выделяются особенности сложных противоречивых процессов, происходящих в жизни героя, пересматриваются его индивидуальные способности и возможности.

Материал поступил в редакцию журнала 07.11.2020

The image of the main character in the novel "Flowers for Algernon" by Daniel Kees

Z.T. Kadyrov[1], J.S. Kulibekova[1], Sh.A. Abytalimova[1]
[1]M. Kozybayev North-Kazakhstan university, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the study of the image of the main character in the novel "Flowers for Algernon" by D. Kees, written in the genre of fiction, the analysis of fiction in the 60s of the twentieth century, the consideration and improvement of psychological methods analysis.

The work examines the creativity of the writer, the history of the creation of the novel and the problem of self-identification of the protagonist in the society.

The article contributes to the development of interest in personal life and the inner world of the personages. The author analyzes various means of psychological analysis, the transformation of a person into the main object of copyright. Thus, grafon is viewed as a stylistic approach to the description of the psychological portrait of a hero and the way of revealing the image of a character that had learned the essence of life and created a formula for happiness.

The features of complex contradictory processes happening in the life of the hero have been also highlighted and his individual abilities and capabilities have been revised as well.

Received: 07.11.2020

ӘОЖ 82/821(100-87)

Ж.Т. Қобланов
ф.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-9191-0656 . E-mail: zholaman.koblanov@yu.edu.kz

ТРУБАДУРЛАР ЛИРИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада орта ғасырлардағы француз әдебиетіндегі трубадурлар лирикасы жаңаша зерделеніп, терең теориялық талдаулар жасалады. Трубадурлар лирикасының жанрлық ерекшеліктері жан-жақты сараланып, орта ғасыр поэзиясының жаңа жоғары даму сатысына көтерілуіне өз ықпалын тигізгендігі туралы тұжырымдар жасалады. Сонымен қатар, трубадурлар лирикасының көрнекті өкілдерінің жан дүниесіндегі түрлі психологиялық көріністердің табиғатын салыстыра отырып, олардың суреткерлік шеберлігіне назар аударылады. Трубадур ақындарының поэзиясы интимдік лириканың және Қайта өрлеу дәуірі лирикасының тууына негіз салды. Трубадурлар поэзиясындағы махаббат тақырыбы прованс халық өлеңдерінен бастау алатындығы, бірақ оларда халық өлеңдеріндегі қарапайымдылық пен табиғилық сақталмағандығы тұжырымдалады. Трубадурлар жырдың құрылысына, баяндалуына ерекше назар аударатын. Мақалада трубадур ақындарының өзіндік ерекшеліктері сараланып, ғылыми тұрғыда баға беріледі.

Кілт сөздер: трубадур, поэзия, лирика, кансона, сирвента, тенцона, альба, пастороль, әдіс, ақын.

КІРІСПЕ

Феодализмнің толық орнауы каролингтер империясының саяси тұрғыдан тәуелсіз бірнеше майда мемлекеттерге бөлініп кетуіне себеп болды. Карл империясы өзінің экономикалық базасы жоқ, әлсіз уақытша әскери бірлестіктерден құралған еді. Олардың құрамына кірген халықтар мен тайпалардың тілдері, тіпті даму дәрежесі де әрқилы болатын. Олар франктар үстемдігінен құтылу үшін ұзақ уақыт күресті. Бұл жағдай империяның тағдырын алдын-ала шешіп қойған болатын.

Х ғасырдың бастарында Оңтүстік Франция Прованс уалаяты жеке мемлекет болып бөлініп шықты. Провансta шаруашылық пен жібек тоқу өндірісі жақсы дамыды. Батыс және

Шығыс елдерімен теңіз саудасының өркендеуі Прованстың экономикалық жақтан нығаюына жағдай жасады. Бұл өлке мәдени салада да едәуір алға жылжыды.

Провансta ақсүйектер тобынан шыққан қалалық саудагерлерге іш тартатын, сауатты және жаңалыққа бейім серілер дүниеге келді. Ф.Энгельс айтқандай, «прованс ұлты» орта ғасырда Еуропа дамуының басында тұрды.

Алғаш Провансta әлемдік серілік мәдениеттің негізі болған куртуаздық поэзия туды. Бұл әдебиет сарайға тән «куртуаздық» әдет-ғұрыпты, ханымдарды құрметтеуді талап етті. Әйелдер культі яғни әйелдерді ұлықтау Прованс ақындары болған трубадурлар шығармашылығында негізгі орынды иеленді. «Трубадур» сөзі провансша тробар (французша трувер) – табу, шығару дегенді аңғартады. Көркемдік стиль үстінде іздену де осы мағынадан туған. Прованс жыршылары – трубадурлар арасында серілер мен феодалдар көп болатын. Сондықтан да Прованс ақындарының махаббат лирикасында серінің өз феодалына адал қызмет етуі, сюзерн-вассал қатынастары туралы ереже сақталады. Трубадур өзін ханымның вассалы деп есептеп, оның сұлулығын, қайрымдылығын дәріптейді. Оның махаббаты «қайғылы» болғанымен «ләззатты» болатын. Трубадурлар лирикасындағы махаббатта шартты нәрселер, ханымға куртуазша қызмет ету сарай салтының бір көрінісі болуына қарамастан, онда серілік ережелердің астарында адамилық сезім-толғаныстар да айқын көрінеді.

Феодалдық қоғамда некенің әлеуметтік және ұжымдық мүдделерге негізделетінін ескерсек, бұл сезімнің некеден тыс көрініс табуы да заңды құбылыс болатын. Орта ғасырлардағы сері махаббаты – тіпті жігіт пен қыз арасындағы махаббат емес еді. Мәселен, прованстықтар арасында маңызды орын алған сері махаббаты ер-әйел адалдығына қайшы келетін болса да, ақындар оны мадақтап жырға қосатын.

Трубадур ақындарының поэзиясы интимдік лириканың және Қайта өрлеу дәуірі лирикасының тууына негіз салды. Трубадурлар поэзиясындағы махаббат тақырыбы прованс халық өлеңдерінен бастау алатындығын байқаймыз. Бірақ оларда халық өлеңдеріндегі қарапайымдылық пен табиғилық сақталмаған. Трубадурлар жырдың құрылысына, баяндалуына ерекше назар аударатын.

Прованс әдебиеті жоғары даму сатысына көтерілген XVI ғасырдың екінші жартысында трубадурлар поэзиясында екі әдіс, «жарқын әдіс» пен «тұманды әдіс» арасындағы қарама-қарсылықтар демократиялық және ақсүйектік бағыттардың күресін дәлелдейді. «Тұманды әдісті» жақтаушылардың жырларында түсініксіз сөздер, күрделі суреттеулер мол болып, олар өз мақсаттарын қарапайым халықтан жасыруға ұмтылды.

«Жаңа заманда трубадурлар лирикасы ұмыт болған еді, тек романтиктер ғана оны қайта жаңғыртып, зерделей бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында француз ғалымдары трубадурлар поэзиясының таралу географиясын және оның ерекшелігін айқын көрсететін «poesie occitane» терминін айналымға енгізді» [1, 46].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бізге дейін сақталып, жеткен трубадур лирикалық өлеңдерінің авторлары 500-ден артық. Олардың 40-қа жуығы атақты ақындар еді. Трубадур жыршылары туғызған негізгі әдеби жанрлар: 1) кансона – ғашықтық жыры, онда махаббат пен діни тақырып бейнеленді; 2) сирвента – негізінен саяси мазмұндағы жеке мәселелерге арналған жыр. Ақын мұнда өз дұшпанына қарсы шабуылға шығады; 3) тенцона – махаббат, әдеби-философиялық тақырыптардан, екі ақын арасындағы жыр-диалогтан тұрады; 4) альба – яки таңғы жырда сері өз досының күзетуімен, түнде сүйіктісіне (біреудің әйеліне) кездесуге барғандығы баяндалады. Таң ағарып ата бастағанда досы «Таң» жырын айтып серіге хабар береді; 5) пасторела тақырыбы жағынан альба сияқты жеке оқиғаны баяндайтын жыр. Онда сері мен шопан қыздың кездесуі, олар арасындағы қатынастар суреттеледі

Жырдың кіріспе бөлімінде сері қызды табиғат аясында кездестіріп, оған өз сезімін айта бастайды. Қыз серінің сөздеріне сеніп, оған өз еркін тапсырады, бірақ сері оны тастап кетеді. Немесе, керісінше, қыз серіге қатты қарсылық көрсетіп, оны қуып жібереді; мотам жыры – бірер абыройлы синьор яки жақын адамның өліміне ақынның қайғыруын, жоқтауын білдіретін жыр.

Трубадур авторлары арасында князьдер, майда сері мен басқа топтағы адамдар да болған. Дегенмен, «Провансta көптеген мәртебелі адамдар еркіндік сүйер ересьтік әсерде болды. Мұнан тыс, орта ғасыр жағдайында бұл әдеби топ ортасында 30-ға жуық трубадур-жыршы әйелдердің болуы прованс әдебиетінің белгілі дәрежеде ілгерішіл мазмұнда болғандығын дәлелдей түседі» [2, 12].

Трубадур лирикасының негізгі ерекшеліктерінің бірі – онда шынайы өмір, тұрмыс қуаныштарын бейнелеу, ері бар әйелге деген сүйіспеншілік сезімдерін паш ету. Мұндағы мақсат ақсүйектер мүддесі мен алып-сату негізінде туған ескі некелік тәртіпті, шіркеу діндарларын әшкерелеу, оларға нағыз адамгершілік қасиеттерді қарсы қою болатын.

Трубадурлар лирикасы орта ғасыр поэзиясының жаңа жоғары даму сатысына көтерілуіне өз ықпалын тигізді. Бірақ ондағы формализмге бой алдыру әдебиетті шынайылықтан, ақиқаттықтан алыстатып жіберді. Махаббат тақырыбы ханымға серілерше қатынас жасау мен қызмет ету, сарай дәстүріне тән әдет-ғұрыптарды бейнелеумен ғана шектеліп қалды. Осылайша, серілік лирикада күрделі ғашықтық ереже туды, яғни оларда ғашықтардың құқы, міндеті, әрекеті мен сезімдерін суреттеу дәстүрге айналды. Мұндай өлеңдерді шығарушы трубадурлардың сері мен ханым арасындағы қатынастарға байланысты барлық қағидаларды қатаң сақтап отыруы шарт болды.

Трубадурлар лирикасы XII-XIII ғасырларда гүлденді. Оның шарықтау кезеңі XII ғасырдың аяқ шеніне сәйкес келеді. Бұл кезеңде қалам тартқан ірі трубадурлардың бірі Бернард де Вентодорн болды (шамамен 1140-1195 жылдар). Кедей шаруа отбасынан шыққан ақын Виконт де Вентадорн деген ақсүйектің қолында тәрбиеленеді. Ол алғашқы өлеңдерін өз қожайнының әйеліне, соңынан Англия ханшасы Элеонораға арнайды. Бернардтың өлеңдері өзінің нәзіктігімен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Оның «ару ханшаға» сүйіспеншілігі вассалға адал қызмет ету тілегімен ұштасып кетеді. Бір өлеңінде ол ханшаға: «Мен сіздің мүлкіңізбін, сіз мені сатуыңыз немесе басқа біреуге сыйға тартуыңыз мүмкін» дейді. Бернард де Вентодорнның бүкіл поэзиясы қарапайым ғашықтық сезімдермен көмкерілген. Ол ғашықтық жырларының бірінде: «Шын жүректен туған поэзия ғана мен үшін қымбат. Бірақ бұл тек нағыз ғашық болған жүректен ғана табылатын сезім» дейді.

Кедей отбасында дүниеге келген Маркабрюн (шамамен 1140-1185 жылдары) көптеген өлең және сирвенталардың авторы болды. Оның шығармалары ақсүйектерге қарсы бағытталды. Ол «ханшаның серіге табынуы ақмақтықтың белгісі» деп, оған сын көзбен қарайды. Бір пастореласында сері мен шопан қыз ортасындағы әңгімені баяндайды. Мұнда, қарапайым, аңғал, бірақ ержүрек, енбекқор, жалған сөзге ермейтін дана қыз образын сомдайды. Сөйтіп, осы образды айлакер, жылпос ақсүйектерге қарсы қояды.

Трубадур ақындарының бірі Бертран де Борн (шамамен 1140-1215 жылдары) шығармашылығы саяси тақырыптарға арналған. «Дворян-сері ортасынан шыққан бұл ақынның өлеңдерінде феодалдық өзара қақтығыстар, басқыншылық ұрыстар бейнеленген. Бертран де Борнның өзі осы кезеңде Францияның оңтүстігіндегі тәуелсіздік үшін болған соғыстарға қатысады» [3, 91]. Ол әкесі Генрих II-ге қарсы көтеріліске шыққан шахзада Генрихты қолдайды. Халық арасында тіпті, әке мен баланың араздасуына осы Бертран себепші деген қауесет те бар. Мұндай пікірді ұлы жазушы Данте де мойындайды. Сондықтан ол өзінің «Құдіретті комедия» шығармасында «корольді ұлымен араздастырған» Бертран де Борнды тамұққа («XXVIII жырда») салады.

«Еркінсінген ей, адам, ішінде өлі жандардың!
Азап пенен сорларға назарыңды аударғын,
Бұдан ащы жапаны көрген жоқсың, аңғарғын.

Менен хабар ала бар сұрай қалса Тұныққа,
Мен Бертран де Борн екенімді ұмытпа;
Бір кезде Иоанн корольді үйреткем теріс қылыққа.

Лаң әке-балаға мен арқылы орнаған;
Авессалом, Давидты ойран етіп, торлаған,
Ахитофел әзәзіл сірә мендей болмаған.

Туысты туысқа айдап сап, бүлік болып саналғам,
Жұлыным сосын қиылып, жексұрын болып жаралғам;
Тозақ екеш тозаққа керексізбін арам қан;
Сол үшін мен де, басқадай, құтыла алман зауалдан» [4, 147].

Шахзада Генрих безгек ауруынан тосаттан қайтыс болғаннан соң, Бертран өзінің атақты марсиясын оған арнайды. «Ғасырымыз қайғы-қасіретке толы, оқыс оқиғалардың саны жоқ, бірақ бұлардың бәрі де корольдің өлімі алдында түк те емес» дейді.

Бертран де Борн өз сирвенталарында ерлікті, соғыс көріністерін, серілер шайқасын мол суреттейді. Қолға түскен олжаларға шаттанады. Сондықтан ол әскери жорықтарды аңсайды. Көктемді асыға күтеді. Ол үшін көктем ғашықтықты жырлау, табиғат сұлулығынан ләззат алу үшін емес, ал басқа жұртқа ойран салып, баю үшін қажет.

Бертран де Борн осы сирвенталарында шаруалар мен қала халқына жау екендігін жасырмайды. Ол қалалықтардың баюы нәтижесінде майда феодалдардың жағдайы төмендеп бара жатқандығын ашық көрсетеді. Шаруалардың аш-жалаңаш күйде болғандығын қалайды. Ол феодалдық қатаң тәртіпті жақтаушы болды. Оның поэзиясы орта ғасырдағы сарай поэзиясының жарқын үлгісі еді. Сондықтан өз поэзиясында бұқара халықты «жалқау», «арсыз», «тілемсек» деп, оларды темір құрсауда ұстау керек деді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XI ғасырда дүниеге келген трубадурлар поэзиясы XII ғасырда өзінің даму шегіне жетті. XIII ғасырда жаңа саяси күштің мүддесін қорғайтын бюргерлер әдебиетінің тууымен, ол дағдарысқа ұшырады. Прованстағы сарай поэзиясының дағдарысқа ұшырауының басты себептерінің бірі - Солтүстік Франция мемлекетінің Провансқа қарсы жүргізген 20 жылдық соғыстары еді. Соғыс ересьтік әрекетке қарсы бағытталғанымен, негізгі мақсат осы бай өлкені қолға түсіру болатын. Бұл жорықтар нәтижесінде жаулап алынған Прованстағы көптеген ірі қалалар, трубадурлар орталығы саналатын бекіністер өртке оранды. Әрқандай еркін пікірлер тұншықтырылды. Бірақ халық лирикасы және ваганттар поэзиясымен тығыз байланыста болған прованс әдебиеті Еуропаның лирикалық поэзиясының дамуына, әсіресе, Италияда дүниеге келген «тамаша жаңа әдіс» пен Қайта өрлеу дәуірі поэзиясының қалыптасуына үлкен әсер етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Алисова Т., Плужникова К. Старопровансальский язык и поэзия трубадуров: Учебное пособие. – Москва: МАКС Пресс. – 2011. – 176 с.
Alisova T., Pluzhnikova K. Old provençal language and poetry of the troubadours: a Training manual. Moscow: MAKS Press. – 2011. – 176 p.
Alisova T., Pluzhnikova K. Staroprovansal'skiy yazik i poezya trubadurov: Usevnoe posobie. Moskva: MAKS Press. – 2011. – 176 s.
2 Брюнель-Лобришон Ж., Дюамель-Амадо К. Повседневная жизнь во времена трубадуров. – Москва: Молодая гвардия. – 2003. – 416 с.

Brunel-Lobrishon J., Duhamel-Amado K. Everyday life in the time of the troubadours. – Moscow: Molodaya Gvardiya. – 2003. – 416 p.
Brunel'-Lobrison Z., Dyiamel'-Amado K. Povsednevnaya zizn' vo vremena trubadurov. – Moskva: Molodaya gvardiya, 2003. – 416 s.
3 Гаспаров М. Очерк истории европейского стиха. – Москва: Фортуна Лимитед. – 2003. – 272 с.
Gasparov M. An Essay on the history of European verse. – Moscow: Fortune Limited. – 2003. – 272 p.
Gasparov M. Osherk istorii evropeiskogo stiha. – Moskva: Portuna Limited. – 2003. – 272 s.
4 Данте А. Құдіретті комедия. «Тамұқ» бөлімі.(ауд.М.Мақатаев). – Алматы:«Жазушы». – 1971. – 227 б.
Dante A. Divine comedy. Section "Hell".(translated By M. Makataev). - Almaty: "Zhazushy". – 1971. – 227 p.
Dante A. Qudyretti komedia. "Tamyq" (aud.M.Maqatayev). – Almaty: "Zhazushy", 1971. – 227 b.

Материал 02.07.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Alisova T., Pluzhnikova K. Old provençal language and poetry of the troubadours: a Training manual. Moscow: MAKS Press. – 2011. – 176 p.
2 Brunel-Lobrishon J., Duhamel-Amado K. Everyday life in the time of the troubadours. – Moscow: Molodaya Gvardiya. – 2003. – 416 p.
3 Gasparov M. An Essay on the history of European verse. – Moscow: Fortune Limited. – 2003. –
4 Dante A. Divine comedy. Section "Hell".(translated By M. Makataev). - Almaty: "Zhazushy". – 1971. – 227 p.

Основные особенности лирики трубадуров

Ж.Т.Кобланов
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, 130000, Республика Казахстан

В статье проводится глубокий теоретический анализ лирики трубадуров во французской литературе Средневековья. Жанровые особенности трубадурской лирики разносторонне проанализированы, сделаны выводы о том, что поэзия Средневековья оказалась на новом высоком этапе развития. Кроме того, особое внимание уделяется изобразительному мастерству, сравнению различных психологических проявлений видных представителей лирики трубадуров. Поэзия этих поэтов заложила основу возникновения интимной лирики и лирики эпохи Возрождения. Трубадуры уделяли особое внимание композиции, изложению стихов. В статье дается научная оценка особенностей данной поэзии.

Материал поступил в редакцию журнала 02.07.2020

Main features of Troubadour lyrics

Zh.T. Koblanov
Sh.Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan

This article provides a deep theoretical analysis of Troubadour lyrics in French literature of the middle ages. Genre features of Troubadour lyrics are analyzed in various ways, and conclusions are made that the poetry of the middle ages was at a new high stage of development. In

addition, special attention is paid to their visual skills, comparing the nature of various psychological manifestations of prominent representatives of Troubadour lyrics. The poetry of these poets laid the Foundation for the emergence of intimate lyrics and lyrics of the Renaissance. Troubadours paid special attention to the composition and presentation of poems. The article gives a scientific assessment of the characteristics of Troubadour poets.

Received: 02.07.2020

ӘӨЖ 616.96/02

Г.К. Рахимбаева
ф.ғ.к., доцент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-4883-9473. E-mail: grk_15@mail.ru

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ БАС КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІ

Тарихи жырлар – қазақ фольклорының арналы салаларының бірі ретінде өз бағасын алуға лайық халықтың поэзиялық бағалы мұрасы. Бұл тарихи жырларда тәуелсіздік тарихы жазулы, батырлардың ерлік істері зор құрметпен жырланады. Кеңестік идеология салдарынан жылдар бойы түрлі сылтаулармен баспадан жарияланбай, беймәлім қалып қойған тарихи жырлар қазақ фольклористикасында тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеле бастады.Халық ауыз әдебиетінің бай қорының көркемдік болмыс-бітімін анықтау, образдар жүйесіне талдау жасау – қазіргі фольклортанудың көкейкесті мәселелерінің бірі. Мақалада осыған орай«Базар батыр», «Мырзаш батыр», «Тобағұл батыр» тарихи жырлары негізінде елін, жерін жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батырлар бейнесіне, оларды сомдауда қолданылған әдіс-тәсілдерге ғылыми тұрғыдан талдау беріліп, нақты мысалдармен дәлелденіп, өзіндік тұжырымдар жасалады. Мақаланы жазу барысында салыстыру, талдау әдістері қолданыс тапты.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, тарихи жыр, образ, батыр бейнесі, монолог, диалог, сюжет, мотив

КІРІСПЕ

Тарихи жырлар – қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты, халық санасына ерекше ықпал еткен салалардың бірі. Тәуелсіздік жылдарында қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі тарихи жырларды тереңдеп зерттеп, тануға назар аударылып, мол мүмкіндіктер ашылды. Тарихи жырлар тәуелсіздік алғанға дейін фольклортану ғылымында түбегейлі жинақталып, жүйелі зерттеле қойған жоқ еді. Тарихи жырларда халқымызға найзаның ұшы, білектің күшімен келген тәуелсіздік тарихы жазулы, сол тәуелсіздікті көзімен көре алмай кеткен ерлеріміздің ерлік істері зор құрметпен жырланады. Сондықтан да тарихи жырларды зерттеп, зерделеп, сараптау және қазақ фольклортану ғылымы тұрғысынан қарастыру – қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі. Бұл ғылыми тақырып осыған дейін арнайы зерттелмей келді. Осы мақсатта кезінде кітапханаларға өткізілгенімен, зерттеу нысанасына ілікпей, қолжазба қалпында сақталып қалған «Базар батыр», «Барақ батыр, Абылай», «Мырзаш батыр», «Тобағұл батыр» жырлары біздің тарапымыздан жинақталып, араб және латын әріптеріндегі нұсқалары кирилл әрпіне түсірілді, тарихи негізі сараланып, тиянақты зерттеу өзегіне алынып, ғылыми айналымға қосылды. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің бай қорының көркемдік болмыс-бітімін анықтау, образдар жүйесіне ғылыми талдау жасау – қазіргі фольклортанудың көкейкесті мәселелерінің бірі. Демек, тақырып

өзектілігінің бір қыры, мән-маңызы ғылымның осы міндетімен сабақтасады. Тарихи жырларды зерттеу мәселесі бүгінгі таңда белгілі бір дәрежеде қолға алынған іс. Мысалы, «Қабанбай батыр» жөнінде ғалым Б.Ш.Абылқасымов зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көптеген ғылыми мақалалар жариялады. Академик С.А.Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қабанбай туралы жыр-аңыздар» атты кандидаттық диссертация жазылып, қорғалды. Сол сияқты С.Сәкенов «Қазақ тарихи жырларының сюжеттері: тарихилығы мен типологиясы» атты кандидаттық диссертациясын қорғаса, «Мырзаш батыр» жырын З.Сейітжанұлы Шыңжаң өлкесіне көп тараған жырлардың бірі ретінде қарастырды. Осы зерттеулердің қатарын толықтыру мақсатында бұл ғылыми мақалада «Базар батыр», «Барақ батыр, Абылай», «Мырзаш батыр» және «Тобағұл батыр» жырларындағы образдар жүйесіне, дәлірек айтсақ, орталық кейіпкер – бас кейіпкер бейнесіне ғылыми талдау жасалды. Осы ретте салыстырмалы-типологиялық сараптама, салыстырмалы, талдау, сипаттау әдістері қолданылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халық ауыз әдебиетінде өлең түрінде адам образын жасаудың алғашқы үлгісін салған батырлар жыры деуге болады, ал тарихи жырларда сол эпикалық дәстүр сақталған. Елін, жерін жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батырлардың бейнесін жасау үшін жыршылар түрліше әдіс қолданады. Ең алдымен, батырларды халық санасында ерекше көрінетін жаратылыс құбылыстарына салыстырады. Батырлардың соғыстағы кескін келбетін, жекпе-жекке шыққан сәтін бейнелегенде «түгі шығып сыртына, екі көзі от боп барады, бойға біткен қайраты, от боп лаулап жанады» деп беріледі немесе «қойға тиген қасқырдай», «арыстандай ақырып жауға айқасты», «арыстандай алысып, өмірменен жарысып» деп көрсетеді. Батырдың сырт келбетін, алып күшін осы іспеттес теңеулер арқылы суреттей отырып, оның образын жасайды.

Жыршылар батыр бейнесін көбінде оның өз сөзімен (монолог) жасайды. Яғни «Образ героя объединяет все средства егораскрытия: картины быта и природы, психологического изображения, диалог и монолог, прямые характеристики, самохарактеристики, портрет, которые подчинены раскрытию образов персонажей, понятно, и это также содействует возникновению единства и целостности произведения», – дейді Н.Н.Кравцов [1, 122].

Ғалым пікіріне назар аударсақ, батыр бейнесін ашуға монолог өте көп септігін тигізеді. Мәселен, «Базар батыр» жырында Базар монологіне көп орын беріледі. Бұның өзі жыр атаулыға тән суреттеу тәсілдерінің бірі. Базар қиыншылық жағдайларда өзінің жан қиналысын, жалғыз баласы мен жұбайы –Гүлғайшаның болашағын айтып көп толғанады. Батырдың бұл толғанысынан ой-сезімдерін сезініп, ішкі жан дүниесін көріп тұрғандай боласың. Жырдың көңілді толқытар ең әсерлі жерлері де осы монологтар.

Мысалы:

Құлыным менің, жалғызым,
Сүйген жарым – Гүлғайша,
Теңемеуші ем хан қызын.
Басыма қайғы түсіп тұр,
Денем күйіп, ысып тұр.
Мезгілсіз жан алам деп,
Айнала жау қысып тұр.
Енді кетсем оралмай,
Сүйіп алған Гүлғайша
Ақ жүзіңді көре алман.
Қара күн туды басыма,
Енді қызық сүре алман,
Кімнен қалмас бұл жалған.
Жау жағадан алғанда,
Бөрі етектен алып тұр,
Енді мойын бұра алман...

немесе:

деген жолдардың барлығы да Базардың ішкі көңіл-күйін білдіру мақсатында қолданыс

тапқан. Демек, «монолог – арнау түрінде келетін лирикалақ формула. Монолог эпос геройының ішкі жан дүниесін ашады. Баяндау бұл міндетті атқара алмас еді. Қазақ эпосында монолог көп жағдайда баяндаудан көбірек. Сөйлету-қазақ эпосының ғажап табысы»,- дейді Ә.Қоңыратбаев [2, 92].

Яғни кейіпкерлер толғауы оқырманға, тындарман қауымға ерекше әсер етеді. Қайғы-қуаныш, күйзеліс-толғаныс, ерлік-егес, табысу, қоштасу – бәрі осы монологта кеңінен көрініс табады. Демек, монолог – жыр сюжетінің күрделілігін танытатын көшелі белгілердің бірі.Бұндай көрініс батырлық жырларда да бар. Мәселен, Қобыландының, Тарғынның монологтарын айтуымызға болады. Базар батырдың осы іспеттес монологтарымен қатар, ел-жұрт, туған-туыс, туған жер, елді мекендерді сағынып, еске алып, бір көруге зар болып,торыққан сәттерінде өз-өзімен сырласатын ішкі монологтары – жырдың ең зерлі, әсерлі тұстары болып табылады. Ал, ішкі монологтың кейіпкер бейнесін ашудағы ролі өте зор.«Внутренний монолог – обращенное к самому себе высказывание героя, непосредственно отражающее внутренный психологический процесс, монолог «про себя», в котором имитируется эмоционально-мыслительная деятельность человека в ее непосредственном протекании (отсюда нередко синонимичность понятий«внутренный монолог» и «поток сознания»)» [3, 540].

«Адам жаратылыстан өзін бөлмей – тұрған кезде туған көптеген мифологиялық символдар,жануарға немесе табиғат обьектісіне арнап сөйлеуге, олармен сырласып, тілдесуге болады деген түсінік кейін көркем фольклорға ауысып,басқа бейнелеуіштік сипат алған», – дейді академик С.А.Қасқабасов [4, 205].

Міне, осының барлығы да ішкі монолог тәсілінің айқын көрінісі. Мысалы, Базардың :

Арқауыл, Доланқара, Төгіскенім, Күршім,
Семіріп тай, жабағы тел өскенім. Кең байтақ, шөбі шүйгін Ақтүбегім,-
Теңелген жарлы байға, қайран,

деп, туған жеріне қарата айтқан сөздері және Гүлғайшаның:

Әй, Балагер, Балагер, Жас күніңде жем бердім,
Құлыннан сені бағып ем, Ауырғанда ем бердім,
Мойныңа тұмар тағып ем, Жас күніңнен Балагер,
Иеңді жауға тастайтын Қабаққа қашан қағып ем?-
Балагер саған неғып ем?

деп, жануарға реніш-мұңын айтуы, жүрек жарды сырын ашуы – ішкі монологтың сан алуан элементтері болып табылады. Яғни, жырдағы Базардың ішкі монологы өзіне, Гүлғайшаға, жеріне, халқына, Гүлғайшаның ішкі монологы – Балагер атқа арналып, кейіпкердің көңіл-күйін білдіріп, оның бейнесін, психологиясын ашуда бірден-бір тәсіл ретінде қолданылып тұр. Сонымен қатар «Большую роль играют и диалоги, которые драматизируют сюжет, помогают полнее охарактеризовать героев, раскрыть их мысли и переживания» дегендей, жырларда кейіпкер бейнесін ашуда диалог та кеңінен қолданыс табады [5, 17].

Мысалы:

Сонда Мырзаш Сарыға былай,- деді, Иектеп не көрінді Сары саған.
Мұныңа разы болсын құдай,- деді. Ойласаң қыздың көңілі қазір баяу,
Не көрінді өзіңе осыншалық, Түсірме қыз көңіліне титтей қаяу.
Тәртіпсіздік іс қылма былай, – деді. Қылмысты бұл қыз емес әкесі ғой,
Жаным-ау, мынауың не, Сары батыр, Салтымызда тағы бар аруды аяу.
Далада кезіп жүреміз құлан тақыр. Сондықтан қолыңды тарт тұтқын қыздан,
Құдайдан тілегім бар, басың да жас, Қайырымды бабалар салтын бұзбан.
Мына ісің салтымыздан ары жатыр. Өзің қазір қайдасың білемісің,
Сары батыр билікті берсең маған, Батырым ұят болар мына жұрттан.
Айтайын ақыл сөзді жаным саған. Келін бар өз үйіңде о да бір қыз,
Қам көңіл, қасіретте тұрған қызды,

Дәмі бірдей ауызға татылған тұз. Деп Сарыға Мырзаекең осыны айтты,
«Өлімнен ұят күшті» деген бар ғой, Ақыл ғып алды-арттағы болар
Ләпсі үшін ұятқа қалмайық біз. жайды...

деген үзіндіден Мырзаштың ар-ұятты жоғары бағалайтынын, батыр деген атқа кір келтірмейтінін, қыз баланы сыйлайтынын және халық салтын құрметтейтінін байқай отырып, барлық адамгершілік қасиеттерді бойына жиған азамат екенін көреміз. Немесе:

Батырлар, құлақ қойып сөзді тыңда, Батырлар, айтар сөзім әділ сарап,
Біз тындырдық ұлы істі келіп мұнда. Істейік бұл ұлы істі жаппай қарап.
Елге қайтар алдында парызымыз, Бір үлкен биік күмбез орнатайық,
Ісіміз қолға алатын осы таңда. Соғыста шейіт болған ерлерге арнап...

деген үзіндіде Мырзаштың соғыста құрбан болған батырлардың құрметіне күмбез салдыруы-кемел ақылдылықтың белгісі. Өйткені ол күмбез бірден-бір тарихи ескерткіш және елдің тәу етіп, өткеніне салауат қылар қасиетті орындардың бірінен саналар киелі мекен болмақ. Осының бәрін сол кездің өзінде сұңғыла санасымен сезінген Мырзаш батыр халық алдындағы өз борышын өтеп кеткен ардақты азамат.Яғни, жоғарыдағы диалогтардан кейіпкерлердің дүниекөзқарасын, сана-сезімін, ақыл-ой деңгейін, жалпы болмыс-бітімін көруге болады, демек, диалог – адамды танудағы ең бірінші критерий. Өйткені адамның сөзі арқылы оның өзін танимыз. Сол себепті «Диалог становится формой рассказа, раскрытия мыслей героев и их чувств, объяснения их поступков и поведения»,-деген Н.И. Кравцов пікіріне қосылармыз сөзсіз [6, 144].

Диалог кейде кейіпкерлердің сөзбен қағысуларын жеткізе отырып, олардың характерлерін ашуға көмектеседі. Мысалы, «Мырзаш батыр» жырында:

Атым шулы әйгілі, Жас екенсің әлі де,
Жарғыл батыр мен,-деді. Аман-есен еліңе,
Дию - пері екпінім, Қайтқаның бала жөн,- деді...
Дауыл боп соққан жел,-деді. Айтқан сөзге көнбесең,
Мен – аспанмын, сен – жерсің, Өз обалың өзіңе,
Ойланып көр қазағым, Тірідей тығам көріңе...
Дәл осымен тең,-деді.

деген қалмақ батырының сөзінен оның кеудемсоқ, даңғой мінезін, өз күшіне өзі масаттанған өркөкірек бейнесін көреміз.

Диалог – ойды жеткізудің өте үнемді формасы, ол ойды артық сөзсіз дәл береді, диалог арқылы қысқа, бірақ нұсқа, нақпа-нақ сөйлеуге үйренуге болады. Соның нәтижесінде сөз құдіретіне, сөз өнеріне деген сүйіспеншілікке жол ашылады. Өйткені, ұтымды, қысқа сөйлей білу-үлкен өнер. Демек, диалог – динамикалық қызмет атқарады, жырлардағы іс-әрекеттің бірден-бір қозғаушы күші болып табылады.Б.Н.Путилов «Эпос не мыслим без эпических героев. Без них не может существовать эпический социум», - деген пікір білдіреді [7, 67].

Демек, эпос кейіпкерсіз болмайды, соның ішінде, онда сомдалған образдар жүйесіндегі ең негізгі кейіпкер – батыр екенін тағы еске саламыз. Яғни «Во всех произведениях героического эпоса главным действующим лицом является воин-богатырь. Этот герой наделен воинской доблестью, неукротимой энергией и свободолюбием»,-деп В.М.Жирмунский ерекше атап көрсетеді [8, 12].

Ал оның жары, анасы, достары, тіпті халық – батыр бейнесін ашуға қызмет ететін кейіпкерлер, әр кейіпкерге деген қарым-қатынасы арқылы батыр бейнесі жан-жақты ашылып отырады, өйткені жырдағы барлық оқиғалар тікелей батырға қатысты болып келеді, барлық іс-әрекет соның айналасында туындап отырады. Демек, «Все события, так или иначе стягиваются к героям, они определяют лицо эпической истории, разрешают своим участием все конфликты»,-дейді Б.Н.Путилов жоғарыдағы еңбегінде [7, 67].

Эпостағы барлық оқиға бас кейіпкер – батырдың қатысуымен өз шешімін тауып отырады. Осы ойды тереңдете түссек, «В эпосе события развиваются в основном вокруг

героя-богатыря, подчеркивая героизм и патриотизм батыра» деген ғалым О.А.Нұрмағанбетова пікірін келтіруге болады [9, 129].

Көріп отырғанымыздай, бір жерге тоғысқан ғалымдар пікірінің айқындығын біз нысанаға алып отырған тарихи жырлар толығымен дәлелдейді. Бұны бір ғана жырдың мысалында көрсетсек, «Базар батыр» жырының өзі Базарды таныстырудан басталады. Одан кейін Базар батырдың қалмақ батыры Қарынмен жекпе-жегі, жергілікті хан Даниярмен қарым-қатынасы, солдаттардың Базарды қолға түсірмек ниетпен жасаған әрекеттері, Базардың түрмеге айдалуы, одан қашып шығуы, жолда ұсталып, өлтірілуі. Міне, осы оқиғалардың барлығы бір ғана Базардың қатысуымен болып отыр, жыр сюжеті бастан-аяқ Базар батыр айналасында өрбиді.

Жырдың сюжет құрылысы, жекелеген оқиға кезеңдері, сипаттаулар, барлығы да Базар бейнесін әр жағынан айқын етіп бейнелеуге бағытталған, ал оқырман үшін жырдағы ең маңызды мотив – солдаттардың қолынан о дүниеге аттанып бара жатса да, Базардың қарулы күштер алдында бас имей, әлі біткенше алысып өлуі, бірақ өкінішті өлімі. Базар батыр өмірінің соңғы сәтіне дейін беріспей, әлсіреп жатса-дағы, кімді де болса сескентетін қаһары бар екенін дәлелдеп барып өледі. Осы идеялық тұрғыдан келгенде Базар образы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық деңгейде көркем сомдалған.Сонымен қатар, батырлар ел сенімін арқалаған адамдар болып табылады. Ел басына қандай қиын іс тумасын, ең бірінші олар осы батырды іздеп табады, арыз-арманын айтып, халық атынан сөйлеп, оған ұсыныс жасайды, қай істі болсын сеніп тапсырады. Оның барлығының орындалуына батыр бірден-бір себепкер болады. Яғни, батыр – орталық кейіпкер, ол халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы, халық сөзін сөйлейтін адам, әрі сол халықтың қорғаны. Осы ретте тағы да «К батыру принадлежит во всех ситуациях неизменно ведущая роль, он их признанный «атаман», он совершает подвиги, которые другим не под силу. Что особенно важно - на его долю приходятся самые значительные, наиболее масштабные деяния»,- деген Б.Н.Путилов пікіріне жүгінеміз [7, 93].

Осының айқын мысалын төмендегі жолдар дәлелдейді:

Намысқа барсын десті кәрі батыр,
Қайраты қажыған жоқ, әлі батыр.
Алтайдың жолы таныс өзі барсын,
Басшыға басқа адам жөн болмайды ақыр.
Батырға бар Дөртуыл салды салмақ,
Бар мұңын айтып жатыр бай да зарлап.
Саба артып, қойын үйтіп бәйбіше кеп,
Ат тартты ақ қояндай батырға арнап.
Би келді, старшын мен болыс келді,
Дуаннан уезд жұмсап орыс келді.
Қайратты қартайғанда бір көрсет деп,
Бәрі де жалғыз ауыз болып кетті...

Яғни, жыр оқиғасынан көріп отырғанымыздай, ұранқайлардан халық кегін қайтаруға басқа батыр емес, дәл Мырзашқа қолқа салынады, бұның өзі халықтың Мырзашқа арқа сүйейтіндігін, оны елдің сенімін ақтайтын адам ретінде қабылдайтындығын көрсетеді. Демек «Эпостағы батырдың жеке өз басының ержүрек, батыл болғаны жеткіліксіз, оның сол ержүректігі мен батылдығы ел игілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан жәбір көргендерді құтқаруға жұмсалуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғамен өлшенеді», – дейді Ш.Ыбыраев [10, 219].

Сонымен қатар, жырларда батырдың жеке басының қасиеттеріне де көп назар аударылады. Соның ішінде, оның адамгершілік қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, Мырзаштың қолға түскен қалмақ қызын босатып, еліне аман-есен қоя беруі – оның адамгершілігін танытады.Батырлардың ең басты тағы бір қасиеті – батыр ретінде халық алдындағы борышын сезінуі және патриоттық сезімі. Бұлар – батырға туа біткен қасиет десе де болады. Ел ұғымында батыр халық үшін жаратылған жан болып саналғандықтан, батыр бірінші орынға өзін емес, халықты қойып, әрдайым халық алдындағы борышын өтеуге ұмтылған. Сол жолда қандай қиыншылықтар кездессе де жасымай, мақсатына қол жеткізе

білген, не нәрсеге де қол жеткізуіне еліне, жеріне деген махаббаты, ыстық сезімі себепші болған әрі Е.М.Мелетинский сөзімен айтсақ: «Энергия, сила и смелость – какой-то мере предпосылка его настойчивости в достижении цели, уверенности в себе, отсутствия колебаний. Все это составляет эпическую цельность героического характера. Богатырь должен спасти себя или других людей, которые часто связаны с ним кровными узами или просто ищут у героя защиты. Совершаемые богатырем действия в основном соответствует коллективистский характер» [11, 341-342].

Алайда тарихи жырларда батыр қандай күштің иесі болса да, ол ойдан шығарылған мифологиялық кейіпкер болмағандықтан, оның күші шектеулі. Батыр ерлігінің, күшінің негізі – батылдық, бұл қасиет кез келген қауіп-қатерге төтеп беруге, қарсыласын жеңуге мүмкіндік тудырады.Сонымен қатар батырдың келесі бір қасиеті – айтқанынан қайтпайтын бірбеткейлігі, бірсөзділігі. «Айтылған сөз – атылған оқ» дегендей, батырлар аузынан шыққан сөзін екі етпей орындап отырады. Осы ретте тағы да Е.М.Мелетинскийдің пікіріне құлақ түрсек, «Когда сестра и жена отговаривают от опасного предприятия, особенно если оно уже начато, богатырь отвечает: «Мужчина не должен отказываться от своего намерения, подобно тому, как женщина не оставляет выскроенное несшитым», – дейді ғалым [11, 354].

Осының айқын мысалын «Базар батыр» жырынан кездестіреміз.

Сүйген жары Гүлғайша
Сонда есінен танады.
«Көмексіз жаумен соғыспа,
Қаш», – деп қолқа салады.

«Келіп тұрған ажалдан
Қашатын батыр мен емес.
Қашқын деген сұм атақ
Ер адамға жөн емес»...

деп, Гүлғайша Базарға қуғындап жүрген әскерлерден бой таса қыла тұруға ұсыныс білдіргенде, ол бірбеткейлігіне, батырлығына басып, айтқан бетінен қайтпай, өз дегенін жасайды. Мұндай әрекетті «Барақ батыр, Абылай» жырынан да байқаймыз. Бұл жырда батырлар жорықта жүргенде елін қалмақтар шауып кетіп, кейіннен Барақтың кек қайтара бармаққа аттанғалы жатқанында Абылай ханның «қол жинап көмекке келеміз, бірге аттанамыз» дегеніне құлақ аспай, көп тоспастан аттанып кетіп, ақыры шайқас кезінде әскері сыр беріп, жеңіліске ұшырап, әлсіреп, қиналып тұрғанда Абылай ханның қолы келіп жетіп, жерді жаудан босатқаны туралы жырланатын жері бар. Яғни, батырлардың мұндай әрекеттері кейде өздеріне кері әсерін тигізетінін де байқаймыз. Егер Барақ батыр Абылайды тосқан болса, өз әскері жеңіліске ұшырамас еді. Сондықтан батырлардың бірбеткейлік қасиеттері үнемі өз пайдаларына шешіле бермеген. Дегенмен, бұл жерде Барақтың Абылай ханды тоспай жауға тез аттануын тек кек қайтару мақсатында ғана емес, батырдың намысқорлық қасиетінің жоғарылығы деп те бағалау керекпіз. Батырды халық намысы шыдатпай, жолға шығарған еді. Бұл жерде «халық ұғымында қас батырға тән қасиеттің бірі – намысқойлық. Ол тек қана батырдың өзіндік намысы емес, халықтың намысы. Халық ашуы, халықтың намысы батыр арқылы көрсетіледі», – деген М.Ғабдуллин пікірін алға тартқан орынды [12, 196].

Жыр сюжеттерінде батырлар сыртқы жаулармен қатар хан, би, болыс сияқты ішкі жаулармен де үнемі арпалыста жүреді, бұл арқылы батыр әрекетінің қоғамдық сипаты ашылады. Ол әрине, хан мен жеке басының қамы үшін алысып жүрген жоқ, олардан жәбір, қорлық, зорлық-зомбылық көріп отырған қара халық үшін күреседі, оларға теңдік әпергісі келеді, халық үшін осындай қимылдарға барады. Салмақты, қайырымды, мейірімді батырды халықтың болыс, билерден көріп отырған әділетсіздігі қатты налытып, одан құтылудың жолын іздетеді. Әділетсіздіктің зардабын қатты тартқан батыр ашу үстінде өз әрекеттерін бақылай алмай қалуы да мүмкін. Соның салдарынан бүкіл тағдырының қор боларын сезбеуі де кәдік. Мәселен, «Тобағұл батыр» жырында Тобағұл әбден ширығып, шарқ ұрғанда халықты шектен тыс қанаған болысты о дүниеге аттандырады. Тобағұл батырдың мұндай әрекетке баруы қанау мен қинауға ұзақ жылдар бойы төзіп келіп шыдамның да шегіне де жеткен кезінде шарт сынуынан, әділетсіздіктің өз мөлшерінен тым асып кетуінен, енді оған шыдаудың мүмкін еместігін түйсінуінен болуы әбден мүмкін. Осы пікірімізді тереңдете

түссек, оған деген жауапты «В некоторых случаях сам богатырь чувствует необходимость мотивировать свои разрушительные действия: «Вверху находяшийся кудай, мною сказанное слово твоим правым ухом пусть будет услышано. Не от меня исходит преступление, а от этих людей, от них все зависит». Высшим образом героического поступка становится убийство злого хана, требующего со всех дани и держащего в подземельях своих пленников. Освобождение пленников – побочный результат борьбы с врагом – становится главной целью богатыря. При этом всячески подчеркивается бескорыстность героя. Таким образом постепенно выкристаллизовывается тип богатыря-освободителя, защитника угнетенных, борца против злых ханов. Он совершает свои подвиги не во имя рода и мирной жизни племени, а из чувства справедливости. Разумеется этот социальный пафос борьбы с угнетателями нельзя считать признаком древнейшей формы эпоса», зорлық-зомбылықдеген Е.М. Мелетинский пікірінен табамыз [11, 357-358].

Немесе «Юнак-воевода оказывается в конфликте с теми, кому он служит. Типовая коллизия: неправедный правитель-герой, отстаивающий свои права (достоинство), попранную справедливость, обретает особую остроту, когда участникам конфликта выступает слуга, вассал, воевода. Собственно, вся суть конфликта этого типа именно в том, что герой является не со стороны, а оказывается «своим», более того, зависимым, подчиненным и по принятым нормам не должен возвышать голос протеста. Поведение героя тем самым поднимается на высоту бесстрашного поступка, нарушающего привычные формы, его позиция рисуется как выпадающая из правил социума, противостоящая молчаливому подчинению или активному согласию остальных с неправдой»,-деген А.Н.Путилов тұжырымынан толық табуға болады [7, 102].

Яғни, Тобағұлдың болысты өлтіруін әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік, әлеуметтік қарсылық тұрғысынан қараймыз.«Тема социального протеста обычно совпадает с темой социальной несправедливости. Как и подобает героическому эпосу, каждый факт социальной неправды здесь встречает активное противодействие-словом и делом»,-деген пікірге жүгінеміз [13, 26].

Демек, Тобағұл батыр би болыстардың әділетсіз іс-әрекеттеріне деген қарсылығын сөзбен де, іспен де дәлелдейді.Батыр, сонымен қатар, батырлар өз тағдырында кездескен түрлі кедергі атаулыға төтеп бере алатын мықты болуы қажет, әр кез барлық қиындықтарға физикалық жағынан да, психологиялық тұрғыдан да дайын болу керек. Сол себепті эпостарда кездескен қиындыққа жасып, жігері құм болу – батырға жат әрекет ретінде жырланады, керісінше, қиындық көрген сайын ұшталып, өмірге құштарлығы артып, қандай жағдайда да оптимистік көзқарасты ұстану – батырдың батырлығын дәлелдейтін қасиеттер болып саналады.

Мысалы:

«Сары алтын сабыр түбі»,– деген еді,
Мұратқа жетпей қалмас сабырлықпен.
Кісенмен қол – аяқты шегеледі,
Айтуға дат ағайын бөгеледі.
Жігітке қайда жүрсе бір орын бар,
Уайым – қайғы, қасірет немене еді.
Таң атып есе теңдік тисе бізге,
Кемдік жоқ әлі – ақ бір күн теңеледі.
Әлде де келешектен үмітім бар,
Рахат жоқ михнат көрмей деген еді, –

деп, Тобағұл батыр абақтыда қаншалықты қиындық көрсе-дағы жасымай, болашақтан күдер үзбей үмітпен қарайды, бұның өзі батыр рухының мықтылығын танытады, осы іспетті әр бір оқиға жырдың шынайылығын көрсетеді.Р.С.Липецтің сөзімен айтсақ, «Эпический герой должен обладать не только стойкостью и силой духа, но и выносливостью при лишениях, ранениях и пытках, чему в эпосе уделено большое внимание. Это соответствовало реальной исторической действительности. Не только физические но и моральные свойства батыра должен быть высокий. Мужество в плену – непременное условие поведения батыров. Они в плену должны оставаться самими собой сохранять неустрашимость даже перед муками и гибелью, проявлять непреклонность, терпение и выносливость» [14, 39-41].

Осындай барлық қасиеттер бойынан табылған Тобағұл батыр еліне аман-есен оралады.Сонымен қатар, кейбір тарихи жырларда бас кейіпкерлерді аруақтар желеп- жебеп жүреді деп көрсетеді. Мәселен, «Мырзаш батыр» жырында Мырзаштың аруағы – жол бастайтын қызыл түлкі ретінде көрінеді. С.Нұралин нұсқасында Мырзаштың соңғы жорығында қызыл түлкісі көрінбей қалғандықтан, батыр қазаға ұшырады дегенді айтады. Бұның өзі көп арасынан қара үзіп шыққан тұлғалардың іс-әрекеттері тылсым күштің, ғажайып иелерінің араласуымен болады деген түсінктердің басым болуынан туындаса керек.Жырда сипатталатындай, қаптаған қалың жауды және осыған дейін көптеген жекпе-жекті басынан өткерген айлалы, жасы да үлкен жігіт ағасын жекпе- жекке алғаш шығып тұрған, айла-тәсілге әлі де жетік емес, шабуылдың көп қитұрқысын жете меңгермеген бозбала Мырзаштың бірден жеңіп кетуі және тағы да басқа іс-әрекеттері батырды дәріптеудің көп тәсілдерінің бірі. Мырзаштың жеңіске жетуіне бірден-бір себепші болған нәрсе-жас та болса, бас болған Мырзаштың не нәрсені байыппен ойлап істер ақылдылығы. Айла-тәсілге жетік болса-дағы, жау батыры ақыл кемшіндігінен, кеудемсоқтығынан қазаға ұшырады деген ой айтылатындай.«Көп тыңдар да, аз сөйлер, хас жақсының баласы» дегендей, кез келген жағдайда алал мен залалдың арасын салмақтап, әр кез ақылға жүгінер аз сөзді, ақ көңіл Мырзаш осы қасиеттері арқасында өзін де, елін де төніп келген жаудан әрқашан аман алып қалған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихи жырларда батырлар бейнесі сан қырынан жан-жақты сомдалуға бағытталған. Жырларда батыр образын сомдауда оның өз сөзі, яғни монолог және диалог тәсілдері қолданыс тапқан. Монолог және диалог – кейіпкерлердің көңіл-күйін білдіріп, олардың бейнесін, психологиясын, характерлерін ашуда қолданылған. Әрі диалог кейіпкерлердің ақыл-ой, сана-сезім деңгейін, дүниекөзқарасын, тұтас болмыс-бітімін танытады.Батырлардың адамгершілік қасиеттеріне баса назар аударылған. Және олар– ержүрек, батыл, батыр ғана емес, ел тағдырын, болашағын ойлаған халық қамқоршысы, әрі халық алдындағы борыштарын сезінген елінің шын мағынасындағы патриот ұлдары.Жырларда батырлар әрекетінің қоғамдық сипаты да ашылған.Батырлар физикалық әрі психологиялық тұрғыдан мықты, әрі қандай қиындық болса да жасымайтын рухы мықты адам және оптимист ретінде сомдалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кравцов Н.И. Проявление художественного единства в фольклорном произведении // Фольклор как искусство слова. – Москва: Наука, 1966. – С. – 166-178.

Kravsov N.I. Proıavlenıe hýdojestvennogo edınstva v fólklornom proızvedenıı // Fólklor kak ıskýsstvo slova. – Moskva: Naýka, 1966. – s.166-178.

2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 366 б.

Qońyratbaev Á. Qazaq eposy jáne túrkologıa. – Almaty: Ǵylym, 1987. – 366 b.

3 Краткая энциклопедия. 2 том. – Москва, 1989. – 744 с.

Kratkaıa ensıklopedıa. 2 tom. – Moskva, 1989. – 744 s.

4 Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
Qasqabasov S.A. Qazaqtyń halyq prozasy. – Almaty: Ǵylym, 1984. – 272 b.
5 Сюжет и композиция литературных и фольклорных произведении. – Воронеж: Просвещение, 1981. – 147 с.
Ádebı jáne fólklorlyq shyǵarmalardyń sújeti men kompozısıasy. – Voronej: Aǵartý, 1981. – 147 b.
6 Кравцов Н.И. Сербскохорватский эпос. – Москва: Наука, 1985. – 355 с.
Kravsov N.I. Serb-Horvat eposy. – Máskeý: Ǵylym, 1985. – 355 b.
7 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Ленинград: Наука, 1988. – 223 с.
Pýtılov B. N. Batyrlyq epos jáne shyndyq. – Lenıngrad: Ǵylym, 1988. – 223 b.
8 Жирмунский В.М. Народный героический эпос. – Москва-Ленинград: Гос.изд.худ.лит., 1962. – 433 с.
Jırmýnskıı V. M. Halyqtyq batyrlyq epos. – Máskeý-Lenıngrad: memlekettik basylym.hýd.lıt., 1962. – 433 b.
9 Нурмагамбетова О.А. Казахский героический эпос – Кобланды батыр. – Алматы: Наука, 1988. – 189 с.
Nurmaǵambetova O.A. Qazaqtyń batyrlyq eposy – Qobylandy batyr. – Almaty: Ǵylym, 1988. – 189 b.
10 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 295 б.
Ybyraev Sh. Epos álemi. – Almaty: Ǵylym, 1993. – 295 b.
11 Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. – Москва: Изд. Восточной лит., 1963. – 462 с.
Meletınskıı E. M. Batyrlyq epostyń shyǵý tegi. – Máskeý: Red.Shyǵys lıtasy., 1963. – 462 b.
12 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазмемоқупедбаспасы, 1958. – 342 б.
Ǵabdýllın M. Qazaq halqynyń aýyz ádebıeti. – Almaty: Qazmemqupedbaspasy, 1958. – 342 b.
13 Русский фольклор. 15-том. Социальный протест в народной поэзии. – Ленинград: Изд. АН СССР, 1958. – 290с.
Orys fólklory. 15-tom. Halyq poezıasyndaǵy áleýmettik narazylyq. – Lenıngrad: Red. KSRO ǴA, 1958. – 290 s.
14 Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – Москва: Наука, 1982. – 262 с.
Lıpes R. S. Túrki-mońǵol eposyndaǵy batyr men onyń jylqysynyń beıneleri. – Máskeý: Ǵylym, 1982. – 262 b.

Материал 31.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kravtsov N. I. the Manifestation of artistic unity in a folk work / / Folklore as the art of words. – Moscow: Nauka, 1966. – p. 166-178.
2 Konyratbayev A. Kazakh epic and Turkology. – Almaty: Nauka publ., 1987. – 366 p.
3 Short encyclopedia. 2 vol. – Moscow, 1989. – 744 p.
4 Kaskabasov S. A. Kazakh folk prose. – Almaty: Nauka publ., 1984. – 272 P.
5 The Plot and composition of literary and folk works. – Voronezh: Enlightenment, 1981. – 147 p.
6 Kravtsov N. I. Serbo-Croatian epos. – Moscow: Nauka, 1985. – 355 p.
7 Putilov B. N. Heroic epic and reality. – Leningrad: Nauka, 1988. – 223 p.
8 Zhirmunsky V. M. people's heroic epos. – Moscow-Leningrad: State publishing house of khud. lit., 1962. – 433 p.
9 Nurmagambetova O. A. Kazakh heroic epic-Koblandy Batyr. – Almaty: Nauka, 1988. – 189 p.
10 Ibraev Sh. The world of the epic. – Almaty: Nauka publ., 1993. – 295 p.
11 Meletinsky E. M. the Origin of the heroic epic. – Moscow: Ed.Eastern lit., 1963. – 462 p.

12 Gabdullin M. Oral literature of the Kazakh people. – Almaty: Kazgemokupedbassary, 1958. – 342 p.
13 Russian folklore. 15-volume. Social protest in folk poetry.-Leningrad: Publishing house of the USSR Academy of Sciences, 1958. – 290 s.
14 Lipetsk R. S. Images of a Batyr and his horse in the Turkic-Mongolian epic. – Moscow: Nauka, 1982. – 262 p.

Образ главного героя в исторических эпосах

Г.К. Рахимбаева
Университет «Туран-Астана», г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

Исторические эпосы – это ценное поэтическое наследие казахского народа. Исторические эпосы долгие годыбыли неопубликованными по разным причинам. Начали изучаться в казахском фольклоре только после обретения Независимости. Определение художественной сущности богатого фольклорного фонда, анализ системы образов – одна из самых актуальных проблем современного фольклора.В статье дается научный анализ изображения героев, проявивших мужество в защите своей страны, земли от врага на основе исторических эпосов «Базар батыр», «Мырзаш батыр», «Тобағұл батыр». Методы и приемы, применяемые в их исполнении,обоснованы и сформулированыосновными выводами и конкретными примерами.

Материал поступил в редакцию журнала 31.10.2020

Image of the main character in historical epics

G.K.Rakhimbayeva
"Turan-Astana" University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

Historical epics are a valuable poetic heritage of the people. Historical epics, which were unpublished for many years, due to Soviet ideology for various reasons, began to be studied in Kazakh folklore only after independence. Determining the artistic essence of a rich folklore fund, analyzing the system of images is one of the most pressing problems of modern folklore.The article provides a scientific analysis of the images of heroes who showed courage in defending their country and land from the enemy based on the historical epics "Bazar Batyr", "Myrzash Batyr", "Tobagul Batyr". The methods and techniques used in their execution are substantiated and formulated by the main conclusions and specific examples.

Received: 31.10.2020

ҒТАМР 17.82.30

А. Сәркенқызы[1], Ж.Т. Қадыров[2], Ә.Қ. Шапауов[3]
[1]Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, капитан, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-56-76-8332
[2]ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ.,150000,Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-5494-9105. E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru
[3]ф.ғ.к., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, http://orcid.org/0000-0002-3709-4309

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ОЙТОЛҒАНЫСТАРЫНДАҒЫ ЭТНОФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Этнофразеологизмдерде тұтас халықтың мәдениеті мен тарихы, салты мен дәстүрі, әдебиеті мен болмысы айқын танылады. Сонымен қатар, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал болып табылады. Сондықтан да тіліміздe бұл ұғым ерекше орын алады.

Б.Момышұлының қазақи дүниетаным, ұлттық болмыс, ұлттың наным-сенімі, ой-санасы, тәлім-тәрбиесі жайлы ойтолғанысы ғылыми негізде сараланған. Жазушының этнофразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық-мәдени көздерімен байланыстырғаны зерделенген. Ұлт тіліндегі фразеологиялық қордан орын алған, ерекше мазмұндық сипаты бар этнофразеологизмдерді жазушының аса шеберлікпен қолданғаны қарастырылған. Сонымен қатар, Б.Момышұлының дәстүр жалғастығы мәнін, бабалар аманатын терең зерделейтіндігі анықталған.

Б.Момышұлы өз шығармаларында қазақтың болмысы мен ерекшелігін, нанымы мен сенімін, ұлттық құндылықты танытатын ұлттық ұғымдарды шығармашылықпен қолданғаны жан-жақты қарастырылған. Жазушының әр шығармасынан танылып тұратын тұрақты орамдар мен қазақы мінез-құлық қазақтың көркем сөзімен өріле берілгені айқындалған. Халқымыздың ұлттық мұрасынан алынған құнды сөздер тундылардың тілін ажарландыратыны айшықталған. Сонымен қатар, жазушының дәстүр сабақтастығын аманат еткені және қамқорлығын танытуы сөз болады.

Кілт сөздер: ұлт тілі, ұлт мәдениеті, ұлттық болмыс, салт-дәстүр, бабалар аманаты, ұлттық код, этнофразеологимдер, фразеология.

КІРІСПЕ

Халқымыздың аса бай қазынасы тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер шығармаға ерекше өң береді. Тіл байлығын арттыруға көп септігін тигізетін бұл мұралардың берері мол. Ұлтымыздың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрі ұлттың өркендеп-дамуына әкелетіні анық. Бұлар сақталса, ұлттық болмыс та сақталып қалады. Осы ұлттық болмыс туралы тарих тарланы атанған академик М. Қозыбаев өзінің «Ұлт тілі» деген мақаласында «Барлық елді табыстыратын – тілі, тағдырластыратыны – тарихы, сырластыратын, мұңдастыратын, жырластыратын – әдебиеті, атамекеннің тұтастығын, бүгіні мен ертеңін ойластыратын, отанын қорғауды ұйымдастыратын – мемлекеті. Ендеше тіл, әдебиет, тарих – ұлттың жаны мен қаны, рухани басшысы.

Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста шығыстанушы Н.П. Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп, кірігіп, тұтас бір рухани материк болып ұлттың болмысын тудырады»,- дейді [1, 221]. Осы ұлттық болмыс, бабалар аманаты, дәстүр жалғастығы туралы батыр жазушы Б.Момышұлы былай дейді: «Қай ұлттың болсын ана тілі, ата дәстүрі, салт-санасы – сол халықтың өзіндік қадір-қасиетін, жан дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері. Олар – бүкіл бір халықтың өмір жолында ғасырлар бойы *мысқалдап* жинаған рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған ардақ-мұрасы. Онсыз *қара шаңырағы* бар іргелі ел болып, бүтін ұлт болып қалу мүмкін емес. Ана тілі, *ата дәстүр* өзінен-өзі жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп сен үшін көсегеңді көгертіп сақтап та бермейді. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы – әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына *бабалар аманатын* қай сапада жеткізуіне байланысты» [2, 221]. Халқымыздың осы мысқалдап жинаған ой сандығы қазақ елі шаңырағында сақталуы және жалғасуы қажет. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең

басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» – деген болатын [3]. Осы ұлттық кодтың көрінер тұсы – этнофразеологизмдер болып табылады. Бұл ұғым адамның тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғалымдар тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымын, болмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін танытатынын, сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылатынын баса айтады. Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнолексика, олардың көпшілігі тілімізде көп қолданылатын фразеологизмдер және мақал-мәтелдер екендігін баса айтады. «Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», – дейді [4; 18]. Демек этнолингвистикалық арналардың бірі болып табылатын фразеологизмдер – халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі.

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады. Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл – рухани күш. Демек, тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады [5].

Ұлттық болмыстың өзіндік бояу-бедерін әдетте туған тіл табиғатынан іздеп тауып, ана тілінің қадір-қасиетін болашақ алдында терең таныту үшін еңбек ететін көркем сөз шеберлері – ақын-жазушылар, көсемсөз иелерінің қызметі айрықша. Ұлттың даралығын сипаттайтын, ұлттық мәндегі тілдік қолданыстар сол халықтың салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындайды. Салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, діни наным-сенімге, уақыт пен қашықтыққа, туыстық атауларға т.б. байланысты туындаған этнофразеологизмдер батыр жазушы Б.Момышұлының пікірлерінде, шығармалары мен пайымдарында көптеп кездеседі. Батыр жазушының келіні жазған З.Ахметованың «Шуақты күндер» шығармасының жалғасы ретінде баспаға шыққан «Бабалар аманаты» шығармасы ұлттық болмысты танытатын ұлттық ұғымдарға толы. Әскери адамның ұлт тарихы мен мәдениетінен хабар беретін этнофразеологизмдерді шеберлікпен қолдануы таң қалдырмай қоймайды.

Б. Момышұлы ұлттық ұғымдарға өз көзқарасын білдіреді. Ол «Жігіттің жеті қазынасына» мына ұғымдарды жатқызады: «Жүйрік ат – жігіттің қанаты. «Ат – ер қанаты» дегендей, атсыз жігіттің күні қараң болған. Қыран бүркіт жігіттің алғырлығы, бүріп түсер

күш-қуаты. Құмай тазы – сенімі, досқа адал беріктігі. Берен мылтық – оты, қаһары. Қақпан – серті, бірсөзді мәрттігі. Алмас кездік – сұсы, айбыны. Сұлу әйел – елдің бәріне сұлу қайдан табыла берсін, бірақ сұлу болсын-болмасын, ол – ер-азаматтың артындағы қамалы, отының берекесі. Сөздің қысқасы, ер жігіттің басындағы осы жетеуі түгел болса, таршылық көрмейді» [2, 234]. Әр қазынаның мән-мағынасын тарқата отырып түсіндіреді. Жеті қазынаға байланысты бұрыннан келе жатқан ұғымдар бар. Ал жоғарыда айтылғандар сол ұрпақтан-ұрпаққа берілген ұғымдардың сараптамасы іспетті.

Шаңырақ – қазақ танымында киелі ұғым. Отау болып, үй тігуді «шаңырақ көтеру» дейміз. «Шаңырағың биік болсын!» деп ізгі ниетімізді білдіріп те жатамыз. Баршамызға белгілі «шаңырақ» сөзі «үй, отбасы» деген мағынаны білдіреді. Халқымыздың ұғымында шаңыраққа ие болу кез келгенге бұйырмас бақыт. Ата-анасының ақ батасын алып, сол шаңырақтың түтінін түзу түтетуге бар ықыласымен тырысады. Өйткені шаңырақ – киелі мекен. Сондықтан да осы ұғымның жазушы ойларында жиі кездесетіні заңды деп білеміз. Мысалы, «Үй табалдырықтан басталады, *шаңырақпен* еңсе көтереді, *бесікпен* ұрпағы өседі» [2,64]. «Сыйласаң сыйымды боларсың» демекші, бұл да өзгенің үйін қадірлеуі, *шаңырағын* құреттеуі» [2, 65]. «Ал сен құда мен құдағидың *сүт тауысқан сүткенжесісің, қара шаңырақтың* иесісің. Жасың кіші болғанымен *жолың үлкен*. Сол үшін бұдан былай екеуміз баяғының құдаларынша *төс қағыстырып* амандасуымыз керек» [2, 91]. «Кейін балаң өз баласына айтса, сөйтіп бір *шаңырақта бабалар аманаты* жалғасады» [2, 97]. Өйткені сен – *шаңырақтың иесі*, оттың иесі, нағыз ер азаматсың [2, 106]. Ықылым заманнан бері *киіз үйдің шаңырағын* көтеріп тұрады да, керегесін керіп, уығын шаншитын, үзік-туырлығын жауып, үйдің іші-сыртын сәндейтін – әйелдер [2, 110]. Шаңырақ сөзімен қатар *сүт тауысқан сүткенжесісің, жолың үлкен, бесік, төс қағыстыру, бабалар аманаты* сияқты ұлттық түсініктер де ойдың көркін ашып тұр.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, діни наным-сенімге қатысты «Бабалар аманаты» еңбегінде Б.Момышұлы мына ұғымдарға өзінше түсінік беріп, көзқарасын танытады: «***Айырылысар көже», «айрылысар аяқ», «көшерлік беру»*** *– ертеден бері келе жатқан салт. Қанаттас қонған ауылдардың алғашқы келіп қоныстанғаны кейінірек келген ауылды ерулікке шақырады».*

«***Қолкесер*** *– мал сойысқан адамға үй иесінің тсо сойылған малдың етінен шикідей беретін сыбағасы. Соғым кезінде болсын, басқа уақытта болсын, мал сойғанда жаза басып қолын кесіп алуы мүмкін ғой. Әу баста қолын жарақаттап алған кісіге өтеу ретінде берілетін секілді. Кейін келе мал сойысып көмектескен адамға алғыс айту ретінде дәстүрге айналған. Осы «**қолкесерді** кей жерлерде «**қолуздік»** деп те атайды».*

«***Ерулiктің*** *қандай түрі болсын – барыс-келістің басы, сыйластыққа салынған жол.* ***Ерулік*** *– құрметті әдемі дәстүр. «Көже» деп аталғанымен кәдімгідей мал сойып, қадірлі мүшелерді алдына тартады. «Ұрыспай айрылысқан – ұялмай қосылады» деген аталы сөз бар. Қоныстас болғандар бір-біріне игі ниет-тілектерін айтып: «Алдағы уақытта да дәмдес-тұздас болуға тәңірі жазсын», - деп қоштасады. «**Айрылысар көже»** дегеннің мен білетін мәні – осы. Қазір мұны «**қоштасу шайы»** деп жүр».*

«***Ұрын келу***» *– жігіттің қайын ата ауылына, яғни, қайын жұртқа күйеу бала ретінде алған рет арнайы келуі. Мұны «**ірге көрер»** дейді. Албандарда күйеу жігіт* ***ұрын келгенде*** *әркім шама-шарқына қарай «**үш тоғыз», «бес тоғыз», «жеті тоғыз»** жыртыс әкелетін.*

«Қалың мал» *– қыздың құны емес. Ата-ана теккен төр, еткен еңбегінің мыңнан біріне арналған көңіл демейтін сыйы».*

«Қазақ қызға ***енші бермейді***, ал мал-мүлік, дүниені аямайды. *«Жасаусыз келін» атанбас үшін қазақ қыздың жасауына зор мән береді. «Алты жастан жинаса асады, жеті жастан жинаса жетеді» деп жасауды ерте кезден қамдайды* [2, 46].

Жазушы қазақ халқының салт-санасы мен дәстүріне қатысты ұлттық ұғымдарға осылайша түсініктеме береді. Мақал-мәтелдермен әрлендіріп, көркем сөзбен жеткізеді.

Тек қазақ халқына келесі түсініктерге де тән ерекше анықтама береді. Талғам-түсінігінің негізінде саралап береді: *Екі елдегі екі әулет құдай қосқан құда болып,* ***құйрық-бауыр жесіп, қалыңдық малы*** *берілген соң, күйеу жігіт* ***ұрын келетін***». «Құдалық үстінде ***құйрық пен бауырды*** арнайы **сый табақпен** әкеледі. Екі құдаға «Бауырдай жақын, құйрықтай жұмсақ әрі тәтті болыңыздар» - деп асатады» [2, 92]. «**Жеті атаға** дейін бауыр-туыс, ағайын, одан әрі **жегжат-жұрағат** болып, жалғаса береді» [2, 63].

Халықтық уақыт, қашықтық ұғымдарын білдіретін жалпыхалықтық Б.Момышұлы өз пайымында қолданған. Бұл топтағы фразеологизмдердің тілде туып, қалыптасуы қазақ халқының уақыт пен кеңістікті, көлемді, ұзындық пен қашықтықты өлшейтін өлшем атаулары болмаған көшпенділік тіршілігімен тікелей байланысты. Ал оның салмақты орны XX ғасыр басындағы қазақтардың көшіп-қону тұрмысын суреттейтін көркем проза тілінде көрінетіні сөзсіз. Жазушы ойтолғамдарында халықтық өлшемдер жиі кездеседі: «Кейде әзіл-шыны араластырып, екі қазақ кездессе ***ет асым*** амандасады дейтін сөздің астарында жайық көңіл жарқын мінез халқымыздың дарқан ниеті көрінеді» [2, 63].

Б.Момышұлы пайымдарында ***культтік фразеологизмдер*** де аз емес. Р.Авакова осы ұғым жайында былай дейді: «Культтік фразеологизмдер дегеніміз – адамның көңіл-күйін, дүниетанымдық көзқарасын, әртүрлі жағдайлардағы эмоциялық әрекеттерін білдіретін, қолданылуы дәстүрге айналған алғыс мәнді, қарғыс мәнді тіркестер және сиыну, жалбырану, бас ию мәнінде жұмсалатын сөз тіркестері. Культ – латынның «cultus» – «күту», «сыйлау», «құрметтеу» деген сөзінен алынған, діннің әдет-ғұрыптық жағы. Тілімізде діни наным-сенімді сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бұл сөздер мен сөз тіркестері адамның дүниеге көзқарасын, қуанышы мен ренішін, көз жасы мен қорқынышын, тілегін, батасын білдіреді» [6, 221].

Мұндай қолданыстар Б.Момышұлының ойтолғанысында төмендегідей қолданылады. Мәселен, «Жас балалардың маңдайынан иіскеп не сүйіп: «Үлкен азамат бол!», «Бақытты бол!», «Өркенің өссін!», «Өмір жасың ұзақ болсын!» - деп тілектерін қос қабат айтып жатады. Тегінде қазақ жас баланы, әсіресе, кішкентай сәбиді бетінен сүймейтін, қызығып қарамайтын, таңданып сұқтанбайтын. Бұлар – тыйымдар».

Сәлемдесуге байланысты Б.Момышұлы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, өз пікірін былайша жеткізеді: «Қазақтар көзіне көзі түскен жерден оң қолын жүрек тұсына басып: «Ассалаумағалейкүм! – деп дауыстап сәлем береді де ұмтылып келіп, қос қолын бірдей ұсынады. Көзге көз түсіп, жанарларымен ұшырасқанда адамның көңілі жібіп, мейірі түседі. Қолды жүрек тұсына қоюы – «мен сізге шын жүректен амандық тілеймін», «Алланың сәлемін жүрегіммен жолдаймын» деген ниетті білдіргені. «Өткенде Жазушылар одағының алдында бір жігіт Мәриям апа Хәкімжановаға: «Ассалаумағалайкүм, апа!» - деп қолын кеудесіне қойып, сәлем берді. Ана кісі: «Бар бол, айналайын!» - деді.

Халықтың әлеуметтік тұрмысынан хабар беретін бұл тілек түрінде келген этнофразеологизмдер атадан балаға ауысып, бүгінгі күнге дейін жеткен тілдік құралдар екені анық.

Б.Момышұлы ойтолғаныстарында қазақи дүниетаным, ұлттық болмыс, ұлттың наным-сенімі, ой-санасы, тәлім-тәрбиесі бірден аңғарылады. Жазушы этнофразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық-мәдени көздерімен байланыстырған. Ұлт тіліндегі фразеологиялық қордан орын алған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркестерді жазушы аса шеберлікпен, көркем сөздермен көмкеріп оқырман жүрегіне шеберлікпен жеткізген. Бұлар Б.Момышұлы шығармаларының тілін одан әрі әрлендіріп, жазушының сөз қолдану ерекшелігінің зор екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық құндылықтарына деген қамқорлығын танытады. Оны қастерлеп-құрметтеуге жетелеп, дәстүр жалғастығының мәнін, бабалар аманатын терең зерделейді.

Этнофразеологизмдердің қалыптасуында ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Егер ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетаныммен, басқалардан айырмашылығымен, еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып

жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады. этнофразеологизмдер – сол ұлттың тілдік әлемнің бойына жинақталған ой сандығы. Тіліміздегі этнофразеологизмдер тіл мен мәдениет байланысын айқындайтын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

Этнофразеологизмдерде тұтас халықтың мәдениеті мен тарихы, салты мен дәстүрі, әдебиеті мен болмысы айқын танылады. Сонымен қатар, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал болып табылады. Сондықтан да тілімізде бұл ұғым ерекше орын алады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы энофразеологизмдердің ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, ақын-жазушылар шығармаларында кездесетін бұл ұғымдарды зерделеу – тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек, артық етпес.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіліміздегі этнофразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет- ғұрыптардың өзгешеліктері тілдік қолданыстағы этнофразеологизмдерден көрініс табады.

Тұшымды ойдың бастауы автор шығармашылығының тылсымында, дарынында жататыны бесенеден белгілі. Көсемсөзші қоғамдағы өзін толғандырған мәселелер жайлы ой өрбітетіні және бар. Өмірлік бақылау, аңғарымпаздық, тәжірибе – қаламгерді шығарма жазуға итермелейтін жағдайлар осылар. Сөйтіп, жазушының жан-жақтылығы, өзі жазып отырған тақырыпты терең біліп, меңгеруі – шығармашылықтағы тақырыптық ізденістің бастауы, қаламгер шеберлігінің басты көзі. Жалпы тақырып таңдау автордың шығармашылық жемісіне тікелей әсер етері белгілі. Шығарманың сәтті шығу-шықпауы, оқырманның оны қабылдау-қабылдамауы осы тақырып таңдаудан басталады. Біздіңше, жазушы Бауыржан Момышұлы өзекті тақырыптарды өте сәтті таңдай білген. Кейіп тұрған мәселені назарынан тыс қалдырмаған. Және осы тақырыпты жан-жақты ашып, ары қарай өрбітіп, мәселе шешімін тауып, оны болашақпен байланыстырған.

Әр қаламгердің өмір танымы, білім дәрежесі, ойлау өрісі әрқалай болатыны, көсемсөзшілердің шеберлігі мен таланты да бірдей емес екені белгілі жайт. Сол тәрізді әр қаламгердің өзіне тән шеберлігі мен стильдік өрнегі болады. Қаламгер Бауыржан Момышұлы қандай тақырыпқа қалам тербесе де, өзіндік жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, тақырып тарқатудағы шеберлігі, бағамдау, байыптау, мәселені елеп-екшеп, оқырман ойында әбден қорытуы, бір сөзбен айтқанда, стиль даралығы анық аңғарылып тұрады.

Көсемсөзшінің қалыптасу, есею кезеңіндегі шығармашылығын ерекшелейтін бірден-бір нәрсе – оның сезімталдығы, жанашырлығы, жігерлілігі, батырлығы, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілігі. Сонымен қатар, ұлт мәдениетін, салты мен дәстүрін, ырым мен тыйымдпрын оқырманға көркем сөзбен жеткізгендігінен ұлтына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы анық танылады. Мұның бәрі оның пайымдарынан айқын аңғарылады. Бауыржан Момышұлының осы тәсілі стильдік ерекшелігін танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. – 221 б.
Qozybaev M. Órkenıet jáne ult. – Almaty: 2001. – 221 b.
2 Ахметова З. Бабалар аманаты. – Алматы: 2017. – 416 б.
Ahmetova Z. Babalar amanaty. – Almaty: 2017. – 416 b.
3 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. – Астана: 2017.
Nazarbaev N.Á. «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» baǵdarlamasy. – Astana: 2017.

4 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 197 б.
Qaıdar Ә. Qazaq tiliniń ózekti məseleleri. – Almaty: Ǵylym, 1988. – 197 b.
5 Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Канд. дис. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.
Hazımova Á. J. Qazaq frazeologızmderiniń ulttyq-mədenı derekteri: Kand. dıs. avtoref. – Almaty, 2002. – 30 b.
6 Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы: 2002. – 29б.
Avakova R. Frazeologıa teorıasy. – Almaty: 2002. – 29 b.

Материал 07.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Kozybaev M. Civilization and the nation. – Almaty: 2001. – 221 p.
2 Akhmetova Z. The ancestors' lesson. – Almaty: 2017. – 416 p.
3 Nazarbayev N. A. Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity. – Astana: 2017.
4 Kaydar. Actual problems of the Kazakh language. Almaty: Ғылым, 1988. – 197 p.
5Hazimova A. Zh. National and cultural sources of Kazakh phraseology: abstract. – Almaty, 2002 – 30 p.
6 Avakova R. Theory of phraseology. – Almaty: 2002. – 29 p.

Этнофразеологизмы в размышлениях Бауыржана Момышулы

А. Саркенқызы[1], Ж.Т. Кадыров[2], А.К. Шапауов[3]
[1]Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан
[2]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан
[3]Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Этнофразеологизмы ясно представляют культуру и историю, традиции и обычаи, литературу и бытие целого народа. Изображение бытия эстетического мышления является важным языковым материалом. Поэтому это понятие занимает особое место в нашем языке.

На научной основе проанализированы мысли Б. Момышулы о казахском мировоззрении, национальном бытии, убеждении, сознании, воспитании нации. Изучена связь основ формирования этнофразеологизмов писателя с национально-культурными источниками народа. Рассмотрены этнофразеологизмы, примененные писателем с особым мастерством, взятые из фразеологического фонда национального языка и имеющие особо содержательный характер. Кроме того, Б. Момышулы глубоко исследовал преемственность традиций, опыт предков.

В статье всесторонне рассмотрены произведения Б. Момышулы, ознакамливающие с казахским бытием и его особенностями, убеждениями и верой, национальными понятиями, которые знакомят с национальными ценностями. Определены характерные каждому произведению писателя переплетения устойчивых выражений и национального поведения с казахскими художественными словами. Показано, что почерпанные из национального наследия ценные слова украшают язык произведений. Наряду с этим говорится, что писатель был заложником преемственности традиций и заботы о них.

Материал поступил в редакцию журнала 07.11.2020

Ethnomusicologist thinking of Bauyrzhan Momyshuly

A.Sarkenkyzy[1], Z.T. Kadyrov[2], A.K. Shapauov[3]
[1]Military institute of the National guard of the Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan
[2]M. Kozybayev North-Kazakhstan university, Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan
[3]Sh.Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

Ethnophraseologisms clearly represent the culture and history, traditions and customs, literature and existence of the whole nation. The image of being of aesthetic thinking is an important language material. Therefore, this concept has a special place in our language.

On the scientific basis, the thoughts of B. Momyshuly about the Kazakh worldview, national being, belief, consciousness, education of the nation are analyzed. The connection of fundamentals of the ethnoidioms' formation of the writer with the national-cultural sources of the people has been studied. The ethnophraseological units applied by the writer with special skills, taken from the phraseological fund of the national language and having a particularly informative character, are considered. In addition, B. Momyshuly deeply studied the continuity of traditions, the experience of ancestors.

The article comprehensively considers the works of B. Momyshuly, familiarizing with Kazakh life and its features, beliefs and faith, national concepts that help us to understand the national values. The interweaving of known in each writer's work set expressions and national behavior with the Kazakh art words is determined. It is shown that valuable words from the national heritage adorn the language of the works. In addition, it is said that the writer was held hostage to the continuity of traditions and concern for them.

Received: 07.11.2020

ӘОЖ 82.02.09

Н.К. Смагулова[1], А.К. Курманова[2]
[1]ф.ғ.к., доцент, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8822-5807. E-mail: smaghulova13@mail.ru
[2]п.ғ.м., аға оқытушы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-0795-7035. E-mail: K_Ainash_K@mail.ru

ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМ ТАРТЫС ТАБИҒАТЫ

Мақалада көркем әдебиеттағі тартыс категориясы, оның көріну сипаты қарастырылып, осы мәселені зерттеген ғалымдардың пікірлері жүйеленеді. Көркем әдебиеттегі тартыс категориясының сипаты мен көркемдік қызметі туралы ғылыми пікірлер сараланып, нақты бір тұжырым көрсетіледі. Көркем тартыс түрлері жіктеліп, олардың әрқайсысының ерекшеліктері қарастырылған.

Қоғамдық саяси-әлеуметтік мәселенің көркем шығармадағы тартыстың құрылуына тигізген әсері талданады. 1960-80 жылдардағы қазақ прозаындағы тартыстың тереңдеп, шығарманың тақырыптық-идеялық нысанын танытуда атқарған көркемдік қызметі зерделенеді.

Образдардың жан-дүниесін ашудағы тартыстың көркемдік қызметі танылған. Шығармалардағы сюжет пен тартыс арақатынасы анықталған.

Кілт сөздер: тартыс категориясы, драматизм, көркем сюжет, әдеби процесс, шартты тартыс, адамзаттық мәселе.

КІРІСПЕ

Көркем әдебиеттің басты міндеті адамзат баласы және оның болмыс-бітімні, ортасын, өмір шындығын бейнелеп көрсету болып табылады. Бірақ бұл киелі міндетті шешу тек қана кейіпкердің келбеті, белгілері, қасиеттерін сипаттаудан ғана тұрмайды. Қаламгер адам бейнесін толыққанды суреттеп, оның бойындағы немесе ол өмір сүріп отырған қоғамдағы, адамдар арасындағы қарама-қайшылықты, өткір проблемаларды танытқан кезде ғана көркем шығарма өз деңгейінде көрінеді. Әдебиеттің негізгі ұстанымы- шындықты көрсету. Бірақ өнердегі шындық кейіпкер өмір сүретін ортаны, күреске түсетін күштерді көркемдік тұрғыдан толық зерттелуі қажет. Жазушы тек тартысты ғана көрсетпеуі керек, оның табиғатын, шығу тегін, дамуын түсіндіруі керек. Себебі сол кезде ғана көркем тартыстың қалай шешілетіні анық болады.

Кез келген әдеби терминдердің сөздігін ашып, тартыс - кейіпкерлер арасындағы немесе кейіпкерлер мен орта арасындағы қақтығыс, ақырында, кейіпкер санасының ішіндегі күрес екенін оқимыз. Ал негізінен әдебиеттегі тартыстың мәні - бұл өзара байланыс, бірлік және ортақ өзара іс-қимыл. Кез келген көркем шығармада басқа адамдармен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін кейіпкер бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адам өз өміріндегі немесе айналасындағы тартыстың бәріне қатынасады: ойлар, әрекеттер, басқа адамдармен қарым-қатынас. Тартыс арқылы кейіпкердің рухани, адамгершілік қасиеттері көрінеді. Тартыс кейіпкерді таңдауды болжайды, ал кейіпкер өз кезегінде тартысты дамыту мен шешуде жетекші рөл атқарады. Сонымен қатар, тартыс қаламгердің көркем сюжеттегі адамдарды таңдауды, оларды орналастыруды, олардың атқаратын функцияларын, олардың қайшылықтарды шешудегі рөлін болжайды.

Көркем тартыс теориясына әдебиет зерттеушілері А. Байтұрсынұлы [1], М.Әуезов [2], Е.Ысмайылов [3], Қ.Жұмалиев [4], З.Қабдолов [5], Р.Бердібай [6], Н.Ғабдуллин [7] өз ғылыми еңбектерінде көзқарастарын білдірді.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А.Байтұрсынұлы тартыс категориясына: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп,өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [1,294] деп сипаттама береді.

Көркем тартыс немесе көркем коллизия (лат. collisio-қақтығыс), әдеби шығармада қолданылатын әр бағыттағы күштердің-әлеуметтік, табиғи, саяси, адамгершілік, философиялық қарама-қайшылықтары деп аталады. Сондай-ақ шығарманың көркемдік құрылымында идеялық -эстетикалық нысанында көрініс алатын жалпы мінез -құлықтың, жекелеген мінез-құлықтың немесе бір сипаттағы әр түрлі жақтардың бір-біріне, қарама-қарсы болуы екені анық.

Әдебиеттану ғылымында көркем тартыс сюжет пен характерге байланысты қарастырылып келген теориялық проблемалық мәселелердің бірі.

Гегельдің пайымдауынша, тартыс – бұл коллизия. Ол гармонияның бұзылуына байланысты пайда болады, оның салдары қарама-қарсы күрес болып табылады, ол өз кезегінде айналасына қарама-қайшылықтың бір жеңісін шешуге тиіс. Соңғы нәтиже-

үйлесімділікті қалпына келтіру. Коллизияның ядросы ұзақ өмір сүре алмайтын және болмауы тиіс бұзу болып табылады. Үйлесімділікті қалпына келтіру үшін оны жою керек. Коллизияның өзі әрекет емес, ол тек осы әрекетке алғышарттар. Басқаша айтқанда, коллизия шиеленіскен жағдай.

Гегель кез келген коллизия тамаша идеалды бұзатынын айтады. Өнердің міндеті-бұл идеалды қарама-қайшылықтан арылту және қалпына келтіру. Басқаша айтқанда, тартысты жедел шешу. Коллизия – бұл антагонизм, қарама-қайшылық және шешілуді қажет ететін қайшылық. . Мысалы, Гегель "коллизияға бай жағдай негізінен драмалық өнердің мәні болып табылады, ол оның ең толық және терең дамуында әдемі бейнені бейнелейді" [8],

Әдеби үрдісті айқындауға мүмкіндік беретін көркемдік категорияның бірі осы көркем тартыс болып табылады. Себебі тартыс әр жазушының болмысын танытатын көркемдік мәселе екені даусыз. Әр ұлт әдебиетінің қоғамдық-саяси өмірінде болатын тарихи жағдайлар әдебиетке жаңа міндеттер, мұрат-мақсаттар жүктейді. Сондықтан кезеңіне қарай тартыс жаңа мазмұнға, жаңа сапаға ие болатынына анық. Ұлт әдебиетінің әрбір кезеңінің мәні мен маңызын, өзіндік ерекшелігін терең түсіну үшін сол кезеңдегі қарама-қайшылықтың табиғатын анықтау қажет.

Алайда бұл мәселе айырықша маңыздылығына қарамастан, қазақ әдебиеттану ғылымында әлі де жетімсіз сөз болуда, онда да қалыптасқан көзқарас дағды бойынша 70-жылдарға дейінгі тартыс мәселесі негізінен драмаға байланысты қарастырылып келді.

Кезінде М.Әуезов өзінің ғылыми еңбектерінде тартыс мәселесі тек қана драмаға қатысты емес екеніне ерекше мән беріп, тартыстың әдеби жанрдың барлығына қатыстылығына, оның өнер құбылысы екенін танытуға бар күш жігерін салған. М.Әуезовтің драмадағы тартыс жайлы ойлары, айтқандары өзге жанрлардағы тартыс табиғатын тану, оның сюжетке, характерге қатыстылығын анықтау үшін аа құнды ой болып табылады. Демек көркем тартыс мәселесін 30-50 жылдарда алғаш көтеріп, құнды теориялық ой-пікірлерді бірінші айтушы Мұхтар Әуезов болды.

В группах начального уровня отрабатываются темы: «Моя комната», «Моя семья», «Мои друзья», «Мой университет», «В магазине». На среднем этапе обучения расширяется лексика ранее изученных тем и вводятся новые темы.

На начальном этапе обучение диалогической речи строится на стандартных моделях, демонстрируемых преподавателем. Необходимо акцентировать внимание студентов на синтаксически несложных конструкциях, разговорных формулах и штампах и отметить важную роль мимики и жестов, на которые опирается говорящий в диалоге. Работа начинается с хорового повторения реплик вслед за преподавателем, продолжается проговариванием диалогов в парах, а затем дается задание составить и разыграть аналогичный диалог, изменив имена, предметы и т.д. И только после успешного выполнения данного задания, можно перейти к элементарным вопросам.

Прежде чем перейти непосредственно к работе над диалогом необходимо предварительно провести подготовительный тренинг, предполагающий отработку реакций на стимул. Например, найти ответную реплику, выразить согласие на предложение, ответить на приветствие и т.п.

В процессе работы над диалогом преподаватели обычно придерживаются годами отработанной схемы. В начале предлагается прослушать диалог-модель. Затем преподаватель отрабатывает со студентами наиболее сложную для произнесения, интонирования и понимания лексику. Потом студенты переходят к чтению диалога, разыгрывая его по ролям. Причем каждый студент должен выступить в обеих ролях. После рекомендуется сначала выучить данный диалог, а затем трансформировав его, создать свой собственный.

ВЫВОДЫ

Все студенты-иностранцы, приезжая в чужую страну, испытывают социально-культурный шок и проходят все этапы адаптации к условиям проживания в другой стране.

Адаптация и создание психологического комфорта является актуальной проблемой при обучении иностранных слушателей, так как учащимся необходимо перестроить отношение к учебному процессу, изменить привычные стандарты и освоиться в новом образовательном пространстве.

В данной ситуации многое зависит от преподавателей, которые первыми окажутся на их пути и должны будут создать благоприятные условия для успешного прохождения образовательной программы.

Во-первых, на занятиях следует установить доброжелательные и доверительные отношения со слушателями.

Для преодоления психологического дискомфорта, который нередко возникает у иностранных учащихся при несоответствии различных культур, необходимо посредством видеофильмов, экскурсий, встреч с представителями посольств и консульств погрузить их в мир образов, характерных культуре принимающей страны. На ориентационной неделе нужно объяснить особенности поведения людей и их отношения в тех или иных ситуациях.

Во-вторых, основным критерием успешности создания комфортной атмосферы на занятиях является креативный методический материал для иностранных слушателей. В данном случае речь идет о коммуникативных игровых технологиях, способствующих снятию усталости, созданию творческой обстановки и качественному усвоению учебного материала.

В-третьих, преподаватель должен быть в курсе всех трендов в области цифровых технологий и не отставать в этом плане от своих студентов, идти в ногу со временем, уметь пользоваться современными гаджетами, тем самым повышая мотивацию и эффективность обучения языку.

Успешность учебного процесса зависит и от внеаудиторной работы. Поэтому русский язык должен изучаться наряду с русской культурой, чтобы подготовить иностранного студента к межкультурной коммуникации с носителем языка. «Внеаудиторная работа на начальном этапе – один из способов в неформальной обстановке подготовить иностранного студента к коммуникации в обществе русских людей, заложить основы межкультурной и лингвокультурной компетенций» [7]. В КазНУ имени аль-Фараби активно практикуются такие внеаудиторные мероприятия, как экскурсии по Алматы и Алматинской области, посещение городских музеев, выставок, проводятся олимпиады и тематические праздники. Эффективность данной формы обучения языку заключается в возможности использовать русский язык в естественных жизненных ситуациях.

Таким образом, соблюдение всех требований, направленных на повышение мотивации и стимулирование иностранных слушателей к обучению, должно способствовать формированию коммуникативной, социокультурной и лингвокультурологической компетенций.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Фахрутдинова М.Т. Этнопсихологические особенности изучения русского языка как

иностранного / В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии: Сб. ст. по матер. LVI междунар. науч.-практ. Конф. № 1(56). – Новосибирск: СибАК, 2016. – 191 с.
Fahrutdinova M.T. Etnopsihologicheskie osobennosti izucheniya russkogo yazyka kak inostrannogo / V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kul'turologii: Sb. st. po mater. LVI mezhdunar. nauch.-prakt. Konf. № 1(56). – Novosibirsk: SibAK, 2016. – 191 s.
2 Ван Гохун Проблемы адаптации китайской и российской систем образования на лингвистических факультетах (из опыта преподавания) // Язык и культура. – 2015. – № 4 (32). – С. 94-101.
Van Gohun Problemy adaptacii kitajskoj i rossijskoj sistem obrazovaniya na lingvisticheskih fakul'tetah (iz opyta prepodavaniya) // YAzyk i kul'tura. – 2015. – № 4 (32). – S. 94-101.
3 Акишина А.А., Каган О.Е. Учимся учить: Для преподавателя русского языка как иностранного. – М.: Русский язык. Курсы, 2002. – 256 с.
Akishina A.A., Kagan O.E. Uchimsya uchit': Dlya prepodavatelya russkogo yazyka kak inostrannogo. – M.: Russkij yazyk. Kursy, 2002. – 256 s.
4 Пугачев И.А. Этноориентированная методика в поликультурном преподавании русского языка как иностранного: монография. – М.: РУДН, 2011. – 284 с.
Pugachev I.A. Etnoorientirovannaya metodika v polikul'turnom prepodavanii russkogo yazyka kak inostrannogo: monografiya. – M.: RUDN, 2011. – 284 s.
5 Бобрышева И.Е. Культурно-типологические стили учебно-познавательной деятельности иностранных учащихся в методике обучения русскому языку как иностранному. М.: Флинта. Наука, 2004. – 256 с.
Bobrysheva I.E. Kul'turno-tipologicheskie stili uchebno-poznavatel'noj deyatel'nosti inostrannyh uchashchihsya v metodike obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu. – M.: Flinta. Nauka, 2004. – 256 s.
6 Чжао Юйцзян Лингводидактические основы этноориентированного обучения русскому языку и тестирования: на примере китайских учащихся / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 2008. – 291 с.
CHzhao YUjczyan Lingvodidakticheskie osnovy etnoorientirovannogo obucheniya russkomu yazyku i testirovaniya: na primere kitajskih uchashchihsya / Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata pedagogicheskih nauk. – M., 2008. – 291 s.
7 Вакула Е.А., Колесникова В.В., Можаева Е.Ю. Особенности преподавания русского языка как иностранного китайским слушателям на начальном этапе обучения // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – №4.; URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=27790.
Vakula E.A., Kolesnikova V.V., Mozhaeva E.YU. Osobennosti prepodavaniya russkogo yazyka kak inostrannogo kitajskim slushatelyam na nachal'nom etape obucheniya // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2018. – №4.; URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=27790.

Материал поступил в редакцию журнала 02.10.2020

REFERENCES

1 Fakhrutdinova M.T. Etnopsychological features of studying the Russian language as a foreign language / In the world of science and art: questions of Philology, art history and cultural studies: Collection of articles on mater. LVI international. scientific-practical. – Conf. No. 1(56). – Novosibirsk: Sibak, 2016. – 191 p.
2 Wang Guohong problems of adaptation of Chinese and Russian education systems at linguistic faculties (from teaching experience) // Language and culture. – 2015. – № 4 (32). – Pp. 94-101. Russian Russian
3 Akishina A. A., Kagan O. E. Learning to teach: For the teacher of the Russian language as a

foreign language. – M.: Russian language. Courses, 2002. – 256 p.
4 Pugachev I. A. Ethnooriented methodology in multicultural teaching of Russian as a foreign language: monograph. – Moscow: RUDN, 2011. – 284 p.
5 Bobrysheva I. E. Cultural and typological styles of educational and cognitive activity of foreign students in the methodology of teaching Russian as a foreign language. – M.: Nauka, 2004. – 256 p.
6 Zhao Yujiang Linguodidactic foundations of ethnooriented Russian language teaching and testing: on the example of Chinese students / Dissertation for the degree of candidate of pedagogical Sciences. – Moscow, 2008. – 291 p.
7 Vakula E. A., Kolesnikova V. V., Mozhaeva E. Yu. Features of teaching Russian as a foreign language to Chinese students at the initial stage of training // Modern problems of science and education. – 2018. – №4.; URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=27790.

Жаңа әлеуметтік-мәдени ортада қытай студенттеріне орыс тілін оқыту ерекшеліктері

Г.К. Ихсангалиева[1], Ж.С. Нуржанова[1]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті., Алматы қ., 050046, Қазақстан Республикасы

Мақалада Қытайдан келген студенттерге орыс тілін үйрету ерекшеліктері қарастырылған. Біздің университетте оқитын негізгі студенттер контингенті - ҚХР азаматтары. Шет тілі ретінде орыс тілі мұғалімдері үшін қытай студенттерінің оқыту мәселелерін шешуге ең қиын аудитория екені үлкен жаңалық емес. Қиындықтар тек орыс және қытай тілдерінің айырмашылығынан ғана емес, сонымен бірге қытайлардың психикалық ерекшеліктері мен мәдени көзқарастарынан, сонымен қатар студенттердің аудиториядағы мінез-құлқына әсер ететін Қытайдағы білім беруді құрудың әдістемелік қағидаларының айырмашылығынан туындайды.

Осыған байланысты мен орыс тілі мұғалімдеріне шет тілі ретінде емес, қытай студенттерімен жұмыс жасау қиындықтарын анықтайтын себептермен таныс емес, сонымен қатар осы студенттерді таңдаған мамандығы бойынша факультеттерде оқытатын мұғалімдерге назар аударғым келеді.

Ең алдымен, әр тіл деңгейінде көрінетін орыс және қытай тілдерінің айырмашылықтарын атап өту керек. Осылайша, қытайлық студенттермен жұмыс жасау кезінде еуропалық студенттердің өмірін айтарлықтай жеңілдететін аналогия, тілдік болжам, интернационализм және делдалдық тілді қолдану алынып тасталады, ал қытайлар, тәжірибе көрсеткендей, ағылшын тілін жетік білмейді.

Материал 02.10.2020 баспаға түсті

Specificity of teaching russian language to chinese listeners in the new social-cultural environment

G.K. Ikhsangalieva[1], Zh.S. Nurzhanova[1]
Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050046, Republic of Kazakhstan

The article discusses the features of teaching the Russian language to students from the People's Republic of China. The main student body studying at our university is made up of citizens of the People's Republic of China. For teachers of Russian as a foreign language, it is not a big discovery that Chinese students represent the most difficult audience to solve teaching problems. The difficulties are caused not only by the difference between the Russian and Chinese languages, but also by the mental specifics of the Chinese and their cultural attitudes, as well as by the difference in the methodological principles of building education in China, which affect the behavior of students in the audience.

In this regard, I would like to draw attention not so much to teachers of Russian as a foreign

language who are familiar with the reasons that determine the difficulties of working with Chinese students, but to teachers who continue to teach these students at faculties in their chosen specialty.

First of all, it is necessary to point out the differences between Russian and Chinese languages, which are manifested at each language level. Thus, in working with Chinese students, the use of analogies, language conjecture, internationalism, and an intermediary language, which greatly facilitate the life of European students, is excluded, and the Chinese, as experience shows, do not speak enough English.

Received: 02.10.2020

ӘОЖ: 371.3: 809.434.2

М.М. Касымова[1], Т.Н. Мельникова[2], С.М. Алиаскарова[3], Б.К. Иксатова[4]
[1]білім магистрі, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-0800-3914. E-mail: mahabbat_koksh@mail.ru
[2]педагогика және психология магистрі, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің әлеуметтік және жас ерекшелік педагогикасы кафедрасының аға оқытушысы, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-7113-5725. E-mail: tanita.edu@mail.ru
[3]педагогикалық ғылымдарының магистрі, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің әлеуметтік және жас ерекшелік педагогикасы кафедрасының аға оқытушысы, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-7113-5725. E-mail: dari-saule19@mail.ru
[4]педагогика және психология магистрі, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің әлеуметтік және жас ерекшелік педагогикасы кафедрасының аға оқытушысы, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-3641-2843. E-mail: dari-saule19@mail.ru

ӨСКЕЛЕҢ ЖАС ҰРПАҚ ҮШІН САРҚЫЛМАС ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ РЕТІНДЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР

Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы ересектерге ғана емес сонымен қатар жас ұрпақ үшін тәрбие мен сарқылмас білімге педагогикалық ойлары жөнінде мәселе қарастырылған. Ерекше назар Абай шығармашылығындағы педагогикалық көзқарастар оның өлеңдері мен қарасөздерінде көрініс тапқан сипаттамасына аударылады. Біз ақынның өлеңдеріндегі тәрбиелік, білімдік көзқарастарды қамтып отырмыз. Ұлы ақын өмір сүрген заманда қазіргі күнгідей қазақ тілінде жүйелі білім беретін мекемелер болмағандықтан, мүмкіндігі бар адамдар балаларын мұсылманша медреселерге немесе орысша школдарға беретін болған. Абай – орысша, мұсылманша жүйелі түрде, арнайы кең көлемде білім-тәрбие алмаса да өзінің қабілеті арқылы Еуропаның классикалық әдебиеті мен педагогикасы ілімдерімен танысады. Осы арқылы ол өз заманының озық ойларын айта алды. Сонымен қатар мақаладағы ұлы ақынның шығармаларының үлгілерін талдау кезінде білімділік және тәрбиелік мәні ашық көрсетілген.

Кілт сөздер: педагогикалық ойлар, тәрбиенің көзі, заманауи білім, прогрессивтік бағыт

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы білім беру үрдісі көптеген өзгерістерді бастан кешіріп жатыр. Қоғамның сұранысына орай құндылықтарға деген көзқарастар да өзгереді. Соның ішінде ұлттық әдебиеттегі көптеген тұлғалардың шығармашылығы, олардың қазіргі жас ұрпақты тәрбиелеудің педагогикалық, эстетикалық талғам, талаптарына сай келетіні немесе келмейтіндігі сарапқа салынуда.

Қазақ әдебиеті тарихын Абай мен Мағжансыз елестету қиын. Абай – қазіргі қазақ әдебиетінің негізін салушы болса, Мағжан – қазақ поэзиясына еуропалық деңгейдегі лириканы енгізген ақын. Абай мен Мағжан шығармашылығы қазіргі күні мектеп оқулықтарында тұрақты оқытылып келеді. Мағжан шығармашылығына қарағанды, Абайды оқыту ерте жолға қойылғандығы – Мағжан Жұмабаев есімінің Қазақстан тәуелсіздік алдында ғана қазақ халқымен қайта қауышқандығында болса керек.

Абайдың ақындық мектебінің төл шәкірті Мағжан есімі көп жыл жабық болса да, өз тұсында оны әйгілі қатарластарының өзі ерте мойындаған болатын. Мағжанның таланты туралы Мұхтар Әуезов былай деген екен: «Абайдан соң Мағжанды сүйемін, еуропалығын, жарқыраған, әшкейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауды жарқыраған Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан мәдениеті зор ақын.

Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен аққандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жөн жоқ. Сондықтан да бүгінгі күннің бір жазушысының ішінен келешекте бой ұрып, артқы өмірге қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [1, 294]. Бұл болашақ классик жазушының Мағжан талантын қапысыз танығаны болатын.

Бүгінгі күнге дейін өмір жолының сан алуан бұралаңынан өткен екі ақынның қаламгерлік қуатын өлең мен сөзге бейім, ақын-жазушылық жолға түскен тұстастары толық мойындағанын көреміз. Абайдың асқар тұлғасы, асқақ туындылары жайында ертеректе пікір білдіргендер қатарында академик Сәбит Мұқанов та бар. Ол қазақ жазушылары кеңес билігін жақтаушылар болып бөлігіп жүрген XX ғасырдың 20-жылдарының өзінде Мағжан шығармашылығы туралы былай деп қорытынды берген екен.««… Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетте жаңа түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» [2, 283], – деп мойындауға мәжбүр болған және Мағжан туралы бұл пікірді Сәбең 1923 жылы айтыпты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Абай мен Мағжан шығармашылығындағы педагогикалық ойлар ұшқыны олардың көптеген өлеңдері мен қарасөздерінде айқын көрініп немесе көмескі аңғарылып жатады. Жалпы, біздің қазақ ақын-жырауларымыздың барлығының шығармашылығы – ұлттық педагогиканың дидактикалық көзі десек, артық айтпағандық болмас еді. Сонау орта ғасырлар мен Қазақ хандығы дәуірі тұсында өмір сүрген әйгілі жырауларымыздың туындылары да ұлттық педагогиканың нағыз ұлттық сипатты танытатын рухани құндылықтар.

Абайдың өзінен кейінгі әрқалай кезеңдерде өмір сүрген ақындар мен жазушылар бас ақынға қоса, Мағжан шығармашылығы да эстетикалық биік деңгейін эталон ретінде мойындап, аталған екі тұлғаны әркез өздеріне ұстаз санайды. Бұлар өмір сүрген заман екібасқа болса да, әдебиеттегі үлгі-өнегесі, эстетикалық танымы анық деп білеміз. Мағжан мен Абайдың қазақ әдебиетіндегі үлгі-өнегесі туралы ғалым Шериядан Елеукенов былай деп атап көрсетеді: «Әр әдебиеттің айырықша жұлдызы жанатын кезеңі болады. Орыс

әдебиетінде Пушкин мен Лермонтов туғызатын алтын ғасыр іспетті. Қазақ әдебиетінің сондай алтын ғасыры Абай мен Мағжаннан бастау алады.

Абай мен Мағжан... Бұл екі есім де Пушкин мен Лермонтов секілді бір өрімде, іркес-тіркес аталуға тиісті. Абайдан соң алдына жан салмайтын ақынымыз Мағжан деп отызыншы жылдардың бас шеніне дейін айтылып келгені мәлім» [3, 55].

Өзіміздің зерттеу жұмысымызда Абай мен Мағжан өлеңдеріндегі педагогикалық ойлар туралы қарастыруды жөн көрдік және тек ересектер үшін ағана емес, Абай шығармашылығы өскелең жас ұрпақ үшін де сарқылмас тәрбиенің көзі болып табылады.

Абай шығармашылығындағы педагогикалық көзқарастар оның өлеңдері мен қарасөздерінде көрініс тапқан. Біз ақынның өлеңдеріндегі тәрбиелік, білімдік көзқарастарды қамтып отырмыз. Бұл тұрғыда ең әуелі еске оралатын туындысы «Интернатта оқып жүр» [4] өлеңі. Ол заманда қазіргі күнгідей қазақ тілінде жүйелі білім беретін мекемелер болмағандықтан, мүмкіндігі бар адамдар балаларын мұсылманша медреселерге немесе орысша школдарға беретін болған. Медреселердің өзі XX ғасырдың аяғына қарай «қадымша» және «жәдитше» болып екіге бөлінген. Жәдитше оқытатын медреселерде мұсылман дінінің канондарынан өзге, математика, астрономия т.б. пән негіздері оқытылатын болған.

«Патша үкіметінің қазақ балаларын түрлі мектептерге алып оқытудағы, қазақ арасынан түрлі мектептер ашудағы мақсаты, бір жағынан, өлкені басқару, отарлауға жергілікті халықтан қызметкерлер әзірлеп шығару, екінші жағынан, қазақты шоқындыру, орыстандыру еді. Патша үкіметі бұратана ұлттарды күшпен «орыстандыру» саясатын жүргізді. Бірақ патша үкіметінің бұл жүргізген шаралары көп жағдайда үкімет саясатынан, үкімет адамдарының ойлағанынан тыс объективті ретте жақсы, прогресшіл нәтиже берді. Яғни, қазақ халқының орыс халқымен жуықтасуына, орыс халқының озат, прогресшіл мәдениетінің қазақ арасына жайылуына, қазақ халқының мәдениетінің өркендеуіне әкеліп соқты. Қазақтың орысша оқығандары көбейді; солардың ішінен ағартушы демократтар Шоқан, Ыбырай, Абайлар шықты» [5, 8].

Абай бастаған бұл азғантай шоғырдың педагогикалық ой-пікірлері – бодандық қамытын киген қазақ халқының арман-мүддесінен туындап жатты. Қазақ халқының білім алу жолындағы сұранысын ислами білім ошақтары бұдан былай қанағаттандыра алмайтындығы анық бола бастап еді. Себебі, ислам елдерінің өзі әлемдік прогрестен шегіне бастаған тұс болатын. Ендігі білім көзі Еуропада екенін Абай анық бағамдады.

Ал орыс школдары сонау XIX ғасырдың қырқыншы жылдарындағы Жәңгір хан, одан кейінгі Ыбырай Алтынсарин заманынан бері біршама қалыптастып қалған еді. Бұл школдарда екі жыл оқып білім алған шәкірт орысша тіл сындыратын. Абайдың ел жастарын, өз балаларын не мақсатпен оқытқаны жоғарыда аталған өлеңде анық көрініс тапқан:

Баламды медресеге «біл, – деп бердім,
Шен алсын, қызмет қылсын» деп бермедім [6], –

деген жолдардан біз Абайдың ұстанған принципін аңғарамыз. Себебі, көптеген ата-аналар балаларын школға беру арқылы патша шенеуніктері мен орысша түсінбейтін қарапайым қазақтар арасында аудармашылық жасап күн көретін тілмаш немесе ұсақ-түйек қызметтер атқаратын шенеунік болдыруды құп көретін. Абай аулынан Халиолла Өскенбаев, Әбдірахман Абайұлы, Әрхам Ысқақұлы және басқа да шәкірттер орыс мектебінің (школының) тәрбиесін алды.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім [6], –

деп, жастық шағында жүйелі білім ала алмағанына өкініш білдірген ақын, ендігі жерде өзінің балалары мен інілерінің оқуына жағдай тудыруды парызым деп біледі.

Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім [6].

Абай да өзінің алдындағы Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариндердің заманауи білім мен ғылымның негіздерін оқып, игіліктерге жетуге бағытталған прогрессивтік бағыт ұстанды. Қазақ даласында феодалдық қоғам барынша дамып жетілгенімен, өзі бодан болып отырған Ресей империясында өрістеп келе жатқан капиталистік қарым-қатынастың ықпалы да айқын сезіле бастаған еді. Абай бастаған ел зиялылары бұдан кейінгі жерде заманауи білім-ғылыммен шұғылданбаса, қазақ халқы бодандық тұманына мәңгілік көміліп қалатынын анық сезді. Сондықтан да ол жалпы қазақ халқын, оның ішінде жас ұрпақтың санасын оятып, білім мен ғылымға шақыруды дұрыс деп тапты. Абайдың педагогикалық, ағартушылық ойларының мақсатын біз осы тұрғыдан түсіндіре аламыз.

«Мұхтар Әуезов таңдаған адамгершілік, ағартушылық жолы қазақ қоғамына Ыбырай, Шоқан, Абайлардан бастаған. Абай мектебінің шәкірті Мұхтар Әуезов ұлы ұстазының дәстүрін жалғастыра отырып, оның өрісін кеңейтіп, асуын биіктетеді. Өскен ортадан алған тәлім-тәрбие, Мұхтар Әуезовтың бүкіл болашағына жол ашты. Мұхтардың тарихи-философиялық санасының қалыптасуына Абай мектебі тікелей ықпал жасады. Бұл мектеп Мұхтарды болашақ ойшыл ретінде тәрбиеледі. Мұхтардың шығармашылығы да соншалық бай қайнарлардан сусынданған. Мұхтар Әуезов өздігінен жазушы, ойшыл, қаламгер болып туа қалған жоқ. Оның алдында да белес-белес кезеңдер тұрды» [7, 81]. Бұл пікірді біз Мағжанға қатысты да, оның шығармашылық жолына қатысты да қолдана аламыз.

Абай – орысша, мұсылманша жүйелі түрде, арнайы кең көлемде білім-тәрбие алмаса да өзінің қабілеті арқылы Еуропаның классикалық әдебиеті мен педагогикасы ілімдерімен танысады. Осы арқылы ол өз заманының озық ойларын айта алды. Абайдың бұл айқын мақсаты, әсіресе, «Интернатта оқып жүр» өлеңінен айқын көрінетінін атап өткен болатынбыз. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген Абай баласын оқу орнына беріп оқытқан әкенің де, оқып жүрген баланың да ой-өрістерінің тым тарлығын, орыс тілін білудегі мақсат, жоғарыда айтқанымыздай өтініш арыз («прошение») жазудан әрі аса алмайтындығы дәрежесінде екендігін ескерте отырып, былайша өрбітеді:

«Нан таппаймыз» демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждahатсыз, михнатсыз,
Табылмас ғылым сарасы,
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы? [6].

«Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, кез келген ғылымның пайдасын бірден көрінбейтіндігін атап өтеді. Жалпы ғылымның адамның миы мен жүрегіне оңайлықпен түспейтінін, адам баласы өз алған білімін ешуақытта көпсінбей, керісінше, азсыны, өзін өзі қомсынып, өзіне-өзі әрқашанда сын көзімен қарау керектігін ескертеді.

Осылайша Абай, оқу-білім алу – елге ептілік жасау үшін емес деген гуманистік идеяны ұстанатындығын танытады. Жасында алған білім мен тәрбие туған елді бірлікке, ел болуға, мәдениетті болуға жұмсалса, сонда ғана елдің ертеңі жарқын, жеке азаматтардың жағдайы жақсы болатынын айтады.

«Мыңмен жалығыз алыстым, кінә қойма», - деп өзі айтқандай, Абай өз заманында оқыған жастардың қызметқұмар, т.б. теріс қылықтарға бейім болып тәрбиеленуіне олардың

өскен ортасы, қазақ қоғамының надандығы, өзара алауыздығы басты кінәлі деп біледі. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда, қазақ жастарының шенеунік болуға құмарлық, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге бейім болуы көрініс тауып жатса, қазіргі кезде де сол Абай айтқан заманнан алыстап кете алмағандығымның айғағы болмақ.

Ойында жоқ олардың,
Салтыков пен Толстой,
«Я адвокат, я тілмаш
Болсам» деген бәрінде ой [6], –

деген жолдарды қазіргі замандағы жастардың мектеп бітіргеннен кейінгі заңгер немесе экономист мамандықтарына ұмтылып отыратындығына ұқсатуға болады. Абайдың ой-өрісі тар, күнделікті ғана ойлаушылықтан аспаған ата-аналар мен білім алушыларды шеней отырып, адамның мінез-құлқын түзетуге әрекет жасағанын көреміз. Абай кімді үлгі етеді, халыққа? Өз тұсындағы Ресей қоғамын аяусыз сынап, елді жайлаған парақорлық, немқұрайлылық т.б. әдеттерден арылып, прогресске ұмтылуға шақырған Салтыков-Щедринді мадақтайды. Жас сендер де Толстой, Салтыков-Щедриндей болыңдар дейді. Оларды үлгі ету – қазақтан солардай ел қамын жеген адамдар шығуын аңсағандық еді. Абай адам сана-сезімін тәрбиелеуде қоғамдық орта мен жеке адам феноменінің ықпалын біріктіру қажет деп біледі.

Абайдың бұл ойлары қазақ арасына кеңінен тарады. Абай – жалпы алғанда педагогика тақырыбына арнайы трактат жазған адам емес. Сондай-ақ Абайдың шығармашылғында ағарту, оқу-білім, педагогика т.б. атаулар да жоқ. Бірақ Абайдың туындыларындағы мазмұн мен идея білім мен ғылымға шақыруға үндейді. Абай халықты тек жалаң ғылымға ғана үндеп қойған жоқ, жастардың болашағына үлгі боларлық көптеген ақыл-өнегелер айта отырып, ненің жаман, ненің жақсы екенін ажырата білуге шақырады, жөн сілтейді:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Тілеген өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз,
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс көнсеңіз [4].

Абайдың бұл өлеңінің мәні күні бүгінге дейін еш төмендеген жоқ. Ақынның атап көрсеткен бес асыл іс пен бес нашар қылық сияқты әдеттер қай дәуірде болмасын, жас ұрпақтың бойынан табылып қалып жататынын ескерсек, өлеңнің тәрбиелік мәні өз күшінде болмақ және мектеп оқушыларына білімге қоса, тәрбие беруде Абай өлеңдерінің маңызы ерекше.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, Абай жастарды жан-жақты ізденуге, біліп-үйренуге шақыра отырып, үлгі-өнегелі адам болуға үндейді**.**

«Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі

көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген» [8, 218-б.], - деп Ахмет Байтұрсынов айтқанындай, туған халқына білім мен тәрбиенің нұрын шашып, нәрін сіңіруді мақсұт тұтқан Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі педагогикалық ойлар туралы әр кезеңде жазылған дүниелер көп. Абайдың педагогикалық ойларын мектеп бағдарламасы бойынша ғана емес, күнделікті өмірде ұрпақ санасына сіңіру – баршаның ісі болуы тиіс.

Абайдың қай өлеңін алып қарасаңыз да, айтар дүниесі әрқашан педагогикалық ой-пікірмен ұштасып жатады. Байыптап қарағанда, Абайдың педагогикалық көзқарасының қалыптасуының да, өзіндік себептері, ерекшеліктері бар екендігін көруге болады.

ПАЙДАЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әуезов М. Әр жылдары ойлары. – Алматы: Мектеп, 1959. – 294 б.
Áýezov M. Ár jyldary oılary. – Almaty: Mektep, 1959. – 294 b.
2 Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақстан, 1932. 283 б.
Muqanuly. S. XX ǵasyrdaǵy qazaq ádebıeti. – Almaty: Qazaqstan, 1932. 283 b.
3 Елеукенов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 55 б.
Eleýkenov Sh. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 1-tom. – Almaty: Qazyǵurt, 2012. – 55 b.
4 Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Мектеп, 1966.
Qunanbaev A. Shyǵarmalary. – Almaty: Mektep, 1966.
5 Қирабаев С. Қазақ әдебиеті. Ы.Алтынсарин. – Алматы: Рауан, 1997. – 8 б.
Qırabaev S. Qazaq ádebıeti. Y.Altynsarın. – Almaty: Raýan, 1997. – 8 b.
6 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: Мектеп, 2007.
Abaı. Óleńder, poemalar, aýdarmalar, qara sózder. – Almaty: Mektep, 2007.
7 Әбдікәрімұлы Б., Байменова Б.С. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы. – Астана: Еуразия университеті, 2008 ж, – 81 б.
B.Ábdikárimuly, B.S.Baımenova. Alashorda qaıratkerleriniń pedagogıkalyq murasy. – Astana: Eýrazıa ýnıversıteti, 2008 j, – 81 b.
8 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 218 б.
A.Baıtursynov. Shyǵarmalary. – Almaty: Jazýshy, 1989. – 218 b.

Материал 04.12.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Auezov Thoughts in different years. – Almaty: School, 1959. – 294 p.
2 C. Mukanovich. Kazakh literature of the XX century. – Almaty: Kazakhstan, 1932. 283 p.
3 Sh. Eleukenov. Collection of multi-volume works. Volume 1 – Almaty: Kazygurt, 2012. – 55 p.
4 A. Kunanbayev. Works. – Almaty: School, 1966.
5 S. Kirabaev Kazakh literature. Y. Altynsarin. – Almaty: Rauan, 1997. – 8 p.
6 Be careful. Poems, poems, translations, obscenities. – Almaty: School, 2007.
7 B. Abdykarimovich, BS Baimenova. Pedagogical heritage of Alashorda figures. – Astana: Eurasian University, 2008. – 81 p.
8 A. Baitursynov. Works. – Almaty: Writer, 1989. – 218 p.

Педагогическая мысль в стихах Абая Кунанбаева как неиссякаемый источник воспитания подрастающего поколения

М.М. Касымова[1], Т.Н.Мельникова[2], С.М.Алиаскарова[2], Б.К.Иксатова[2]
[1]Кокшетауский университет имени А.Мырзахметова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан
[2]Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В данной статье рассматривается вопрос о педагогическом воспитании и образовании не только молодого поколения, но и взрослых на поэзии Абая Кунанбаева. Особое внимание обращено на то, что педагогические взгляды в творчестве Абая были отражены в его стихах и сочинениях. Кроме того, при анализе произведений великого Кунанбаева открыто, показано образовательное и воспитательное значение, поскольку в период жизни великого просветителя не было системных образовательных учреждений на казахском языке, люди, ограничиваясь своими возможностями, отдавали детей в мусульманские медресе или русские школы. Систематически обучавшийся на русском и мусульманском языках, не имеющий специального образования Абай через свои способности знакомится с учениями классической литературы и педагогики Европы. Таким образом он смог высказать передовые идеи своего времени. В стихах поэта в любой эпохе воспитание школьников имеет особое значение наряду со знанием. В стихотворной форме поэт проявляет свою любовь к родному краю, и в воспитании учащихся школы особое значение имеют стихотворения Абая.

Материал поступил в редакцию журнала 04.12.2020

Pedagogical thought in Abay Kunanbayev poems as a source of inexhaustible education for the younger generation

M.M. Kassymova[1], T.N. Melnikova[2], S.M. Aliaskarova[2], B.K. Iksatova[2]
[1]A. Myrzakhmetov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan
[2]Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

This article discusses the issue of pedagogical thought in the poetry of Abay Kunanbaevich not only for adults, but also for the younger generation in education and inexhaustible education. Special attention is drawn to the fact that pedagogical views in Abay's work were reflected in his poems and writings. We covered educational and educational points of view in the poet's poems. During the life of the great poet, as at present, there were no system educational institutions in the Kazakh language, people with disabilities passed their children to Muslim madrasas or Russian schools. Having been systematically trained in Russian and Muslim languages, and having no special education, Abay gets acquainted with the teachings of classical literature and pedagogy in Europe through his abilities. In this way, he was able to Express the cutting-edge ideas of his time. In addition, the analysis of samples of the works of the great poet openly shows the educational and educational value.

Received: 04.12.2020

ӘОЖ 81-13

М. С. Кулахметова[1], Т. Қ. Балтажан[2]
[1]ф.ғ.к., профессор, Павлодар Педагогикалық Университеті, Павлодар қ., 140000 Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0003-0163-4905. E-mail: kmergul@yandex.ru
[2]магистрант, Павлодар Педагогикалық Университеті, Павлодар қ., 140000 Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0001-7129-9116. E-mail: tolganai_bnl@mail.ru

ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЛИНГВОДИДАКТИКАНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Соңғы жылдары құзыреттілікке негізделген әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік білім беру стандарттарының мазмұнын жаңарту үшін көптеген әрекеттер жасалды. Нәтижесінде құзыреттерді жіктеудің едәуір саны бар, олардың негізінде әртүрлі деңгейдегі оқу орындары түлектерінің модельдерін жасау ұсынылады. Жіктеулер адам қызметінің негізгі түрлеріне және оның объектілеріне, қоғамдық өмір мен өндіріс салаларына, ғылым салаларына, адамның психологиялық сипаттамалары мен қабілеттеріне, оның әлеуметтік дамуы мен мәртебесіне сәйкес жасалады. Сонымен қатар, барлық құзыреттер белгілі бір иерархияда құрылады, оның жоғарғы жағында әрдайым көп функционалды, тақырыптан тыс және көп өлшемді негізгі (негізгі, жалпы, мета-пәндік, әмбебап) құзыреттіліктер болады. Тілдік құзіреттілік - коммуникативтік құзіреттіліктің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Оның мазмұны дегеніміз - адамның белгілі бір тіл нормаларына сәйкес грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдарды дұрыс құра білу қабілеті. Социолингвистикалық құзіреттілік қарым-қатынас актісінің шарттарына, яғни қарым-қатынас жағдайына, мақсаттар мен ниеттерге, қарым-қатынас серіктестерінің әлеуметтік және функционалды рөлдеріне сәйкес келетін тілдік форманы және тілді білдірудің әдісін таңдау мүмкіндігін ұсынады.

Кілт сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, педагогикалық аспект, лингводидактика, прагматика, социолингвистика, прагмалингвудактика

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғам өткір әлеуметтік-саяси, этносаралық, мәдениетаралық, коммуникативтік мәселелер алдында тұр. Дәл осы білім барлық уақытта қоғамның тұрақтылығын сақтауға, адамдардың өзара қарым-қатынасының түрлері мен түрлерін модификациялауға ықпал етті. Қазіргі уақытта өскелең адам тұлғасының тұрақты сипаттамасы ретінде толерантты сана мен коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру проблемасы әсіресе өзекті. Бұл мәселені шешу бүгінгі күні педагогикалық ғылым мен практиканың нақты басымдығы болып отыр.

Шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы жүйесі, біріншіден, шет тілдерін іс жүзінде меңгеру қоғамның қалың жіктерінің аса қажеттігіне айналуымен және екіншіден, жалпы педагогикалық контекст шет тілдерін оқытуды саралауға қолайлы жағдай туғызуымен сипатталады. Жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шетел тілдеріне қатысты қоғамдық және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған өзге тілді білім беру саласындағы тіл саясатын қоғамда іске асыруды талап етеді. Оқыту нұсқаларының және оқыту құралдарының алуан түрлілігі жаңа жағдайларда қатаң белгіленген ережелер бойынша емес, мүмкін болатын әдістемелік жүйелердің ішінен өзінің саналы таңдауына сәйкес әрекет ете білу қажет болатын Шет тілі мұғалімінің/оқытушысының кәсіби дайындығына жаңа талаптар қойды.

Соңғы 5 жылда педагогикалық мерзімді басылымдарды талдау құзыреттілік пен құзыреттілік терминдерінде бағаланатын білім сапасы мәселелерінің өте өзектілігін көрсетеді. Осы терминдердің танымалдылығы еуропалық білім беру саясатындағы интеграциялық үдерістермен байланысты, ол еуропалық білімнің жаһандық экономиканың шынайылығына барынша сәйкестікке қол жеткізуге және еуропалық оқу орындарының түлектерін әлемдік еңбек нарығында барынша бәсекеге қабілетті етуге ұмтылысты бейнелейді. Қазіргі заманғы қарқынды өзгеретін әлемде кәсіби қызмет түрлерінің жиынтығы үнемі өзгеріп отырғандықтан, білім беру жүйесінің алдында мақсат қою және оларды қолданудың тар кәсіби саласымен шектелмей, мамандарды кешенді және интеграцияланған түрде даярлау нәтижелерін қалыптастыру міндеті тұр. Осыған байланысты білім беру мен өмір арасындағы алшақтықты жеңу үшін қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде «құзыреттілік/құзыреттілі» ұғымдарында білім беру нәтижесінің жаңа парадигмасын бекіту қажеттілігі туындайды.

Коммуникативтік құзыреттілік тұжырымдамасы 1970 жылдан бастап жүзеге асырылатын адамның когнитивті (академиялық) және базалық тұлғааралық коммуникативтік біліктері арасында қыруар өткізуге талпыныстың нәтижесі болды. Бұл тұжырымдама келешекте осы құзыреттіліктің түрлі модельдерін дамытуға бағытталған. Оның құрылымдық құрамдас бөліктері ретінде лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурсивтік, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық және әлеуметтік субкомпетенциялар бөлінеді.

Лингвистикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Оның мазмұны адамның нақты тілдің нормаларына сәйкес грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдарды дұрыс құрастыру қабілетін құрайды. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік қарым-қатынас актісінің шарттарына, яғни қарым-қатынас жағдайларына, мақсаттар мен ниеттерге, серіктестердің қарым-қатынас жөніндегі әлеуметтік және функционалдық рөлдеріне барабар тілдік білдіру тәсілі мен лингвистикалық түрін таңдай білуді көздейді. Дискурсивтік компетенцияға келетін болсақ, оның мазмұны байланыс мәтіндерін құрастыру және түсіндіру үшін қарым-қатынастың белгілі бір стратегиясы мен тактикасын пайдалану қабілетіне жетеді. Әлеуметтік-мәдени субкомпания оқушылардың оқитын тілдің елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін меңгеруі және осы ерекшелікке сәйкес өзінің сөйлеу және сөйлеу емес мінез-құлқын құра білуі болып табылады. Бұл субкомпетенция оқушының әлеуметтік жағдайда бағдарлануы және оны басқаруы іскерлігінде көрінеді,бұл өзінің практикалық түсінігін байланыста болу және оны қолдау іскерлігінде табады.

Осылайша, ана тілін, сондай – ақ шетел тілін үйрену-әлеуметтік қарым-қатынаста, қарым-қатынаста көрінетін жеке басының қажеттілігі. Қарым-қатынастың табыстылығы сөйлеушінің байланысқа түсу ниетіне ғана емес, сонымен қатар тіл бірліктерін меңгеру дәрежесіне және оларды қарым-қатынастың нақты жағдайларында қолдану қабілетіне байланысты сөйлеу ниетін іске асыру біліміне де байланысты. Тілді меңгерудің бұл шарттары коммуникативтік құзыреттіліктің мәнін құрайды, ол коммуникативтік лингвистика мен лингводидактиканың орталық категориялары қатарына енгізілді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Психологиядағы мақсат-болашақ іс-әрекет нәтижесінің саналы бейнесі. Бұл тіл мен мәдениетті оқытудың және оқытудың саналы жоспарланған нәтижесі ретінде шет тілдерін оқытуға қатысты мақсатты тұжырымдауға негіз береді. Мұндай түсінікте бұл санат тілдік білім беру жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуін анықтайды, оның мазмұны мен осы мазмұнды меңгеру тәсілдерін детерминациялайды.

Оқыту мақсаты-маңызды әлеуметтік-педагогикалық және әдістемелік санат. Сондықтан, оған жүгіну тұтастай алғанда тілдік білім беруді детерминациялайтын барлық факторларды ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте мақсаттардың әлеуметтік-педагогикалық мәні оны, біріншіден, қоғам мен мемлекеттің өз азаматтарының тілдік біліміне қатысты әлеуметтік тапсырысы контексінде және екіншіден, қоғамда оның дамуы мен мектеп білім беру жүйесін дамытудың белгілі бір кезеңінде қабылданған жалпы білім беру тұжырымдамасын ескере отырып, қарастыру қажеттілігін талап етеді. Соңғысы шет тілі осы жүйе шеңберіндегі оқу пәндерінің бірі ғана болып табылатындығымен және осы пәнге оқыту мақсатын анықтау жалпы білім беру контекстіне бағдармен жүзеге асырылуы тиіс. «Шетел тілдерін оқытудың мақсаты» ұғымының әдістемелік құрамдас бөлігі оны қалыптастыру кезінде лингводактика мен шетел тілдерін оқыту әдістемесінің негізгі ережелеріне сүйенуге мәжбүр етеді [1, 39].

Шет тілдерін оқыту мақсаттарының әртүрлі аспектілі детерминациялануы осы санат әлеуметтік және әдістемелік арасында аралық буын бар деп есептеуге негіз береді. Бір жағынан, мақсат қоғам мен мемлекеттің объективті қажеттіліктеріне негізделген, олардың

әлеуметтік тапсырысын білдіре отырып, екінші жағынан ол тілдік білімнің мазмұнын, ұйымдастырылуы мен нәтижелерін анықтай отырып, барлық жүйесін детерминациялайды.

Шетел тілдерін оқыту негізінде әлеуметтік құбылыс ретінде адамдардың әлеуметтік қызметі, олардың қарым-қатынасы мен өзара іс-қимылы жатыр. Демек, тілдік білім берудің мақсатты аспектілерін талдаудың бастапқы нүктесін әлеуметтік факторлар тобы, яғни әлеуметтік-экономикалық, саяси және әлеуметтік-педагогикалық факторлар құрайды. Бұл факторлардың әрекеті, ең алдымен, қоғамға қатысты жалпы шетел тілдеріне және екі немесе бірнеше туыс емес (оның ішінде шетел) тілдерді меңгерген адамдарға, атап айтқанда, сондай-ақ қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты кезеңінде өз азаматтарының тілдік білім деңгейі мен сапасына қоятын талаптарда көрінеді. Тіл білімінің құндылық, нәтиже және процесс ретінде мәні дәл осы.

Әлеуметтік факторлардың жиынтығы тілдік білімге қатысты қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік тапсырысын негіздейді. Мақсатты тұжырымдауға әлеуметтік тапсырыстың әсері оқу пәнінің тәрбие қызметі саласында да, шет тілі бойынша оқу-тәрбие процесінде шешілетін практикалық міндеттер саласында да көрінеді. Мәдениетаралық байланыстар мен алмасулардың кеңеюіне, қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларында жаһандану үрдістерінің күшеюіне байланысты Шет тілі бойынша қазіргі заманғы білім беру бағдарламалары оқушылардың сөйлеу қызметінің барлық түрлерін дамытуды көздейді.

Қазіргі уақытта шет тілдерін оқытудың мақсатын мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынасқа (жанама және тікелей) қатысуға қабілетті және ниет білдірген оқушы тұлғасын қалыптастыру ретінде түсіну керек. Әңгіме оқушыда екінші тілдік тұлғаның негізгі сипаттарының қалыптасуы туралы болып отыр, олардың жиынтығы күрделі интегративті тұтастықты құрайды, тек коммуникативтік ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық құзыретке де шығады [2, 17-21].

Шет тілдерін оқытудың стратегиялық мақсатының күрделілігі мен көп аспектілігі-оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында барабар әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілетті екінші тілдік тұлғаның негізгі белгілерін қалыптастыру, - оны өзара байланысты және өзара байланысты үш аспектілердің жиынтығы ретінде қарастыру қажеттілігін талап етеді: прагматикалық, педагогикалық және когнитивтік.

Шетел тілдерін оқыту мақсаты оқушылардың білім, дағды мен іскерлігін қалыптастырумен байланысты, оларды меңгеруі Оқытылатын тіл елінің этнолингвомәдени құндылықтарына ие болуға және мәдениетаралық өзара түсіністік пен таным жағдайында шет тілін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай білім, дағды мен шеберліктің жиынтығы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін құрайды.

Педагогикалық аспект шетел тілдерін оқыту мақсаты: оқушының мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасай алуы үшін қандай қасиеттерді қалыптастыру қажет деген сұраққа жауап беруге арналған. Бұл сұраққа жауап табу – біріншіден, мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде шет тілін меңгеруге қолайлы оқушы тұлғасының қасиеттерінің кешенін анықтау және екіншіден, олардың қалыптасуына жағдай жасау [3, 10-13].

Шет тілдерін оқыту мақсатының когнитивті аспектісі білім алушыны шет тіліне, халық - оның тасымалдаушы мәдениетіне тарту барысында іске қосылған Білім, ойлау және түсіну процестері сияқты санаттармен байланысты. Когнитивті аспектінің мәнін анықтау кезінде шет тілдерін оқыту мақсаты тілдің психологиялық, коммуникативтік, функционалдық және мәдени факторлар арасындағы өзара іс-қимылды бейнелейтін түсінігін ескеру қажет.

Осылайша, осы мақсатты табысты іске асыру жоғарыда аталған үш аспектілер теңдестірілген жағдайда ғана мүмкін болады. Артық гиперболизация немесе олардың қайсысын жете бағаламау теріс салдарларға алып келеді және оқу пәнін оқытудың стратегиялық міндеттерінен басқа жаққа қарай кетеді.

Қазіргі отандық және шетелдік жарияланымдарды талдау 70-жылдан бастап оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау және оларды одан әрі дамыту үшін объективті ғылыми негіз

құру мақсатында шет тілдерін оқытудың педагогикалық процесінің негізгі заңдылықтарын анықтаудың шынайы интегративтік тәсілін жүзеге асыру есебінен әдістемелік ғылым өзінің теориялық негіздерін нығайтуға ұмтылатынын куәландырады. Басқаша айтқанда, әдістемелік ғылымның теориялық базасын лингвоидактикалық деректер есебінен күшейтуге жалпы бағытталғандығы байқалады, олар әдістемелік пікірлердің полифониясына бағдарлануға мүмкіндік береді, олар кейде қарама-қайшы сипатқа ие және теориялық тұрғыдан жиі негізделмеген. Алайда лингводактиканың ғылым, оның объектісі және зерттеу пәні ретіндегі мәртебесіне қатысты бір мағыналы пікір жоқ.

Сонымен, отандық ғылымда лингводактика оқыту жағдайында тілді меңгеру мен меңгерудің жалпы теориясы, тілді «сатып алу» теориясы немесе шет тілдерін оқыту әдістемелерін өндіру модулін әзірлеу үшін "метатеория" ретінде әрекет ететін лингвистикалық антропология деген көзқарас қалып отыр. Белгілі бір мағынада лингводактиканы ғылым ретінде түсіну ағылшын тілді елдерде дамитын қолданбалы лингвистиканың (Applied Linguistics) жекелеген аспектілеріне жақын [4, 7-11].

Лингводидактика-1970-ші жылдары бастау алған ғылыми пән. Осы жылдан бастап әдістемелік ғылым оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау және оларды одан әрі жетілдіру үшін объективті ғылыми база құру мақсатында шет тілдерін оқытудың педагогикалық процесінің негізгі заңдылықтарын анықтауға шынайы интегративтік тәсілді жүзеге асыру есебінен өзінің теориялық негіздерін нығайтуға ұмтылады. Себебі, дәл осы кезеңде әлемнің көптеген дамыған елдерінде, оның ішінде Беларусь Республикасында да жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай туындады,оның айрықша ерекшелігі әртүрлі мәдениет өкілдерінің адами қызметінің барлық салаларындағы интеграциялық үрдістер болып табылады. Бұл жағдайда шетел тілдерін іс жүзінде меңгеру адамдардың аса қажеттілігі болды. Бұл әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру қажеттілігі шетел тілдерін оқыту нысандарының, құралдары мен тәсілдерінің икемді және вариативтік жүйесін құруды, әртүрлі әдістемелік тәсілдерді әзірлеуді ынталандырды.

Шет тілдерін оқыту мен оқыту құралдарының әр түрлілігі мұғалімге/оқытушыға жаңа талаптар қойды, оған жаңа педагогикалық жағдайларда қатаң белгіленген ережелер бойынша емес, оқыту жағдайларына барынша барабар болуы мүмкін әдістемелік жүйелер қатарынан өзінің саналы таңдауына сәйкес әрекет ете білуі қажет. Ол үшін "тілді меңгеру" деп нені және оқу жағдайында тілді меңгеру процесі қандай заң бойынша жүретінін білу қажет. Жаңа білім беру «идеологиясы» оқушылардың түрлі оқу жағдайында тілді меңгеру үдерістері тұрғысынан әдістемелік мәселелерді қайта қарастыруды талап етті. Әңгіме нақты тілдің материалында эмпирикалық зерттеулермен ғана емес, тілді меңгерудің объективті мәліметтерін алу туралы (Бұл деректер жеке әдістеме аймағынан шығады), оқытудың нақты жағдайларына қарамастан шет тілін меңгеру процесіне әсер ететін барлық факторлардың терең теориялық негіздемесі туралы болып отыр.

Басқаша айтқанда, шетелдік және отандық әдістемелік ғылымда, кейде қарама-қайшы сипатқа ие және теориялық тұрғыдан жеткілікті түрде негізделмеген әдістемелік пікірлер мен тәсілдердің алуан түрлілігіне бағдарлануға мүмкіндік беретін лингводидактикалық деректер есебінен оның теориялық базасын күшейтуге жалпы бағыттылығы байқалады [5, 95-122].

Оқу жағдайында тілді меңгеру процесі психологтардың, психолингвистердің, лингвистердің, әдіскерлердің қызығушылықтары мен мәні болып табылады. Сонымен қатар, бұл үдерісті белгілі бір пән тұрғысынан ғана ұғынуға жақындау, яғни оқу мақсатында тілді меңгеру механизмін көрсететін толық көрініс алмау. Ғалымның пікірінше, мұны тек лингводактика ғана жасауға мүмкіндік береді, өйткені ол интегративті ғылым бола отырып, тілді меңгеру механизмдерінің сипаттамасын, сондай-ақ осы механизмдердің оқу жағдайында басқару ерекшелігін беруге арналған.

Жоғарыда аталған ғылыми пәндердің ортақтығы олардың зерттеу орталығында адамның коммуникация мақсатында тілдік кодты пайдалану қабілетіне байланысты.

Адамның жоғарыда аталған ғылымдардың орталық санатына тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілетін ұсыну өте прогрессивті болып табылады, өйткені бұл жағдайда шет тілін оқытудың көп аспектілі мәселелерімен айналысатын ғалымдардың қызығушылығының мәні тілдік тұлға болып табылады.

Шет тілдерін оқыту теориясын құрайтын ғылыми салалардың ерекшелігі туралы айта келе, ол (ерекшелік) әр түрлі зерттеу категориясына - сөйлеу қарым-қатынасына байланысты. Осылайша, лингводактика тілді меңгеру үдерістерін талдау, басқару және моделдеу мәселелерін зерттейді. Бұл ретте, тіл меңгерудің механизмдері мен ішкі құрылымдық-құраушы үдерістерін сипаттау және түсіндіру туралы сөз болып отыр. Дидактикалық мәселелермен айналысатын маман үшін тілдік қарым-қатынас жасау қабілеті оқытудың стратегиялық мақсаты ретінде әрекет етеді, ал жеке Әдістеменің пәні оқытудың нақты жағдайларын ескере отырып, оқытылатын тілде қарым-қатынас жасау қабілетін беру және меңгеру (оқу) процесі болып табылады [6, 7-8].

During the practice in the classroom through dialogue learning, learning can be effective for students and help to improve the level of learning. As noted in the writings of Mercer and Littleton (2007), dialogue not only increases the interest of students in the classroom, but also helps to improve their knowledge. Proof of this concept is the method of «hot chair» used in the classroom. When using this method, the student must develop their proposals to discuss the issues on the topic and give the correct answers to the questions. Generally, answering to the question using the method of «hot chair» contributes to the formation of students' pronunciation skills. The method of «hot chair», along with increasing their activity, helps to identify the possibility of quick thinking and the ability to compact response. But in some cases, there may be problems. For example, the lack of vocabulary of students makes it difficult to accurately, systematically convey their thoughts

and makes it difficult to sound wrong words. Therefore, in the correct organization of works with the dictionary should be provided for the development of works which focus on improvement of vocabulary dictations and adaptation of correct pronunciation of words.

Dialogic learning is viewed as a method of development of speech and metaconscious of students as they learn to put from «thick questions» to «delicate issue», in order to be lifted from the lower tier to the upper tier of mental activity, develop a culture of speech and improve their vocabulary.

As an argument for this idea can be called the method of «Interview» used in the classroom. When performing this task, students work in pairs, that is, one prepares questions, the second answers the question. At the same time, the second pair asks two questions of the highest degree the pair, who conducted the interview, they answer the questions. The effectiveness of this method will contribute to the development of students' skills of memorization, understanding, thinking and evaluation, using the language related to the topic. They also acquire ability to ask different types of questions independently in the scope of the topic. For example, in the lesson you can give a list of questions on various topics related to the topic. Of course, in the course of the survey, students always turn to the models and manuals of the teacher, as they cannot distinguish between types of questions and confuse them. Therefore, it is important to perform tasks on the types of issues, and further practical exercises.

Dialogue is a two-way process, i.e. communication in oral or written form. This activity is carried out using the method of «travel to the Gallery», as using words and phrases written on the sticker, thoughts on the pictures help students to enter into a written relationship. This method of «travel to the gallery» contributes to the formation of students' communication skills, as well as writing skills.

The development of dialogue conversation, according to Alexander (2004), is not the only process of communication in education, but in the conversation that the ideas go in a bilateral direction, on the basis of which the educational process of the student is moving forward. Mercer (2000) describes students who learn dialogue conversation as equal partners in the sharing of knowledge or in the «exchange of views». Joint thinking occurs through dialogue with students, but it can also be detected by students in the course of joint research. Depending on these conclusions in practice answers to questions, tasks for discussion, work with the text, and research conversation in teaching dialogue are used while working with vocabulary. When working with vocabulary to determine the meaning of phrases in other words, «Matching» is used to expand the vocabulary, identify the meaning of these words with definitions. The main task in advancing English language speaking skills is vocabulary development.

Working with text in the learning English is the most important problem and the main means of language communication. The text is closely related to the phenomena of thinking, communication, perception, presentation. In this regard, in the work with the text students perform tasks in pairs. The first stage-in the performance of pre-text exercises the correct pronunciation of individual words, sounds, searching the meaning of unfamiliar words in the dictionary and writing are performed. In the second stage-during the work with the text, the language material and grammatical structure of the text are analyzed. When analyzing the content of the sentence in the text types of sentences, phrases are considered, word meanings are determined in the context. In addition, while working with a text, questions are discussed which were put to the reading text. In the third stage-in the period after reading the text, students will be able to discuss about the main ideas in the content of the text in English, also students can retell the content of the text according to the plan. When carrying out forms of work with the text, students have the opportunity to develop their horizons and gain in-depth knowledge.

One of the sources of quality learning in the works of Neil Mercer, A. Dialogos and Littleton is a conversation, which state, the interest of students should be implemented through the use of dialogue strategies on the basis of human cognitive and social development, whereas in the study presented by Regg and Brown, proposes to effectively use the forms of action in accordance with

the answers and comments of students. During the lesson dialogue and conversation are effective in developing interaction skills of students, so it is important to research and put it into practice.

It is necessary to issue the educational material to students on the basis of research and to familiarize them with the purpose of training in the auditorium.

In the process of learning to comprehend the lesson it is effective to organize cognitive activity, so organization analysis of various assignments through dialogue, is an important interactive relationship. Dialogical learning is one of the most optimal ways of forming the mutual development of language learners. Therefore, each applicant is able to be critical to the learning process and participate in a dialogue conversation.

In group works students with the aim of forming development through cooperation, perform a variety of tasks [5, 37].

Another way to develop the interaction skills of students in practical lessons is salvation of common problems through emotion or feelings and summarize together. The application of dialogical training is well-implemented on the lessons during the use of JIGSAW method. During the dialogue to achieve the expected result - students make efforts, stimulate themselves, share with thoughts, hold discussions, get joint knowledge and replenish their knowledge. Exchange of views is carried out through dialogue between students. When performing tasks on educational material in small groups, it is necessary to orient students to systematic scientific thinking, perfect assimilation of complex tasks, self-study and searching.

CONCLUSION

As a result, the formation of comprehensive knowledge, a holistic perception of the laws of the world, the adaptation of students to solve the difficulties in performing tasks. In this regard, it will be known that it is necessary to determine in advance the number of difficult tasks. Thus, it is important to develop students' skills such as the ability to read, write, speak out loud, hear, vision, perception and retell. Therefore, in the formation of speaking skills, students orally report evidence, interact and correct mistakes made in the analysis of the text, on the basis of which the skills of business interaction will be developed.

Making changes to the new program in the process of effective training requires a high level of professional skill, high organizational ability of the teacher. After all, along with the changes taking place in teaching and learning, the relationship and actions between the teacher and language learners are changing. It is known that for education a teacher has to use various methods which interest learners. According to the introduced updated educational program in the education system, using the latest methods of education, we study the most constructive and common methods. Undoubtedly, the rational use of modern pedagogical practices will help teachers to improve and evaluate pedagogical experience.

On the basis of the new program in effective training, the teacher acts as a guide, students act in the role of independent learners. To determine the level of perception of the materials presented in the educational process, the dialogue can be widely used. In this issue, «thick-thin» questions can be reflected, because correct and reasonable questions from students and teachers, of course, it is certain that it makes to think both sides. It is essential to bear in mind that, it is necessary to raise a question that without departing from the topic can make it possible to disclose the content of the text. The dialogue is also carried out among students.

Thus, based on the results of dialogical training, students implement the following: they strive to study opinions, ask reasonable questions, show interest, seek evidence, enjoy the learning process, are ready to change someone else's opinion and are active in the exchange of new knowledge.

If we make conclusions regarding dialogic learning, it is the only way to regulate the relationship between teacher and learner, learner and learner and the only way of developing

students' metaconscious. We also mentioned about that dialogue is a two-way process, that is, oral or written communication.

Dialogic training is a profitable and effective learning experience for both the instructor and the trainee.

REFERENCES

1 https://bilimainasy.kz/Kereeva Oksana Jylkybaikyzy, Multilingualism is one of the priorities of modern education.
2 The Law of the Republic of Kazakhstan «On Education». – Astana. – 2000. – 20 p.
3 The State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. Approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 7. – 2010. – No 1118.
4 Mercer N., Littleton K. (2007). Dialogue and the development of thinking. Sociocultural approach. (Development of the diologist and thinking, socio-cultural approach). – NY: Routledge. – 2007
5 Mercer N. Words and Minds:how we use language to think together., [Words and Consciousness: How do we use language to think together?] Londo: Routledge. – 2008

Received: 20.08.2020

Шет тілін диалог түрінде үйрету оқытудың тиімді тәсілі болып саналады

А.Г. Тургумбаева[1], С.Е. Жунусова[1]
[1]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

Заманауи білім саласында мынадай мәселе туындады – студенттер құрдастармен де, педагогтармен де диалогты сауатты түрде жүргізе алмайды. Компьютерлік технологиялар кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде қазіргі жастардың мәлімет алмасуы, қарым – қатынасы әлеуметтік желісі арқылы жүзеге асады. Қазіргі білім беру жүйесінің көптеген ұсынылған тест тапсырмалары да олардың коммуникативтік құзыреттілігінің дамуына мүмкіндік бермейді.

Шет тілі ауызша пән болды және солай қалады. Қазіргі уақытта сөйлеу қабілетіне жеткіліксіз назар аударылса да, шет тілін оқытудың негізгі мақсаты үйренушілерді шет тілінде қарым – қатынас жасай білуге үйрету.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл қарым – қатынастың мақсаттарына, айналасына және жағдайларына байланысты ***қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі, өзара түсіністікке,*** *қарым – қатынасқа дайын болу.*

Материал 20.08.2020 баспаға түсті

Диалогическое обучение как эффективный метод обучения иностранному языку

А.Г. Тургумбаева[1], С.Е. Жунусова[1]
[1]Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В современном образовании существует проблема – неумение студентов грамотно вести диалог ни со своими сверстниками, ни с педагогами. Это происходит в силу того, что современные подростки растут в век быстрого развития компьютерных технологий, и все их общение происходит в социальных сетях. Не способствуют развитию их коммуникативной компетенции и задания в тестовой форме, которых очень много нам предлагает современная система образования.

Иностранный язык был и остается устным предметом. И несмотря на широкую распространенность говорения все же главная цель изучения иностранного языка – научиться общаться на иностранном языке.

Коммуникативная компетенция – это способность и реальная готовность к общению, речевому взаимодействию и взаимопониманию.

Материал поступил в редакцию журнала 20.08.2020

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

ӘОЖ 37-(091)+37. 01

Т.Р.Абдықадырова[1], С.М. Шормақова[2], М.Қ. Сәрсембаева[3]
[1]п.ғ.д., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-5716-6891. E-mail: tursynai_1959@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,Тараз қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-0459-5430. E-mail: Shormakova71@mail.ru
[3]ф.ғ.к., доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,Тараз қ., Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-1232-4278. E-mail: s_mira72@mail.ru

«АЛАШ» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ТЕНДЕНЦИЯСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИДЕЯЛАР БІРІЗДІЛІГІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

Мақалада қоғамдық ойды жаңғыртуда жаңашыл бағыттағы ізденістердің концептуалды жүйесін қалыптастырған «Алаш» қайраткерлері мұраларының тенденциялық ерекшеліктеріне баса назар аударыды. Сонымен бірге, «Алаш» қайраткерлерінің интеллектуалдық әлеуетінің маңыздылығы сараланды. Оны насихаттаудың инновациялық креативті әдіс- тәсілдерін жетілдіру жолдары ғылыми тұрғыда негізделді. Әлемдік деңгейде насихатталып жүрген қоғамдық ойдың көшбасшылары мен Алаш қайраткерлерінің көзқарастарындағы рухани үндестіктер мен гуманистік тенденцияның барысы ғылыми тұрғыда дәйектелді. «Алаш» қайраткерлерінің рухани шығармашылық мұраларының ғылыми идеялық ұстанымдары талданды. Сол қоғамымыздағы тарихи кезеңдер, басым бағыттары мен ондағы негізгі құндылықтарды жаңашылдық сипатта, ғылыми тұрғыда талдап, жан-жақты зерделенді.

Кілт сөздер: «Алаш», бірізділік, рухани шығармашылық тенденция, ұлттық идея, Ұлы Дала елі, Рухани мұра.

КІРІСПЕ

«Алаш» қайраткерлерінің рухани мұраларындағы концептуалдық тенденциясының тәуелсіз Қазақстандағы идеялар бірізділігінің біртұтастығы, ғылыми-теориялық негіздері, ұлттық бірлікті нығайтудағы мәні мен маңызы, тіліміз бен елдік сана ұлттық құндылықтар ерекшеліктері осы мақаланың зерттеу нысаны болып алынды.Осы нысанды мақсатты түрде жүзеге асыру үшін қоғамдық ойды жаңғыртуда жаңашыл бағыттағы ізденістердің концептуалды жүйесін қалыптастырған «Алаш» қайраткерлері мұраларының тенденциялық ерекшеліктері мен интеллектуалдық әлеуетінің маңыздылығын анықтап көрсетуді жөн көрдік. Оны насихаттаудың инновациялық - креативті әдіс - тәсілдерін жетілдіру жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеп, әлемдік деңгейде насихатталып жүрген қоғамдық ойдың көшбасшылары мен «Алаш» қайраткерлерінің көзқарастарындағы рухани үндестіктер мен гуманистік тенденцияның барысын ғылыми тұрғыда дәйектеу, тарихи негізіне тоқталу басты мақсатымыздың бірі болмақ. Белгіленген мақсатымызды жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттердің жүзеге асырылуы көзделді:

– ғасырларға жалғасқан ұлт мұраты жолындағы жетекші идеяның ұлттық бірлікті нығайтудағы мәні мен маңыздылығын айқындау;

– «Алаш қайраткерлері» идеясы мен тәуелсіз Қазақстандағы идеялар бірізділігінің көрінісін ғылыми-таным арқылы дәйектеп анықтау;

– «Алаш» мұраларындағы дүниетанымдық, ұлттық құндылықтардың идеялық-көркемдік жүйесін әдеби-ғылыми негізде дәйектеу;

Мақалада, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында «Алаш» қайраткерлері мұраларының ғылыми-танымдық тұрғыдағы ой жүйелерінің инновациялық интеграциясы, мәдени-тарихи бағытта кешенді талдау әдістері арқылы кеңінен қарастырылды. Сондай ақ, ғылыми мақаланы тиянақты әрі терең деңгейде жазу үшін тарихи-салыстырмалы, тарихи-теориялық және кешенді талдау, жүйелілік, құрылымдық зерделеу сияқты әдістер алынды.

«Алаш» қайраткерлерінің рухани шығармашылық мұралары, ғылыми идеялық ұстанымдары мен басымдықтары мақаладағы зерттеудің көкейкестілігі ғылыми жаңалығы мына мәселелерден айқын аңғарылады:

– ғасырларға жалғасқан ұлт мұраты жолындағы жетекші идеяның ұлттық бірлікті нығайтудағы мәні мен маңыздылығын қарастыру;

– «Алаш» қайраткерлері идеясы мен тәуелсіз Қазақстандағы идеялар бірізділігінің көрінісі ғылыми-таным арқылы дәйектеліп, анықталуы;

–«Алаш» қайраткерлері мұраларындағы тақырыптық, идеялық, бағыт бағдарлық мән мазмұндағы ерекшеліктердің қалыптасу, туындау себептерінің тарихи әлеуметтік негіздерін жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдалып, қорытындылануы;

– «Алаш» мұраларындағы дүниетанымдық, ұлттық құндылықтардың идеялық-көркемдік жүйесі әдеби-ғылыми негізде дәйектелінуі;

Сонымен қатар, «Алаш» қайраткерлері идеясы мен тәуелсіз Қазақстандағы идеялар бірізділігінің көрінісі және оларды талдаудың, танудың, ғылыми-танымдық жолдарының ұсынылуы, анықталуы мақаламыздың ғылыми жаңалығын айқындайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар екені анық. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айрылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады. Мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады. Асан қайғының:

Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қыста қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске! [1,25], – деген жыр жолдарында ұлттық мұраттың сол дәуірдегі аңсағаны – территориялық тұтастық, саяси еркіндік, әлеуметтік кемелдік, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік екендігі бейнеленген. Елдің бірлігін, ішкі тыныштығын, ханның ынсапты болуын, халықтың берекелі байлығын жырлаумен ұлттық идеяны мемлекеттік саясат биігіне көтергендер қатарында Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет жыраулар тұр. Қазақ жыраулары ұлт болмысының тағдырына сын көзбен қарауда оның ұлттық рухпен үндескен тарихи-әлеуметтік кеңістігін өздерінің рухани шығармаларында сақтап қалған. Сонымен қатар жырауларымыздың философиясының мазмұнын зерделеген сайын, сол дәуірде ел, жеке адам, жер тағдыры үшін қоғам шындығы тұрғысында ойланған зиялы адам

бейнесі де көз алдымызға келіп отырады. Жырау феномені арқылы дүниетанымдық өрісін кеңейтіп, рухани тереңдігін сақтап келген қазақ философиясының болмыс бітімі де байыппен қараған адамға күрделі құбылыс екендігі сөзсіз. Мұның ішінде көзге бірінші көрінетін нәрсе «ұлттық рух», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық зиялылық» ұғымдарының бірінің мәнін бірі толықтырып және адам болмысының рухани ерекшеліктерін зерттеуде үлкен тарихи тәжірибе мен білім көзіне айналып отыратындығы. Бір елдің өркениеттілігін мойындау үшін де, алдымен сол ел жұртының өркениеттілікке қалай қол жеткізгендігін білу қажет. Демек елдің өркениеттілігі түсінігі, сол қоғамдағы азаматтық мүмкіндік туралы идеяның жүзеге асу деңгейін салмақтай түспек. Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын Қазтуған жырау философиялық деңгейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жақсы менен жайсаңның басын өлімге байлаған XVIII ғасыр Абылай хан дүние салуымен қазақтың маңдайындағы бағын ұшырды. Ресейдің бодандығына кірген қазақ қоғамы әлеуметтік-саяси және территориялық тұтастығынан айрылды. «Бөліп ал да билей бер» саясатынан туындаған әрбір саяси күш, әлеуметтік қауым өз биігіне, көздегеніне лайық ұлттық идеяны дүниеге әкелді. XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, «Алаш» идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы «Алаш» партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі «Алаш» партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» [2], – деп, әділ бағасын берді. Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да «Алаш» ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез «Алаш» ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен «Алаш» идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты. «Алаш» қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырының бірі – қазақ тілінің мәселесі болатын. Бұлай болатыны, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов бұл бағытта бос үгіт насихатқа салынбай нақты іске кірісіп, қазақ жоғының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті. Қазақты

біртұтас ел деп танысақ, «» идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет. «Алаш» идеясына деген адалдық пен сенім - бізден соны талап етеді. Ал қазақ үшін «Алаш» идеясынан, оның бес ұлы идеясынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де яғни Тәуелсіз Қазақстан идеяларымен біртұтастықта болып отыр яғни, өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Ол идеялар мыналар: бірінші: жер мәселесі. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Қазіргі таңда да жер мәселесі үлкен мәселе. Бір уыс жерді өзгеге бермеу идеясы «Алаштықтардың» ойларымен сабақтасып жатыр...

Екінші: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Жер үшін, жер мен аспан байлығы үшін, тәуелсіз экономика үшін, тіл мен діл үшін, дін үшін, қазақ ұлтының көзқарасы мен ар-ожданын қорғайтын, ұлтты сыйлауға мойынсындыратын тәуелсіз заң мен тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастыратын тәуелсіз ғылым үшін күрес жолы енді басталды. Демек, «Алаш» идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады. Мәмбет Қойгелдиев «Алаш» идеясының түпкі маңызын былай ашып көрсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, «Алаш» идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. «Алаш» идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен «Алаш» идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. «Алаш» идеясының өзегі –ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық –жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – «Алаш» идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [3, 47].

Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осындай мазмұнда жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды. Міржақып Дулатов:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, Хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты! – десе [4, 15],

Ахмет Байтұрсынов:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле дедік аңдып баққан.
әленің түрін көрген мен сары маса

Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан, –дейді [5, 27].

Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлтының қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан-ұрпаққа тарайды. Міржақып Дулатов өмірінің мәні де осында еді. «Қайтсек жұрт боламыз?» деген мақаласында патшаның отарлау саясатынан құтылу үшін, елдігімізді, тілімізді, дінімізді сақтау үшін не істеуіміз керек дей отырып, ол үшін мемлекет, автономия құруымыз керек, кім күшті болса, сол жұрт болып дегеніне жетеді, күш дегеніміз ол – әскер дейді. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде» [5, 23], яғни бір жолы құлдық, екіншісі жұрттық жолы. Автономия алу жолына кірісіп, милициямызды жасап, алаш үкіметімізді нығайтсақ бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі деген ой айтады. Өмірдің мәні тағдырға мойынсұнып, басыңа не түссе соны көріп отыра беру емес, ел болуға, жұрт болуға, өркениеттілікке талпыну. Ол қазақ халқының даму деңгейі төмен, отар халық емес, тағы, дөрекі емес екендігін, бейбітшілік сүйгіштігін дәлелдеуге тырысты. Жалпы қазақ халқының жақсы өмірге жетуіне қажетті басты нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке жету деп, оны өз шығармаларында көрсетті. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының ұлы шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, жаңа ұлттық сананы қалыптастыру, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздеп, басын тауға да, тасқа да соққан.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, оңдалайық.
Мың жылғы өткен қумай ата заңды,
Өнерден кем қалмайық, ойланайық,
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,

Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ [7, 47], – деп отырықшы тұрмысқа көшіп, қала салуды елді, жерді ешкімге бермей, сақтап қалудың бірден бір жолы ретінде ұсынады. «Алаш» зиялыларының азаматтық және саяси ұстанымына сай Ғұмар да Қазан төңкерісінің жалпы адамзаттық гуманизмге қарсы бағытталған саясатын қабылдаған жоқ. «Тұрымтай» жинағындағы «Неден қорқам?», «Жұртым саған не болды?» өлеңдерінде бір ғана қазаққа емес, тұтастай ұлттарға жасалып отырған қияс тәжірибенің қиямет зобалаңын, қасіретті алапат зардабын болжай білді.

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам [8, 64].

Халқының тағдырын ойлаған «Алаш» әдебиеті өкілдері таптың емес, тұтас қазақтың қамын жеп, ұлтқа қызмет етудің өшпес те өлмес үлгі-өнегесін көрсеткен айрықша құбылыс. Ол біріншіден, тарих тағылымына үңілдірсе, екіншіден, «Алаш» арыстарының діттеген мұрат-мақсаттарына деген адалдық пен саяси ұстанымдарынан бір табан шегініс жасамаған тұлғаларын тануда да үлкен мәнге ие. Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда айрықша болып табылады.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам:
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам:
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,
Тысына қайшы келген іштен қорқам» [8, 67], – деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобалаңдарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс

арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп таңған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзіңнің сара жолыңды ізде деген мұратын алға тартады.

«Алаш» туының асқақ, елдік қасиеттердің баянды болуы үшін әр азамат халқына еңбек етуде имандылық пен құрандай киелі ұғымдарды санасында тоқуы шарт деген талап қояды. Мұның бәрі Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұратымен сабақтасып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелдей түседі. «Көреміз бе?» өлеңі жалпы «Алаш» партиясының, «Алаш» автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық танытатын және де осы жолдағы ерен істерді Ғұмардың әрдайым қолдаушы тұлға, қозғаушы ақын болғанын ұғындырады. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашан да санаға тоқылар ұлағат деп білеміз. Тәуелсіздіктің басты сипаты – мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді.

Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айқұш – ұйқұш жол салғанын,
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын, Әрбір істе қазақ исі аңқығанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?! [8, 51], – дегенді жан-жүрегімен жырлап өткен.

Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз еліңнің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес. «Алаш» қозғалысының тарихи негізгі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, «Алаш» идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түпкірінен орын тепкен. Өйткені «Алаш» қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогресске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея болуы керек. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Сонымен, ұлттық идеяны ұлт мұраты деп қабылдағанымыз дұрыс. «Алаш» идеясы ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы, қазіргі тәуелсіз еліміздің идеяларымен біртұтас деп айта аламыз. Ханкелді Әбжанов былайша ой түйіндейді. «Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу «Алаш» қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген «Алаш» қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни, ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен «Алаш» аманатының ең құндылары» [9, 142].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық идеяны көтерген қазақ зиялылары Қазақстандағы жердің де, мемлекеттің де иесі – қазақ халқы, ал қалғандары диаспоралар екенін айтумен болды. Қазіргі кезде тарихи отанында жүрген қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей емес. Отанында жүрген қазақтар үшін Қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе, ал шетте жүрген қазақтар жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек ойлайды. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса,

қабыспайтыны ақиқат. Қытайдағы қазақтардың кейінгі толқыны қытайланып, Түркиядағылар түріктеніп бара жатқаны белгілі. Еуропа қазақтары арасында қазақ тілінің жағдайының жыл өткен сайын нашарлап бара жатқанын, әсіресе жас буынның ана тілін мүлдем білмей ұмыта бастағанын амал жоқ мойындауға мәжбүрміз.

Сондықтан мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдырын анықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін бере алады. Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұланғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты зұлымдыққа емес, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамуы керек. Олай болмайынша, қазақтың рухы өзінің ішкі бірлігі мен тұтастығынан айырылуы мүмкін. Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі «Алаш» ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа, «Мәңгілік тәуелсіз елге» айналамыз.

Сонымен, ғасырларға жалғасқан ұлт мұраты жолындағы жетекші идеяның ұлттық бірлікті нығайтудағы мәні мен маңыздылығының қазіргі қоғамда алар орнын жоғары. «Алаш қайраткерлері» идеясы мен тәуелсіз Қазақстандағы идеялар бірізділігінің көрінісін ғылыми-таным арқылы дәйектеп анықтаудың да өзектілігі ерекше құбылыс екендігі анық. «Алаш» қайраткерлерінің мұраларындағы дүниетанымдық, ұлттық құндылықтардың идеялық-көркемдік жүйесін әдеби-ғылыми негізде дәйектеудің де алдағы уақытта терең зерттеуді қажет ететіндігі анық. Ғасырларға жалғасқан ұлт мұраты жолындағы жетекші идеяның ұлттық бірлікті нығайтудағы мәні мен маңыздылығының ерекше екендігі айқын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бес ғасыр жырлайды: XY ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, Т. I, 1984. – 256 б.

Bes gasyr zhyrlajdy: HY ғasyrdan HKH ғasyrdyң bas kezine dejingi қazaқ aқyn-zhyraularynyң shyғarmalary. Ysh tomdyқ. (Құrastyrғan. M.Maғauin, M.Bajdildaev). – Almaty: ZHazushy, T. I, 1984. – 256 b.

2 Назарбаев Н.Ә.Тарих толқынында. –Алматы: Өнер,1999. – 172б.

Nazarbaev N.Á.Tarıh tolqynynda. –Almaty: Óner,1999. – 172b.

3 Қойгелдиев М.«Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде» // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей: 2008. – 26 б.

Qoıgeldıev M."Alash qozǵalysynyń ult taǵdyryndaǵy orny jóninde" // "Alash qozǵalysy ıdeıasynyń Eýrazıa keńistigindegi yqpaly: tarıh jáne qazirgi kezeń" halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensıa materıaldary. – Semeı: 2008. – 26 b.

4 Дулатұлы М. Оян қазақ! – Алматы: Алтын орда, 1991. – 15 б.

Dýlatuly M. Oıan qazaq! – Almaty: Altyn orda, 1991. – 15 b.

5 Байтұрсынов А.Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Baıtursynov A.Til taǵylymy. –Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b.

6 Дулатұлы М.Шығармалары, 2 томдық. II-том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 343 б.

Dýlatuly M.Shyǵarmalary, 2 tomdyq. II-tom. – Almaty: Ǵylym, 1997. – 343 b.

7 Жұмабаев М.Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

Jumabaev M.Shyǵarmalary. – Almaty: Jazýshy, 1989. – 448 b.

8 Қараш Ғұмар. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
Qarash Ǵumar. Zamana. – Almaty: Ǵylym, 1994. – 240 b.
9 Әбжанов Х. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюция-сы // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 9 б.
Ábjanov H. Alash qozǵalysyndaǵy ulttyq ıdeıa evolúsıa-sy // "Alash qozǵalysy ıdeıasynyń Eýrazıa keńistigindegi yqpaly: tarıh jáne qazirgi kezeń" halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensıa materıaldary. – Semeı, 2008. – 9 b.
10 Абдықадырова Т.Р. «Алаш» және ұлт әдебиеті. –Тараз. 2016. – 245 б.
Abdyqadyrova T.R. «Alash» jáne ult ádebıeti. –Taraz. – 2016. – 245 b.

Материал 20.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Five centuries sing: works of Kazakh poets-zhyrau from the X century to the beginning of the XX century. In three volumes. (Compiled by. M. Magauin, M. Baidildayev). – Almaty: writer, Vol. I, 1984. – 256 P.
2 Nazarbayev N. A. on the wave of history. – Almaty: Art,1999. – 172 p.
3 Koigeldiev M." On the place of the Alash movement in the fate of the nation "/ / materials of the international scientific and practical conference" the impact of the idea of the Alash movement on the Eurasian space: history and modernity". – Semey, 2008. – 26 p.
4 Dulatuly M. wake up Kazakh! –Almaty: Altyn Orda publ., 1991. – 15b.
5 Baitursynov A. Language Teaching. –Almaty: native language, 1992. – 448 P.
6 Works of Dulatuly M., In 2 volumes. Volume II. –Almaty: Nauka publ., 1997. – 343 P.
7 Works Of M. Zhumabayev. –Almaty: writer, 1989. – 448 P.
8 Karash Gumar. The Times. – Almaty: Nauka publ., 1994. – 240 P.
9 Abzhanov H. evolution of the National idea in the Alash movement / / materials of the international scientific and practical conference "the influence of the idea of the Alash movement on the Eurasian space: history and modernity". – Semey, 2008. – 9 p.
10 Abdikadyrova T. R. Alash and national literature. – Taraz, 2016. – 245B.

Целостность преемственности идей в независимом Казахстане с концептуальной тенденцией духовного наследия деятелей партии «Алаш»

Т.Р.Абдыкадырова [1], С.М. Шормакова[1], М.К. Сарсембаева[1]
[1]Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, г.Тараз, 080000, Республика Казахстан

В статье особое внимание уделено тенденциям творческого наследия деятелей «Алаш», сформировавших концептуальную систему поиска новых подходов в модернизации общественной мысли. Также проанализирована значимость интеллектуального потенциала деятелей «Алаш». Научно обосновано совершенствование инновационных креативных методов распространения их наследия. Научно агументированы духовная гармония и гуманистические тенденции во взглядах лидеров общественной мысли и деятелей «Алаш», пропагандируемые по всему миру. Проанализированы научные идейные принципы духовного творческого наследия деятелей «Алаш». Кроме того, проведены исследования наследия деятелей «Алаш» в соответствии с современными научными процессами. На научной основе проанализированы и всесторонне изучены новаторские характеры исторического этапа, приоритетные направления и основные ценности общества.

Материал поступил в редакцию журнала 20.11.2020

Integrity of continuity of the ideas in independent kazakhstan with conceptual tendency of spirituol heritage of alash figures

T. R. Abdikadyrova[1], S. M. Shormakova[1] , M. K. Sarsembaeva[1]
[1]Taraz regional University named after M. H. Dulati, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan

The article pays special attention to the heritage trends of «Alash» figures, who formed a conuptual system of searching for new approaches in the modernization of puplic thought. Also the importance of the intellectual potential of «Alash» figures is analyzed. The perfection of innovative creative methods of distribution is scientifically based. The spiritual harmony and humanistic tendencies in the views of the leader of public though and Alashfigutes, who propagandized around the world is scientifically argued. The scientific ideologicol principles of the spiritual ereative heritage of «Alash» figures are analyzed. Researches of heritage of «Alash» figures according to modern scientific processes were carried out. Analyzed on a scientific basis and comprehensively studied the innovative nature of historical stage, priorities and core values in the same society.

Received: 20.11.2020

ХҒТАР 17.82.10
А.Е.Алпысбаева[1], С.А. Ашимханова[2]
[1]докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-5947-6084. E-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru
[2]ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-4167-6985

МАҒЖАНДЫ ШЕКСПИРДІҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕТКЕН...

Мақалада қазақтың дара ақыны Мағжан Жұмабаевтың поэзиясын алғаш рет ағылшын тіліне тәржімалаған Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглумен жасалған сұхбаттың нәтижелері баяндалады. Кез келген көркем аударма тәжірибесінде аудармашымен тілдесіп, сырласып, тәржіма барысында басынан кешкен толғаныстары мен қиыншылықтарын біліп, оларды жеңу жолдарын айқындау өте құнды ақпарат болып табылады, әрі келешек ұлттық аудармашылар қауымына үлкен сабақ болмақ. Себебі қазақ аудармашыларының алдында ұлттық әдебиетіміздің төл, баға жетпес туындыларын әлемге таныту міндеті тұр.

Поэтикалық аударма – көркем аударманың аса күрделі, аудармашыдан үлкен дайындықты, түпнұсқа тілі мен аударма тілінде де сөздің майын тамызатындай шеберлік пен шыдамдылықты, ақындық жүректі талап ететін түрі. «Мағжандай ұлы ақынымызды әлемдік тілге тәржімалаған аудармашының бойында қандай қасиеттері бар? Ақын шығармашылығымен танысып қана қоймай, оны басқа тілде дем бітіруге не себеп болды? Аударма барысында қандай принциптерді ұстанды? Болашақта Мағжан ақынды аударуға шешім қабылдаған аудармашыларға қандай кеңес берілді?» деген аса маңызды сұрақтарға жауапты осы мақаладан таба аласыз.

Кілт сөздер: көркем аударма, поэтикалық аударма, поэзия, мәдениет, сұхбат.

КІРІСПЕ

Еліміз тәуелсіздігін алып, еркін тыныстап, бойын түзеп, алға адым басып келе жатқанына 29 жылдың қасы. Осы аралықта жоғалып бара жатқан тарихымызды,

әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды ана тілімізде қайта жаңғыртып қана қоймай, басқа да шетел тілдеріне тәржімалауда. Білім мен ғылым да мемлекетімізбен бірге жаһандық межелерге ұмтылуда. Бірақ әлі де белі қатпаған баладай аяғын аяңдап, абайлап, нық баса алмай келеді. Кейде тіпті шалынып, шалыс басып жатқан кездері де бар. Көш жүре жүре түзеледі емес пе? Еліміздегі сондай жас ғылымдардың бірі – қазақ аударматануы. Абай атамыз негізін қалап, кейіннен ізін басқан Мағжан сынды тұлғаларымыз жасаған құнды тәржіма үлгілері қазақ аударматануының негізі ертеден қаланғанын білдіреді. Бір өкініштісі, бүгінде жанын салып, зейін қойып, әлемдік классиканы қазаққа танытатын немесе қазақ әдебиетінің ең озық туындыларын шетел оқырманына жеткізетін аудармашылар кемде-кем. Әрине, оған әсер ететін факторлар көп. Дарынды, шебер, ұлттық аудармашылар легінің қалыптасуы үшін де біраз уақыт, тәжірибе, ауқымды әрі жүйелі түрде атқарылатын жұмыс жоспары қажет. Қазіргі уақытта да біраз қазақ әдебиеінің төл туындылары, поэзиясы шетел тілдеріне аударылып жатыр. Бірақ тікелей қазақ тілінен тәржімаланып жатқандары шамалы. Орыс тілінен сатылай аударылған туындылардың сапасы қай деңгейде? Бұл сұрақтың да біржақты, тиянақты жауабы жоқ. Қазақстандық аударма зерттеуінің ғылыми дискурсының қалыптасуы қажет. Ғылыми басылымдардан, газет беттерінен «Аударма сын көтермейді...» деген мақалаларды көптеп кездестіруге болады.

Бірақ бұл мақалада біз бір ерекше жағдай, қазақ халқы үшін маңызы зор, қазақ әдебиеті мен аударматануы үшін орны бөлек аударма үлгісі, аударма авторы мен аударма оқиғасы жайлы айтқымыз келіп отыр.

2018 жыл. Қазақтың біртуар ақыны, ұлы ақыны, патриот, лирик ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толу қарсаңында. ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб пәтерінде өткен *«Мәдени мұра мен болмыстың қайта жаңғыруы: түрік тілі өткеннен болашаққа»* (Возрождение самобытности и культурного наследия: тюркский язык из прошлого в будущее) атты халықаралық форум аясында Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглу өзінің *Maghjan Jumabayev. The poet of flare, liberty and love* (Мағжан Жұмабаев – жалын, еркіндік және махаббат ақыны) атты кітабын ұсынды [1]. Ол кітапта профессор ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталып, ақын жайлы қазақ, түрік, ағылшын тілінде жазылған таңдамалы еңбектердің тізімін, 20 өлеңнің ағылшын тіліндегі аудармасын келтіреді. Демек, әлемдегі ағылшын тілді оқырмандардың қазақ ақынымен танысуына жол салынды. Бұл аударманың құндылығын оның тікелей қазақ тілінен, поэтикалық тілмен, өлең жолдарымен аударылғандығы арттырады. Себебі ақындық қабілеті болмаған жағдайда өлең жолдарының проза түрінде аударылатыны да баршылық.

Қандай да бір көркем туындыны осылайша басқа тілде сөйлетіп, дем бітірген аудармашымен сырласқанға не жетсін! Себебі көркем аударма - аударманың ең күрделісі. Ал поэзия аудармасы аудармашыдан ақындық қабілетті де талап етеді. Оған орыс халқының белгілі ақыны әрі аудармашысы Гончаренконың тілімен айтқанда «орыс поэтикалық аудармасының патриархтарының» төмендегідей уақытпен сыналған тұжырымдары дәлел: "Переводить стихотворца может один только стихотворец... Переводчик стихотворца есть в некотором смысле сам творец оригинальный" (В. Жуковский, 1810); «Стихи, переложенные прозой, даже хорошей прозой – умирают» (В. Брюсов, 1905) [2]. Ал, поэзияның тілінің көркемдігін философ және мәдениеттанушы М. М. Бахтиннің поэзия жанрының ерекшелігін «только поэзия выжимает все соки из языка» [3, 46], яғни тек қана поэзия тілдің балын тамызады деп сипаттауы дәлелдей түседі.

Бақытымызға орай, қашықтан болса да, көркем аударманың осындай қиын асуларын бағындырып жүрген, Мағжандай дара ақынымызды танып, біліп, күллі дүниеге танытып жатқан аудармашы, профессор Тимур Кожаоглумен алғаш рет тілдестіп, сұхбат алдық. Көкейде ұялаған сұрақтарды қойып, жауабын алдық әрі оған тәнті болдық.

Жалпы көркем аударма, әсіресе ұлы тұлғаларды тәржімалау үлкен батылдықты, жауапкершілікті талап етеді. Аударма біліктілігімен қатар, іштей дайындық қажет. Сол дайындық, алғашқы түрткі, Тимур Кожаоглуның ақын шығармашылығымен таныстығы қашан басталды?

- Мен Мағжанның өлеңдерімен алғаш рет 1953-1954 ж.ж. 6-7 жасымда таныстым. Менің әкем Усман Қожа (1878 жылы Ош – 1968 Стамбул) маған Түркістанның екі көрнекті ақындарының өлеңдерін оқыған: Шолпанның өзбек тіліндегі өлеңдерін және Мағжанның қазақша өлеңдерін. Усман Қожа 1915 - 1939 жылдар аралығында Мұстафа Шоқаевтың (1890-1941) жақын досы және Түркістанда мен шет елдерде саяси серігі болған. Усман Хожа 1927-1934 жж. аралығында Стамбулда алғашқы Орталық Азияның «Жаңа Түркістан» журналын шығарса, Мұстафа Чокаев 1929-1939 жж. Парижде «Жас Түркістан» журналын шығарды.

Кейін орта мектепте Мағжанның өлеңдерін башқұрт профессоры Ахмед Зеки Велиди Тоғанның 1947 жылы Ыстамбұлда шыққан «Бүгінгі Түркістан және оның жаңа тарихы» кітабынан және Шығыс Түркістаннан келген қазақ эмигранты Хасан Оралтайдың 1965 жылы Стамбулда жарық көрген «Ұлы түрік ұлтшылдығы Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» атты кітабындан оқыдым.

1972 жылы Нью-Йоркке Колумбия университетінде докторантураға оқуға барғанымда, кітапханадан Мағжанның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген «Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері» атты кітабын таптым. 1976 жылы мен «1960-1970 жылдардағы қазақ лирикалық поэзиясындағы ұлт мәселесі» деген тақырыпта магистрлік эссе жаздым. Бұл шығармада Мағжанның бірнеше өлеңдерінің ағылшынша аудармасын келтірдім. Сонымен, 1953 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін бұл Мағжанның поэзиясын 66 жыл бойы зерттегенімді білдіреді. Мағжанның өлеңдеріне Қазақстанда Кеңес Одағы кезінде 1938-1980 жылдар аралығында тыйым салынған болса да, мен оның өлеңдерін еркін оқып, аударып, жазып отырдым. Бұл үшін, Мағжанның өлеңдерін маған кішкентай кезімде алғаш үйреткен адам болғандықтан әкеме өте ризамын.

Демек, 66 жыл бұрын басталған таныстық, жарты ғасырдан астам уақыт бойында тереңінен оқып-білу мен зерттеуге ұласқан. Тимур Кожаоглу алғаш әдебиет әлеміне әкесі салған жолды зерттеп қана қоймай, басқа тілде жан бітірді. Бұл елбасының «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» жолдауының аса маңызды бір міндетімен астасып жатыр. Ол – төл әдебиетіміздің аса құнды туындыларын әлемнің ең танымал тілдерінде сөйлету. Осындай үлкен жауапкершілікті мойнына алып, дәл Мағжан ақынды тәржімалауға не түрткі болды? Бәлкім қандай да бір сезім, ақын шығармашылығына қызығу немесе жағдаят па?

- Ерте кезден бастап Мағжанның өлеңдерінде мына төрт сөз менің көңілімді аударды: *күн, от, алау және махаббат*. Мен оның өлеңдерін көбірек оқыған сайын, ақынның көптеген өлеңдерінде осы төрт ұғымды қолданып жүргенін байқадым. Сонымен, бұл сөздер оның поэзиясының негізгі тақырыптары екенін сезіндім.

Әсіресе, оның «От» атты өлеңі өте күшті әдеби шығарма. Бірінші сегіздік бізді мүлде басқа поэтикалық әлемге апарады. Мағжан өзінің басқа өлеңдерінде де осы негізгі сөздерді қолданады. Мысалы, «Бұлбұл» өлеңінде ол жалын мен жану бар. Менің назарымды аударған екінші маңызды мәселе – Мағжанның өлеңдерінде Түркістан және Түрік сөздерін жиі қолдануы болды.

Сондай-ақ, Мағжанның поэзиясының әсем стилі мен метафоралық тақырыптары да маған қатты әсер етті. От, жалын, күн және махаббат сөздері адамның бостандығын білдіретін метафоралар болып табылады. Мағжан өзінің көптеген өлеңдерінде еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылады. Оның өлеңдері 1920-1930 жылдары, Qazaqstan мен бүкіл Түркістан Кеңес Одағында еркіндікке ие болмаған кезде жазылған. Қазақ ақыны Мағжан мен өзбек ақыны Чолпанның Кеңес Одағының ең қуғын-сүргін жылдарындағы өлеңдері Орталық Азиядан бостандық пен тәуелсіздікке шақыратын екі күшті дауыс болды. Сол себепті,

Мағжан (1893) 45 жаста, Шолпан (1897) 41 жасында басқа жүздеген ақындармен, жазушылармен, зиялы қауыммен бірге 1938 жылы өлтірілген.

Бұл жауаптан аудармашы ақынның поэзиясын тереңінен түсініп, ондағы негізгі ұғымдарды айырып, олардың метафоралық бейнесін көріп, олардың жалпы адамзаттық құндылықтармен астасып жатқанын сезіп қана қоймай, ақынның жүрегінің неге ұмтылғанын, қандай күрес жүргізгенін аңғарғанын түсіндік. Және ақын өмір сүрген уақыттың, қоғамның және ақын жанының толғанысымен астасып шыққан шыншыл поэзияны әлемге танытқысы келгенін түсінуге болады. Аудармашының ақын жанын қаншалықты түсінгенін жоғарыда аталған халықаралық конференцияда «Мағжанның поэзиясында Кеңес заманында міндеттелген идеологиялық доктриналарды емес, тек қана өз жүрегін тыңдаған, әділетсіздікке, кемсітуге, зұлымдық пен зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің дұрыс екеніне толығымен сенімді болған батыл адамның драматикалық даусы барын» [1] нықтай түсуі дәлел.

Келесі қойылған сұрақтың күллі аудармашылар қауымын толғандыратын, жалпы көркем аудармада тәжірибелік маңызы зор «Аударманы түпнұсқадан жасадыңыз ба?» деген сауал:

- Мен Мағжанның 20 өлеңін қазақ тілінен ағылшын тіліне аудардым. Әрине, мен әрқашан қазақ достарымнан Мағжан өлеңдеріндегі белгілі бір сөздер мен терминдер туралы сұрадым. Олар маған бірнеше күрделі тіркестерді түсінуге көмектесті. Менің достарымның бірі Хасан Оралтай (Тарбағатай 1930 - 2010 Мюних, Германия) болды. Ол 1977 жылдан 1994 жылға дейін Азаттық радиосында менің әріптесім болды. Хасан ағам «Азаттық» радиосының қазақ бөлімінде, мен өзбек бөлімінде жұмыс істедім.

Менің ана тілім өзбек тілі Мағжанның өлеңін түсінуге де пайдалы болды. Алайда мен кішкентай кезімнен Мағжанның, Абайдың және басқа да қазақ ақындарының өлеңдерін оқыдым. Мен кандидаттық диссертациямен жұмыс істеген кезде 200-ге жуық қазақ романдары мен әңгімелерін оқыдым. Осыған байланысты Мағжанның қазақ өлеңдерін ағылшын тіліне аудару маған қиын болған жоқ. Бұл аудармаларды көркем ағылшын тіліне аударуда маған американдық ақын Мел Кенне көмектесті.

Профессордың жауабынан біз тағы да аудармашының жүгі ауыр екенін көреміз. Жалпы қазақ әдебиетінің маржандарын ағылшын тіліне түпнұсқадан аудару – аса сирек кездесетін құбылыс. Мысалы, Абай ақынды ағылшын тіліне орыс тіліндегі аудармаларынан тәржімалағандықтан көбінесе көркемдігі мен ұлттық бояуын, мәнін жоғалтып алған. Екі мәдениетті жалғастыру үшін аудармашы сол екі мәдениеттің өкілі деңгейінде біліктіліктерге ие болуы шарт екені айдан анық. Әдетте аудармаға әсер етуші факторлар ретінде аудармашының мәдени болмысы және аударылатын тілге қатысты оқырманның мәдени болмысы қарастырылса, бұл жағдай тағы да ерекше сипатқа ие. Үштік сипат. Себебі аудармашының болмысы өзбек халқына тиесілі болса, түпнұсқа қазақ халқының, ал аударма мәтіні үшінші бір ағылшын халқының мәдениеті тұрғысынан қарастырылады.

Сонымен қатар сұхбат барысында профессордың Мағжан өлеңдерін тек ағылшын тіліне тәржімаламағанын білдік:

- Мен 1975-1977 жылдар аралығында магистрлік эссе жазып жүргенімде Мағжанның екі өлеңін қазақ тілінен ағылшын тіліне аударған едім. 1982 жылы кандидаттық диссертациямды аяқтағаннан кейін Мағжанның өлеңдерін түрік тіліне аудара бастадым. Менің осы аудармаларымның бір бөлігі түрік әдеби журналында Мағжанның поэзиясына арналған мақаламмен бірге жарияланған. Менің мақаламның тақырыбы «Mağcan'ın Şiirlerinde Güneş, Ateş ve Alev» (Мағжан өлеңдеріндегі күн, от және жалын) болды // *Türk Edebiyatı* (Түірк эдебияты), 1994 ж., № 243).

Мағжан өлеңдерінің ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары тәуелсіздік алған соң екі жылдан кейін 1993 жылы «Қазақстан» (Алматы) атты ағылшын тілді газетінде жарияланды: «The Great Kazakh Poet Magjan Jumabayuli's Poems» (Ұлы қазақ ақыны Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері). Бұл Мағжанның өлеңдерін 66 жыл бойы оқығанымды, бірақ 40

жыл аударуға тырысқанымды білдіреді. Мен, алайда, бұл аударма жұмысында көп нәрсеге қол жеткізе алмадым; Аударылған 20 өлеңінен басқа, кейінірек ағылшын тіліне аудару үшін оның тағы 10 өлеңін таңдадым.

Тимур қожа бізге осылайша бізге жауап беріп қана қоймай, бізге сонау 1993 жылы жарық көрген мақала көшірмесін де жіберді. Мақалада Мағжан ақынның 7 өлеңі ағылшынша сыр шерткен. Олар: «To the lady Rose» – «Гүлсім ханымға», «The word of Tamerlane» – «Асқақ Темірдің сөзі», «The Fire» – «От», «The Nightingale» – «Бұлбұл» және «The Prisoner» – «Тұтқын», «Wind» – «Жел» [4].

Алған жауаптарымызға тәнті болып, сұрақтар тізбегін әрі де жалғастырдық. Келесі қойылған сұрақ та, оның жауабы да аударманың кез келген саласында аса маңызды. Аудармашы аудармаға кіріспестен бұрын мақсатты аудиторияны анықтап алғаны дұрыс дейді. Яғни, аударма мәтіні кімге арналады және не үшін? Сіз тәржіманы сондай мақсатты аудиторияға арнадыңыз ба? Әлде ағылшын тілі әлемдік тіл болғандықтан жалпы адамзаттық мұра ретінде танытқыңыз келді ме?

- Бұл өте жақсы сұрақ, бірақ қарапайым жауап беру өте қиын! Мен екі мақсатты көздедім деп ашық айта аламын: бірінші мақсат - Мағжан ақынның ең ерекше әдеби ойлауын ағылшын тілінде мүмкіндігінше көрсету. Екінші мақсат – ана тілі ағылшын тілі болып табылатын аудиторияның жүрегіне әсер ету. Мен осы екі мақсатқа тең дәрежеде қол жеткіздім деп үміттенемін. Алайда, бұл мәселені өлшеу және бағалау әдебиеттанушыларға қатысты. Осылайша мен Мағжанның өлеңдеріндегі қазақ мәдениетін ағылшын тілінің әмбебап мұрасында бейнелеуге тырыстым.

Расымен де, бұл өте маңызды, әрі жауап беру өте қиын сұрақ. Жалпы әлемдік аударматану ғылымында әлі күнге дейін біржақты жауабын таба алмай келе жатқан мәселе. Әсіресе, көркем аударма келгенде сұрақ қиындай түседі. Себебі аударманы былай қойғанда, түпнұсқаның өзі автордың өз халқына арналып жазылғанымен, уақыт өте келе әлемдік мұраға айналып жатады. Осы сұрақтан тағы бір сауал туындауы заңдылық еді. Қазір ағылшын тілі жаһандық тілге айналып отыр. Бірақ әр жерде өзінше бір ерекшелігі бар. Әсіресе, американдық және британдық ағылшын тілі. «Сіз аударма барысында көбінесе қайсысына жүгіндіңіз?» деген сұраққа аудармашы АҚШ-та ұзақ оқып, өмір сүргендіктен, аудармаларының американдық ағылшын тілін көбірек ұсынатындығын, бірақ бұл жағдайдың Ұлыбританиядағы немесе басқа елдердегі ағылшынша сөйлейтіндерге қиындық тудырады деп ойламайтынын білдірді.

Осындай тіл мәселесін талқылағанда, Мағжан ең біріншіден өлеңдері мәдени лексикаға толы ұлт ақыны екені ойға келеді. Мәдени ақпарат басқа тілде қандай көрініс тапты деген сұрақтар туындайды. Қазіргі аударматану ғылымында екі жақты ойға әкелетін мәселе – осындай мәдени, баламасыз лексиканы қалай аудару қажет? Ұлттық колорит пен бірегейлікті сақтап қалу немесе сол аударманы қабылдайтын оқырман қауымға жақындату, бейімдеу дұрыс па? Мағжан ақын туындыларын тәржімалау барысында аудармашы қай принципті ұстанды?

- Ия, сіз дұрыс айтасыз! Мағжан – ұлы ақын, оның өлеңдерінің екі жағы бар: жергілікті деңгейде қазақтың мәдени мұрасы бар; халықаралық деңгейде олар бостандықтың, теңдіктің, адам махаббатының жалпыға ортақ құндылықтарына ие. Ақындардың ұлылығы жергілікті мәдени құндылықтарды жоғарылату кезінде олардың әмбебап болу қабілетінен туындайды. Осылайша, Мағжан – бұл тұрғыда әлемдегі ең үлкен ақындардың бірі. Бірақ әрқашан менің басты уайымым Мағжан өлеңдеріндегі сөздерден гөрі ақын поэзиясының көркем әдеби шеберлігін оның ағылшын тіліндегі аудармаларында көрсету болды.

Бұл сөз деңгейінде емес, сезім деңгейінде түпнұсқаны түсініп, жеке бір сөздер тобына емес, жалпы ақынның образдық дүниесін тәржімалауға тырысқан аудармашының жауабы еді. Аудармашының бұл ниеті жалпы поэтикалық аударманың мақсатымен де ұласады.

Дегенмен, аудармашылар қауымынан болған соң біраз жекелеген мәселелерге де тоқталдық. Мысалы, бір байқағанымыз, 1993 жылы алғаш жарық көрген аудармаларыңыз

бен соңғы кітапта басылып шыққан нұсқаларда біраз өзгерістер бар екен. Бірден көзге түскені «Гүлсім ханымға» атты өлеңі. Алғашқы нұсқасында атауы «To the lady Rose» [4] болса, кейіннен «To lady Gűlsim» [5, 61] деп өзгертіпсіз. Ондай шешімге не себеп болды деген сұраққа аудармашы 1986 жылдан бастап Мағжан өлеңдерінің ағылшынша аудармалары бірнеше рет қайта қарап, өзгертіп және қайта жазғанын айтты. «Гүлсім ханымға» өлеңіне келер болсақ, алғашында ағылшын тілді оқырмандарға «Гүлсім Ханым» сөзін «Lady Rose» деп ағылшын тіліне аударғаны жақсы болар деп ойлап, бірақ кейіннен «Гүлсім» деген жеке есімді аудару жақсы болмайтынын түсініп, өзгерткенін ағына жарыла баяндады. Бұл жағдай, көркем аударманың бірден аударылып, беті жабылып, нүкте қойыла салатын дүние емес екенін тағы да дәлелдей түседі. Араға жылдар сала, аудармашының білімі мен тәжірибесі толыққан сайын, аударма сапасына, шешімдеріне де әсер ететіні сөзсіз. Араға жылдар сала, осы бір өлең жолдарын ұмытпай, оны қайта қарауы, аудармашының аса үлкен жауапкершілігі мен өз аудармаларын шыңдай түсуге ұмтылысы, әрі үзіліссіз аудармашы толғанысының көрсеткіші болып табылады.

Ал, профессор Мағжан ақынның басқа тілдегі аудармаларын оқып, танысып көріп пе? Егер таныс болса, қандай баға берер еді?

- Мағжан өлеңдерінің ағылшын тіліндегі басқа аудармасы жоқ деп санаймын. Неміс, француз немесе басқа еуропалық тілдерде аудармалар бар ма, білмеймін. Әрине, орыс тіліндегі аудармалары бар. Бірақ менің орыс әдеби тілім жақсы емес, сондықтан мен оларға түсінік бере алмаймын! Менің ойымша, сіз мұны әлдеқайда жақсы білесіз.

Мен Мағжан өлеңдерінің түрік тіліндегі аудармаларын көрдім, бірақ олардың көпшілігі прозалық аудармалар, әрі поэтикалық көріністерге ұқсамайды. Менің Мағжан өлеңдерінің түрік тіліндегі аудармаларым басқа аудармаларға қарағанда жақсы деп ойлаймын. Себебі, мен де түрік, өзбек және ағылшын тілдерінде өлең жазамын.

Иә, өкінішке орай поэтикалық аудармаларға қарағанда прозалық аудармалар басым. Түрік тілінде де, орыс тілінде де Мағжан ақын поэзиясының аудармаларының біраз нұсқалары бар. Оларды түгендеп, саралау да өз кезегін күтіп жүрген өзекті міндеттердің бірі.

Болашақта тағы да Мағжан ақын поэзиясын немесе прозасын тәржімалау жоспарыңызда бар ма? Жалпы келешекте Мағжан ақын шығармашылығын аударуға ниеттенген аудармашыларға қандай кеңес берер едіңіз?

- Жоқ, мен прозалық аудармаларға араласпаймын. Біріншіден, менде әңгімелер мен романдарды аударуға уақыт жоқ. Мен лирикалық поэзияны, көбінесе қысқа лирикалық өлеңдерді жақсы көремін. Мен лирикалық емес өлеңдерді аудармаймын.

Болашақта Мағжанның тағы да 20-30 өлеңін ағылшын тіліне аударғым келеді. Қанша өмір сүретінімді көрейік. Өйткені бір ғана өлеңнің аудармасы бірнеше апта мен айды алады. Бір-екі ай ішінде өлеңді аударып болғаннан кейін, мен оны файл түрінде сақтаймын. Кейінірек жылдар өтіп, бірнеше күн оқып, маған ұнамайтын бір-екі сөзді өзгертіп, оны қайтадан өз файлына саламын. Бұл осылай жалғасады, мен «Ия, егер Мағжан бұл өлеңді ағылшын тілінде жазғысы келсе, ол осылай жазған болар еді!» деп қашан айта алатынымды білмеймін. Бұл биік нүктеге барлық аудармалар оңай жете бермейді...

Қысқасы, Мағжанның өлеңдерін кез-келген тілге аударғысы келетін басқа аудармашыларға мына ережелерді ұстануға кеңес бере аламын: біріншіден, шыдамды болыңыз және асықпаңыз. Одан кейін Мағжанның осы өлеңді жазуға қанша апта, айлары кетті деп ойлаңыз. Осы жалғыз өлеңді армандау үшін сіз көптеген түндер мен күндерді өткізгеніңіз жөн. Мағжаннан өлең аудармас бұрын оның барлық өлеңдерін оқып шығыңыз. Өлең жазсаңыз өте жақсы. Егер сіз бұрын өлең жазбаған болсаңыз, екі-төрт жолдан тұратын қысқа өлең жазуға тырысыңыз. Сіз берілген тілде өлең жазған сайын көбірек өлеңдерді басқа тілден өлең жазатын тілге аудара аласыз.

Содан кейін аударылған өлеңдерді басқаларға оқып, олардың осы өлеңге қатысты пікірлерін алыңыз. Соңында өлеңді бір тілден екінші тілге аудару үшін көбірек тұз, қара бұрыш және қатты терлеу қажет. Ұйқысыз түндер мен тыныш күндерді ұмытпаңыз …

ҚОРЫТЫНДЫ

Міне, осындай керемет ноталарда біздің сұхбат аяқталды. Бұл сұхбат көркем аударманың қаншама уақытты, білімді, ізденісті талап ететінін тағы да бір дәлелдеді. Әрине, аудармашы өзі де бұл аудармада «... Мен осы екі мақсатқа тең дәрежеде қол жеткіздім деп үміттенемін. Алайда, бұл мәселені өлшеу және бағалау әдебиеттанушыларға қатысты» деп айтқандай, әрбір жеке өлеңнің аудармасына аударматану ғылымы тұрғысынан, әдеби қырынан, лингвистика, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерделеп, саралау бұдан да көлемді жұмыстарға әкеледі. Әрі Қазақстандағы көркем аударма ғылыми дискурсының қалыптасуына өз септігін тигізеді. Қазақ аудармасының нығайып, өркендеуіне үлес қосатын болашақ және қазіргі аудармашылар қауымы үшін де аса маңызды. Мағжандай ақынымызды зерттеп, әлемге танытып жатқан есімді баршамыз біліп, аудармашылар легі үлгі алуы қажет деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Дюсекеев Т. Произведения Магжана Жумабаева презентовали в ЮНЕСКО. 30.04.2018. [Электронды ресурс] – URL: https://www.inform.kz/ru/proizvedeniya-magzhana-zhumabaeva-prezentovali-v-yunesko_a3237115 (Қаралған күні: 20.03.2020).

Dyusekeev T. Proyzvedeniya Magzhana Zhumabayeva prezentovali v UNESCO. 30.04.2018. [Elektrondy resurs] – URL: https://www.inform.kz/ru/proizvedeniya-magzhana-zhumabaeva-prezentovali-v-yunesko_a3237115 (Qaralǵan kúni: 20.03.2020).

2 Гончаренко С.Ф. (1999). Поэтический перевод и перевод поэзии: константы и вариативность. Тетради переводчика N24. V. Художественный перевод как межкультурная коммуникация (Москва) [Электронды ресурс] – URL: http://samlib.ru/w/wagapow_a_s/poetic-transl.shtml Енгізілді: 30/10/2011, өзгертілді: 13/09/2012. (Қаралған күні: 20.03.2020)

Goncharenko S.F. (1999). Poeticheskij perevod i perevod poezii: konstanty i variativnost'. Tetradi perevodchika N24. V. Hudozhestvennyj perevod kak mezhkul'turnaya kommunikaciya (Moskva) [Elektrondy resurs] – URL: http://samlib.ru/w/wagapow_a_s/poetic-transl.shtml Engizildi: 30/10/2011, ozgertildi: 13/09/2012. (Qaralǵan kúni: 20.03.2020).

3 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – 504 с.

Bahtin M. Voprosy literatury i estetiki. – M., 1975. – 504 s.

4 Кожаоглу Т. «The great Kazakh poet Maghjan Jumabayuli’s poems» //Kazakhstan газеті. – Алматы, No. 22 (1993 жылғы 2 маусым), 7 б.

Kocaoglu T. «The great Kazakh poet Maghjan Jumabayuli’s poems» // Kazakhstan gazeti. – Almaty, No. 22 (1993 jylǵy 2 maýsym), 7 b.

5 Кожаоглу Т. The poet of flame, liberty and love. – Астана: Ғылым, 2018. – 85 б.

Kocaoglu T. The poet of flame, liberty and love. – Astana: Ǵylym, 2018. – 85 b.

Материал 20.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Dyusekeev T. The works of Magzhan Zhumabayev were presented at UNESCO. 30.04.2018. [Electrony resource] – URL: https://www.inform.kz/ru/proizvedeniya-magzhana-zhumabaeva-prezentovali-v-yunesko_a3237115 (Accessed: 20.03.2020) (In Russian)

2 Goncharenko S.F. (1999). Poetic translation and translation of poetry: constants and variability. Translator's notebooks N24. V. Literary translation as intercultural communication (Moscow) [Electrony resource] – URL: http://samlib.ru/w/wagapow_a_s/poetic-transl.shtml 30/10/2011, modified: 13/09/2012. (Accessed: 20.03.2020) (In Russian)

3 Bakhtin M. Questions of literature and aesthetics. – M., 1975. – 504 p.

4 Kocaoglu T. «The great Kazakh poet Maghjan Jumabayuli's poems» // Kazakhstan newspaper. – Almaty, No. 22 (2 June, 1993), 7 p.
5 Kocaoglu T. The poet of flame, liberty and love. – Astana: Nauka, 2018. – 85 p.

Перевел Магжана на язык Шекспира...

А.Е.Алпысбаева[1], С.А.Ашимханова[1]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

В статье представлены результаты интервью с профессором Мичиганского университета Тимуром Кожаоглу, который впервые перевел на английский язык поэзию известного казахского поэта Магжана Жумабаева. Беседы, душевные разговоры с переводчиком любого художественного перевода, познание пережитых волнений и трудностей в процессе перевода и путей их переодоления имеет бесценную значимость в практике перевода. Это является особым источником передачи опыта для будущего поколения национальных переводчиков. Именно перед ними стоит важная задача ознакомления мира с оригинальными произведениями национальной литературы.

Поэтический перевод – один из сложнейших видов художественного перевода, который требует тщательной подготовки, специальных знании, высокого языкового мастерства, огромного терпения и чуткой души поэта. Какими качествами обладает переводчик, который перевел великого поэта Магжана на один из мировых языко? Что послужило причиной выбора переводчиком именно данного поэта? Каких принципов он придерживался при переводе? Какими рекомендациями поделился переводчик с теми, кто в будущем решится перевести Магжана? Ответы на все эти важные вопросы приводятся в данной статье.

Материал поступил в редакцию журнала 20.10.2020

The one who translated Magzhan into the language of Shakespeare...

A.E. Alpysbayeva[1], S.A. Ashymkhanova[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, **050040,** Republic of Kazakhstan

The article presents the results of an interview with Professor of the University of Michigan Timur Kozhaoglu, who first translated the poetry of the famous Kazakh poet Magzhan Zhumabayev into English. Conversations, sincere conversations with the translator of any literary translation, knowledge of the worries and difficulties experienced in the translation process and ways to overcome them is invaluable in the practice of translation. It is also a special source of experience transfer for the future generation of national translators. Since they face an important task of acquainting the world with original works of national literature.

Poetic translation is one of the most difficult types of literary translation, which requires careful preparation, special knowledge, high language proficiency in the original and translation languages, great patience and sensitive soul of the poet. What qualities does a translator possess, who translated our great poet Magzhan into one of the world languages, what caused the translator to choose this particular poet, what principles did he adhere to when translating? What recommendations did the translator share for those who in the future decide to translate Magzhan? The answers to all these important questions are discussed in this article.

Received: 20.10.2020

ӘОЖ 801.81

Б.И. Нұрдәулетова
ф.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.,130000, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-6911-6509. e-mail: nurdauletova@mail.ru

ОРЫС ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПОЭТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақаланың мақсаты – орыс тіл білімінде поэтика ғылымының лингвистиканың бір саласы ретінде қалыптасу тарихына талдау жасау. Орыс тіл білімінде поэтикалық тіл туралы мәселе сөз өнерінің ғылым ретінде қалыптасуымен қатар қарастырылды.

А.Потебняның еңбектерінде поэтиканың теориялық мәселелері лингвистикалық тұрғыда сөз етілді. Ол сөздің ішкі формасы, көркем образ, образдық және ұғымдық ойлаумен біртұтас мифтік сана туралы ғылыми пайымдаулар жасайды.

В.М.Жирмунскийдің еңбектерінде поэтиканың зерттеу материалдары ретінде поэтикалық фонетика, поэтикалық морфология, поэтикалық синтаксис талданады. Ғалым поэтика мәселелерін семантикамен байланыстыра отырып, шығарманың көркемдеуіш элементтерін ғана емес, шығарманың сюжетін құру мәселелерін де қоса зерттеуді енгізді.

В.Виноградов әдебиет теориясы, стилистика, поэтикалық сөйлеу теориясы ғылымдарының поэтика ғылымымен байланысын, өзіндік ерекшеліктерін танытуға күш салады.

Кілт сөздер: сөз өнері, лингвистикалық поэтика,эстетикалық категория, мифтік сана, ішкі форма, көркем образ

КІРІСПЕ

«Поэтика» термині жалпы эстетикалық категория ретінде алғаш рет Аристотельдің еңбектері арқылы белгілі болса, XIX ғасырдың орталарында поэтика туралы ілім сөз өнерін зерттейтін әдебиеттану ғылымының бір бөлімі ретінде қалыптасты.

Поэтиканы көркем әдебиеттің танымы мен тіліне қатысты ғылым ретінде қарастыру батыста Европа романтизмінің өкілдері И.Гердер, Ф.Шеллинг,Ф.Шлегель есімдерімен байланысты, бұл мәселеде тың теориялық-лингвистикалық негіздемелер В.Гумбольдттың, Г.Штейнтальдың еңбектерінде көрініс тапты. Аталған зерттеушілердің еңбегінде **поэтика** сөз өнерінің ғана емес, жалпы өнер атаулының көркемдігін зерттейтін ғылымның өте ежелгі түрінен саналды [1, 7].

Орыс ғалымдарының еңбектерінде поэтика негізінен сөз өнерінің теориясы (поэтикалық сөйлеу теориясы, поэтикалық сөз өнері) аясында зерттеу нысаны болды. Поэтикалық тілді зерттеу жалпы поэтиканың теориялық, тарихи мәселелерін қарастырумен қатар жүрді.

Тарихи поэтика мәселелері Ресейде акад. А.Н.Веселовский еңбектерінен бастау алды. Ол поэтиканы «сөз өнерінің тарихы» ретінде қарастыруды ұсынып, «тарихи поэтика» терминін енгізді. Зерттеуші поэтикалық тілді танудың басты мәселесін прозалық тілден поэзиялық тілді ажырата қарастырумен байланысты деп есептеді [2, 275].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Поэтиканың теориялық мәселелері А.Потебняның еңбектерінде біршама лингвистикалық тұрғыда сөз етілді. Ғалымның поэтикалық тіл табиғатын айқындауға қатысты еңбектері ретінде «Сөз өнері теориясы туралы жазбалар», «Ойлау мен тіл», «Сөз және миф», «Эстетика және поэтика» еңбектерін атауға болады. А.Потебняның поэтикалық

тіл табиғатын айқындаумен байланысты ой-тұжырымдарын төмендегіше топтастырып көрсетеміз.

1. А.Потебня тіл мен ойлаудың тарихи тамырластығына меже жасай отырып**, «сөздің ішкі формасы (қалпы)»** туралы ілімнің негізін жасайды. Оның пайымдауынша біздің дүние туралы ойлауымыз ақиқат дүниенің көшірмесі болып табылады. Сөздің екі мазмұны бар: бірі объективті, яғни жақын этимологиялық мағынасы, ол барлық уақытта бір белгіде көрінеді, екіншісі субъективті мазмұн, оның белгілері бірнешеу болуы мүмкін. Сөздің ішкі формасы этимологиялық мағынамен байланысты және ол ойлау мазмұнының санаға қатысын анықтайды. Ойлау процесі арқылы түсінік қалыптасады. Алдымен адам жаңа зат пен құбылысты өзіне бұрыннан таныс ұғымдармен байланыстыра қарайды. Жаңа ұғым мен етене(бұрыннан таныс, үйреншікті) ұғымдар арасында аналогия, ассоциация(астасу), қабысу процестері жүреді. Мәселен, көгілдір, көгершін, көгершіндеу(приголубит – орыс тілінен тікелей аудармасы көгершіннің балапандауы) сөздерінің бәріне ортақ ұғым көк түске байланысты. Бірақ *көгершіндеу* сөзіне *көк* ұғымы этимологиялық мағына бола алмайды, себебі *көгершіндеу* сөзінің жасалуына *көгершін* заттық атауы негіз болып тұр. Потебняның түсіндіруінше сөз өзінің бастапқы ішкі формасын «ұмытады». Нәтижесінде мүлде тың ұғымдар қалыптасады. Тілдің бір орында тұрып қалмай үнемі қозғалыста, дамуда болуы осындай құбылыстар арқылы жүзеге асады. Потебняның бірден-бір іргелі ғылыми тұжырымы тілдің адам қызметінің белгілі бір формасын бере алатындығы жөніндегі идеясы болып табылады. «Тіл дайын ойды беру үшін емес, оны жасау үшін... ол дүниеге қалыптасқан көзқарасты көшірмелемейді, оның қызметін таныту құралы қызметін атқарады» [3, 11].

В.Гумбольдттың «тілдің үнемі қозғалыстағы табиғаты» туралы теориясын ілгері дамытуда Потебняның аталған ғылыми тұжырымдары айрықша рөл атқарды.

2. «Тіл және ойлау» арақатынасы туралы мәселені талдай отырып, А.Потебня **«көркем образ»** туралы теория ұсынды. Ол лингвистикалық поэтиканың негіздемесін «сөз өнері теориясы» яғни теориялық поэтика туралы ілімде тұжырымдап берді. Өнерді түр мен мазмұнның бірлігінен ғана тұрады деп есептейтін дуализм іліміне қарсы А.А.Потебня «Сөз өнері туралы жазбалар» атты еңбегінде поэзияны «образдар жөніндегі өнер түрі» деп сипаттайды. Потебня ұсынған құрылым бойынша поэтикалық сөйлеудің жүйесі мен басты белгілері көркем-әдеби шығармалардың құрылымдық ерекшеліктерін айқындаумен тұтас қаралады. Өнердің негізгі категориясы образ бен мағына деп көрсете отырып, көркем шығармашылықтың құпиясын образдан іздеуді ұсынады. Форма мен мазмұнның бірлігі поэтикалық образда толық көрініс береді. Образды Потебня «қабылдау», «таңба», «символ», «салыстыру құралы» ұғымдарын пайдалана отырып түсіндіреді. Сондай-ақ, сөздің ішкі формасы мен шығармадағы образ сананың бірдей құбылысын сипаттайтын ұғым ретінде беріледі. Гносеологиялық және эстетикалық танымда сөздің ішкі формасында салынған образ сөздің де поэзияның да саналық шығармашылық қызметі болып саналады. Көркем шығармашылықтың құпиясы образда жатыр. Көркем образдың өзіндік белгісі жеке құбылыстардың ортақ белгілерінен құралатын жинақтық ұғым арқылы танылады. Образдың поэтикалылығы оның адам санасының құрылымына қаншалықты сия алатындығына байланысты. Сондықтан эстетикалық сезінудің себебін «нені қабылдағанынан» емес, «қалай қабылдағанынан» іздеу керек. Көркем образ барынша қарапайым, барынша түсінікті болуы керек. Оның қарапайымдылығы мынада: суреткер образ арқылы күрделі құбылыстарды оның көпшілікке бірдей таныс деталдарын пайдалана отырып береді, образбен танысу барысында оқырман өзінің бұрын-соңды рухани-практикалық тәжірибесінде болмаған белгілермен танысады. Сол арқылы айтушы мен тыңдаушы арасында бірлескен шығармашылық қызмет жүзеге асады. Көркем образ дегеніміз нақты эмоциялық қабылдау мен сол құбылыстың типтік(жинақтық) болмысын жалпыландырудың (обобщение) синтезделуі деуге болады.

Поэзия тек әшекейлі сөйлеу емес, ол адамның дүниені тануының маңызды құралы. Жазушы дайын идеяларды пайдаланбайды, керісінше идея (как некая предпосылка и почва) шығармашылық акт кезінде жасалынады.

3. Тілдің танымдық қызметі туралы ілімді негізге ала отырып, А.Потебня образдық және ұғымдық ойлаумен біртұтас **мифтік сана** туралы ғылыми пайымдаулар ұсынды. Мифтік ойлау белгілі бір кезеңмен шектелмейді, ол адамның барлық даму кезеңдеріне тән құбылыс. Мифтің пайда болуы тек тілмен байланысты. Мифтің қалыптасуында әсіресе сөздің ішкі формасы басты рөл атқарады. Ғалым мифті материалды дүниедегі құбылыстардың түсіндірмесі, ол адамдардың жай ғана ойлап тапқан қызықты оқиғалары емес, тіпті миф те белгілі бір деңгейде аналогиялық ойлауға сүйену арқылы ғылыми пайымдаулармен қатар тұра алады деп көрсетеді: «он есть акт сознательной мысли, акт познания, объяснение неизвестного(х) посредством совокупности прежде данных признаков, объединенных и доведенных до сознания словом или образом(а)» [3, 13]. Сондықтан Потебня мифтің екі түрін көрсетеді: бір зат, құбылысты екінші біреулері арқылы түсіндіретін мифтік салыстыру, мифтің бұл түрі арқылы халықтық фольклор қалыптасты, екіншісі өмірдегі құбылыстарды жоғарғы күштермен түсіндіретін, сол арқылы белгілі бір салт, ғұрыптардың орындалуын талап ететін діни мифтер. Потебняның зерттеулерінде поэтикалық тіл (потебняша, кейде өнер) өзінің мифтік табиғатымен мифтік емес ойлау құралы болып табылатын прозалық, яғни потебняша, ғылыми тілден ажыратылады. Поэтикалық тілге сезімдік қабылдаулар арқылы танылған шындық, ал ғылыми тілге себептік байланыстар, заңдылықтар арқылы айқындалған шындық қызмет етеді. Поэтикалық тілдің категориясы образ бен мағына болса, ғылыми тілдің категориясы деп дерек және заң саналады. Поэтикалық тілдің ғылыми тілден басты айырмасы мынада: 1) поэтикалық образдың ақиқатқа қатысы тексерілмейді, оның шындығы оны қабылдаушының оны психикалық қабылдау(қозу, әсерлену) қызметінің мүмкіндігіне байланысты ғана анықталады; 2) поэтикалық образ бен мағына арасында барлық уақытта теңсіздік(сәйкессіздік) жүреді, ол сәйкессіздік жоғалса, поэтикалық құндылық әлсірейді. Поэтикалылықтың құпиясы сонда, образ жалқы, мағына әлденеше болуы ықтимал [4, 22].

4. Поэтиканың потебяндық конструкциясының (В.Виноградов.) негізінде поэтикалық сөздің құрылымы мен поэтикалық шығарманың құрылымы бір мәселе аясында қаралды. «Өзінің ішкі этимологиясы арқылы сөз элементі шығарма элементімен сәйкеседі. Осы жағынан алғанда сөздің өзі поэтикалық шығарма ретінде танылады» – дейді А.Потебня. Оның зерттеулерінде поэтикалық шығарманың үш құрамдас бөлігі былайша жіктеледі:1. сыртқы форма (дыбыстық, сөздік), 2. образ немесе ішкі форма, 3. мағына немесе оны идея деп те беруге болады. Оның көрсетуінше, біздің қолданысымыздағы көпшілік сөздер біз үшін поэтикалық шығармамен бара-бар, оларды санадан тыс (бессознательно) қолданамыз. Бұл сөздер құрамдас бөлігі жағынан басқа да көлемді шығармалардан – мақал-мәтел, мысал, драма, эпопея, романдардан ерекшеленбейді, айырмашылықты тек шығарманың күрделілігінен таба аламыз.

«Тілдің поэтикалық қызметі алдымен поэзияда көрінетіндіктен, поэтикалық тілді зерттеу поэзия теориясының бірден-бір материалы болып табылады. Өлеңнің материалы образ да, эмоция да емес, **сөз**, – деп жазды В.М.Жирмунский, – Поэзия – сөз өнері. Олай болса, поэзия тарихы дегеннің өзі – сөз өнерінің тарихы» [6, 240]. Ол поэтика туралы ғылымды ілгері апаруда бірнеше зерттеу еңбектер жазды. В.М.Жирмунский поэтиканы зерттеуде оның материалын талдауды басшылыққа алуды дұрыс деп санайды. Қандай өнер де табиғат әлемінен алынған материалды пайдаланады. Бұл материалды ол өнерге тән тәсілдермен өңдейді, өңдеу нәтижесінде табиғи факт эстетикалық фактіге өзгеріп, көркем шығармаға айналады.

Жирмунский тіл туралы ғылымның кез-келген саласының беташары теориялық поэтикамен басталуы қажет деп жазды. Сондай-ақ ғалым поэтика мәселелерін семантикамен байланыстыра отырып, шығарманың көркемдеуіш элементтерін, яғни қайталау, параллелизм,

контрасть, симметрия, метафоралық оралымдарды ғана емес, шығарманың сюжетін құру мәселелерін де қоса зерттеуді енгізді. Е.М.Жирмунскийдің поэтикалық тілге қатысты еңбектеріне баға бере отырып В.В.Виноградов бұндай зерттеу түрі поэтиканы лингвистика аясынан алшақтататынын жазады [5, 129]. Ғалымның пікірінше, поэтика поэтикалық сөйлеу теориясынан бастау ала отырып, әдеби шығарманың құрылымдық элементтерін таза лингвистикалық талдаудың әдістері мен принциптерімен ғана шектеле алмайды. Сонымен бірге ол көркем шығармашылықтың жалпы теориялық ұғымдарымен кеңейіп отырады. Мәселен, өлең табиғаты әуен-ырғақпен, яғни музыка өнерімен байланысты, ал прозалық шығармалардың шыққан тегі – ауызша әңгіме(ертегі, аңыз), оның бір тіні шешендік өнерге жатады. Шешендік өнер театр өнерімен туыстас, драма – театр өнерінің құзырына кіреді, осыдан келіп, сөз өнері – поэтика өнертану ұғымдарын қамти алатыны шығады.

Көркем шығармаға қатысты шығарманың идеялық, тақырыптық жоспарының сөздік құрылыммен байланысы, көркемдік тұтастықтағы композициялық байланыстар, композициялық параллелизм, шығармадағы көркем кеңістік пен уақыттың көрінісі, персонаждардың мінездемелік, типтік проблемалары басқа да мәселелер әрі әдебиеттанымдық, әрі тілтанымдық тұрғыда зерттеуді қажет етеді.

Поэтиканы әдебиет теориясының бір саласы ретінде қарастырған, белгілі бір дәуір әдебиетінің көркемдігіне немесе жеке автордың көркем сөз шеберлігіне арналған немесе тарихи поэтика мәселелерін қамтитын өзге еңбектерді былай қоғанда, поэтиканы шын мәнінде лингвистикалық ілім ретінде негіздеген акад. В.В.Виноградов еді.

В.Виноградов «Стилистика. Поэтикалық сөйлеу теориясы. Поэтика.» деп аталатын еңбегінде әдебиет теориясы, стилистика (көркем әдебиет стилистикасы, лингвистикалық стилистика), поэтикалық сөйлеу теориясы ғылымдарының **поэтика** ғылымымен байланысын, өзіндік ерекшеліктерін танытуға күш салады. Ұзақ жылдар бойы жалпы өнер атаулының, кейін көркем шығарманың тілі мен құрылымын зерттейтін әдебиеттанудың бір саласы ретінде қаралып келген поэтиканы дербес ғылым ретінде бағалауда ғалымның ғылыми пайымдауларының маңызы зор. Еңбекте автор сөз өнері тілінің(язык словесного искусства) немесе поэтикалық сөйлеу тілінің(язык поэтической речи) ерекше болмысын таныту үшін оны ғылыми тілмен салыстыра талдау жасайды. Ғалымның ой-пікірлерінде ойлаудың екі түрлі типі: ғылыми ойлау мен көркем ойлаудың табиғаты туралы философиялық-психологиялық танымның негізі аңғарылады [5, 131]. Поэтикалық сөз өнерінің де, поэтиканың да зерттеу объектісінен саналуға тиісті көркем сөйлеу тіліне сипаттама беріп, қарапайым сөйлеу тілінен ерекшелейді.

Филологияның өзге салаларынан іргесі ажырай қоймаған тіл өнерінің нақты, жалпыға бірдей қабылданған терминдерінің айқындалмауы оның бірде поэтика, бірде әдебиет теориясы, бірде стилистика аясында қарастырылуына себеп болды. Поэтика мен стилистиканың арақатынасына байланысты түрліше, кейде кереғар пікірлердің орын алуы поэтиканың ғылым ретіндегі әдістемесі мен шегін ажыратуға қиындық тудырды. Стиль ұғымы бірде өнертану аясында, бірде тіл өнері, көркем әдебиет стилистикасы деңгейінде, кейде тілтаным мен тіл білімінің жалпы теориясы көлемінде қолданылды. 1960ж. Варшава конференциясында Л.Долежел мен К.Гаузенблас «Поэтика және стилистика» атты баяндамасында стилистиканы поэтиканың негізгі саласы ретінде қарастыруды ұсынады. Стилистиканы поэтиканың аясына мынадай себептермен енгізуге болатынын көрсетеді: 1. Көркем әдебиет стилистикасының ядросын лингвистикалық стилистика танытады, ал ол өз кезегінде көркем шығарманың тілдік стилін зерттейді; 2. сонымен бірге лингвистикалық стилистика поэтика аясында шектеле алмайды, себебі оның зерттеу нысаны көркем шығарманың стилі ғана емес, тілдің әдебиеттегі де қолданысының , жан-жақты тіл қарым-қатынасының стилистикасын зерттеу. Стилистика әдебиеттанудың, сол сияқты тіл білімінің де интегралды құрамды бөлігінен саналады деп көрсете отырып, аталған ғалымдар әдебиеттану стилистикасы мен тіл білімі стилистикасының ара жігін ажырату туралы мәселе қозғайды [7, 164-167].

Мұндай көзқарастар орыс тіл білімі мен әдебиет теориясында В.М.Жирмунскийден бастап, өзге де ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты. Осы бағыттағы еңбектерге талдау жасай келіп, В.В.Виноградов поэтиканың проблемаларын поэтикалық сөйлеудің теориясы тұрғысынан да емес, поэтика мен стилистиканың арақатынасын анықтаудан да емес, әдеби шығармалардың тегін, құрылу заңдылығын зерттеумен, олардың ұлттық типологиялық модификациядағы тарихи дамуын қарастырумен байланысты дербес ғылым ретінде алуды ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, **поэтика** поэтикалық сөйлеу туралы ғылымның табыстарына сүйене отырып, поэтикалық шығармашылықтың теориялық, тарихи мәселелерін көркем сөйлеу құрылымының, көркем әдебиет шығармаларының жанрлық ерекшеліктері туралы проблемалармен толықтыра отырып, әдебиеттің барлық түрлері мен түрленулерін, дамуын тарихи тұрғыда қарастырады. Ол әдеби көркем шығарманы теориялық-құрылымдық, тарихи, тарихи-салыстырмалы, сонымен бірге салыстырмалы-типологиялық аспектіде қарастырады. Поэтикаға көркем әдебиет стилистикасы жақын келеді, бірақ бірікпейді. Көркем әдебиет стилі – жеке автордың, әдеби мектептер мен ағымдардың стилі – қандай түрде болсын жалпы әдебиет тілінің стилімен, тиісті ұлттық сөйлеу тілінің стилімен байланысып, жан-жақты шырматылып жатыр. Лингвистикалық және көркем әдебиет стилін зерттеу мәселесі, міндеті поэтикамен, онымен бірге поэтикалық сөйлеу теориясымен тығыз байланыстағы жеке пән, дербес ғылым ретінде танылуы тиіс.

Орыс лингвистері А.Н.Веселовскийдің, В.Жирмунскийдің, А.Потебняның, В.Виноградовтың поэтикалық тілді зерттеумен байланысты ой-пікірлеріне талдау жасай келіп, төмендегідей түйін жасауға болады. Орыс тіл білімінде поэтикалық тіл өткен ғасырда жалпы өнер атаулыға қатысты қолданылатын поэтика ұғымынан, соның ішінде фольклор тілін, әдеби шығармалар стилистикасын зерттеумен айналысатын әдебиет ғылымының бір саласы ретіндегі аядан шығып, дербес ғылым саласына айналу жолында болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Астана: Нұра-Астана, 2018. – 432 б.
Nurdauletova B.I. Zhyraular poetikasyndaghy duniening konceptualdyh beinesi. Astana: Nura-Astana, 2018. – 432 b.
2 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1989. – 404 с.
Veselovskij A. N. Istoricheskaya poehtika. – Moskva: Vysshaya shkola, 1989. – 404 s
3 Потебня А.А. Слово и миф. – М.: Правда – 1989. – 486 с.
Potebnya A.A. Slovo i mif. – M.: Pravda, 1989. – 486 s.
4 Потебня А.А. Теоретическая поэтика. – Москва: Высшая школа, 1990. – 342 с.
Potebnya A. A. Teoreticheskaya poehtika Moskva. – Vysshaya shkola, 1990. – 342 s.
5 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Наука, 1963. – 255 с.
Vinogradov V. V. Stilistika teoriya poehticheskoj rechi poehtika. M.: Nauka, 1963. – 255 s.
6 Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л., 1977. – 408 с.
Zhirmunskij v m teoriya literatury poehtika stilistika. – L., 1977. – 408 s.
7 Пресняков О. Поэтика. Познания и творчества: теория словесности А.А. Потебни. – М.: Худ. лит. 1980. – 218 с.
Presnyakov o poehtika poznaniya i tvorchestva teoriya slovesnosti A. A. Potebni. – M.: Hud lit 1980. – 218 s.

Материал 20.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES
1 Nurdauletova BI Conceptual image of the world in Zhyrau poetics. Astana: Nura-Astana, 2018. – 432 p.
2 Veselovsky A.N. Historical poetics. – Moscow: Higher school, 1989. – 404 p.
3 Potebnya A.A. Word and myth. – M.: Pravda, 1989. – 486 p.
4 Potebnya A.A. Theoretical poetics. – Moscow: Higher school, 1990. – 342 p.
5 Vinogradov V.V. Stylistics. The theory of poetic speech. Poetics. – M.: Nauka, 1963. – 255 p.
6 Zhirmunsky V.M. Literature theory. Poetics. Stylistics. – L., 1977. – 408 p.
7 Presnyakov O. Poetics. Knowledge and Creativity: Theory of Literature A.A. Have fun. – M.: Hood. lit., 1980. – 218 p.

Исследование лингвистической поэтики в русском языкознании

Б.И.Нурдаулетова
Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, 130000, Республика Казахстан

Целью статьи является анализ истории становления поэтической науки в русском языкознании как отрасли языкознания. В русском языкознании проблемы поэтического языка рассматривались наряду с формированием словесности как науки.

С лингвистической точки зрения вопросы поэтической теории были упомянуты в трудах А.Потебни. Он изложил научные суждения о мифическом сознании воедино с образным и понятийным мышлением, о внутренней форме языка, о художественном образе.

В трудах В.М.Жирмунского поэтическая фонетика, поэтическая морфология, поэтический синтаксис анализируются как материалы поэтического исследования. Ученый, связав проблемы поэтики с семантикой, вел исследования не только художественных элементов произведения, но и проблем сюжетообразования произведения.

В.Виноградов исследовал связь поэтического учения с теорией литературы, стилистикой, поэтической теорией речи и их своеобразных особенностей.

Материал поступил в редакцию журнала 20.10.2020

History of the study of linguistic poetics in Russian linguistics

B.I. Nurdauletova
Caspian state university of technologies and engineering named after Sh. Yesenov, Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan

The purpose of the article is to analyze the history of the formation of poetic science in russian linguistics as a branch of linguistics. In russian linguistics, problems of poetic language were considered along with the formation of literature as a science.

From a linguistic point of view, questions of poetic theory were mentioned in the writings of A. Potebni. He made scientific judgments about mythical consciousness together with figurative and conceptual thinking, about the internal form of language, and about the artistic image.

In the works of V.M. Zhirmunsky, poetic phonetics, poetic morphology, poetic syntax are analyzed as materials of poetic research. The scientist, having connected the problems of poetics with semantics, introduced research not only on the artistic elements of the work, but also on the problems of plot formation of the work.

V. Vinogradov investigated the connection of poetic doctrine with the theory of literature, stylistics, poetic theory of speech and their peculiar features.

Received: 20.10.2020